

БАЙБЕКОВ

МЫРЗАҚАСЫМ БАЙБЕКОВ
ОЛЖАС БАЙБЕКОВ



БЕР ТӨСТІК

Мырзақасым БАЙБЕКОВ

Олжас БАЙБЕКОВ

ЕР ТӘСТІК

Қазақтың көне ертегісі

(жаңартылған нұсқа)

Тараз қаласы, 2019 жыл

Б 64 Байбеков М., Байбеков О.
Ер Төстік: - Тараз, «Сенім»ЖБО, 2019 – 180 бет.

ISBN: 978-601-7820-41-1

«Ер Төстік» – қазақ батырлық ертегілерінің ең көне үлгісі. Оқиға желісі адалдық пен зұлымдықтың, адамгершілік пен арандатушылықтың, махаббат пен менмендік зорлықтың, қайырымдылық пен қатыгездіктің ара жігін ажыратып, болашақ ұрпақтарды тәрбиелеу ісіне қомықты үлес қосып, адамдық болмысты қалыптастыруға зор ықпалын тигізетін шығарма.

Туындының түпнұсқасы сақтала отырып, заманауи өзгерістерге бейімделіп, жаңғыртылып, көркемділік жағынан кеңейтіліп қалың көпшілікке ұсынылып отыр.

ӘОЖ 821.512.122-93
КБЖ 84 (5 Қаз)

ISBN 978-601-7820-41-1

© «Сенім» ЖБО, 2019.

Автордан

«Ер Төстік» – қазақ батырлық ертегілерінің ең көне үлгісі. «Ер Төстікте» ерте дәуірдегі халықтың мифтік танымы, ырымдары мен әдет-ғұрыптарының бәрі бар: Төстік қиял-ғажайып жағдайда дүниеге келіп өседі. Оның ағаларын іздеу сапарындағы қиыншылық көруі, ерліктері мен ептілігі, қалыңдығы Кенжекейді алудағы жанталасқан жағаласулардан жеңіп шығуы, Жылан Бапы ханның жұмсауымен Төстіктің Темір хан еліне барып, онда қалыңдықты алу үшін сайысқа түсуі, осы сайыста кейіпкердің өзінің ғажап батырлығы мен ерлік жігерімен бірге кемеңгерлік, кішіпейілдік қасиеттерінің арқасында тапқан керемет достарының көмегімен жеңістерге жеңуі – қиял-ғажайып ертегінің заңдылығы. Мысалы, Шалқұйрық – тек жүйрік ат қана емес, алдағыны болжай алатын қабілеті бар, неше түрлі сиқырды білетін, адамша сөйлеп, адамша іс-әрекет қылатын қасиетті жануар. Бекторы мен оның перілер дүниесіндегі алыптары мен жан түршігерлік іс әрекеттерінің өзі өзгеше әсер беретін дүние. Ал Төстікке дос болатын Желаяқ, Таусоғар, Көлтауысар сияқты кейіпкерлер – мифтік танымның сипаты. Ертедегі адамдардың мифтік түсінігі бойынша, желдің, таудың, судың «иелері» болған. Кейінгі замандарда олар көркемдік сипат алып, «достар осындай болса екен» деген адам арманын жүзеге асырушы бейнелер ретінде қабылданған. Сайып келгенде оқиға желісі адалдық пен зұлымдықтың, адамгершілік пен арандатушылықтың, махаббат пен менмендік зорлықтың, қайырымдылық пен қатыгездіктің ара жігін ажыратып, болашақ ұрпақтарды тәрбиелеу ісіне қомықты үлес қосып, адамдық болмысты қалыптастыруға зор ықпалын тигізетін шығарма.

ЕР ТӨСТІК

Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде, заман қиын келтеде, өте дәулетті, байлығы домаланған, жорғасы жорғалаған, абыройы асқақтап бір қауым елді ұйтқыдай ұйытып билігін жүргізген аса абыройлы Ерназар деген кісі өмір сүріпті. Сол Ерназардың сегіз ұлы бар екен. Сегіз ұл әкесінің қора-қора қойларын, матау-матау түйелері мен өріс-өріс жылқыларын бағып, малшылар мен жылқышылардың іс-әрекеттерін бақылап жүреді. Дәулеті асып төгіліп, өмірі таусылмастай асқақ көңілмен жүрген Ерназардың да күндердің күнінде басына бұлт үйіріле бастапты. Бір жылы үлкен жұт болып, елдің малы қырыла бастап, әркім мал жандарын әр жаққа жөнелтіп, жан сауғалай бастаса керек. Ерназардың сегіз ұлы оларға ілеспей өздерінше тірліктерін жасап елде қала береді. Күн, өткен сайын қыс қыспаққа алып, қаһарына міне түсіп, бет қаратпас суық пен үскірік жел, дауылды боранға айналып жер дүние аласапыран, алай-дүлей заман басталады да, айнала тұрмақ алдыңды көруге зар болатын күн туады. Енді кешіксең өте кеш болады. Мұндайда желден ыққан малдың артынан қақпайлай ілесе айдап отырғаннан басқа амал жоқ. Соны түсінген Ерназар, бір қыстық азығын алып, кемпірі мен екеуі үйінде калып, сегіз ұлды даярлап, малды қауіпсіз жерге апарып тығып бағып, күн жылып суық басылғасын келер деген үмітпен малдарын айдатып жібереді. Жігіттер сол кеткеннен хабарсыз, мол кетеді.

Жігіттердің жүрер жолы, көрер азаптары алда тұрғанын ешкім де білмеуші еді. Олар, қалың малдың жан жағын жинақтап, бетін бұрып, батыс жақтағы өздеріне белгілі ойпаттағы қамысы қалың, оты мол әрі желден таса әрі пана болатын жерге қарай айдағанымен, оған бой беретін мал болмады. Қатты боранға шыдай алмаған жануарлар ықтап оңтүстік шығысқа бет алады. Малдың бетін кейін бұруға талпынғандардың тірліктері іске аспай қатты қалжырады. Енді бұл жануарлардың бойбермесін түсінген олар, малдың ығына көніп екеуі алдына, екі екіден оң және сол қапталына, екеуі артында, мына алай-

дүлей дауылдан адасып қалмас үшін екеуара арқанмен байласып, ықтай жөңкіген малдың ыңғайына ілесе қақпайлай айдап келеді. Қой қалың жүніне, түйе едірейген өркешіне, жылқы сәуәрі мен сүбесіне біткен қазы-майы мен жамбасын ораған қалың майлы жаясына сенеді. Ал мына сегіз үстіндегі сеңсең тоны мен астындағы жараулы аттарына сенімді. Алдындағы малдары, күн қаншама суық болса да ықтасындау жерге келгенде, қар астынан қылтыйып көрінген шөптердің ірілі-майдасына қарамай жұлып жеп, күртілдете пайнап, талғажау етіп келеді. Арада керілген арқан босаңси бастағанына қарағанда келе жатқан бағыт та тарыла бастағандай. Соған қарағанда таудың сай-саласына түсіп келе жатқандай. Екі қапталдағы жігіттер артқы екеуге келіп қосылды. Бір кезде солжақ шетте келе жатқан жігіттің аты оскырына аспанға шапшып, үстіндегі қамсыз келе жатқан жігітті лақтырып жіберді. Жігіт лезде боранға сіңіп көрінбей кеткенімен «Құтқарындар!» – деген жан дауысы жақсы естіліп жатты да, жанындағы жолдасы беліне байласып алған арқанына жабыса түсіп тарта бастады. Қалғандары да оған көмекке жетіп абырсабыр болды да қалды. Дегенмен құлаған адамның бір қолында өз атының ұзын шылбыры қалған екен, соған жабыса түсіп әрі қарулы жігіттердің беліндегі арқанды жібермей тартқанының арқасында, төрт тағандап мойнын соза шірене тартқан аттың ар жағынан, қалың боран арасынан сұлабасы көрінген жігітті тез арада шығарып алды. Есі кеткен жігіт өз-өзіне зорға келіп, бойын жинап, өзінің құзға құлағанын айтты. Шын мәнінде де, өте терең құз еді. Малдар да соны сезініп оңға қарай ығыса түскен екен. Бауырларын құтқарып алған жігіттер тез жиналып ары жүріп кетті. Әлден уақытта малдар бір-бірімен соқтығыса сығылысып, алдыға жүгіре ұмтыла бастады. Кейбір қойлардың маңыраған, жылқылардың кісінеген дауыстары еміс-еміс естілгені болмаса, ештеңе көрінер емес. Осылай келе жатқанда алдарындағы жартасқа тірелгендей әсерде қалған жігіттер бейжайлап қараса, үлкен үңгірге кез болып, барлық мал соның ішіне еніп кетіпті. Үңгір іші қарагеуім қараңғылау болса да, мына бораннан кейін жап-жарық сияқты әсер қалдыруда. Малдың ұзын-ырғасы аздау болып көрінгеніне қарағанда бағанағы дауыстар біраз малдың құзға құлағанынан мәлімет беріп тұрғандай.

Үңгір ішінде боран болмағанымен сыртта соққан үскірік желдің ышқына соққан үні мен кіреберісте көтеріле түскен үрме қардың сәт сайын көтерілуі көңілге қорқыныш ұялатқанымен қайтарға жол жоқ. Мал сыртқа беттемейді. Амалсыз көнуге тура келеді. Сегіз жігіт үңгір ішін сүзе қарап тұр.

– Мына үңгір барған сайын кеңейе түсе ме деп ойлаймын! – деді үлкені.

– Иә, солай сияқты. Енді мұнда қанша болар екенбіз? – деді екіншісі.

– Малдың алды тереңдеп барады, айрылып қалмай тұрғанда ерте-рек қайтаралық, – деді үшіншісі.

Үңгірдің аузын қалың үрме қар басып қалды. Үңгір шын мәнінде өте терең еді, әрі кіре түскен сайын кеңейіп төбесі биіктеп, неше түрлі қойтастар мен жартастар кездесе бастаған. Артқа жол жоқ. Үңгір ауызын үрме қар бітеп тастады. Бірақ, қайдан екені белгісіз, ішке жарық түсіп тұр. Жігіттер малдарын айдап алға қарай жылжи түсті. Айнала толған жалаңаш жартастар. Жұлып алатын бір уыс шөп те жоқ. Талай күннен бері талғажау көрмей қарындары шұрқыраған, суықтан тоңып, денелері қалтыраған малдар, тамақ іздеп шуласады. Амал не, түк жоқ. Осылай, ұнжырға түсіп шуылдаған малдың соңынан ілескен топ, бір кезде бас көтере, өз көздеріне өздері сенбестей, аңтарылды да қалды. Өйткені көз алдарында үңгір іші өзгеріп сала берген еді. Жігіттердің көңілін қуаныш билей бастады. Олар алға қарай әрбір қадам басқан сайын неше түрлі ландшафтар пайда болып, неше түрлі түрлері қанық жасыл тартпаса да солғын түсті шөптер мен мәуелене түскен, аздаған бұжыр-бұжыр солғын жемістері бар ағаштар, сылдырай аққан бұлақтар мен шалғынға ұқсас өсімдіктер пайда болып, барлық аш жануарлар оларға бас қойып, жігіттер де аттарынан түсе салып сусындап, тамақтарын ішіп, арқа-жарқа мәз мейрам болып, демалуға кірісті.

Демалып, әбден ұйқыларын қандырып орындарынан тұрған сегізі, жан-жағына көз салып, малдарын көре алмағасын заттарын жинастырып, аттарына мініп, ары жүріп кетті. Малдар онша ұзай қоймапты. Үңгірдің жарық болғаны соншалықты жігіттер үңгірде жүргенін ұмытқандай. Малға жақындаған сайын неше түрлі дыбыстар мен сылқылдаған күлкі естілгендей, кей жерлерден көлеңкелер жүріп өткендей, тасада біреулер тығыла қарап тұрғандай әсерлер пайда бола бастады. Жігіттердің көңілді сәттері қорқынышқа ұласа бастағандай. Бір-біріне жалтақтай қарап, сақтана бастады. Солақ екен, қойлар дүркірей үрке қашып, кенеттен алып қара құстар пайда болды да, шүйліге түсіп, лезде біраз қойларды іліп алып кете барды. Аңтарылып қалған адамдар не болғанын түсінбей де қалған еді. Сәл арырақтан жылқының шынғыра кісінеген даусына жалт қараған олар бір жылқыны алып аюға ұқсас бір нәрсе жерден тіке көтеріп алып, қайта ұрып жатқанын көреді. Бір-екі рет жерге ұрылғасын бей-

шара жануардың үні өшіп, әлгі жәндік оның денесінің борша-боршасын шығарып, жырта бөлшектеп, жей бастады. Мына көріністен зәре-құты қалмаған адамдар жапырылысып бір бұрышқа тығылды. Бұл басталған сұмдықтың алғашқылары ғана еді. Дегенмен әзірге тыныштық орнап, аламдардың бір сәт болса да бойлары мен ойларын жинақтап алуларына мұрша берді. Бұл жерден ертерек құтылмақ болып, малдарын айдай түсіп, үңгірді бойлай тереңдей берді, тереңдей берді. Үңгір кеңі әрі биіктей түсті. Міне, тағы бір алып бүрге сияқты өрмекші пайда болып, бір қойды бүре ұстап сорғаны соншалықты, оның теріге оранған қу сүйек қаңқасы ғана қалды. Алып жартастарда неше түрлі алып есекқұрттар, кесірткелер, құмырсқалар, маймылдар сияқты басқа да құбыжықтар өріп жүр. Кейбіреулері бірін-бірі аңди жүріп ұстап, жеп жатса, екіншілері төбелесіп жатыр, үшіншілері тойған қозыдай момақан жайбарақат, кейбіреулері тіпті жантая жайғасып, маужырап жарыр. Ал сегізде маза жоқ. Мына жерден ертерек құтылмақ болып, малдарын айдай түсуде. Малдар да әбден қорқып қалған, біріне-бірі жабыса түседі. Әрбір құбыжықтар мен алыптарды көрген сайын сегіздер қуыс қуысқа тығыла, жан сақтап келеді. Қорқыныш сәл басылса малдарын алдыға қарай айдай жөнеледі.

Осылай келе жатқанда алдарынан тау басынан зор маймыл пайда болып, төмен түсе бастады. Бүкіл денесін қалың жүн басқан. Кеудесі аяқаптай, екі қолы екі бөренедей, әрі ұзын, әр саусағы адамның білегіндей, артқы екі аяғы қысқалау болғанымен, бұлқылдаған сан еттері қалың жүн астынан тулап, толқынданып көрініп тұр. Екі көзін қалың қас басып, келте мұрыны таңқиған екі апандай, ауыздағы тістері ақсиып, тістеген жерін опырып жіберетіндей, өте сұсты. Осы айуан екі қолымен апандай төсін тоқпаштай, зор даусымен ақыра адамдарға ұмтылды. Қас қағымда сымбатты келген денесі сымдай тартылған, кеудесі кең, қанаттары қуатты, жал-құйрығы жалтылдаған, ықшам ғана құлағы қайшыланған алып қанатты тұлпар пайда болып, адамдарды қорғаштай маймылмен айқаса кетті.

Үңгір іші асыр-тасыр, шаң-шұң дыбыстан құлақ жарады. Өне ол маймылды зор қанатымен қағып жіберіп жүз құлаштай жерге лақтырып жіберді. Маймыл да осал емес, айнала келіп тұлпардың артқы сауырынан ұстап лақтырды. Тұлпар қанатын дер кезде жаймағанда, не болатыны түсініксіз еді. Осылай жүріп жатқан айқас жарты сағаттай уақытты алып, тұлпар маймылды артқы аяқпен теуіп құзға құлатқанға дейін созылған еді. Мына құбылысты көрген сегізден ес кеткен. Аяқ-қолдары дірілдеп, тыныстары тарылып

жүректері тоқтап қалардай әсерде. Соншама зор маймылды жеңген тұлпардың шаршап, әр жерінен қаны тамшылап, маймылдың тістері мен зор соққыларының іздері көрініп, өзін-өзі зорға көтеріп тұрғаны белгілі еді.

Кенет:

– Жылдам кетіндер бұл жерден. Айдаңдар малдарынды. Мына маймылдың сыңарлары жеткілікті бұл жерде. Олар сендерді жеп тынады.

Бақыттарыңа орай мен кезігіп қалдым. Біраз демалмасам ендігі шайқасқа төтеп бере алмаймын. Сендер аялдайтын түк жоқ. Кетіндер, жылдам кетіндер. Тіке жүре берсеңдер аман-есен шығасындар, – деген дауыс үңгір ішін жаңғыртып жіберді. Бұл қанатты жануардың дауысы еді. Жандарынан қорыққан сегіздің мына сөзден кейін малдарын жанұшыра жинап, алды-артына қарамай безе жөнелуіне мәжбүр етті.

Жанынан қорыққандар тұлпарға рахмет айтуға да шамалары келмей, малмен бірге үңгірге бойлап кіріп кете барды. Осыған ұқсас жағдайлар күнделікті қайталана отырғанынан да мал басы азайып бара жатыр. Бірақ сегіз дін аман. Тек жүректерін қорқыныш билеп алған. Алда не болары да белгісіз. Осылайша неше күн, неше түн жүргендері белгісіз, күндердің бір күнінде күн сәулесі пайда болып, кеңістік көріне бастады. Бұл үңгірдің екінші шетіндегі шығар ауыз еді. Сегіздің қуаныштарында шек жоқ. Алдарындағы мыңыраған қойлар мен мыңдаған жылқы түйелердің жартысынан астамы үңгір ішінде қалды. Қалғаны да олжа. Қуанышты жігіттер малдарын айдай жөнелді. Мезгіл таңғы уақыт болса керек, күн арқан бойы көтерілген. Айнала аппақ қар. Жел жоқ. Жан жақта бір адыр, немесе бұдыр жоқ. Бір тал өсімдік те көрінбейді. Не болса да көре жатуға бел байлаған сегіз малдарын алға қарай айдай жөнелді. Сөйтсе, жазық дала дегеніміз ұзын ырғасы елу шақырымдай болатын қыс суығымен мұз болып қатып қалған шалқар көл екен. Көлдің арғы жағасына жеткен сегіз, аман-есен қалғандарына тәңірге құлшылық айтып, мал сойып, сорпа-су ішіп, мәре-сәре болды. Осыншама азаптан өткен олардың ойына елге қайту мәселесі де келмеген еді. Ендігі ойлары малға жайлы жер тауып, қоныстану.

Ерназардың ұлдарым ерте көктемде қайта оралып қалар деген үміті ақтала қоймайды. Қу сегіз арада қаншама айлар өтеді, - келмейді,

жылдар өтеді – келмейді. Ерназардың бұрынғы дәурені де дәулеті де жоқ. Бір қыстық деп алып қалған азық түлік пен аздаған қорадағы малдан үнемдеп жүріп алып қалған малдың екі-үшеуі ғана қалған. Оларды сойып жесе ертеңіне аш қалады. Солардың сүтін ішіп, іріткі, сүзбе, құрттарын жеп күнелтіп отыр. Азық таусылған, тоя жейтін тамақ табылмайды. Кемпірімен екеуінің солғын жүздерінен жылылық табы білінер емес. Алысқа кеткен сегізден де үміт үзіле бастағандай.

Күту менен азаптан,
Таң атпайды, күн батпай,
Зарын зарлап, мұң шағып,
Талықсиды нәр татпай.
Қара перде жамылып,
Тұншығады бұл заман,
Сегізінен хабар жоқ,
Өлі ме әлде жүр аман.
Түнектен түн жамылып,
Пенде тұрмақ жарық жоқ,
Не боп кетті бұл заман,
Көз жасында дамыл жоқ.
Үмітсіз шайтан дүние,
Қимастықтан жүр аман.

Бойына жинаған арманы мен үміттерінен басқа ештеме қалмаған екі бейбақ, аллаға жалбарынып жалынғанынан басқа амалдары таусылғандай.

Таңертең орнынан аузы басы жыбырлай, көмейі күбірлей тұрған кемпір, бір нәрсені сезгендей, таң шапағымен бір жақсылық ілесе келгендей, үйден күйбеңдей шығып, қайғыдан қан жұта жүріп сан жылдар бойы ашылмай қалған түндіктің арқан жібін құлаштай лақтыра қайырып жүріп, үйдің түндігін айқара ашты. Тұруға мұршасы келмей жатқан шалдың шаңырақтан түскен күн сәулесіне қарауға шамасы келмей, күн қарыған көзін уқалап біраз жатты. Бие сауым уақыттай жатқан ол көзі жарыққа бейімделгесін аспанға көз салмақ болып шаңыраққа қараса, «О, тоба!», шаңырақтың күлдіреуте керулі тұрған, сегізді жолға аттандырарда құрбандыққа шалған кер биенің төстігі көзіне түседі. Ерназардың қуанып, есі шығады:

– Кемпір, сүйінші! Сүйінші! Бір жақсылық болар. Бұл үйге де Алланың шапағаты тиіп, біздің күнәларымызды кешірген болар! – Рахмет Жаратушыға!, Рахмет! Рахмет! – дей береді.

– Оу, Ереке! Шал-ау! Не болып қалды. Дауысың ерекше шықты ғой. Көптен көңілді дауыс естім еп едім. Жақсылық па? – дейді кемпірі.

– Жақсылық! Жақсылық! Мына күлдіреуішке қарашы. Не көріп тұрсың?

– Құдайым-ау. Мынау баяғыда балалар кеткенде сойған жылқының төстігі емес пе?

– Иә, кемпір. Дәл өзі. Құдай қаласа, балаларымыз әлі аман-есен сияқты. Жақсылыққа жорылық. Амандықпен жолықтырсын. Құрбандыққа шалынған мал еді. Тәңір тілегімізді қабыл еткен болар. Бұл жақсылықтың белгісі, – деп, кемпірін құшақтай жөнелді. Бойына бір ерекше қуат кіргендей.

– Иә, иә. Айтқаның келсін, – деп, кемпір де қутыңдаңқырап қалды.

– Ал, кемпір. Жылдамдатып асып жібер. Жепкөрелік, – дейді Ерناзар. Сөйтіп, бұлар төстікті қазанға салады. Өзі сүрленген, өзі майлы төстікті асып жеген шал мен кемпірдің бойлары балқып, күйеңдік басылып, әлденіп, күш-қуат пайда болып, жас кездегідей жеңілдеп қалады. Осы сәттің әсері ме әлде Тәңірдің берген жақсы түпәйлі ме, көп ұзамай кемпір жүкті болады. Мезгілі болып, босанады. Торсықтай бір ұл туады. Туған баланы тәңірдің сүр төстік арқылы берген күш-қуатының жемісі деп түсінген кемпір-шал оның атын Төстік деп кояды.

Төстік өзгеше бала болып өседі: бір айда бір жастағы баладай, үш айда үш жастағы баладай, бір жылда он бестегі жасөспірімдей болып, екі жасында алысқан кісілерін алып ұратын жігіт болады. Төстік қаншалықты батыр болса, соншалықты мейірбанды болып өседі. Тірлігі ақылына сай, әрбір ісін ойланып істеп, ой санасынан өткізе алатын алғыр азамат болады. Садақ тартып үйренеді, тартқан садағын тоғыз қабат кетпеннен, жебелерін жеті сақинаның көзінен қатар өткізетін мерген әрі батыр болып өседі. Аң аулап, құс атып, шал әкесі мен кемпір шешесін асырайды. Ерназардың дәулеті қайта көтеріліп, қоңдана бастайды. Көңілі жайланып көрген қиындықтар қайта келместей артта қалғандай күн кеше бастайды.

Ол заманда аңшы деген ілеуде біреу болғандықтан аң-құс дегендер адамдардан қорықпай ауыл ішінде де жүре беретін. Тек қасқыр, аю сияқты жыртқыштарды жолатпай ел болып қудалап ауыл ішіне кіргізбейтін. Осындай күндердің бірінде, бір топ үлкен дуадақтар ауыл шетіне қонады. Қызықтаған балалар Төстікті қаумалай айландырып: «Бір дуадақ атып берші», – деп жалына сұрайды. Балалардың көңілін қимаған Төстік құстардың арасында отырған үлкен дуадақты көздеп

садағымен тарта бергенде, бір бала «Ананы ат», – деп, көрсетпек болып, иығынан тартып қалады. Қолы қалт ете қалғанымен садақтың жебесі дуадақтың қанатын үзіп кетеді. Дуадақ жығылмай, бір қанатын сабалап қаша береді. Төстік, ұстаймын деп, қуа жүгіреді. Жаны үшін жүгіре қашқан дуадақ ауылдағы ең шебер бірақ өте адуынды, сөзі өткір әрі мінезі шайпау бір кемпірдің өрмегінің үстінен қарғып өтеді. Қуып келе жатқан Төстік те өрмектен секіреді. Сөйткенде Төстіктің бір бақайы өрмекті іліп кетіп, өрмектің бірсыпыра жібі үзіліп қалады. Өрмек тоқып отырған кемпір: «Алдағана көкшешек-ай! Өрмегімді үзіп кеттің-ау! Ертеден қара кешке бүйтіп жар қуалап, торғай атқанша, тентіреп жүрген сегіз ағанды тауып алсаң болмай ма?» – деп, қарғап сілейді. Төстік кемпірге жауап бере алмай, оның сөзіне қатты танданып әрі қорланып қалады. Таңданғаны, ол өзінің алдында ағалары болғанын білмеуші еді. Әке-шешесі оны Төстікке айтпайды екен. Ал, әсіресе, «тентіреп кеткен сегіз ағаң» деген сөз оған қатты тиеді. «Ағасы несі, сегізі қалай? Сонда менің сегіз бірдей ағам болған ба? Мен қалай естімегем? Маған неге ешкім айтпаған? Бар болса қайда ол ағаларым?» – дегендей, қалың ойға кеткен ол, кемпірге сөз қайыра алмай, екі өкпесін қолына ала жүгірген бетімен үйіне келеді. Атып әкелген құстарын лақтырып тастап, отыра кетеді. Төстіктің ашулы түрін көріп, шешесі:

– Саған не болды? Кіммен жанжалдастың? – деп сұрайды. Төстік кемпірдің сөзін түгелімен шешесіне айтады.

– Апа, шыныңды айтшы. Менің ағаларым болды ма? Болса олар қайда? – дейді.

– Оны саған кім айтып жүр? – деп, шешесі қарсы сұрақ қояды.

– Анау ауылдағы адуынды әже айтты. «Тентіреп жүрген сегіз ағанды тауып ал», – дейді.

– Ой, ол қақпас өтірік айтады. Онысы не екен-ей, баланың құлағын көтеріп. Сенің ағаларың болған жоқ, оның сөзіне нанба, – деді шешесі. Осылайша шешесі Төстікті нандырып қояды.

Тағы бір күні Төстік асық ойнап жүріп, әлгі кемпірдің жалғыз баласын жұдырығымен қойып жіберсе, бала ұзақ уақыт талып қалады. Кемпір Төстікті бұрынғыдан да жаман қарғап-сілейді.

– Қыршыныңнан қиылғыр, Төстік! Менің жалғыз балама әлің жеткенше, айдалада тентіреп өлген сегіз ағанның қураған сүйегін тауып алсаң болмай ма? – дейді.

Кемпірдің сөзі Төстікке үлкен ой салады. Шешесінен:

– Апа, сен неге маған шындықты айтпайсың. Ағаларым қайда? Неге елде жоқ. Не жасырып жүрсіңдер? Қайда олар? Қайда болса

12 да тауып аламын. Айтындар маған шындықты! – деп, айтпасқа жанын қоймайды. Шешесі енді жасыра берудің еш қажеттігі жоқ екенін түсініп:

Сегіз ағаң бары рас еді.
Бәрі өрімдей жас еді.
Олар елде жүргенде,
Үйім тола ас еді.
Қора, қора мал еді,
Әкең елге бас еді.
Дәуірлеп дәурен тұрғанда,
Жауың да бізге дос еді.
Жұт деген келіп жайпады.
Амалсыз менің сегізім,
Бар малын қорғап айдады.
Сол кеткеннен келмеді,
Ата-анам кәрі демеді.
Сау болса бір келер деп,
Қарттарың жүрміз дәмелі, – деді.

Төстік ағаларын іздеу қамына кіріседі. Дәулеттері ортайып, жағдайлары төмен әке-шешесінің өзі жоқта қысылып, аш қалмасын ойлаған Төстік садағын алып аңға шығып, аң мен құстарды мол етіп даярлап, еттерін қақтап үйіп береді де жолға шығады. Беліне садақ байланады, қолына темір таяқ алады, аяғына темір етік киеді. Ай жүреді, талай елді, талай жерді аралайды. Жол-жөнекей неше құбылыстар мен табиғаттың тосын мінездеріне де төтеп беріп, талай нәрселерді басынан өткереді. Қаншама күн тыным таппай жол жүріп шаршаған Төстік, демалу жағын ойластырып, ыңғайлы жер іздейді. Алдынан кездескен үлкен қойтастың үстінен жатар орын жасап, ық жағынан ошақ қазып, от жағуға кіріспекші болады. Отын жинап жақпақшы болса сіріңке таусылғанын көріп қатты қайғарады. Ұйықтайын десе аш қарыны шуылдап маза бермей ұйқатпайды. Ашуланып орнынан қарғып тұрып, анадай жерде жатқан қара тасты темір етігімен теуіп қалады. Аяғының асты жарқ ете қалады. Ол таң қалып тағы да тебеді. От тағы жарқ ете қалады. Мына құбылыстан от тұтатуға болатынын түсінген ол, жалма-жан майда әрі мақпал шөп-шаламдарды жинап алып, қолындағы темір таяғын тасқа ұрып, қажап, от шығарып тұтатып, атып алған аң-құстарынан тамәк істеп, тояттап, жатып қалады.

Жолдан әбден шаршаған Төстік, күн кеңістіктен арқан бойы көтерілгенде, ысылдаған зор дауыстан оянады. Қараса, көз алдында

шұбар ала жолақты алып бөренедей бірдеме жайлап жылжығандай көрінеді. Өз көзіне өзі сенбей қайталап көздерін уқалап жіберіп қараса, өзі жатқан қойтасты орай алып айдаһар-жылан ширатылып келеді екен. Төстік жатқан жерінен атып тұрады. Бұл кезде жылан тасты түгелімен екі үш орап алған еді. Жылан тастың үстінде тұрған Төстікті көре салып, ұзын денесінің қалған бөлігімен орай бастады. Екі көзі жарқ-жұрқ етіп, айыр тілі жалақтап Төстіктің бетін де жалай сипап өтеді. Мына айдаһардың ниетін жылдам түсінген ол жалмажан қанжарын суырып алып, жыланның оң көзіне қадап үлгіреді. Бұл кезде алып мақұлық тас пен Төстікті ораған денесін қыса түскен еді. Тастың да кей жерінен шықырлап шытынай бастаған дыбыстар шыға бастады. Оң көзі оңбай ойылған айдаһар ысылдай зәрін шашып, қан жауған басын ары бері шұлғи ұмтылғанда, Төстік оның екінші көзін де ойып алған еді. Екі көзден айрылғанымен күш қуатынан айрылмаған жылан қысымды күшейте түсіп, ауызын арандай ашып Төстікті жұтпаққа ұмтылады. Осы сәтті күткен Төстік жыланның екі езуін тілгілей тартып басы мен жақ сүйегін ажырата қақырата сөгіп жіберді. Жыланның қысымы босаңсығандай болғанымен, Төстіктің жанын да алқымына тіреген еді. Сәл кешіксе мәңгілікке кеш болатынын сезінген ол жыланның екі айрылған басы мен жағын шорт кесіп үлгірді. Арқыраған алып жерге сылқ ете қалды. Жыланның қысымынан тас екеш тастың өзі бес алты бөлікке бөлініп майдаланып қалыпты. Төстік өлген айдаһардың терісін сыпырып таспа тіліп, арқан жасап, ары жүріп кетті.

Күн ыстық. Тас төбеде шақырайған күннің аптабы денені шымырлатып, шырынынды сорып, ернінді кезертіп, жүрісінді жүгендеп, жанарынды солдырып, жүрегінді өкпеңе жапсырғандай әсер етеді. Құлазыған кең дала жым-жылас. Осыдан бірер апта бұрын Төстік өлтірген айдаһар-жылан осы жерді жалап тастағандай. Жер бетін, күн ыстығына шыдай алмай, жаңбырлы көктемнің жұқалтаң күндерінде өсіп үлгірген, бірақ там-тұмдаған бойларын ыстық леп қыспағынан биіктете алмай, тырбыйып-тырбыйып тұла бойын тікенекпен өрнеген там-тұм шөпсымақ шөбенектерден басқа дым жоқ. Бұзылмастай өлі тыныштық. Бейне бір бетпақ емес, тынысын ішке тартқан бейкүнә көнбіс дүниедей бір құбылыс.

Осы жердің шаңын аспанға көтере бұрқылдатып бір өрен келеді. Ол өр кеуде, ерен жүрек, арманы асыл, мақсаты анық, жаны жайсаң, жайдары ұл –Төстік. Жүріп келеді. Кең даланы тіліп келеді. Ерін кезерген. Белі бекіген ежелден. Қайда келеді, бір Тәңірі мен өзі біледі. Мақсат – ағаларын табу. Қайда олар? Неге қайтпады? Тірі

ме әлде өлі ме? Тірі болса – алып қайту, өлі болса – көз жеткізіп, арулау. Басқа мақсат жоқ, орындамай, кері қайтуға жол жоқ. Дегенмен, ыстық қысып барады. Дамылдайтын жер де жоқ. Жүріп келеді, жүріп келеді. Кенет бір бұдыры жоқ кең дала қақ айырылғандай. Табанының астынан, табиғаттың тосын сыйындай, терең құз пайда болды. Шыңырауы шыбыныңды шырылдатардай шатқалды да қатпарлы. Демалуға ең қолайлы жер деп түйген Төстік төмен түсуге дайындалды. Алып айдаһар-жыланның терісінен таспаланып өрілген арқанның ұзындығы мына құздың түбіне түсуге жеткілікті сияқты. Төстік төмен түсіп келеді. Құздың жартысы артта қалды. Кенет. Кенет. Қатпарланған жартастардың бірінен алып өрмекші шықса, екінші жерден үлкен қырықаяқ, үшінші жерден денесінен басы үш есе үлкен құмырсқа, төртінші жерден сарышаян сияқтылар өріп шыға бастады. Қаптап бара жатқан жәндіктерден қорғану керек. Ол үшін саймандарды дұрыс сайлау лабыз. Садақты алу мүмкін емес, арқан мұрша бермей кедергі жасайды. Бір қолда арқан, тек бір қол ғана бос. Сондықтан тек қана қылыштан қолайлы ештеме жоқ. Міне, төбеден төмен жорғалап қырқаяқ түсіп келеді. Артынша кесіртке, одан ары өрмекші. Құдай-ау, неше түрлі хайуанаттар шабуылы басталды. Бірін ұрсаң екіншісі, одан үшіншісі. Не керек, ұрып келеді, жайлап жерге түсіп келеді. Міне табаны жерге тіреліп, арқаннан босанып, соңғы жауын да жеңіп үлгірді. Бір қызығы жартасты жағалай жауласқан хайуанаттардың бірі де жерге түспеді. Бірақ неше түрлі дыбыстары терең сайды жаңғыртып тұр. Сайдың іші салқын. Бірақ су жоқ. Су табу керек. Ағзаға алғашқы керегі су. Тек қана су, басқа ешнәрсе емес. Сайдың табаны кеберік тартып, бозара сіресіп жатыр. Ерін кезеріп, көңіл өзгеріп, түсіп барады. Жылдам су керек. Су. Су. Жүріп келеді, іздеп келеді. Кенегесі тарылған қу құм жолақтан басқа түк жоқ. Міне бір топ, бір-ақ топ қоғалай өскен аты бейтаныс өсімдіктің тобырланған бұталары. Түбі дымқыл. Төстік сол бұталардың көлеңкесіне жата кетті. Салқын мен ылғал терісіне сіңе түсіп шөлі біраз басылғандай. Сәл демалып алғасын, қолына қанжарын алып бұта түбін қазғыштап жатып сулы жердің сызатына жетті. Шымырлап шыққан суды көрген оның қуанышы мен осы уақытқа дейін көрген азабының жемісі есін жиғызбай талықсыта ұйықтатып жіберді. Көп пе әлде аз ба, оянған кезде шұңқыр тола суға көзі түскен оның қуанышында шек жоқ еді. Судан қана ішіп, қалғанын алақанымен торсығына құйып жатып толтырып, ары қарай аттанып кетті..

Суаттан сусындап, сәл де болса көлеңкеде тынығып алған Төстік көңілді күйде келе жатады. Кенет, бар денесін жүн басқан жабайы

деуге жатпайтын, адам-ау деп айтпайтын бір алып алдын кес-кестей кетеді. Мына алыптың болмысы бөлек. Бет-әлпеті жалпақтау болғанымен, басы сопайып, желке тұсы күдірейіп, екі құлағы қоянның құлағындай ұзын, екі көзі бадырайып бір-біріне жақын орналасқан. Үстіңгі ерні жұқалтаң келгенмен астыңғы ерін салбырап дәу иегінің жартысын жауып тұр. Екі иығы екі жартасты қондыра салғандай, ал одан шыққан қолдары дәу емен ағашының кескен кепелтек дінгегіндей шымыр.

– Оу, жігітім, сен кімсің? Қайда бет алдың, қайда барасың? Бұлай жүруге болмайды? Қайда бармақсың?– деп, гүр ете қалды.

– Мен өз бауырларымды іздеп келемін. Ешкімге зияным жоқ, өз жолыммен жүріп келемін. Егер сен білсең сегіз жігіттің қайда екеніне жол сілте, болмаса жолымды бөгеме, – деді Төстік.

– Жарайды, ренжіме бауырым, білгенімді айтайын, көргенім бойынша жол сілтейін, – деді ол кенеттен. Мынадай құбыжықтан осындай ақылды кездесуді күтпеген Төстік, табан астында абырады да қалды.

– Рахмет саған. Алыстан келе жатқан жан едім.

– Мына соқпақ жолмен жарды жағалай жүрсең құздың жағасына шығасың. Ары қарай оңтүстікті бетіңе алып жүре бер. Бар, жолың болсын, – деді бейтаныс дәу.

– Айтқаның болсын, – деп жүріп кетті Төстік.

Күндіз түні жүріп келе жатқан Төстік заңғар биік таудың етегіне келді. Алыстан бағдарлап арнасы кендеу сай-салалы жерден тау ішіне бойлай кіріп келеді. Кенет алдынан таудың бір беткейін толықтай алып жатқан үлкен үңгірге кез болды. Төстік «үңгірге кірсем бе, кірмесем бе екен» деп, ұзақ ойланды. Ойлана келе «не болса да кіріп көрейін, мүмкін қысқа жол табылып қалар» деген үмітпен алдына ұмтылып қадам баса бергені сол еді, үңгір ішінен алып қанатты тұлпар атып шығып, алдына көлденеңдей тұра қалды.

– Ей, Төстік, – деді ол бейне бұл бұрынғы танысындай.

– Қайда асығып бара жатырсың. Не жоғалттың бұл үңгірде, – деді ол.

– Ей, жануар. Сен бе адамша сөйлеп тұрған?

– Иә, менмін. Сөзге келе алсаң.

Мына құбылысқа таң қалған Төстік абдырап, біраз тұрып қалды.

– Сен адамсың ба әлде жануарсың ба? Адамша сөйлеуіңе не себеп?

– Ол ұзақ әңгіме. Уақыт жоқ. Одан да мені тыңда.

– Сені тыңдайтын уақытым жоқ. Жолымды бөгемей былай тұр. Болмаса...

– Сен бойыңа, күш қуатыңа сенбе. Олар бірде болмаса бірде орға жығар. Ақылға сал. Тек ақылың тура жолға алып шығар.

– Мен адаммын. Сен кімсің? Не айтқың келіп тұр?

– Иә, адамсың. Тәңір сендерді артық етіп жаратқан. Бірақ Аллаһ біз сияқтыларды да жаратқан. Біздің де орнымыз бар екенін ұмытпа. Мен дос көңілмен алдыңнан шықтым. Сөзімді тыңда. Тыңдамасаң жолың әне, жүре бер, – деді Тұлпар.

«Мына жануардың не айтқысы келіп тұр. Дос көңіл сияқты. Не болса да тыңдап көрейін» деп бекінген Төстік:

– Ал, айта ғой. Не айтқың келіп еді? Тек жылдам. Уақытым жоқ.

– Егер ақылымды алсаң бұл үңгірге кірме. Өткен жолы сенің сегіз ағаң осында болған. Алдарында мыңғырған малдары болды. Сол малдың жартысынан көптеуі осы үңгірде қалды. Олардың аман өтуіне мен едім көмектескен. Солардың қателігін қайталама. Бұл өте қауіпті.

– Демек сен менің ағаларымды кездестірдің ғой. Қайда олар?

– Олар аман. Алыста. Егер сенсең мен жарты жолға дейін жеткізейін. Қорықпа. Мен доспын. Сенің жолыңды күтіп жүрмін. Мін үстіме.

Төстік тұлпардың үстіне қарғып мінуі сол ақ екен, ол таудың үстімен ұша жөнелді. Талай биік шатқалдардан, талай терең құздардан аспанмен астасып бұлттардан, биік жатқан шыңдардан асып, теңіздей тебіреніп жатқан терең әрі үлкен көлден өтіп барып тоқтады. Төстікті жерге түсіріп:

– Ал, азамат. Ары қарай өзің барарсың. Енді ағаларың алыс емес, – деп қайта ұшып кете барды.

Төстік жүріп келеді. Алыстан сағым көтерген бел көрінеді. Алдында кездескен жыра-жылғалардан өтіп, белге шықса, алыстан қарауытқан қалың жылқы көрінеді. Табын жылқының ар жағында тігулі тұрған қара қос тұр. Қостың іші жылқышылардың тамағына тола еді. Әсіресе қазы-қарта мен жал-жаяның иісі қарны аш адамның қолқасын жарып, тәбетін аша түседі. Төстік жайғаса отырып тамақты тойғанынша жеп алып, біраз ұйықтап, тынығып алып, ары жүріп кетеді.

Біраз жүргеннен кейін жазық далада қаз қатар тігілген ақ шаңқан киіз үйлерден құралған ауыл көзге түсіп, Төстік солай беттейді.

Төстіктің келген елі ас беріп жатқан ел екен. «Ағаларымды осы астан іздеп көрейін», – деп, асқа тігілген қалың үйді жағалай қыдыра бастайды. Жолдан арып ашып, киімдері жыртық-жыртық Төстікті ешкім ескермейді. Жаяу жүрген адамды кім білсін? Төстік әрбір үйдің

босағасы мен есіктерінен сығалай сүзе қарап келеді. Кейбір жерлерде еркектер көп отырса үніле түседі. Ондағы ойы өзі де көрмеген, бетбейнелері бейтаныс ағалары осында отыр ма деген тілегі еді. Төстіктің бұл қылығы табақ тартушыларға өте зор кедергі жасай бастады. Еңгезердей алып денелі үсті алба жұлба бір дәу жолдарына кесе көлденең тұрып алып, дәу денесімен бүкіл есікті жаба үңіліп тұрады. Не ішке кірмейді, болмаса ертерек бұрылып жөніне кетер емес. Маңғазданған біреу сияқты. Асықпай, саспай жайбарақат жүр. Бұған ызаланған табақшылар Төстікті кейін қарай итеріп, сүйрелеп, қақпалай береді. Кейбіреулері тіптен: «Қайыршы неме, әлі етке тоймадың ба?» – деп, жекіріп ұрсады. Төстік оларға мән берер емес. Осылай келе жатқанда, табақшылардың: «Ерназардың сегізіне тарт, Ерназардың сегізіне тарт», – деп, шуылдасқан дауыстарын естіп, бір табақшыдан табағын тартып алып «Ерназардың сегізін көрейін», – деп үйге кірмек болса, табақшылар жолын кескестеп жібере қоймайды. Төстік оған шыдамай, алдында тұрған табақшының біреуін жұдырықпен қойып қалып, мұрттай түсіреді де үйге кіріп келеді. Бүкіл даланы шуылдатып, табақ көтеріп жетіп келген еңгезердей жігіттен отырғандар да секем алып бойларын жинап, таңқалыстарын жасырмай:

– Оу, табақшым. Саған кім керек? Неғып жүрген адамсың? – деп Төстіктен жөн сұрайды. Төстік:

– Маған Ерназардың сегізі керек – дейді.

– Қандай сегіз? Қайдағы сегізді айтасың? Сен кімсің оларды сұрайтындай? – деп отырғандар, шын мәнінде қорқынышқа бой алдыра бастайды.

– Алдымен өздерің айтыңдар, Ерназардың сегізі бар ма іштеріңде. Мен жөнімді сосын айтамын, – дейді Төстік.

– Жоқ, айта алмаймыз, айтпаймыз да, – дейді олар.

– Айтпасаңдар, өз обалдарың өздеріңе. Шетіңнен бауыздап тастаймын, – деп, Төстік кездігін қынабынан суырып алып, жалаңдата түседі. Қорқып кеткен үйдегілер:

– Иә, біз едік іздеген адамдарың. Бізден саған не керек, – деп сегіздің дауыстары бәсендей береді.

– Ендеше сендерді іздеп елден ұзақ жол жүріп, неше түрлі азаптарды басымнан кешіріп келген, сендердің кіші бауырларың, Ерназардың кенжесі Төстік деген мен боламын.

Сол арада құшақтар айқасып, жүрек босап, көз жылап, мәре-сәре болысып, Ерназардың сегізі жөн сұрасып, Төстікпен жылап-сықтап та-

нысады. Ерназардың сегізі елден адасқаннан кейін жұттан қалған малды бағып, мыңғырған бай болыпты. Бірақ елге қайтуға батылдық пен жігерлері жетпей, жолда көрген азаптарынан шошып осы жерде қалып қойған екен. Төстіктен елінің жөнін білген соң, олар да қайтпақ болады.

Ағаларын тауып көңілденген Төстік ұшарға қанаты жоқ, елге ертерек қайту амалын ойластырады.

– Ағалар, қаншама жылдар бойы жат-жұртта жүрсіндер. Менің ойымша елге қайтып, қартайған ата-анамызды қуантатын уақыт келген сияқты, – деді Төстік ағаларына.

– Иә, дұрыс айтасың Төстік. Бірақ, біздің көрген азабымыз жеткілікті. Қалай аман қалғанымызды өзіміз де әлі түсіне алмай жүрміз. Қайтар жолда ондай азаптарға төзе алар ма екенбіз, – деді үлкені.

– Қай жақтан келіп, қайда жүргенімізді де білмейміз. Ел қайда, жұрт қайда, беймәлім, – деді екіншісі.

– Мен қайтуға қорқамын. Мына елге сіңіп кеттік. Байып алып, билігімізді жүргізіп отырмыз. Осында қала берейік, – деді тағы бірі.

– Ей, ағалар. «Ер туған жеріне, ез тойған жеріне» деген бар емес пе. Атаң мен анаң аңырап, аңсары кеуіп, сегізім деп көз жастарын көлдетіп отыр. Ал сендер «Айрылған азады, қосылған озады» дегенді білмеуші ме едіңдер. Сендерді іздеп мен келдім. Сендер көрген азапты мен де көрдім. Бірақ қайтпадым. Ойымда тек ағаларым болды. Түсімде түрлерінді тануға тырыстым. Сонда тапқандарым ерлер ме әлде ездер ме? Айрылуға жаралғандар ма әлде қосылуға жаралғандар ма? Келгенде сегіз болсаңдар, қайтарда тоғыз емеспіз бе? Мен қайтуға бекіндім. Шешімдерінді айтыңдар. Ел болам десеңдер етектеріңді жинаңдар. Елге қайтамыз. Шешім осы, – деп, Төстік түйіндеп тастады.

– Жарайды, келістік. Елге қайтамыз. Қорқатын ешнәрсе жоқ. Қасымызла Төстігіміз бар, – деп шуылдасты ағалары.

Осылайша шешімге келіп, орындарынан тұра бергені мұң екен:

– Ойбай, ойбай, келіп қалды, келіп қалды, – деген шу шықты даладан.

– Оу, жарқыным. Не болып қалды, сонша шулайтындай, деп Төстік шықты зарлағандардың алдынан.

– Жыландар көші. Қаптаған жыландар келеді. Анау теріскей беттегі қыраттардың арғы бетінде қаптаған жыландар көшін көрдік. Ауылға келіп қала ма деп қорқамыз. Әзірге беті шығысқа қарай кетіп барады, – деді ендігін баса алмай жүгіріп келген кісі.

– Жарайды. Бара көрейік, – деп тоғыз атқа қонды.

Астарындағы жараулы аттармен шауып қыраттың үстіне шыққан

олар, өз көздеріне өздері сенбей, ұзақ тұрып қалды. Алдарындағы сайдың іші теңіздей толқып шайқалады. Басы қайда екені белгісіз, келесі қыраттан асып құлап жатыр. Алды-арты да көрінер емес. Тола алып-үлкен, ірілі-кішілі жыландар, бақа, шаян, құрт-құмырсқа, жан-жануарлар мен адам тәріздестер де жортып барады. Әншейінде бір-бірімен сыйыспай текетіресіп соғысып жататын жан-жануарлар мен жәндіктер момақан, бір-бірінде шаруасы жоқ, жортуылдап барады. Міне бір топ адамдар да көштің бергі шетін ала кетіп барады.

– Мен мына адамдардан жөн сұрап келейін. Бірнәрсе білетін шығар, – деп Тәстік шаба жөнелді. Қастарына жақындап барып, аттың тізгінін тарта түсіп:

– Оу, жарандар, тоқтаңдар! Сөзге келіңдер. Қайда жортып бара жатырсыңдар, – деп дауыстады.

– Бізге айтып тұрсың ба?- деп тоқтады адамдар.

– Иә, сендерге айтамын. Бұл неткен жортуыл?

– Сұрама жарқыным. Біз жер асты еліненбіз. Менің атым Жерден. Алып үңгірдің тұрғындарымыз. Елімізді топан су басып жатыр. Жер астының басқа жағына көшетін жолымыздың бәрін су басып қалды. Сондықтан жер бетіне шығуға мәжбүр болдық. Жол жөнекей талайымыздан айрылып қалдық.

– Мына жануарлар мен жәндіктер де жер астынан ба?

– Иә, бәріміз де қашып келеміз.

– Ол су қайдан пайда болды?

– Соны білмейміз. Жер бетінің бір жерінен келіп жатыр ма? деп те ойлаймыз. Біраз барып тоқтап, барлық топтардың бәсиелері топтасып ақылдасып көреміз.

– Топбасыларың қалай? Қандай топтар. Олар кімдер?

– Олар: мына жыландар бір топ, жәндіктердің әрқайыссы жеке-жеке топтар. Солардың бәсиелерін айтамын.

– Сендер сонда бір-бірінді түсінесіңдер ме?

– Иә. Мен олардың тілін, олардың біразы біздің тілді түсінеміз. Түсінбеген жерлерді ымдап түсіндіреміз.

– Онда баста Жерден. Менің атым Тәстік. Сендер біздің елге келдіңдер. Не мақсаттарың бар. Мен де барып қатысып көрейін.

– Жүріңіз, – деді Жерден.

Тәстік ағаларына сендер осында бола беріңдер дегендей ишарат білдірді де, Жерденнің тобына ілесіп кете барды. Арада ет пісірім уақыт өткенде көш тоқтап, демалуға ойысты. Әрбір топтың бәсиелері бір-бірімен хабарласып, бір жерге топтасып жинала бастады. Жерден де Тәстікті ілестіріп сол жиынға келді.

– Ал, жиналған қауым. Біз бәріміз үдере көшіп, жер бетіне шықтық. Жағдайымыз жақсы емес. Бұл жақ бізді қабыл ала ма жоқ па, ол бізге беймәлім. Бастарыңды құрып отырғаным, бұл жағдайдан қалай құтыламыз. Соны ойластыру. Жер астындағы елімізге аман-есен қайта оралудың жолын іздеу. Қандай ұсыныс айтасыңдар, ортаға салайық, – деді Жерден.

– Әй, Жерден. Ақылдасудан бұрын анықтап алатын бір мәселе бар. Мына қасындағыны танымадық. Бұрын да көрген емеспіз. Кімді ертіп келдің, – деді жыландардың бас иесі.

– Бұл кісі осы жер үсті елінің азаматы. Аты Төстік. Біздің көшті көріп хал-жағдайымызды сұраған жөні бар. Жағдайымызды өз құлағымен, естісін деп арнайы ертіп келдім, – деді Жерден.

– Біздің жағдайды сұрайтындай не бар. Өзі де көрмей тұр ма? Бірақ, өз бастарына түспегесін түсінер деймісің, – деп күнкілдеді қорқаулардың бас иесі.

– Адамдардан бізге не пайда. Жер бетін жайлап жайбарақат жатқан ел. Жұмақта өмір сүргендер, тозақтың отын сезер ме, – деп шаңқылдады суырлардың сарбазы.

– Бұлардың, көп болып жабылып, жерін тартып алу керек шығар, – деп гүж ете қалды Аю қомпаңдап.

Бұлардың бәрі де өз тілдерінде сөйлегесін, Төстік түсінбей жайбарақат тұра берді. Жерден бәрін түсініп тұр, бірақ Төстікке айтып түсінік беруден ұялуда.

– Оу, жарандар. Асыра сілтеп алмайық. Бұлардан не жамандық көрдік. Жер бетіне шыққалы қанша уақыт өтті. Бірақ бізге ешкім зияндық жасап, жолымызды бөгеген емес. Ендеше не сандырақ? Бұл адам сендердің тілдеріңді түсінбей тұр. Ал, түсінсе не болмақ. Отты өз қолымызбен қозғамайық. Келуіне қарағанда қызығушылық емес, түсінушілік көп сияқты. Қол ұшын созса, қол ұстасқан абзал болар, – деді Жерден.

– Ой, қайдам. Бұлардан қандай қайран болар дерсің. Орайы келсе, жерлерін жаулап алайық. Күш көрсетсек қорқақтап қалар, – деп жылан басы ысылдай түсіп, айыр тілін жалақтатып, Төстікке қарай ұмсына түсіп қойды.

– Қойыңдар бос сөзді. Бұл бекер келген жоқ. Тыңдайық сөзін. Адамдар жер бетінің айбыны. Олар шағып тастайтын жаңғақ емес. Қаны қарайса жыныңды жаныңмен бірге қағып тастайтын күш-қуат пен ақыл парасатқа ие жандар. Бір-екі тентектің сөзіне еріп, жер бетіне де сыймай қалып жүрмелік, – деді арыстанның алыбы.

– Жерден, өзің сөйлес Төстікпен. Біз де білейік не үшін келгенін, – деп, кесіртке келіп бір айналып кетті Төстікті.

Төстік кейбір әрекеттерден татулық пен жаулықтың кезектесе түсіп жатқанын түсініп, іштей қынжылғанымен сезімін сыртқа шығармай жайбарақат тұра берді.

– Төстік, мыналар сенің не үшін келгенінді сұрап білгілері келеді, – деді Жерден.

– Мен айтармын. Бірақ, бұлар не дейді? Түсінбедім. Қимылдарына қарасам, дұшпандық көзқарас басымдау ма деп пайымдаймын. Не айтасың, Жерден, – деді Төстік.

– Не айтушы едім? Оның рас. Кейбіреулері шаршап-шалдыққаннан болар, өшін кімнен аларын білмеуде. Бірақ, көбісі татулықты тілейді. Өз елдерінде жүрмегенін сезінеді, – деді Жерден.

– Олай болса, менің сөзімді бірін қалдырмай жеткізіп тұр, Жерден. Мен сендерге ақ көңіліммен келдім. Неге сонша қотарыла көшіп жер бетіне шықтындар, қандай қиындыққа тап болдыңдар, ол бізге беймәлім.

– Адамдардан қандай көмек керек екенін білейін дедім, – деді Төстік.

– О-о-о, дұрыс! Рахмет! – десті жамырап.

– Бірақ ескертейін, біз жер бетін жайлап жатқан елміз. Жан-жағын татулықпен қорғап жатқан елміз. Дос көңілмен келсеңдер құшағымыз ашық, жаулықпен келсеңдер қылышымыз болмас жасық. Тыңдасандар қасіреттеріңе ортақтасып бірге шешуге дайынбыз, қырсықсандар имандарыңды үйіруге де дайынбыз. Шешім өздеріңде, – деп түйіндеді Төстік.

– Рахмет саған, адам баласы! «Қиындықта жеген құйқаның дәмі кетпес аузыңнан» деп сендер айтқандай, қысыл-таяң кезеңде қол ұшын берем дегенің жанымызды жайландырды. Ал айтар болсақ, жерімізді су басып қалды. Қайдан келіп жатқанын анықтай алмадық. Бізге қалған жалғыз жол – ол жер бетіне шығаратын үңгірдің ауызы ғана қалды. Басқа отандастарымызбен арамызды үлкен тау бөліп жатыр. Ол жаққа су жете қойған жоқ. Бірақ өтер жолды жауып қалды. Амалсыз жер үстіне шығуымызға тура келді, – деді Арыстан.

– Ендеше, бүгін демалыңдар. Ертең ертемен анықтармыз. Таң шапағымен жолға аттанайық, – деді Төстік.

– Келістік, – деп жауап берді Жерден, бәрімен ақылдасып болып.

Төстік олардан оралып ауылға келсе, адамдар шуласып, ары-бері жүгірісіп азан-қазан болып жатыр.

– Оу, жарқындарым, не болып қалды? Неге сонша шуылдасып жатырсыңдар? – деді Төстік.

– Ойбай, Төстікжан! Анау, өткел бермей, арқырап ағып жатқан өзен сарқылып, шылжыраған бұлақ суындай ғана болып қалды. Түсінбей жатырмыз. Су қайда кетті? Біз не істейміз? Көшеміз бе, білмеймін? – деп шырылдады ауыл ақсақалы.

– Сабыр, ақсақал. Мен түсіндім. Не де болса ол су жер астына жол тауып кетіп жатыр. Анау қыраттың асты тола жерасты жан-жануары сыртқа шығыпты, жерімізді су басып қалды деп. Ертең бәрін анықтаймыз, – деді Төстік.

Таң шапағымен жиналған аздаған топты алып, Төстік кетті өзен арнасын жоғары қарай бойлай. Өзен арнасы қыраттардың арасынан жылыстай өтіп, таудың сайларын бойлай жоғары көтеріліп, шатқалдармен жарысып, шындарға қарай өрмелеп барады. Төстіктер жүріп келеді. Жан-жануарлардың көбісі шаршап ілесе алмай ілбіп келеді. Тек қайтпас қайсар құмырсқалар басшысы ғана Төстікке ілесіп келеді. Міне, тау басынан құлаған өзен суы арқыраған бойымына жерден жол тауып жер астына кетіп жатыр. Азғана шашыранды сулар ғана тесіктің бергі бетіне жетіп өзенмен ағуда. Мына көріністі көргендер, жер астында көп судың қайдан пайда болғанын түсінгендей үнсіздік. Әлден уақытта барып есін жинағандар:

– Мына суды тоқтату керек, – деді.

– Қалай тоқтатамыз? – деді екіншісі.

– Тастармен толтырып тастайық, – деді тағы бірі.

Анадай жерде жатқан дәу тасты алып тістерімен көтеріп алған құмырсқа бар күшімен өзен арнасына лақтырып жіберіп еді, сумен бірге шұңқырға сіңіп жоқ болды. Өзінің құйрығынан шығаратын арқандай жуан шырмауық жібімен үлкен тасты шырмай орап алған алып, бүйі алты аяғын өзеннің екі жағасына тіреп, тасты тартып тесікке қарай туралап тастай беріп еді, таспен бірге суға құлап жоқ болып кетті. Жан-жануарлар мен жәндіктер не істерін білмей қапаланып тұрып қалды. Қолдан келер амал жоқ. Суды тапты, тосқауыл болатын шама жоқ. Қайғы үстіне қайғы қосылып, ұнжырға түсіп, үрейлене бастады.

– Жерден, айт мыналарыңа, бекер босқа қайғыра бермесін. Құмырсқа, сен, мен үшеуімізден басқасы қайта берсін. Біз жоғары шығып барлап қайталық. Сосын бір шешімін табармыз, – деді Төстік.

– Төстік сендерге қайта берсін деп жатыр. Біз құмырсқа үшеуіміз амал ойластырып көрелік. Сосын шешімін айтамыз. Үйіріліп тұра бергеннен пайда жоқ. Біз жоғары кетеміз, – деді Жерден.

Бәрін қайтарып жіберіп, үшеуі жоғары өрмеледі. Өрмелеген сайын жол қыйындап барады. Алдарын жаба кездескен қойтастарды біртіндеп жолдан алып көтеріле түсуде. Ауа райы да бұзыла бастағандай, суық жел сезіле бастады. Олар тау айрығына да келіп жетті. Мына жерде тау шатқалы екі айрылып, екінші терең сай пайда болды. Табанында шылжырап қана су ағып жатыр. Бұл арқыраған өзеннің ернеуінен асқан аздаған ғана су еді.

– Мына сайды көріп тұрсындар. Мына өзеннің арнасын осылай бұруымыз керек. Сонда су осы арнамен кетіп, ескі арна судан босайды да, сендер топан судан арыласындар, – деді Төстік.

– Оны қазір-ақ аударып салмаймыз ба? – деді құмырсқа қуанғаннан.

– Жоқ. Олай болмайды. Біріншіден, үшеуіміздің шамамыз келмейді. Жаңа ғана көрдің судың екпіні мен күшін. Екіншіден, менің елім сусыз қалады. Ол жағын да ойлайық.

– Сонда не істеуіміз керек, – деді Жерден.

– Үшеуіміз мына сайды бойлай төмен түсеміз. Қай жерге дейін баратынын көрейік. Қалғанын сосын айтамын, – деді Төстік.

Келісімге келген үшеуі төмен түсті. Шатқалдардың арасымен ирелеңдей келіп қыраттарға құлаған сай ауылдан жарты күндік жерден қиғаштай өтеді екен.

– Мына сай бізге табылған сый болды. Біз қайтадан жоғары тау етегіне дейін шығып байқастайық, – деді Төстік.

– Нені байқастаймыз, – деп, шап ете қалды Жерден.

– Сен уайымдама. Біз жоғары шығып қай жерден сайдың арнасын өзенге бұруға болатынын анықтасақ, сендерге де бізге де жақсы. Сендер судан арыласындар, біздің өзеніміз суға толады, – деді Төстік.

– Жарайды, біз келісерміз. Бірақ сен оны қалай анықтайсың? – деді құмырсқа.

– Ондай тәжиірбе адамдарда бар. Біз өзеннің жоғарғы тұсынан үлкен оман-арық қазу арқылы көздеген жерімізге су жеткізе аламыз. Міне, соны пайдаланудың кезі келді, – деді Төстік.

Сонымен үшеуі келісіп сай мен қыратты жерлерді бойлай жоғары жүріп, өзен арнасын жобалай жасап қайтады. Жер-жерді жайлаған жан-жануардың тобырына келсе шулаған айқай шудың үстінен түседі. Анықтап, байқаса бүйілер бүлік шығарып жатыр екен. Бірі емес, суға кетіп өлген басшыларының інісі, ағасын жоқтай жүріп оның орнын басып, таудан түскен басшыларды шырмап тастапты. Соның айқайы басылмай тұрса керек. Бұлар келісімен бүйі бұларға да бас салды:

– Сендер менің ағамды әдейі өлтірдіңдер. Сондай күш иесі жаман бір тасты көтере алмай өзенге құлап кетті дегенге сенбеймін. Мен сендердің көздеріңді жоямын, – деп екілене түсті.

– Жоқ. Біздің кінәміз жоқ. Ол өзі құлады. Мына құмырсақ да дәу тасты лақтырып жіберіп еді су жұтып қойды, – деп түсіндірмек болды Жерден.

– Жоқ. Мен сенбеймін, – деп Жерденді де орай бастады бүйі.

Басқа бүйілер не істерін білмей аңтарылып тұр. Төстік түк түсінбесе де бір қауіптің жақындап қалғанын сезіп, арқасындағы садағын жұлып алды. Міне бүйі енді Төстікке ұмтылып арқанын лақтырып аяғына орай бергенде, төстік садақпен арқанды көздеп тартып жіберіп үзіп тастады да, екінші жебені бүйінің жыбырлап ақыра түскен аузына қарай тартып жіберді. Заулаған жебе бүйінің аузынан кіріп желкесінен мыйын шаша бірақ шықты. Құлап бара жатқан бүйінің дөңгеленген үлкен қарнына тағы бір жебе қадалып, ішіндегі бар дүниесі аспанға шаншыла атылып гүрс етіп, өлі денесі құлап түсті. Аңтарылып қалған топтар есін жиып, басшыларын бүйінің арқандарынан босатып алды.

– Оу, жарандар. Тау шатқалында осы жердегі барлық топтардың бәсиелері болды. Ешкім ешкімге дұшпандық жасамағанына бәріміз куәгерміз. Сондықтан өзара қырқысуды тоқтатып, ақылға келіндер. Болмаса бірінді -бірің қырып салындар. Маған бәрі бір. Мен сендердің мүшкіл халдеріңе қарап көмегімді көрсетуге келдім. Мені дұшпан көрсендер, қайтып кетуге әзірмін. Онда өз қотырларыңды өздерің қасындар, – деді Төстік.

– Ол не дегенің, Төстік мырза? Бір ақымақтың ісі үшін бәрімізді жазғырма. Бүйілер қауымы да бізді қолдайды. Солай ма? – деді Арыстандар бәсиесі.

– Иә, иә, қолдаймыз, – деп шуылдасты бүйілер.

– Төстік ренжіме. Адам баласы бізге қарағанда ардақты да ақылды туған ғой. Мына топтарға айтарың бар сияқты еді. Айта бер, құлағымыз сенде, – деді Құмырсақ.

– Онда тыңдаңдар. Тығырықтан шығатын жол бар. Ол үшін барлығың бірің қалмай менің айтқанымды істейсіңдер. Тыңдамағандарды көз алдарыңда жойып отырамын. Ал менің ойымдағы орындалмай дұрыс болмай шықса, сендердің алдарыңда жанымды беруге әзірмін. Келісесіңдер ме?

– Келісеміз. Бәріміз де келісеміз.

– Олай болса, мына суды басқа арнаға бұруға болады. Біз Құмырсақ, Жерден үшеуіміз жерлерді барлап келдік. Сонау қыраттың бойын бойлай, ана сайдың жалғасы ретінде өзен арнасын жасап мына өзеннің арнасына қосуымыз қажет. Сосын барып, суды сол арнаға

бұрамыз да, мына арнаны судан босатамыз. Үңгірге кетіп жатқан су тоқтайды. Адамдар да сусыз қалмайды. Түсінікті ме?

– Иә, түсіндік.

– Түсінсеңдер бәріміз жабылып істейтін жұмыс. Адамдар да көмектеседі. Бәріміз жабылсақ алынбайтын қамал жоқ. Жерасты елін құтқарып қаламыз.

– Баста онда, Төстік. Біз бәріміз біргеміз, – деп шуылдасты көпшілік.

– Ал онда іске сәт, – деп, Төстік іске кірісті.

Ең алдымен әр топтың қолынан не нәрселер келетінін анықтап, оларға басшы ретінде адамдарды ұйымдастырып, топ-топқа бөліп, жұмысқа кірісіп кетті. Жұмыссыз жүрген ешкім жоқ. Көртышқанға дейін жерді қопарып жатса, алып кесірткелер топырақтарды аузымен сыртқа шығарып жатты. Құмырсқалар үлкен қойтастарды тістеп алып арнадан аластатса, бүйілер бес-алтау болып дәу жартастарды арқандарымен орап сүйрелеп сыртқа шығарып жатыр. Адамдар кетпендерімен арна жағалауларындағы тесіктерді топырақпен толтырып әлек. Басқа жан-жануарлар да қолдан келген істерін атқаруда. Міне осылайша ұйымдасқандар тез арада жаңа өзен арнасын дайындап бітті. Төстік енді әр топтың күштілерін жинап алып, шатқалдарды бойлай жоғары өрмеледі. Жолда шаршағандарын демалдырып, жоғары шықты. Өзен суы ағып жатқан арнаның саймен қосылар жеріндегі деңгейі биік. Бірақ сай жағын үлкен тас бөгет қорғай ұстап тұр. Осы бөгет алынса су өз бетімен жаңа арнаға түсіп жөңкіле ағып кете береді. Тышқандар қауымы тастардың астын қазғылап, адамдар темір істіктермен, балталармен тастардың астын майдалап, бүйілер арқандарымен тастарды орап, бәрі жабылып арқандарды қозғай тартып, тастарды орнынан жұлып-жұлып алып, өзен жаңа арнаға бұрыла берді де ескі арнада су қалмай құрғап қалды. Судың төмен құлап жатқан жері үлкен әрі өте терең екен. Жер асты жан-жануарларының қуаныштарында шек жоқ. Бәрі жабыла әрі Төстікті қоршай шабыттанна шулауда:

– Төстік, Жасасын, Төстік! Ер Төстік!

– Біздің құтқарушымыз Төстік!

– Ер болсаң осындай бол, ақылына ерлігі сай Ер Төстік!

– Ешкезде ұмытпаймыз. Бізге келсең қадірлі қонағымыз боласын Ер Төстік!

– Рахмет, саған, рахмет! – деген алғыстар ең даланы көп уақыт жаңғыртып барып басылды.

Бұл ерлік Тәстіктің даңқын тек жерастына емес кең далаға да асырып жіберген еді.

Ендігі мақсат, ағаларын алып аман-есен елге жеткізу. Ағаларының өсірген көп жылқыларын да ала кету қажет. Таңертең ерте тұрып, жылқылар жатқан жерге келді. Тоғызы тоғыз жағынан шығып, қалың жылқыны айдай бастайды. Бірақ жылқы ұйлығып, бір жақты бет алып жүре қоймайды. Қанша айдаса да, серпіліп, алғашқы айдаған жеріне қайтып келеді де отырады. Тоғызы жылқыны неше күн айдайды, аяғында жүргізе алмай, жалығады.

Осындай жағдайда Тәстіктің есіне қазақтың «Жылқы малы үйір басы айғырдың немесе жылқы басы ту биенің соңынан ереді» деген қағидасы еске түсіп, жүген алдырады. Барлық жылқының басы саналатын үлкен күрең биені ұстап алып, жүгендеп, әрі ұзын шылбар тағып, қалың жылқыны бір айландырады да, жетегіне алып елге беттейді. Қалың жылқы бұрынғыдай жан-жаққа бытырай қашпай, күреңнің соңынан ілеседі де отырады. Енді ешқайсысы да жылқы айдап әлек болмайды, күрең биені жетектеп жүре береді. Қалың жылқы шұбырып ереді де отырады. Судың тұнығын іше-іше, шөптің соңысын жей-жей, талай асқардан асып, талай шөлді басып, Тәстігі бастап, Ерназардың сегізі аман-есен елдеріне келеді.

Балалары амап-есен келген Ерназар ел жиып, той жасайды. Түйеден бура, жылқыдан айғыр, ту бие, қойдан кошқар, құнан қой сойып, қымызын, шұбатын көлдей ағызып, дастарқанын бір дуан елге жетердей мол етіп жаяды. Ақсақал, қарасақалын – құда-жекжат, ағайын-туыс – бәрі түгел разы болады.

Той тарқағаннан кейін Ерназар тоғыз ұлын аяқтандыру қамына кіріседі. Тоғызына тоғыз келіншек іздейді. Келінінің тоғызын бір үйден таппақ болып, ел қыдырады. Көп елді аралайды. Бірақ Ерназар ойлағандай тоғыз қыз бір үйден табылмайды. Әбден амалы таусылған Ерназар күдерін үзіп келе жатса, алдынан бір ауыл кезігеді. Ауылдың сырт жағында тезек теріп, ойнап-күліп жүрген бір топ бойжеткендерді кезіктіреді. Жөн сұрамақ болып солай қарай бұрылса, олар сықылықтай күліп бұлардан қаша бастағасын, аттарының басын бұрып ауылға беттейді. Бұл ауылда қыз көп екен. Мүмкін бәрі бір үйден болар деп дәмеленген Ерназар, ауыл ортасындағы үлкен бір аппақ үйдің тұсына келіп, мейман болатындығын білдіреді. Үй иесі қарсы алып, құрметтеп күте бастайды. Ерназар шөлін басып жан-жағына, үй жихаздарына көңіл аудара бастайды. Бағамдап қараса, үй керегелерінің басында сегіз сырға ілулі тұр екен, Ерназар ары санап, бері санап сегізден асыра алмай, аласұрып мазасызданып, тіпті шы-

дамы таусылғасын еңкілдеп жылай бастайды. Үйдің бәйбішесі Ерназардан:

– Неге жыладың? – деп сұрайды.

– Жылаған себебім: тоғыз ұлым бар, соған тоғыз қыз іздеп жүрген адаммын; тоғыз ұлымның бір әке-шешеден туғаны сияқты, тоғыз келінімнің де бір әке-шешеден туған болса деп іздеп жүр едім. Бармаған жерім баспаған тауым жоқ. Еш жерден тоғыз қыз кездестірмей қиналған жайым бар еді. Мына керегелердің басындағы көп сырғаны көргенде, тілегіме жеттім ғой деп қуанып қалып едім, сана-сам біреуі кем екен, соған жылап отырмын, – дейді Ерназар.

– Ендеше, жылама, тағы біреуі бар, әнетұр, – деп бәйбіше тұсбақаннан тағы бір сырғаны алып келеді. – Кенжекейімнің сырғасы еді, мұны сегіз қызымның сырғасына араластырмаймын, ана қыздарым бір төбе, Кенжекейім бір төбе. Сондықтан Кенжекейімнің сырғасы олардікінен бір бөлек тұрады, – деп, сырғаны қайтадан орнына іліп қояды. Ерназар оған:

– Сенің сегіз қызың бір төбе, Кенжекейің бір төбе болса, менің сегіз ұлым бір төбе, Төстігім бір төбе еді. Кенжекейің Төстігімдікі болсын, – дейді.

– Сенің Төстігің қандай жігіт екенін мен қайдан білемін. Басқа сегіз қызымды берсем де Кенжекейімді көлденең көк аттыға ұстатып, өмірін қор ете алмаймын. Ол нағыз жігіттің сұлтанына лайық қыз, – дейді бәйбіше.

– Ойбай бәйбіше, Төстігім нағыз жігіттің сұлтаны. Оған тиген қыз қор болмайды, қайта зор болады, – дейді Ерназар.

– Немен дәлелдейсің, – дейді бәйбіше.

– Немен деймісің. Күйеуіңнен сұра, мүмкін естуі бар болар.

– Күйеуім алыс сапарда жүр еді, – дейді бәйбіше.

– Ендеше тыңда. Мен ол туралы көп нәрсе айта аламын. Сен тыңдай біл. Орта жолда сөзімді бөлме, – деп Ерназар Төстік жайлы ұзағынан сілтеп баяндап береді.

– Ендеше келістік. Ұлың Ер болса, менің қызым періште. Кенжекейімді өзің барып көрерсің. Менің көрсетуім ұят болар, – деді бәйбіше.

Кенжекейді жасырын барып көрген Ерназар өте риза болып қалады. Қыз өте көрікті еді. Бұндай қыздарды аталарымыз хор қызына теңеуші еді. Аққұбаша келген, ұзынша бойлы, оймақ ауыз, күлім көз, қиғаш қас, пісте мұрын, тілерсегіне дейін төгілген мойылдай қара шаш, бейне бір салып қойған суреттей еді. Күлімдеген көзінен жылылық нұрын шашып, жарқыраған жүзі айдай ашық, әрбір

кимылы аққудың суда жүзген бейнесіндей, әрбір сөзі мейірімге толы, ақылдың кенінен шығып жатқандай әсер етті қарияға. Өз таңдауына риза болған Ерназар бәйбішеге асықты.

– Әй, бәйбіше. Қызды көрдім. Менің Төстігіме лайық екен.

– Менің қызым өте тәрбиелі. Бір жан тұла бойынан да ақыл парасатынан да титімдей де мін тауып көрген емес. Сондықтан да Кенжекейім бір төбе болып ерекше тұруға лайық, – деді бәйбіше.

– Ер Төстігім мен Кенжекей қосылса, бүкіл елдің ырыс берекесі болар еді. Қалған сегіздер осыларға арқа сүйеп бақытты ғұмыр кешер деп ойлаймын, – деп масаттанады Ерназар.

– Иә, Кенжекейім осы қыздардың ұйтқысы. Бәрі осының ауызына қарап айтқанын орындайды. Сондықтан да, кейін тұрмысқа шыққанда да бірге болса деп, армандаушы едім.

– Оу, бәйбіше. Ендеше арманым орындалды дей бер. Екеуіміздің тілегіміз де ойымыз да бір екен. Ендеше қарияңызбен ақылдасып, сұхбаттасыңыз. Жақсы хабар әкеліңіз. Мен сосын сөйлесейін ол кісімен. Аллаһ қаласа құда түсіп, құдандалы болайық, – деп қайырды сөзін Ерназар.

Арада біраз күн өткесін, Ерназар тоғыз қызға құда түсіп еліне қайтады.

Ерназар аулындағы шаруаларын реттеп, құдаларында қалған келіндерін алып қайтуға тоғыз ұлымен сапарға шығады. Жолда бұларға көкорай шалғынды, мәуелі бақты, қайнар бұлақты жерге тігілген кең шатыр кезігіп, бұларды қонақ етеді. Сылаңдаған сұлу қыз алдарынан шығып, иіле сәлем беріп, ілтипатты көңілмен қарсы алады. Бұл перінің қызы Бекторы еді. Бекторы да Кенжекей сияқты өте сұлу қыз еді. Бірақ оның сұлулығы пері болғасын кездескен жағдайға қарай өзгеріп, бірде айдай сұлу болса, енді бірде қатыгез долы қатын кейпіне еніп, енді бірде мыстан кемпір де бола салуы оп-оңай шаруа еді. Бүгін қаншама сұлуланғанымен жүзінен бір суықтық білініп, жүзінен ызғар шашқандай сезіледі. Ол, Ер Төстік туралы көп естіп, көп білуші еді. Оның осы сапарға шыққанын да біліп, алдын ала қамданып, жолын тосып жатқаны беті. Арманы бір көру. Енді міне көріп бойына ғашықтық сезім ұялады. Перінің қызы мынандай көрікті де батыр, ақылды да алымды жігітті қарапайым бір қызға қалай қисын. Қалайда Ер Төстікті өзіне жар етудің амалдарын ойластыра бастады. «Әзірге бара берсін. Қайтар жолда кездесерміз» деген тұжырыммен қонақтарын аман-есен аттандырды. Ер Төстікте оны алғаш көргенінде ғашықтық сезім пайда болғандай әсерде қалғанымен, артынан қыздың

бойындағы суықтық лебін сезініп, есін жылдам жыйып ала қойды да, жәй құрбыларымен сөйлескендей сыйластықтан арыға бара қоймады.

Ерназар тоғыз ұлымен Кенжекейдің ауылына барып, көп уақыт жатады. Кенжекейді алғаш көргеннен ұнатқан Төстік онымен күнделікті кездесіп, ұзақ сырласа жүріп, қыздың бойындағы мейірбандық пен жылылық сезімді ұғынып, асқан ақыл иесі әрі кеңпейіл жан екенін сезініп, оған деген махаббаты ұлғая түсіп, құмарта түсті. Қыз да Төстіктің бойындағы қасиеттерін ұнатып жақындай түсіп, «кет ары» бола қоймады. Тіпті жеке кездесіп бір-біріне уәделерін берісіп те үлгерді. Жастар осылайша бір-бірімен шүйіркелесіп жүргенде екі құда да өзара келісіп, екі жастың жарасымдық тапқанын көріп, құдалық рәсімдерін жасап, отыз күн ойын, қырық күн тойын тойлап, Ерназар келіндерін алып, еліне қайтуға жиналады. Ал, Кенжекейдің әкесі болса қыздарына жеке-жеке енші беріп, көп жасаумен ұзатады. Кенжекейге де бір қора жылқы, түйе, көп жасауы беріледі. Мұны естіген Кенжекей әкесіне сәлем жолдайды.

– Маған осыншама мал, мол дүние керек емес. Әкемнің алақанында аяланып, ерке өскен сүйікті қызы едім. Менің еншімді өзім таңдауыма рұқсат берсін. Бір еркелігімді көтерсін. Мына мыңғыраған малды өзіне қалдырып маған жылқыдан Шалқұйрықты, жасаудан Ақсырмалды сауытты, түйеден Құба інгенді берсін, – дейді.

Шалқұйрық шын мәнінде ерекше жануар еді. Бойы биік, омырауы аяқаптай, аяқтары тартылған сымдай, аққу мойын, кеудеден жуан болып басталып басқа жақындаған сайын иіле түскен, жалы жалтылдап кішкентай ғана басындағы кекілі самал желмен желкілдеп, тостаған қара көздері тұңғйықтана түскен. Шапқанда артынан шаңы лесе алмайтын әрі алдына жан салмас нағыз дүлділдің өзі. Қанша аш болса да жаман шөп пен лас су ішіп көрмеген, қаншама қиын болса да айларға төтеп беретін, айлық жолдарды бір күнде жүріп өтетін, екпіні дауылдай тұлпардың нағыз өзі.

Құба інген бар түйелердің басы Аруананың өзі. Екі өркеші еш-кезде де майыспай мұзтаулардың шыңындай қақайып тұрады. Денесін басқан қалың шудасы қандай суық болса да дес беретін, жүрісі маңғаз, басқа түйелерге бақырып, шақырмай-ақ жайлап мойын бұрып қарағаны жеткілікті болып олар алдына түсіп жорғалай беретін. Бір өзі пәленбай жүкті көтеріп кез келген шөл-шөлейт далалардан, құмдар мен құмдауыттарды елемей еркін өтетін нағыз алпауыттың өзі.

Ақсырмал осы елдің бабаларынан қалған мұра. Шың болатты жіптей іліп, торкөздендіре тоқып жасалған, қас шеберлердің қолымен

тоқымасының жігі білінбестей етіп жасалынған сауыт қаншама батыр бабалар мен аталар киіп талай айқасқа түссе де бір торы тесілмей, бір тоқымасы сөгілмей төтеп беріп, талай ердің жанын сақтап, қорған бола білген ерекше жәдігер.

Кенжекей осы құндылықтарға қолқа салып отыр. Мұны естіген әкесі қызына ашуланып, кісісін қайта жібереді:

– Қызыма айта бар, Ерназардың байлығы оған жетеді. Шалқұйрық атты сұрағаны несі? Шалқұйрық жылқымның құты, құтқа қыз ие болған жер бар ма екен? Құба інген түйемнің басы, түйемнің басын сұрағаны несі, қызда ондай түйеге артары бар ма екен? Ақсырмалды сауыт атадан ұлға қалатын мұра, мені қызым қу бас дегені ме? Қызым өйтіп жаулығын білдірмесін, – дейді. Кенжекей әкесіне қайта кісі салып:

– Әкем босқа ренжімесін. Шалқұйрықты сұрағаным, ерге лайық тұлпар еді, Төстік енді оның ұлы болды, сондықтан жас, жігерлі ер мінсін деп едім: Құба інгенді сұрағаным, ер қосын артсын деп едім: Ақсырмалды сауытты сұрағаным, Ер Төстік ел қорғайтын батыр еді, денесіне жара түспесін, сол ер кісін деп едім. Төстікті өзімнің балам деп сезініп, өзегінен теппес деп ойлаймын, – депті.

Әкесі Кенжекейдің ақылына разы болып әрі сөзінен жеңіліп, сұрағандарын беріп:

– Қызыма сәлем айта бар, Сорқұдықтың басына көшін қондырмасын, қондырса кесір болады, абайласын, – депті.

...Төстік осы жолмен қайтар-ау деп пайымдаған пері қызы Бекторы бұрынғыдай кең сарай емес, кішкене ғана лашықты жар басына тігіп, кемпірдің кейпіне еніп, күтіп жатады. Келіндерін алып мерейі тасып келе жатқан Ерназар көші осы лашыққа тап келген еді. Көш тұсынан өтіп бара жатқан кезде кемпір кейпіндегі Бекторы лашығынан шығып, Кенжекейдің жанына жақындай келіп:

Сүйген жарың Ер Төстік,
 Құтты болсын, Кенжекей!
 Мінген де атың Шалқұйрық,
 Құтты болсын, Кенжекей!
 Артқан да түйең Құба інген,
 Құтты болсын, Кенжекей!
 Кигенің сауыт Ақсырмал,
 Құтты болсын, Кенжекей!
 Жар басында демесең,
 Жарты лашық демесең,

Біздің үйге түсе кет,
Көбікті саумал іше кет, – дейді.

Мына кемпірдің шымшылап, тиісе сөйлегенін жақтырмаған Кенжекей былай деп жауап береді:

Кездескен жолда апатай,
Сөзіңе сенің кім сенді.
Жолымды менің бөгемей,
Шайпау сөзді қой енді.
Келін боп кетіп барамын,
Өз жарымды сүйгесін.
Мінген атым Шалқұйрық,
Өз атыма мінгенмін.
Артқан түйем Құба інген,
Өз түйеме артқанмын.
Киген сауытым Ақсырмал,
Өз еркіммен кигенмін.
Жар басында демейін,
Жарты лашық демеймін,
Үйіңе, кешір, түспеймін,
Бал берсең де ішеймін.
Жолымды менің бөгемей,
Шайпау сөзді қой деймін!

Осылай деп кемпірдің бетін қайтарып тастайды.

«Жарайды, бәлем Кенжекей, енді сенімен болар ісім, бәрібір өз ойлағаным жетермін», – деп, Бекторы тісін қайрап, қала берді.

Бекторы перінің жалғыз қызы болып ерке өсіп, айтқанын істетіп, айдағанын жүргізіп үйреніп қалған, адуынды әрі тәкаппар қыз еді. Қол астындағы жын-шайтандарының барлығын апса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап, үйреніп қалған оның қатыгездігі де бір басына жеткілікті. Жанында жүргендердің барлығы одан өлердей қорқады. Бекторының жер бетінде де, жер астында да билігін жүргізіп, айтқандарын істетіп үйреніп қалған. Бекторы не қаласа, соны алып келеді, не тапсырса соны орындап тастайды, қырып кел десе қырып, жұтып кел десе жұтып жібереді. Кенжекейдің мына қылығы мен сөздері ұнамай ызаға булыққан Бекторы жандайшаптары мен жалмауыздарын жинап алып, жеке-жеке тапсырмалар беріп, Төстікті қолға түсіру мен Кенжекейді қара сазға отырғызудың амалдарын жоспарлап ақылдасады. Жалмауыздарын іріктеп, ең айлалы, ең айбарлы, ең күшті дегендерін іріктеп, кез келген уақыт пен жағдайларға дайын болып, тапсырмаларды дер кезінде орындауға міндеттейді.

Ерназардың көңілді күмбірлеген көші елге қарай тарта берді. Бірнеше күннен кейін Сорқұдықтың басына келіп жеткенде қонуға бейімделеді. Кенжекей атасына кісі жіберіп:

– Атам сөзімді тыңдаса бұл құдыққа қонбасын. Әкем айтып еді, «жын-шайтандар жайлаған, ырымы жаман жер, қонбаңдар» деп, – дейді.

– Келінім келмей жатып, менің қонысымды билейін дегені ме? Өз жөнін білсін, – деп, Ерназар болмастан әлгі жерге қонады.

Көш қонысымен, Кенжекей басқа келіндерінен үйді бұрын тігіп жібереді де, қазанын отқа қойып, дастарқанын жасап атасын қонаққа шақырады. Кенжекейдің аяулы да мейірбанды жан екенін Ерназар сол арада түсініп: «Келінім ақылды екен, тілін бекер алмаған екем», – деп өкінеді.

Сол күні тұман болады, Кенжекей өз әкесінің айтқаны ойына түсіп, алаңдап кірпігін ілмей жатады. Түн тыныш өткенімен, жүрегін бір мазасыздық билеп алаңдап таңғы шапақпен ерте тұрып сыртқа шығып жан-жағына көз жіберіп қараса, Құба інген орнында жоқ. «Құба інген жоқ», – деп атасына хабар береді.

Ерназар тез арада атын ерттеп мініп, Құба інгенді іздеуге шығады. Жүрегіннің лүпілі басыла қоймаған Кенжекей қауіпті бір нәрсе сезгендей, атасының көзіне түспестей жерден бұталарды сағалап аңдып артынан ілесіп келе жатады. Атасы біраз жерді айнала қарап, шарлап жүріп, бір бұтаның түбінде тұрған Құба інгенді көреді. Қасына келсе, бұйдасы бір көкпекке оралып қалған екен. Жанындағы бұта түбінде бір жарбиған жаман кемпір отыр. Бұл Бекторының тапсырмасымен Ерназарды күтіп отырған, қауқарсыз кемпір кейпіне кіріп алған алып дию еді. Ерназар жақын келіп, аттан түсуге ерініп:

– Шеше, шеше! Ана түйенің бұйдасына қол жалғап жіберші, – дейді.

Кемпір сонда:

– Тұрсам отыра алмаймын, отырсам тұра алмаймын, шырағым. Әперуге әлім жоқ қария әрі ауру адаммын, – деп мүләйімсиді.

Кемпірдің сөзіне нанып, атынан түсіп бұйданы ала бергенде, Ерназарды кемпір шап беріп жағадан ала кетеді. Өлімсіреп отырған кемпірдің дүлей күш иесі екені сонда білінеді. Ерназардың талпынуға мұршасын келтірмейді. Олай-бұлай жұлқынып байқап еді, болмады, кемпір қысып әкетіп барады. Ерназардың мойны қылқына буынып, шыбын жаны шығып барады. Ерназардың «қоя бер» дегеніне кемпір қоймады. Өлетін болған соң Ерназар жалына бастады:

– Ағарған сақал шашым бар! Қартайып келген жасым бар! Тоғыз келінімді жаңа ғана түсіріп, жаңа ғана қызығын көрейін деп отырмын. Сенің алдында не жазығым бар? Қоя бер мені шешежан, – дейді.

– Жоқ! – деп кемпір одан сайын қыса түседі – Менің сұрағанымды берсең ғана босатамын, әйтпесе ажалың осы жерде болады, – деп қыса түседі. Ерназардың, жаны шығып барады. Амалының жоғынан, жан шіркін тәтті болғасын:

Тоғыз келін түсіріп,
Елдей көшіп келемін.
Толып жатқан жасаудан.
Керегі саған сол болса,
Тойғаныңша беремін.
Босат мені шешетай! – дейді.

– Жоқ, сенің мал-мүлкің керек емес, олар саған бұйырсын, – деп кемпір қыса түседі. Ерназардың жаны шығып барады.

Оған разы болмасаң,
Тоғай толған қойым бар,
Қанша алатын ойың бар?
Босат мені шешетай! – дейді.

– Жоқ! Мен саған сенің мал-мүлкің керек емес дедім емес пе, әлде саңыраусың ба? – деп, кемпір одан сайын қысыңқырайды. Ерназардың жаны шығып барады.

Оған разы болмасаң
Сауысқандай сақтығы,
Жұмыртқадай ақтығы,
Желбіреген желегі
Жаңа түсіп келеді
Сегізінен бір дана,
Ақылы асқан ол дана
Кіші келін Кенжекей,
О да болсын сенікі,
Бір әділ жан менікі,
Жіберші мені шешеке! – дейді.

Жоқ, маған ол әйел баласы да керек емес, – деп, кемпір одан сайын қысып қояды Ерназардың жаны шығып барады.

Оған разы болмасаң
Сойылдай сегіз ұлым бар,
Менде қандай құның бар,
О да болсын сенікі,

Бір әділ жан менікі
Жібере көр шешеке! – дейді.

– Жоқ, сенің түкке тұрмайтын сегізің керек емес маған. Өзімде де ондайлар толып жатыр, – деп, кемпір қысыңқырап жібергенде, Ерназардың жаны мұрнының ұшына келеді, өлуге аз-ақ қалады:

Оған разы болмасаң,
Атамасымды атайын,
Сегізінен бір бөлек
Жалғызымда қуат боп,
Жаяуымда қанат боп,
Пана болған әр кезде
Ер Төстігім – ең кенжем,
Сол балам болсын сенікі,
Бір әділ жан менікі,
Жіберші мені, шешеке! – дегенде, кемпірдің қолы боса-

сала береді. Төстікті маған қалай бересің? – деп сұрайды кемпір. Оған Ерназар айтады:

– Менің қалтамда Төстіктің садағының ұшын шығаратын егеуі бар. Төстік онсыз жүре алмайды. Мен соны осы араға тастап кетейін. Төстік іздеп келеді, сонда өзің ұстап ал, – дейді.

– Алдасаң өз обалың өзіңе. Менің құрығым ұзын, тауып алып жаныңды аламын. Оған ешкім кедергі бола алмайды, – деп қорқытады.

– Ойбай, болды, шешеке, уәдемде тұрамын, – дейді Ерназар қалтырап, дірілдеп.

Кенжекей мұның бәрін көріп тұрады. Ерназар егеуді тастап, Құба інгенді алып қайтып келеді де, жылдам жиналып көше жөнеледі. Бірнеше күн көшіп Ерназардың қорқынышы басылған жерге тоқтайды. Біраз күн тынығып алу мақсатында үйлерді тігіп, малдарды жайғастырады. Төстік те елмен бірге үйлерін тігіп алады. Кеш батып жатар уақыт болғанда Төстік төсегіне жатып еді, Кенжекей болат кездіктің сабын Төстіктің жүрегіне тіреп, ұш жағын өз жүрегіне қояды да:

– Қозғалмай жат, қозғалсаң мына қанжар менің жүрегіме кіреді. Демек мен өлемін, – дейді.

– Неге олай дейсің? Не себепті арамызға қанжар салып жатырсың, әлде маған қатын болғаныңа разы болмай ренжіп жатырсың ба? – дейді Төстік.

– Жоқ, сен менің сөзіме сенер сенбесіңді білмеймін. Бірақ айтуым керек. Әкең сені Бекторының жалмауыз кемпіріне беріп кеткен. Сен

менікі емессің. Бекторының көзі саған түсіп, өзіне жар етуді армандауда. Ол, бәрібір сені аңдып қолына түсіруге тырысады, әрі сол үшін бар мүмкіндігін пайдаланады. Өткен жолы әкемнің Сорқұдықтың басына қонбандар, ол жаман жер, деген сөзін атама айтып едім тыңдамады. Міне бүгін соның жемісін жеп отырмыз. Егер мен сенікі болсын десең сол жалмауыздан біржола құтылып кел, – дейді.

– Әкем мені жалмауызға неге береді? – дейді ол. Кенжекей:

– Бекторының жалмауызы атамды ұстап алып өлімші етіп қинады. Жанынан айрылғысы келмей жанұшырған әкең бәрімізді де бермек болды. Бірақ жалмауыздың таңдағаны сен болдың. Бекторының арманы сені қолға түсіру. Сол үшін Сорқұдықта әкеңнен жалмауыз уәдесін алды.

– Мен онда бармасам олар қалай ұстайды.

– Сен бәрібір барасың.

– Неге?

– Өйткені атам сенің егеуіңді сонда тастап кетті. «Төстік егеусіз жүре алмайды. Ол бәрібір іздеп келеді. Мен оны жіберемін», деп уәде беріп кетті. Мен тығылып тұрып бәрін көзіммен көріп, құлағыммен естідім. Нанбасаң қалтаңнан егеуіңді тауып көрші. Төстік жалма-жан қалталарын қарап егеуін таппады.

– Шынында да егеу жоқ. Әлде сен өзің алып мені әкеме қарсы қойып отырсың ба?

– Сен босқа ашуланба. Мен сені ешқашан өз ата-анаңа қарсы қоймаймын. Тек шындықты айтып отырмын. Сенбесең ертең атамнан егеуіңді сұрап көр, – дейді Кенжекей.

– Ертеңіне ертемен тұрып, әкесіне барып, Төстік:

– Егеуімді берші, әке! Мына жақта киік жүр екен, садағымның ұшын шығарайын деп едім, – дейді.

Ерназар сасыңқырап қалып, қорбандап кісесін қараған болады да:

– Қап, әттеген-ай, қалып қойған екен. Түнеу күні Сорқұдықтың басында, Құба інгенді іздеп барғанда, бір талдың түбіне түсіп, ат шалдырып едім, егеуің сонда түсіп қалған екен ғой, – дейді.

– Енді не істеймін, – дейді Төстік түсінбегендей болып.

– Балам, сен барып алып келе ғой. Біз күтіп жатамыз, – деп мүләйім-сиді әкесі.

Сонымен Төстік әкесі егеуін не үшін қалдырғанын түсінсе де, барып алып келуге бекінеді. Егеуінің қалған жері неше күндік алыс жол еді. Ерназардың айтуымен Төстік егеуін іздеуге алты аяқты ала атты, жеті аяқты жирен атты мінбек болады. Төстік жылқыдан алты аяқты

ала атты мініп, жеті аяқты жирен атты жетегіне алып келе жатқанда, алдынан Кенжекей шығып мынаны айтады:

Сорқудықтың басына
 Сорға бола қонды атам.
 Жалмауызға жалғызын
 Жанынан қорқып берді атам,
 Жүретұғын жолында
 Құлан өтпес шөлі бар,
 Оны да басып өтесің,
 Қыран өтпес қия бар,
 Оны да басып өтесің.
 Алты аяқты ала атың
 Қулық бие құлыны,
 Табанына тас батса,
 Маңдайынан күн өтсе,
 Алты күнге жарамас.
 Жеті аяқты жиренің
 Табанына тас батса,
 Маңдайынан күн өтсе,
 Жеті күнге жарамас.
 Сан жорғаны алмадым,
 Ер аты деп таңдадым.
 Айыл-тұрман әбзелін
 Ертеден бастап сайладым.
 Төстік, саған арнадым,
 Жабы емес қазанат,
 Ер серігі қолғанат
 Шалқұйрықты мін, Төстік!
 Сан жасауын алмадым,
 Саған бола таңдадым,
 Ақсырмалдай сауытты
 Осы жолға ки, Төстік! – деп зарлайды.

Төстік Кенжекейдің тілін алып, Шалқұйрық атты мінетін болады. Жылқыдан Шалқұйрықты ұстап әкелуге кісі жіберсе, барған кісіге Шалқұйрық ат ұстатпайды, Алдына келгенін тістеп, артына келгенін теуіп, маңайына жан жуытпайды.

Шалқұйрықты ұстауға Төстіктің өзі келеді. Шалқұйрық Төстікті көрісімен момынданып оқырына түсіп өзі келеді. Шалқұйрық Төстікке мойнын созып, иіскелеп, жүгенге басын өзі ұсынады. Шалқұйрықты ерттеп, әбзелдеп мініп алған Төстік үйіне келеді.

Төстік жүрерде Кенжекей Құба інгенді бураға шөгереді. «Не Төстік өлді деген күні ботала, не Төстік келді деген күні ботала» деп, серт қылады. Өзі белін он екі құлаш торғын орамалмен тартады. «Не Төстік өлді деген күні, не Төстік келді деген күні шешіл» деп, серт қылады.

Төстік жолға шығады. Аулынан ұзап шыққан соң, Шалқұйрық атқа тіл бітеді.

– Төстік батыр, енді екеуіміздің жанымыз бір, қандай пәле болса да бірдей көреміз. Менің мына айтқан сөздерім есінде болсын. Егеуіңнің қасында жалмауыз кемпір сені күтіп отыр, сен егеуіңді ала бергенде ұстап алмақ. Егеуге жақындаған кезде кемпірді алдайтын бір ақыл тауып ал. Кемпір алдана бергенде, мен бетегеден биік, жусаннан аласа бола қалайын, сол кезде сен егеуді іліп үлгер, ары қарай менің жұмысым. Сен тек қана артыңа қараушы болма, артқа қарасаң екеуіміз де өлеміз, – дейді.

Көп уақыт жол жүргеннен кейін, Төстік егеу жатқан жерге келеді. Келсе, егеудің қасында кемпір отыр. Ер Төстік жақындай түсіп:

– Шеше, шеше, артыңдағы неткен көп қыздар, бәрі өзіндікі ме? – дейді.

Кемпір:

– А, деп артына жалт қарайды.

Сол мезгілде Шалқұйрық бетегеден биік, жусаннан аласа бола қалады. Төстіктезеңкейіпегеуді іліпалады. Шалқұйрықшабажөнеледі. Алданғанын білген кемпір:

– Сен бе едің, Төстік, алдаған? Тоқта, Төстік, тоқта деймін. Қап, бәлем! – деп, тамағы қырылдап, өкпесі сырылдап, шашы жалпылдап, көзі жарқылдап, тістері сартылдап, қатты сасып, етегін көтеріп Төстікті қуа жөнеледі.

Төстік қашып келеді. Кемпір қуып келеді. Шалқұйрық желдей еседі. Кемпір де қалысатын емес. Кемпір дегеніміз үлкен диюға айналады. Жүтіргенде әр қадамы он адымдай. Тек қуып келе жатқан жоқ. Жолында кездескен қой тастар мен жартастарды қаңбақша лақтырып ұрып келеді. Тастар Шалқұйрықтың алды мен жан-жағына тарсылдай құлап жатыр. Құлаған емес түскен жерін опырып терең орлар пайда болуда. Шалқұйрық бірінен секірсе екіншісін айнала өтіп шауып келеді. Дәудің қолы Шалқұйрықтың құйрығына жетер-жетпес жерде. Бейшара жанұшыры жүйткіп келеді. Алдарынан тау бөктерінен үлкен үңгірдің кіреберіс ауызы көрінеді. Шалқұйрық жүйткіген бойы сол үңгірге қойып кетеді. Жол жөнекей бір алып жартасты іліп алған дию бар күшімен лақтырғаны сондай әлгі жартас үңгір ауызына бойлай кіріп кетеледі де қалады. Өзі лақтырған тасты өзі шығара алмай әлек

болып дию қала береді. Сол екпінмен біраз шапқан Шалқұйрық талай жерге дейін шапқылап барып, зорға тоқтайды. Диюдан аман құтылған Төстік аттың жалын құшып алқымын сипалай ризашылығын білдіре аттан түседі. Аттың шаршағаны мүлдем білінер емес, қайта әлі тың сияқты.

– Шалқұйрығым, тұлпарым, астымдағы пырағым. Сенімен жолдас еткен Кенжекейге, жолға тастамас серік болған саған рахмет! – деп, жал құйрығын салалы саусақтарымен сипалай түседі. Сол кезде Шалқұйрыққа тіл бітеді:

– Біз енді тау астына, үңгірге түстік, бізге бұдан былай үңгір-жер астының елі жолығады. Біраз жүрген соң, жылан Бапы ханның ордасына келеміз. Жылан Бапыханның ордасына келгенімізде, мені алысқа қойып, өзің ордаға кірерсің. Ордаға кіргенінде есінде болсын, есіктен кіргенінде екі босағадан екі қара шұбар жылан ысылдап тұра келеді, олардан сескенуші болма, жылан Бапы ханның есігін күзеткен құлдары. Оларға көңіл де аудармай ары өте бер. Төр алдына бара бергенінде, екі сұр жылан ысылдап келеді де, екеуі де екі жеңінен кіреді, қойныға кіріп мойныңнан шығады. Қорықпа, қалт етпе. Бұлар жылан Бапы ханның ұлы мен қызы болады. Төрге отыра бергенінде, дәу екі сары жылан ысылдап тұра келеді, одан да сескенбе. Бұлар Бапы ханның өзі мен әйелі. Егерде бұлардан сескенсең, саған сөйлеуге мұрша бермей шағып алуы мүмкін. Олардың уы зәрлі. Ем қонбайды. Сені шақса мені де шағады. Екеуіміз де осы үңгірде өлеміз. Ал сескенбесең, қадірлі қонақ болып, беделіміз өсе түседі, – дейді.

Біраз жер жүрген соң, Шалқұйрық айтқандай, үлкен дарбаза көрінеді. Бұл жылан Бапы ханның ордасының қақпасы еді. Төстік Шалқұйрықты анадай жерге қойып, сәлем беріп, қақпадан енеді. Екі босағадағы екі қара шұбар жылан ысылдап тұра келеді. Төстік одан сескенбейді. Қара шұбарлар Төстікті айнала ысылдап, айыр тілдерін жалаңдатып, зәрін шаша ұмтылады. Төстік түк сезбегендей төрге оза береді. Төр алдына бара бергенде екі сұр жылан ысылдап келіп, Төстіктің жеңінен кіріп, қойнынан шығады, қойнынан кіріп, қонышынан шығады. Төстік олардан да сескенбейді. Төрге барып отыра бергенде, төсектен екі дәу жылан ысылдап көтеріледі. Төстік олардан да сескенбейді, төрге шығып отыра береді. Бір мезгілде төсектегі екі сары жылан адам бейнесіне кіріп, бірі үлкен кісі болады да, екіншісі оның бәйбішесі болады.

– Иә, келдің жас жігіт. Не мақсатпен келдің үңгір еліне? Атың кім?- дейді кісі.

– Менің атым, Ер Төстік... – дей бергенде,

– Ер Төстік! Ой, танымай қалдым ғой. Ғапу ет. Қадірлі қонағым бол. Сені көптен күткен едім, хош келдің үнгір асты еліне. Мен осы елдің ханы Бапы боламын, – дейді.

Екі сұр жыланның бірі әдемі жігіт, бірі әдемі қыз болып кетеді.

Олар да:

– Жер үстінің Ер Төстігі, үнгірге жақсы келдіңіз. Жер астының барлық сый сияпаты саған арналады. Не қаласаң да орындауға дайынбыз, – деп иіле түседі.

Босағадағы екі қара жылан екі қара құлға айналады. Төстіктің алдына келіп, қол қусырып тұрады.

Ер Төстікті жылан Бапы хан ұзақ уақыт қонақ етіп ұлан-асыр той жасайды. Талай әңгімелер өрбиді. Талай сырлар айтылады. Қонақтық достыққа ұласа бастайды. Жылан Бапы ханның үнгірінің арғы бетіндегі тау жоталарындағы Темір хан деген ханмен жақсы қатынасы болып, ол Бапыға қызын бермек болып уағдаласқаны айтылады. Бірақ, соңғы кезде екеуінің арасында араздық пайда болып Темір хан қызын беруден қашқақтай бастаған сыңайлы. Бапы хан сұрап, неше рет жіберсе де, Темір хан қызын бермей қойған екен. Темір ханға өзі барайын десе бұнымен араз Айдахар жолын бөгейтін көрінеді.

– Айдахар неге жолыңды бөгейді, – деп сұрайды Ер Төстік.

– Біз кезінде дос болдық. Жорыққа бірге аттанып, бірге соғысып жүрдік. Бірде тыныштығымызды бұзып, маза бермейтін құзғын қарғалар елін жаулап, көп алтындар мен әшекей бұйымдарды қолға түсірдік. Сол бұйымдар арамызда алауыздық туғызды. Ол маған он бөліктің тоғызын бересің деді. Мен көнбей тең жартысын алдым. Содан бері жауласып, үнгір аузын бақылауда. Есіл дерті алтындарды алу. Менің адамдарым сыртқа шықса өлтіріп тастайды. Өткен жолы да соғысып, өте алмай кері қайтуға тура келді. Соны сезген Темір хан да теріс айнала бастағандай.

– Айдахар тек әскермен соғысатын шығар, – дейді Төстік.

– Жоқ. Жеке адамдарды да ұстайды.

– Қазір қандай күш-қуатың бар?

– Екі түмен.

– Айдахардың осал жері бар ма?

– Осал жері деймісің? Ол өте қуатты. Аузының жалыны жүз қадамдай болып қалар. Тиген жерін өртеп жібереді. Өткенде қасқырлармен соғысқанда, оң қанатының астындағы жүрек тұсының үлкен талшық жүндерін қасқыр тістеп жұлып алып жалаңаштап

тастағаны болмаса, басқа осал жері жоқ-ау. Сол жерін ауырсынып, ұзақ жатып қалған еді.

– Онда мен саған көмектесейін. Айдаһарға бірге барайық.

– Жоқ. Ол қазір өте қуатты. Сарбаздарымды қырып алуым мүмкін.

– Басқа жақпен айналып баруға болмайды ма?

– Жоқ. Таудың ол беті ұзыннан ұзақ, жылдар бойы жүріп шетіне жете алмайтын, не асуы жоқ, не тесігі жақ биік тіп-тіке жылтыр жар-тас. Шығар есік осы бір-ақ ауыз.

– Онда мен өзім-ақ барып, алып келейін.

– Қой. Қауіпке бас тікпей-ақ қой. Оның үстіне ол есікті күндіз-түні бақылап отыр ғой.

– Ол да ұйықтайтын шығар.

– Иә, бірге жүрген кезде, түн ортасында ет пісірім уақыт қана көз ілетін.

– Ендеше сол мүмкіндікті неге пайдаланбасқа.

– Ет пісірім уақытта қайда барып үлгерерсің. Алысқа кете алмайсың. Көрсө жетіп алады.

– Жарайды. Мен байқап көрейін. Тек менің Шалқұйрығымның тұяқтарына киіз байлап беріңдер, жүргенде дыбысы естілмесін. Қалғаны менің жұмысым.

– Рахмет, батырым! Сен тағы бір жақсылық жасап отырсың. Осыдан аман келсең саған достық тарту ретінде қызымды қосамын. Ал, жолың болсын, – дейді Бапы.

Шалқұйрықтың тұяғына киіз байлап береді. Түн ортасы болып Айдаһар ұйқтады-ау деген кезде, Бапы оларды есіктен шығарады. Шалқұйрық аяқтарын ақырын басып үңгірден ұзай береді. Әудем жерге шығып, бір көштік жолдай жүргесін, Төстік:

– Ал, Шалқұйрығым. Ендігі сенім саған. Жүйткі тұлпарым. Он күндік жерді осы түнде шауып өтсең айдаһар бізден адасар, – дейді.

– Айтқаның болсын. Тек мықты отыр, – деп, Шалқұйрық зулай жөнеледі.

Темір ханның елі, ұзақ, бірнеше айлық жол екен. Шалқұйрығы айдаһардың айбынынан құтқарғасын асықпай әндете келе жатса, алдында бір адам көрінеді. «Бұл не қылған адам болды екен», – деп абайлай қараса, әлгі адам ағаштың басында отырған екі сауысқанның құйрығын білдірмей жұлып алады да білдірмеген бойымен бірінің құйрығын біріне қондыра қояды. Сауысқандар мұны түк сезер емес.

– О, неғып жүрген жансың? – деп Төстік қасына жетіп келеді.

– Ер Төстік үңгір ішіне, жердің астына түсіп бізге қарай келеді

дегенді естіп, соған жолдас болайын деп жолын тосып жүрген адам едім, – дейді әлгі кісі.

– Төстікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар еді? – дейді Төстік тайсалмастан.

– Алғанымды ешкімге, ешқайда сездірмейтін асқан епті едім. Жан-жануардың сағы сауысқан болса, жаңағыдай құйрықтарын ұрлап алып, бірінің құйрығын біріне кигізгенімді сезбей қалады, – дейді кісі.

– Жарайды. Ендеше сол іздеген ЕрТөстігің мен боламын. Ендеше көрсетші менің өзіме өнерінді, – дейді Төстік.

– Ей, Төстік, абайлап қарашы. Қанжарың мен қанжығандағы торсығың орнында ма? – дейді кісі. Төстік жалма-жан сипалана қараса, екеуі де орнында жоқ.

– Қайда түсіріп алдым екен? – деп мұңая бастайды.

– Оу, Төстік, еш жерде қалдырған жоқсың. Міне торсығың мен қанжарың, – дейді ол. Мынандай ептілікке таң қалған Төстік:

– Жарайды. Жолдас болуға жарайды екенсің. Бірақ маған адал боларсың деп ойлаймын. Атыңды айт, кім боларсың? – дейді.

– Жаман ойым болса, жолыңды тоспас едім. Атым, Көзілеспес. Баста алға, – дейді ол.

Екеуі жүріп келеді. Алдарында кең жайылған жазық дала. Көз ұшында бір топ киіктерді қадамдарын аштырмай топырлата ұстап біреу жүр. «Неғып жүрген адам?» – деп байқаса, киіктерді матап жүрген адам екен. Екі аяғына байлап алған қазандай екі қаратасы бар. Бұлар жақындап келіп жөн сұрасады.

– Оу, жарқыным. Жапан түзде не бітіріп жүрген жансың? Аяғыңдағы тастарың не? – дейді.

– Мен, Желаяк деген жан боламын. Мына тастарыммен жүріп, қашқан киіктерден ағып өтіп кетпей, дәл жетіп ұстаймын. Тас болмаса өзімді тоқтаға алмай жүйткіп өтіп кетемін, – дейді ол.

– Соншалықты жүйріктігіңді немен дәлелдейсің. Бізге көпірме сөздің керегі жоқ, – дейді Төстік.

– Немен жарысайын. Сенімен бе, желмен бе, әлде ағын сумен бе. Желінді тұрғызып, суыңды ағыз. Көрейік, – дейді ол.

– Жоқ. Одан да мына Шалқұйрықтан озып көр. Сонда сенемін.

– Шалқұйрық... Сонда сен, мен көптен күткен Төстік болдың ғой. Кел бауырым құшақтаса көрісейік, – дейді Желаяк.

– Жоқ. Сен ең алдымен дәлелде, – дейді Төстік.

– Ендеше кеттік. Жібер Шалқұйрықты, – дейді ол.

Сонымен Шалқұйрық пен желаяк кетеді жарысып. Арттарында

бұрқыраған шаң ғана емес шабыстан ор болып қазылған жер қалады. Әлден уақытта Желаяқ жетеді мәреге. Ол әудем жерді он айналып барып зорға тоқтағанда ғана Шалқұйрық жетеді.

– Дәлелдедің. Ал айтарыңды айта бер, – дейді Төстік.

– Төстік үңгірден шығып Темір ханға барады дегенді есітіп, соған жолдас болайын деп, жолын тосып жүрген адам едім.

– Жарайды, ендеше осы іздеген Төстігің мен боламын, – дейді Төстік.

Сөйтіп, бұлар үш жолдас болып жүріп кетеді. Сапарларының біраз күні өткенде үлкен көлдің жағасына келеді. Қалың ну қамыспен, шетіне шыға бере жыңғыл, жиде, басқа да тал-шіліктермен көмкерілген қопаға кез болады. Оларды айнала өтіп, мүмкін жерлерін жара өтіп келе жатса алдарындағы бір алаңқайда арқырай өкіріп тұрған алып арыстанға кезігеді. Арыстанның түрі сұсты, екі көзі қанталап, тырнақтары едірейіп, ауыз тісі ақсиып ұмтылуға шақ тұр.

– Жігіттер, мына арыстанның тұрысы жаман. Ниеті де жақсы болмас. Мен қамданайын. Ақсырмал сауытымды киейін. Қылышымды қолға алайын, – деген кезде, арыстанға тіл бітіп:

– Ей, Төстік. Мен сені іздеп келемін. Сен өзіңе ғашық болған Бекторыға қарамай, жолыңды қанша уақыт тосқан кісіні алдап кете бардың. Енді міне артыңнан мен келдім. Не менімен бірге жүресің, не осы жерде өлесің, – дейді.

– Оу, арыстаным. Сен мақұлық. Мен адаммын. Неге менің жолымды бөгейсің? Қашаннан бері мақұлық адамға қарсы тұрып еді. Өз жолыңмен кете бер. Мен бөгет болмаймын, – деді Төстік.

– Мені жіберген Бекторы. «Ғашығымды алып кел, қарсыласса өлтіріп сүйегін әкел», деген аманаты бар. Сондықтан аманыңда алдыма түс, – деді.

– Мен сенің Бекторыңның алдында жорғалайтын жаман арыстанның бірі емеспін. Шамаң келсе аларсың, келмесе қан жоса болып ит құсқа жем боларсың. Шамаң жетсе алып ұр, ақылың жетсе Бекторымен емес, менімен дос болып бірге жүр.

– Ей, адам. Әліңе қара. Ендеше шық бері, – деп арыстан атылды.

Жер-көктің бәрі астаң-кестең. Жидек қалды жапырылып, жыңғыл кетті желге ұшып, қамыс қалды қопасымен қопарылып. Көтерілген шаңнан күннің көзі қалды тұталып. Арыстанның ақырған дауысы мен Төстіктің қылышының шаңқылдаған үні, аяқтарының дүрсілі мен өкпелерінің ухлі жер жарады. Бір кезде «Уһ» деген дауыспен гүрс ете құлаған дыбыс естілді де, дүние тып тыныш бола қалды. Қалың шаңнан ештеңе көрінер емес. Желаяқ пен Көзілеспес тұр дал

болып, Шалқұйрық тұр ауыздығын күрт-күрт шайнап. Әлден уақытта барып шаң басылып Төстіктің сұлабасы көрінді. Шалқасынан түскен арыстанның үстіне қонжия мініп алыпты. Қолындағы қылышының ұшынан қан сауылдап жерде домаланған арыстанның басына төне түсіп қатып қалған. Қуанып кеткен жолдастары тез арада Төстікті арыстанның үстінен түсіріп алмақшы болған кезде, аспаннан: «Ай, Төстік-ай!» – деп, күнірене айқайлаған зор дауыс естілді де, жерде жатқан арыстан біртін біртін шөге берді де, жоқ болып кетті. Барлығы таң-тамаша болып тұрып қалды да, әлден соң естерін жиып, Төстікпен қуаныштарын бөлісіп жатты.

Бірталай күн жол жүріп, аялдап тынығуға бет алып, дөңкиіп жатқан қойтастар арасынан көлеңке іздеп келе жатқандарында алдарынан тағы бір адам көрінеді. Екі құлағы үлкен екі қалқандай адам, бірнәрсеге алаңдап отырғандай сезіледі.

– Ой, жол бойында не бітіріп отырған адамсыз? – деп, үшеуі қасына жетіп келеді.

– Ер Төстік үңгір арқылы бері өтіп келеді дегенге, соның жолдасы болайын деп, жолын тосып жүрген адаммын, – дейді кісі.

– Төстікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар еді? – деп сұрайды Төстік.

– Жер астының атақты тыңшысымын, қандай жасырын әңгіме болса да тыңдап біліп аламын, менен жасырын сыр болмайды. Алыстағыны, жақындағыны түгел еститін Саққұлақ деген ер мен боламын, – дейді

– Оны немен дәлелдейсің?

– Ей, Ер Төстік. Мен сені келе жатқаннан, айтқан сөздеріңнен танып қойғанмын. Сенің жол жөнекей Бекторының жіберген арыстан бейнесіндегі перісімен шайқасып, оны жеңгеніңді де білем. Ол жеңілгенін Бекторыға айтып барып, бар дауысымен «Ай, Төстік-ай!» деп шыңғырғанда, менің құлағымды жарып жібере жаздады, – дейді Саққұлақ.

– Жарайды, ендеше. Рас, сенің іздеген Төстігің мен боламын, – дейді Ер Төстік.

Сөйтіп, төртеу болып жүріп кетеді. Бұлар елсіз түзде келе жатса, алыста бір тау көрінеді, ол таудың үстіне тағы бір тау шыққандай болады. Жақындап келіп қараса, бір адам тауды олай да көтеріп қояды, бұлай да көтеріп қояды. Бір тауды көтеріп бір таудың үстіне қояды.

– О, неғып жүрген адамсың? – деп, Төстік қасына жетіп келеді.

– Ер Төстік деген азамат Темір хан еліне жол тартты дегенге,

44 соның жолдасы болайын деп, жолын тосып жүрген адаммын, – дейді кісі.

– Төстікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар еді? – дейді Төстік.

– Жұрттан асқан алыппын, жердің үстінде де, астында да маған шақ келетін адам жоқ, қайратым ішіме сыймаған соң, тауларды көтеріп ермек қыламын. Таусоғар деген ер боламын, – дейді кісі.

– Жарайды. Издеген Төстігің мен боламын, – дейді Төстік.

Бесеу болып жүріп келеді. Кенет тып-тыныш табиғаттың мінезі өзгеріп алдымен самал жел, артынан дауыл тұра бастайды. Дауыл құтырынып сұрапылға айнала түсуде. Әжептіреу үлкендеу тастарды қаңбақтай ұшырып, көбісі Төстікке қарай ұшып, бір екеуі Төстікке соғылып, ол қалқанымен қағып тастап тұр.

– Әй, Төстік. Бекторы сені ұшырып, алдыма алып кел деп, мына дауылды жіберіп жатыр. Мынау соның әлегі. Бұл дауыл әлі күшейе түседі. Не амал бар? – дейді Саққұлақ.

– Мен бәрін жөндеймін, – дейді Таусоғар.

– Қалай жөндейсің, Таусоғар, – дейді Төстік.

– Сен қобалжыма, кара да тұр, – деп, Таусоғар жан-жақтағы тауларды көтеріп әкеліп, бірінің үстіне бірін жел өтпестей етіп орнатып тастайды. Тұрған жер ықтасын болып, таулардың төбесінен ышқына соққан дауыл бұларға тимей бұрқырай ұйтқып, өкси жылағандай дауыспен ұзап кете барады.

– Мынау – Бекторының жан айқайы. Саған қолы жетпей бұлқынып, буына айқайлап жатыр, – дейді Саққұлақ.

Бұлар жапан далада неше күн жүріп келе жатып, бір үлкен көлге кезігеді. Шалқұйрықты суғарып, өздері де су алып шай қоймақшы болып көлге жақындаса, көлдің суы лезде тартылып кетеді. Мына құбылысқа танданып болғанынша қайта толып, орнына келеді. Көлдің суы лезде суалып жоқ болып кетеді де, айтқанша шарасынан асып, ернеуі толып кетеді. Ер Төстік жолдастарымен мұның мәнісіне түсіне алмайды.

– Бұл су қайдан келіп, қайда кетіп жатыр, – деп жалтақтап айнала іздейді.

Сөйтсе, қамыстың арасында біреу отыр, көлдің суын ұрттап қалса жоқ болады, аузынан төгіп жіберсе, шарасынан асып су қайта толып кетеді.

– О, неғып отырған адамсың? – деп, Төстік жанына жетіп келеді.

– Ер Төстік деген азамат Бапымен достасып, сапарға шығыпты

деген соң, жолдас болып ерейін деп, жолын тосып жүрген адаммын, – дейді әлгі кісі.

– Төстікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар? – дейді Ер Төстік.

– Жер-жаһанда бар нәрсенің мешкейімін. Маған бұл жалғанда тойым жоқ. Бір келдің суы қарныма түк болмайды, қанша үлкен дария болса да, бір-ақ ұрттаймын. Көлтаусар деген ер боламын, – дейді кісі.

– Жарайды. Ендеше, сол іздеген Төстігің мен боламын, – дейді Төстік.

Алтау болып жүріп кетеді. Көп уақыт жол жүріп, діттеген жерімізге жақын қалдық-ау деп ойлағанда, алдарынан бес қаруын асынған гүрілдеген алып дию шығады:

– Әй, Төстік. Жолыңда кездескеннің бәрін жайпап, менің падишам Бекторының жүзін жерге қараттың. Енді менің кезегім келді. Мен сенімен шайқасып бір жерінді мерт етпей-ақ қояйын. Ер соңымнан.

– Ей, күжірейген ебедейсіз дәу неме! Қайдан келдің, неге келдің, онда менің ісім жоқ. Бізге тиіспей өз жолыңмен жүре бер, – дейді Төстік.

– Менің барлық ісім де, жүрісім де сен. Сені алып кету. Басқа шаурам жоқ.

– Ісің менде болса, мына жолдастарым секілді шын көңіліңмен бізге қосыл. Дос болып бір жүрейік, барар жер алыс. Осындайда дос керек, – дейді Төстік.

– Мен сенімен емес, сен менімен жүреді деп келдім. Түс алдыма, – деп гүж ете қалады дию.

– Ендеше, қолыңнан келсе, түсіріп ал, – дейді Төстік.

– Онда, өз обалың өзіңе, қорған!

– Төстік, мені жібер. Мен көрейін мұнымен алысып, – дейді Таусоғар.

– Жоқ, Таусоғарым. Өзім шайқасам. Күшім жетпей бара жатса келерсің көмекке, – дейді Төстік.

– Ұртымдағы суымды үстіңе ақтара салайын. Кетсін сумен бірге ағып, – дейді Көлтаусар.

– Жоқ. Қолым қышып, арқам тырысып жүр еді. Өзім арқамды бір жазып көрейін, – дейді Төстік.

– Көр, көр достым, біз Желаяк, Сакқұлақ үшеуімізге көңіл аударма. Біз де өз білгенімізді жасап көмектесерміз, – дейді Көзілеспес.

Сонымен шайқас басталады. Екі алып бір-бірін ала-алар емес. Қылыштың шақылдаған, қалқанның таңқылдаған дауысы құлақ

тұндырардай. Қанжарлар қадалмай жапырылып, кездіктер майысып қалды, қалқандар қақ айрылды. Осы сәтте Төстік оң қолымен иек тұсын дәлдей бар күшімен соққанда, дию кетті жүз қадамдай жерге ұшып. Дегенмен, есін тез жиып алған дию қорамсаққа қол салуға ұмтылды. Төстік садағын ала қоймаған еді. Оны түсінген Желаяқ лезде садағы мен қорамсағын жеткізіп берді. Бұл кезде дию жебені алып Төстікті көздеп тартып жіберген еді. Әлі де болса есін толық жия алмаған диюддың жебесі сәл мүлт кетіп, Төстіктің сол иығына тиді. Бірақ Ақсырмал сауыттан өте алмай жерге құлап қалды. Дегенмен жебенің қарқыны қатты еді, Төстіктің иығы артқа қарай серпіліп барып қайтты. Бұл кезде Көзілеспес те диюддың қорамсағында қалған бар жебелерді алып, лақтырып үлгерген еді. Дию сипаланды да қалды.

Төстік иығын қаншама ауырсынып тұрса да:

Қорамсаққа қол салды,
 Қол салғанда мол салды.
 Қақ жүректің тұсы деп,
 Үшкір садақ жүзі деп,
 Тартты жебе шүкір деп.
 Қақырай қатпар жыртылып,
 Қансырай жүрек жарылды,
 Өкіре дию жылады,
 Дөңкиіп барып құлады.

Таудай болып құлаған диюддың алып денесін Таусоғар қаңбақтай көтеріп алып терең құзға лақтырып жіберді. Құздан көтерілген қалың шаңмен араласып диюддың жаны бір топ құзғын қарғалар болып ұшып кетті.

Бекторының кезекті жалмауызын жеңіп, көңілді келе жатқан топқа жартас басында жайғасып отырған кісі кездеседі.

– Оу, неғып отырған адамсың? – дейді оған Төстік.

– Төстік сенің еліңнен қалай шығып, жер бетінде не істегенінді, үңгірге түсіп, жылан Бапы ханға келіп, онан қорықпастан төріне шыққаныңды, одан Темір ханның елін іздеп шыққаныңды, жолыңда неше шайқасқа түскенінді, бізде бар өнерпаздарды жинап келе жатқаныңды көрген соң, соған жолдас болайын деп, жолыңды тосып отырмын, – дейді.

– Маған жолдас боларлықтай қандай өнерің бар еді? – дейді Төстік.

– Өзің сезгендей, жер бетінің қырағысымын. Төстік, сенің не күйге ұшырағаныңның бәрін көріп отырмын. Бар өнерім қырағылық,

жердің асты-үстінде менің көзімнен қағыс жер қалған емес, қандай нәрсе болса да, анықтап қарасам, бәрін де көремін, – дейді кісі.

- Жарайды, ендеше менің жолдасым бол, атың кім? – дейді Төстік.
- Атым затыма сай Қырағы, – дейді кісі.
- Кеттік ендеше, – деп бәрі жолға шығады.

Жетеу болып жүріп кетеді. Бұлар бір айдай жол жүріп, Темір Хан еліне жақындап қалғанда, Саққұлақ:

– Мына тау жақтан арқыраған көп судың дыбысы естіледі, – дейді.

– Мен қарап жіберейін не болып жатқанын, – деп Қырағы алысқа көз тігеді. Ойбай-ой, алдымызда үлкен ойпат бар екен, ені мен ұзындығы бірдей алып ойпат, әрі терең. Соған топан су толтырып жатыр.

– Кімдер, оны істеп жатқан? – деп сұрайды Төстік.

– Мен жылдам біліп келе қояйын, – деп Желаяқ кетеді жүгіріп. Бекторының жалмауыздары тау басындағы көлдерді жарып, ойпатқа құйып, біздің алдымызды бөгеп жатыр, – дейді қайта жүгіріп келіп.

– Ешнәрсе етпес. Бара көрерміз, – дейді Көлтаусар.

Ойпат басына келсе су орталай толып қалған екен. Ойпаттың табаны тегіс емес неше түрлі аралдар мен жартылай мүйістер де пайда бола бастапты.

– Ал, Көлтаусарым. Мынаған қандай амал бар? – дейді Төстік.

– Көріп тұрмын. Маған бұны ұрттап алу сөз емес. Бірақ оны төгетін жер жоқ. Су болса қосылып келіп жатыр. Сондықтан су эзірге толмай тұрғанда Таусоғар мына мүйістер мен аралдардың арасын таумен өріп бекітсе мен суды сол араға төгіп жол ашар едім, – дейді Көлтаусар.

– Онда іске кірісейік, – деп, Таусоғар тауларды бір орнынан көтеріп, екіншісіне жалғайды. Көлтаусар көл суын ұрттап алып тау тоғанның арғы бетіне төге салады. Сөйтіп Бекторы сұлудың тағы бір әрекеті іске аспай қалады.

Бастарынан талай хикаяттарды өткізген жетеу Темір ханның отырған жеріне де келіп жетті. Айнала таумен көмкеріліп, ортасында тап таза тұнық өзен жайбарақат ағып, жағасында жер астының сұрықсыз мәуелі ағаштары күн көзін көрмей мыжырайған жемісін төгіп, бақтарында құстар сайрап, неше түрлі солғын түсті шөптер мен гүлдер көздің жауын алмаса да, сән бере самал желмен толқындана шайқалып тұр. Бірақ ел жоқ, жұрты ғана жатыр.

– Оу, бұл ел қайда, – дейді Төстік жан-жағына алаңдап.

– Мен тыңдап көрсем, біздің келе жатқанымызды естіп, көшіп кетіп

қалған екен, – дейді Саққұлақ. Тәстік, сенен қорқып қашқандары соншама, тіпті адам баласы баспас деген жерге қонып жатқан көрінеді.

Қырағы көз жіберіп еді, бастарын мәңгілік мұздар басқан алты таудың ар жағында, жағалауын қалың қоғалар мен қамыс, құрақтар басқан, жан- жағын адам тұрмақ аң өтпес тау шатқалдары қоршаған жеті көлдің желкесіндегі таудың шынар басындағы, биік шыңның желкесіндегі үлкен жазық алаңқайға барып қоныстанған екен.

Жолаушылар жүріп кетті. Алдарынан алғашқы тау жоталары, одан шатқалдары кезіге бастады. Алып тауды екі бөлікке жарып үлкен сай жатыр. Сайды бойлай бұлар жүріп келеді. Сайдың табанында тұп-тұнық өзен ағып жатыр. Өзеннің екі бетінде өскен жеміс жидектер өте көп. Аңдардың неше түрі, құстардың қатарлары көбейіп, адамдардан қорықпай, жайбарақат өмір сүруде. Олардың әрқайсысынан шыққан үндер бір-бірімен ұласып құлаққа жағымды керемет әуендер пайда болып, бұлардың жүректерін жібітіп, көңілдерін көтеріп, ерекше сезімге бөлеп тастады. Бұлар бір сәт болса да қайда, не үшін келе жатқандарын ұмытып ләззат күйге бөлене түскендей. Әне, бір алаңқайда бір топ еліктер өздерінің сымбатты денелерімен, салтанатты жүрістерімен, адамға емірене қарап, тұнық кара көздерін төңкере, омырауларын иіскелей түсіп, ойнақтай секіріп жүр. Тәстік пен оның достарын мына құбылыс ерекше баулай түсіп, естерінен айыра бастағандай. Тек анадай жерде шалғын шөптерді опыра жеп жатқан Шалқұйрық қана, бір нәрсеге алаңдағандай басын көтере оқырынып қояды да, ары қарай шөпшектердің қызығына бөленеді. Жігіттер жан-жақтан жеміс жидектерді теріп, тез арада дастархан жайып, кәусар бұлақтың суынан сусындап, алқа қотан отыра қалып, кішігірім той жасап жатыр. Сайдың хош иісі бойды баурап алып барады. Көзілеспес ортада жанып жатқан отты қозғамақ болып, жерде жатқан таяқшаға қол соза беріп еді, арырақта жатқан ұзынша таяқ секіріп келіп қолына түсе кетті. Әбден таң-тамашаға еліріп алған Көзілеспес оған мән де берген жоқ, отты көсеп, көсеп жіберді. Таяқшаны оттан шығара бергенде қасына ойнақтай түсіп бір елік жетіп келді. «Мынау отқа түсіп кетер ме екен?» деп ойлаған ол, қолындағы таяқшамен жасқай беріп еді, әлгі елік сұп-сұлу қыз болып шыға келді. Бәрі таң-тамаша. Мәз болуда. Көзілеспес отқа салып қайта алып еліктерге сілтенкіресе олар қыз болып шыға келеді. Қыздардың әрқайысы бір-бір жігітті иеленетіндей. Мына қыз сызыла келіп, Тәстікті сипалай, жанына жайғасты.

– Төстікжан, қандай ер мінезді сұлу мүсін жан едің. Ұзақ жолдан шаршап келе жатқан сені демалсын деп қыздармен жолыңды тосып едік. Құрметімізге лайықсың, – деді қыз.

– Рахмет, шынында да көп болды арқа жазып, бел шешіп, ойнап, күлмегелі. Мына жердің ауасы жұпар, суы кәусар, жанға жайлы екен, – деді Төстік.

– Ешнәрсеге алаң болма. Демал. Біз біргеміз. Көз шырымын алсаң да болады, – деп сызыла түседі қыз.

– Елсіз далада, қайдан.., – дей берген Төстіктің ауызына қыз сұқ саусағын төсей қояды да:

– Демал, қалғанын ертең айтып беремін. Ешнәрсе ойлама. Ойнап-күліп отырайық, – дейді. Мен қалай сұлуым ба? Елдің бәрі менің сұлулығымды айтады, ал мен сол сөзді сенің аузыңнан естісем деп едім.

– Сұлулық тек сырт келбетте емес қой, былай көрікті жан екенсің, – дейді Төстік.

– Сені армандап жүрген сұлулар көп болар. Солардың бірі болып қалмайын. Мына жүзімнен ауыз тиші, – деп бір түйір жүзімді аузына жақындата бергенде, Шалқұйрық қыздың желкесінен тістеп, лақтырып жіберіп, құйрығымен Төстіктің бетіне су шашып жібереді де, тілге келеді.

– Ей, Төстік. Есіңді жый. Бұл Бекторының жіберген перілері. Бәріне шыдағанда пері қыздарының алдауына түсіп қор болайын деп пе едің?! Ей, Көзілеспес, өшір ана отты аманыңда. Жылдам, әйтпесе бәріміз өлеміз, – деп айқай салады.

Тез арада естерін жиған жігіттер дереу отты сөндіреді. Кеш батып, түн түсуге айналғандай болған айнала қайта жарық болып күн жарқырап шыға келеді. Қыздарымыз шиебөріге айналып, шуылдай түсіп қаша жөнеледі. Таусоғар анадай жердегі жартасты алып бастырам дегенше қыздар буға айналып жоқ болып кетеді.

Бес таудан өтіп, алтыншы таудың бөктерімен көтеріліп келе жатқанда, Саққұлақ:

– Ай, жігіттер! Мына таудың арғы бөктерінен гуілдеген зор дауыс естіледі. Не болды екен?

– Мен қарап көрейін, – деп Қырағы жартастың үстіне шығып көз салса, сұрапыл дауыл мен қалың қар төге жауып келеді екен. Жүріп өткен жолдарында өте қалың қар жауып бүкіл дүние тоқтап, өлі тыныштық орнағандай. – Әй, Төстік. Саққұлақтың айтатынындай бар екен. Мына жақтан сұрапыл келеді. Ертерек қамданбасақ болмас. Жауған қардың биіктігі екі-үш құлаштай, – дейді.

– Онда не істеуіміз керек? Бұл сұрапыл дауыл бізге қыйын соғуы мүмкін. Алдын-ала дайындалмасақ болмас... Таусоғар, сен жылдам қимылдап тау тастардан үй құрастыр. Көзілеспес, сен тастан салынған үйдің тесіктерін суық өтпестей етіп біте. Ал сен, Желаяқ Қырағымен, бірге барып мол етіп аң-құс ұстап, отын жинап келіңдер. Көлтаусар, сен сулар қатып қалмай тұрғанда ана көлшіктің суын алып келіп, мына шұңқырға құйып қой, Саққұлақ сен үйдің ортасынан от жағатын орын даярла- деп тапсырады Төстік жолдастарына.

Бәрі жабылып жатып тез арада үй тұрғызып, ішін жылылап, барлық заттарын кіргізіп алды. Міне дауыл да жетті. Дала азан-қазан. Қайда не болып жатқаны белгісіз. Ышқынып келіп ұйтқи соғады. Тастан қаланған үйдің тас-талқанын шығарғысы келіп бұлқына соғады, ішегін ішіне тартып бар күшімен, екпінімен екілене соғады. Оған Таусоғардың қалың үйі былқ етер емес. Әбден ызаға булыққан дауыл бар зәрін бойына жыйып қарын төгіп, төгіп жіберіп, үйді толықтай жауып тастады. Іштегілер от жағып, тамақ пісіріп, жылы жерге жатып мейлінше демалып та қалды. Сол дауыл ұзағынан соқты. Арада талай уақыт өтті. Дегенмен жігіттер мол етіп жинап алған отындары мен аң-құстарының арқасында жылы жерде жата берді. Дауыл қанша соққанымен, қар қанша жауғанымен, бұларға түк істей алмай, бірнеше айдан кейін басылды. Достар сыртқа шығып, сапарларын жалғастырды.

Бірнеше көлдерден өтіп, жетіншісіне бет алғанда, алдарынан сахара құм дала кездесті. Ойларында түк жоқ бір бірімен әзілдесіп ойнап келе жатқандарды Қырағы тоқтатты:

– Жігіттер, тоқтай тұрындар. Мына алдымызда қалың шаң көшкіні мына сусыма құмды көтеріп айдап келе жатқандай, – деді.

– Иә, мен де естіп тұрмын. Дыбысы жаман, ысылдай түсіп, гүрілдей жөнеліп келеді, – деді Саққұлақ.

– Онда мен анау тұрған ортан белінен жоғарысында кішігірім үңгірі бар тауды әкеліп шаңның алдына тосқауыл қояйын, – деді Таусоғар.

– Мен ана көлдің суын ұртыма толтырып алайын, – деді Көлтаусар.

Таусоғар барып тауды алып келіп желдің өтіне, үңгірін ықтасын бетіне қаратып қойды. Көлтаусар барып көлдің бар суын ұрттап бір ұртын толтырып келді. Көзілеспес пен Желаяқ өте епті жылдамдықпен тау үңгіріне шығып алды. Қалғандарын Тауасар асқан ептілікпен жоғары лақтырып шығарды да, артынша өзі көтерілді. Міне, жер дүниені аласапыран етіп құм дауыл да жетті. Айнала қара түнек. Күннің көзін толық жауып қалған. Қаншама ықтасын болса да құмдар

көз ашқызбай, тынысты тарылта бастады. Сол кезде Көлтаусар ұртындағы судың бір бөлігін жаңбырлатып шашып жіберді. Ықтасын бетке түсіп, әжептеуір қалыңдап қалған құмдар мен шаң топан болып ұшып жүрген сусыма құмдар сумен шайылып, екі-үш шақырымдай жер ашылып, адамдардың тыныстары ашылып қалады. Мынаны көрген дауыл одан сайын құтырына соққанымен, Көлтаусардың жауынына төтеп бере алмай, құмдарының бойына су сіңіп көтеріле алмай шөге берді, шөге берді. Дүниедегі бар құм таудың бөктерінен арқыраған тау өзеніндей болып сумен шайылып кете барды. Тек құм дауылдың соңғы соғысы басыларда құмдар топталып, Бекторының бет бейнесіне айнала түсіп, ол бір күрсінгендей ышқына соқты да бар шаңды топтай жинап ұша түсіп, жоқ болып кетті.

Барлық дауылдан, шайқастардан құтылып көлдерді жағалап келе жатқан жетеу, әзіл-сықақтар қоржынының аузын ашып, қалжындарын қақырата айтып көтеріңкі көңілмен келе жатыр. Баратын жер де алыс емес. Арада алты-ақ көл қалды. Осындай көтеріңкі көңіл-күйді бұза аспанда алып екі қара құс пайда болды.

Құс дейін десе құсқа ұқсамайды, бірақ алып қанаттары бар. Ұшып келеді. Құс тұмсықтың орнында сойылдай-сойылдай адырайған жыртқыш тістері мен тесіктері шелектей үңірейген қос танау, көздері шарасынан шығып кетердей бадырақ әрі қып-қызыл болып қанталап кеткен. Құлақтары есектің құлағына көбірек келетіндей тікірейіп қатып қалған. Аяқтары бұжыр-бұжыр тастарды бір-біріне жапсырып тастағандай, әрі сұсты. Саусақтары дәу сексеуілдің томарындай тарамыстанып, тырнақтары қылыштай иіліп, ұш жағы садақтың жebesіндей үшкірлене түскен құбыжықтар. Алғашқысы Желаяққа қарай шүйліге түсті. Бір сәт Желаяқ мынандай құбыжықтан именіп сасып қалған секілді көрінді. Қалтырап, дірілдеп тұрғандай. Құбыжық қанатын кеңге жайып, тырнақтарын жаза түсіп, Желаяқтың бас тұсынан бас салмақ болып бар күшімен ұмтылғанда, Желаяқ асқан жылдамдықпен бір шетіне секіріп кетіп еді, құбыжық өз екпінімен барып тасқа ұрынып, бір тырнағын сындырып алып, бар дауысымен шиқылдай шыңғырып жіберді де, қайта аспанға көтерілді. Топсысынан қан заулай ағып тұр. Екіншісі Төстікті бетке алып ұшып келеді. Екі көзі қанталап, ауыз тістерін аңқита көмейінен жалын шашып ұмтыла түсуде. Төстіктен еш абыржу білінбейтін сияқты, тым-тырыс қимылсыз қарап тұр. Жақындап келген құбыжық Төстікті қанатымен қағып жібергенде, Төстік біраз жерге ұшып кетіп шалқалай құлады. Қайта айналып келген құбыжық Төстіктің оң аяғын тырнақтарымен іліп алып көтере ұшып, Таусоғардың жанында жатқан қойтастың

үстіне лақтырып жіберді. Таусоғар ұшып келе жатқан Төстікті жарым жолдан қағып алып жерге қоя салды да, қайта оралған құбыжықтың қанатынан қос қолдап ұстаған бойы өзінің айналасына айландырып – айландырып барып жіберіп қалғанда, әудем жердегі үлкен талдың дінгегіне соғылып құлап түсті. Ол кезде алғашқы құбыжық есін жиып енді Көлтаусарға ұмтылған еді. Тура алдына келген құбыжыққа Көлтаусар аузындағы суын бүркіп жіберіп еді, судың екпініне шыдамай екінші рет оңбай құлап қанатын қайырып алып тыпырлады да қалды. Екінші құбыжық та есін жиар жимастан қалталақтап Таусоғарға ұмтылды. Таусоғар жерде жатқан қойтасты ала салып ұрып жібергенде тас дәл тиіп қайта құлап түсті. Бұл кезде аяғы ақсаңдап ауырсынғанына қарамастан Төстік те садағын алып, жебесін салып үлгерген еді. Тал түбінде қорбаңдап тұра алмай жатқан құбыжықты көздеп тартып қалғанда, жебе құбыжықтың жүрегіне бойлай кіріп жапырақтай жалп еткізді. Ол кезде алғашқысы да ұшпақ ниетпен қанатын қомдап, сынық қанатын салпаңдатып секіріп жатқан. Сынған қанат жердің топырағын сыпырып айналасын аласапыран шаңдатып жіберді. Төстік сол қалың шаңның арасынан құбыжықтың сұлбасын көздей түсіп, жебесін жіберіп қалғанда, заулаған жебе құбыжықтың аузынан кіріп, желкесінен бірақ шықты. Өзіне бойбермей жатқан қанаты кеңінен жазыла түсіп керіле түскен құбыжық шалқасынан түсіп тырп етпей қатты да қалды. Бұл кезде екіншісі де жан тапсырып үлгерген еді.

Осыншама қиыншылықта бастарынан өткізген жетеу, біраз күн Төстіктің аяғын емдеп жазып, аман-есен Темір ханның тығылған тұрағына да жетеді. Шынында да олар биік таудың басына бекінген екен. Өзара қарым-қатынастары бар елдердің келіп-кететін тау ішінің құпия жолдарынан басқа жол жоқ болғандықтан, жер бетіндегі ешбір жан шыға алмайды деп ойласа керек. Бұлардың алдында бұл ойлары іске аспай қалды. Таусоғар тауларды көтеріп әкеліп бір-біріне қыйуластыра қойып әрі жол жасап, сол жолмен өрмелеп бәрі таудың үстіне шығып алды.

Таудың үстіне орналасқан халық Төстіктің келіп қалғанынан хабары жоқ, жайбарақат. Кең жазыққа қаз қатар киіз үйлерді тігіп, думандата тойлап, Темір ханның қызының Кеше ханға ұзатылу тойын өткізу үстінде екен. Табан астында пайда болған Төстіктер олардың есін шығарып жібергендей. Темір ханның бір уәзірі ханға келіп:

- Тақсыр, жаман жаңалық. Төстік келіп қалды.
- Олар қайдан, қалай пайда болды?– делі сасқалақтаған хан.
- Білмеймін. Ғайыптан түскендей болып келе қалды.

– Әскерімен бе? Қаншау екен.

– Жоқ. Айландырған жеті-ақ адам.

– Жетеу?! – деп таңқалған хан, артынша – Аз болғаны дұрыс болды. Онда олар біздің шырқымызды бұза алмас. Тойды бұзбаңдар. Бірақ сарбаздарға айтып қой, дайын болсын, – деді.

– Құп болады. Басқа тапсырма бар ма?

– Айтпақшы, оларды үлкен сарайдың біріне кіргізіп тамақ беріңдер. Тамақты аямаңдар. Әбден тойғызыңдар. Тойып ұйықтасын. Сол кезде бастарын алармыз. Түсінікті ме? – деді хан.

– Түсіндім тақсыр. Бәрі орындалады, – деп шығып кетті уәзір.

Ер Төстікті жолдастарымен бірге құрметтеген болып кең сарай үйге кіргізеді. Дегенмен бұлардың мысқыл ойын Саққұлақтың сақтығы арқылы естіп біліп алған Төстіктер ешнәрсе білдірмей төрге жайғасады. Қырағы, ханның өзінің және Кеңе ханның сарбаздарын бұлардың көздерін жоюға дайындап жатқанын көріп, Төстікке хабарлап тыныш отыра береді. Кеңе ханның қалың малға әкелген қора-қора қойының, қатарлы түйесінің, үйір-үйір жылқысының бәрі де тойға сойылған. Бұларды тойғызбақ болып тамақтарды әкеле береді. Қажетті тамақты жеп тояттап алғасын Көлтаусардан басқасы дастарқаннан кейін ысырылып отырады.

– Ал, достар, сендер күліп ойнап отыра беріңдер. Мен көрейін бұлардың жомарттығын. Тамақтары қаншалықты жеткілікті болар екен, – деп жайғаса отырып, іске кірісе бастады.

Тойға арналған тамақтан қанша әкелсе де бұлар бәрін жеп қояды. Сарайдан бір табақ желінбей қайтар емес. Хан уәзірлері таңқалып, бастарын шайқауда. Үйдің жабдығынан сығалап қараса, бәрі күліп ойнап отыр. Ұйқтайтын ниеттері де жоқ. Уәзірлер сасқалақтай бастайды. Ханға жүгіріп барып:

– Хан ием. Мынау деген сұмдық болды. Аналарды тойғыза алмай жатырмыз. Қанша тамақ берсек те, жалмап-жұлмап жеп қояды. Тіпті ұйықтау ойларында да жоқ. Күліп ойнап отыр. Біздің тамағымыз да таусып барады, – дейді.

– Онда Кеңе ханды шақырып келіңдер, ақылдасатын әңгіме бар дендер, – дейді.

Олар жүгіріп барып Кеңе ханды алып келеді. Екі хан ары-бері ақылдаса отырып, Төстіктердің тамағына у салып бермек болады. Саққұлақ мұны естіп отырады да, Төстікке айтады. Төстік:

– Рахмет, тояттадық деп тамақтарын қайтарып жіберіңдер. Ал Көзілеспесім сенің де кезегің келген сияқты. Мыналар әскерімен

54 біздің көзімізді жоюға бекініпті. Бәрі кәзір тамақтанып жатыр. Не ойың бар, – деді.

– Түсіндім. Осы ой өзімді де мазалап отыр еді. Мен сыртқа шығып келе қояйын. Жылдам келем, – деп Көзілеспес сыртқа шығып, Төстіктердің у салынған табақтарын білдірместен Темір хан сарбаздары мен Кеше ханның нөкерлерінің табағымен ауыстырып жібереді де, ішке қайта кіріп отыра береді.

Әлден уақытта сырттан ойбайлаған, айқайлаған дауыстар шығып, азан-қазан болды да кетті. Кімнің не істеп, неге жүгіріп, не айтып жатқаны түсініксіз. Ертерек есін жиған бір уәзір ордада бірге отырған Темір мен Кеше хандарға барып:

– Хан ием, хан ием, қырылдық! Сұмдық болып жатыр, сұмдық! – деді алқына әзер сөйлеп.

– Не болып қалды, айт жылдам, малтаңды езе бермей, – деді Темір ашуланып.

– Сарбаздар қырылып қалды. Біздіке де Кеше хан тақсырдіке де, – деді уәзір.

– Не дейді?! – деп, шошып кетіп орнынан атып тұрды Кеше хан.

– Аналарды улаймыз деп жүргенде өз адамдарымызды улап алдық.

– Қалайша?! Сендер қайда қарап жүрсіндер?!!

– Біз мұхият қарап-ақ жүр едік. Білмеймін қалай болғанын. Табақтарды ма әлде қазандарды ма ауыстырып алды-ау деймін.

– Аналардан біреу далаға шығып па еді? – деді Темір.

– Жоқ. Байқамадық. Олар әлі сарайда отыр, – деді уәзір.

– Кім жауапты? Маған басын кесіп әкел! – деді Темір.

– Аспаздар бес-алтау ғана. Оларды өлтірсек, не істейміз, – деп мінгірледі де қалды уәзір.

Екі хан қанша тулап, көбіктерін аспанға шашқанымен, болар іс болды. Сарбаздар қырылып, негізгі Төстікке доқ көрсететін күштерінен айрылып, жер сипап қалды. Ендігі қалғаны тек қулық.

– Кеше хан, халықтың ішінде неше түрлі өнерпаздар, өнері асқан сиқыршылар, ерекше күшті жануарлар бар, соларды пайдалану керек, деп ойлаймын, – деді Темір.

– Не туралы айтып отырсың, түсінбедім? – дейді Кеше.

– Не түсінбейтіні бар. Төстік тегін келген жоқ. Сенің келініңді алып кетуге келді. Соған жол бермеудің амалын іздеп отырмын.

– Айландырған жеті адамды бауыздап өлтіре салмаймыз ба?

– Ол да менің ойымда еді. Оған сарбаздар қырылып қалды. Енді оған күшіміз жетпейді. Ол оңай жау ем ес. Нағыз дүлейдің өзі.

Жай адам болса бұлайша азғана адаммен келмес еді. Ойлан Кеңе хан, – деді Темір хан.

Екі жақтап ойланып бір шешімін тапқандай болды. Темір хан Төстік пен Кеңе ханды арнайы шақырып, қонақ етті. Тамақ желініп болғасын Темір хан:

– Екеуің де менің қызыма құда түсіп келіп отырсыңдар. Екі жақ та маған дос, жанашыр азаматсыңдар. Үлкен құрметім мен қадірлеуіме лайықсыңдар. Сендерді бөліп жара алмаймын. Ешкімді де ренжіткім жоқ. Қызым біреу-ақ. Екеу болғанда екеуіңе беріп, құда болып отыра берер едім, – дегенде, Төстік:

– Мен сенімен бұрыннан құда болып, құйрық бауыр жесіп қойған құдаң Бапының атынан келіп отырмын. Құдаң келінімді алып кел деп жіберді. Талай жерден ат терлетіп келіп, енді құр қол қайта алмаспын, – деді Төстік.

– Түсінемін Төстік. Бірақ мына Кеңе ежелден дос, көңліміз жақын жандар едік. Бала кезде бір-бірімізге берген уәдеміз бар еді, бірімізде ұл, екіншімізде қыз болса құда түсеміз деп. Сол уәдені бетке салық етіп келді. Уәде құдай сөзі дейді ғой. Бетін қайтара алмадым. Бапыға да берген қолым бар еді. Оны да қимаймын. Екі оттың ортасында қалғандаймын, – деп мүләйімсіді Темір.

– Сен олай қиналма, Темір. Бір мәмілеге келейік. Екі жақ та саған ыстық болса, онда біздің де ақылымызды тыңда. Жауласып, пайда таппаспыз. Дос көңілді бұзбайық. Бапы ертең көрісіп, араласатын қадірлі хан. Ренжіткеніміз дұрыс болмас. Сондықтан, менің сөзімді тыңдасаңдар, екі жақ өнер сайысына түсейік. Кімнің өнері асып жеңіп жатса, қыз соныкі болсын, – деп Кеңе Темір екеуінің бұрыннан жоспарлап қойған ойларын жеткізді.

– Мен келістім, өнер сайысына. Жеңіп кетсем реніш болмасын. Жеңілсем мен де ренжімеймін, – деді Төстік.

– Біз де солай, келістік, – деп уәделесіп тарасты барлығы да.

Темір хан жан-жақтағы ауылдарға жар салып, кісі аттандырып: «Қызыма екі хан құда түсіп отыр, қайсысының өнері асса, соған беремін» деп, жар салады. Тойға бәрін шақырып, елді жинайды, екі жақтың өнерін көруге жер астының, қарайған халқының бәрі жиналады.

Алғашқы өнер сайысы ат жарысы бәйгеден басталады. Темір хан мен Кеңе хандар өздерінің бар жүйріктерін бәйгеге қосады. Ер Төстік Шалқұйрықты даярлайды. Онсыз да күнделікті шабыста жүрген Шалқұйрық кез келген жарысқа дайын еді. Бәйгеге аттарды жіберетін

56 Қаракшының түбіне жете бергенде оңаша жерде Шалқұйрыққа тіл бітеді:

Егер аттарды өте алысқа айдаса, менің шабысым да өте жылдам болады. Үш күннен аса шапсам бүйірім қызып, өзімді тоқтатуға шамам келмей, кетіп қалуым мүмкін. Мен келе жатқанда алдымнан арқан керіп қой. Арқан үш қабат болсын, бір қабаты кендірден болсын. Үш қабат арқанның үшеуі де үзілсе, мен саған жоқпын, ағынымды тоқтата алмай кеткенім, үшеуі де үзілмесе, мен жығылып өлемін, ондада саған жоқпын. Егер арқан жартылай үзілсе, мен тоқтаймын, жығылып қалсам да жаным қайтадан кіреді, күдер үзбе, – дейді.

«Өз аттарыма сенімдімін. Ер Төстіктің жалғыз шолағы шыдас бермес. Зорығып қалар. Сонда біз жеңеміз» деген оймен Темір хан аттарды бір жұмалық жерге айдатады.

Аттарды алып кеткесін балуандар күресі басталады. Ортаға орасан зор сандары аюдың санындай, қолдары жуан теректей, мойын жоқ иығы мен басы бірге бітіп жабысып қалғандай, танауы таңқиған бір дәу шықты. Таусоғарды балаша лақтырмақ болып еңкейе түсіп аяғынан құшақтап көтере түсіп еді, онысынан түк шықпады. Таусоғар былқ етер емес. Түрегеп итеріп еді, қыңқ етер емес. Енді жүгіріп келіп екпінмен кеудемен соқпақ болып жақындай бергенде Таусоғар иық тұсынан бүре ұстап көтеріп алып лақтырып жібергенде, қызықтап отырған екі ханның алдына барып гүрс етіп құлады да, орнынан тұра алмай қалды. Осылайша кезекпен шыққан балуандардың барлығы да алғашқы балуанның кейпін киіп, таулары шағыла берді. Жер астының алыптарының бәрі жығылып бітеді. Күресуге кісі шықпаған соң Таусоғар бір тауды көтеріп алып жұртқа күшін көрсетеді. Темір хан мен Кеңе хан қатты сасып:

– Тауды орнына қойсыншы. Біз жаққа қоя көрмесінші, – деп Төстікке жалынады.

Төстік тауды орнына қойғызады.

Бір жеті өткен соң, бәйге аттары қайтып оралады. Жұрт қаракшының түбінен аттарын күтеді. Бір мезгілде алыстан бір қарайған ноқат көрінеді. Бұл ноқат өте жылдам жақындай түседі. Ат дейін десе артында шаңы көрінбейді. Қырағы: «Ер Төстік, бұл желмен жарысып келе жатқан Шалқұйрық қой», – деді. Ер Төстік аттың жолына үш қабат арқан керіп тосып тұрды. Шалқұйрықтың екпінінің қаттылығы сондай соңынан шаң ілесе алмай қалып жатыр еді. Ол құйынша заулаған бетімен арқанға келіп соқтықты да көрінбей кетті. Сөйтсе, арқанды керіп барып, Шалқұйрық жығылған екен, арқанның

екі қабаты үзіліп, бір қабаты қалыпты. Шалқұйрық талып қалған. Сонда Төстік:

Сорқудықтың басына
Сорға бола қонды әкем.
Жанынан қорқып кемпірге,
Егеуімді берді әкем.
Жүретұғын жолымда,
Құлан өтпес жол болды.
Асқар-асқар тауменен
Шексіз дария көл болды.
Құлық бие құлыны –
Алты аяқты аланы,
«Жарамайды, жабы» деп,
Міндірмеген Кенжекей.
Кәрі бие құлыны –
Жеті аяқты жиренді,
«Жарамайтын жабы» деп,
Міндірмеген Кенжекей.
Сан жорғаны алмаған,
Ер аты деп тандаған,
Айыл-тұрман әбзелін
Ертеден қамдап сайлаған.
Кенжекей сынды арудың
Қалмасын деп көңілі,
Міндім сені, Шалқұйрық.
Жалғыз өзім қос артып,
Жапан түзге жол артып,
Жалмауызға шыққанда,
Тіл бітті саған, Шалқұйрық!
Жалмауызға келгенде,
Егеуді ала бергенде,
Бетегеден биіктеп,
Аласарып жусаннан,
Ептейлендің, Шалқұйрық!
Егеуді ала қашқанда,
Жалмауыздан сасқанда,
Таулар ұшып қаңбақтай,
Тасы борап бұршақтай.
Үңгірге біз кіргенде,
Жотадай үлкен қара тас,

Үңгірді бітеп тастады.
 Жерге де кірдің, Шалқұйрық!
 Жылан Бапы жеріне,
 Жер астының еліне
 Шыға келген мезгілде
 Тіл бітті саған, Шалқұйрық!
 Жөн білдірдің еріңе
 Қысылтаяң кезімде,
 Қанат та болған Шалқұйрық!
 Жолдас та болған Шалқұйрық!
 Сасқанымда ақыл болған Шалқұйрық!
 Үш жаның бар еді, екеуі шықса бірі бар,
 Тұра қой енді Шалқұйрық.
 Тірілші енді, Шалқұйрық! – дейді.

Сол уақытта Шалқұйрыққа жан бітіп, оқыранып түрегеледі. Басқа аттар бірнеше күннен кейін келеді.

Темір хан мен Кеңе хан балуан және ат бәйгесінен жеңіліп, не қыларын білмей сасады. «Енді жаяу жарысқа салып көрейік», – дейді.

Жаяу жарысты бір күндік жерден жібермек болады. Ер Төстік Желаяқты қосады. Неше түрлі жүйріктер бар. Бірі ұзын, бірі қысқа. Біреулерінің бұттары сидыған арық болса, екіншісі денесін түк басқан біреулер. Кейбіреулері жарыспай жатып, жеңіп қойғандай, лепіріп жүр. Жүйріктерді бір күндік жерге апарып, барған жеріне қондырып, ертеңіне ертемен жарысты бастамақ болады. Төстіктің жолдастарынан секем алған Темір хан жүгіргіштердің ішіне «насихатшы, батагөй әрі ардақты ана» деп арнайы бір мыстан кемпірді қоса жібереді. Бірақ оның бар мақсаты Желаяқты жібермей ұстау. Барып қонған жерінде сол мыстан барлық желаяқтарды жинап алып, әңгімелесіп, әрбіреуіне баға беріп, артынан жеңіс тілеп, бата беріп, қамқоршы бола қалады. Кезек Желаяққа да келеді:

– Иә, балам, аяқ-қолың сымдай тартылған, жараулы аттай жаратылған жан екенсің. Жастайыңнан жүгіремісің? – деп сұрайды. Ойында түк жоқ аңқау Желаяқ:

– Иә, апа, жас кезімнен жүгіріп келемін.

– Жарыстарға қатысып, жеңіп жүрген шығарсың?

– Жарысқа қатысып көрген емеспін. Бұл алғаш қатысуым.

– М-м, – дейді кемпір. – Негізі жарыс деген оңай нәрсе емес.

Біреудің бағы жанса, біреудің бабы жанады.

– Иә, ол жағы түсінікті ғой, апа, – дейді Желаяқ.

– Неге сенің атыңды Желаяқ деп қойған?

– Шешемнің айтуы бойынша, туғанда аяғым сидиған ұзын болса керек. «Осы жүйрік болар, атын Желаяқ деп қоялық», – деп шешіпті, – деді ол ұялшақтық танытқан болып.

– Шешеннің ойы орындалды ма?

– Иә, жүйрік болдым.

– Бір шақырымды жылдам жүгіресің бе?

– Иә, апай. Ол деген сөз емес қой.

– Алыс жолға қалайсын?

– Маған бәрі бір, шаршамаймын.

– Ертең жарыс. Жеңіс тілеймін. Ешнәрсеге алаң болмай, жақсылап демал.

– Мен демалмасам да болады.

– Қой, балам. Талай жерден, алыс сапардан келдің. Демалмасаң болмайды. Мына шұбатты ішіп ал. Күш-қуат береді, – деп мыстан ішіне ұйықтататын дәрі араластырған шұбатты береді.

Ойында түк жоқ, аңқылдақ Желаяқ шұбатты түгел ішіп алады. Мыстан дйттеген ойына жетіп, маз болып шығып кетеді. Әлден уақытта Желаяқ маужырап ұйықтап қалады. Мыстан жабдықтан сығалап Желаяқтың ұйықтағанын көріп, екі аяғына үлкен тастар байлап тастайды.

Желаяқ мыстан кемпірдің тірлігінен кейін қаннен-қаперсіз ұйықтап жата береді. Ертеңіне оянса, шекесінен күн өтіп барады. Түс болып қалған екен, жүгіргіштер әлдеқашан кетіп қалыпты. Кемпірдің алдағанын біліп, Желаяқ санын бір-ақ соғып, тұра жөнелмек болып атып тұрып жүгіре берем дегенде, байланған тастарға сүрініп-шалынып кұлайды. Жалма-жан аяғын шешіп босатып, жерден бір уыс топырақты ала жөнеледі. Есіктен шыға берісте мыстан кездесіп қалады. Желаяқ сөзге келместен мыстанның көзіне топырақты шашып жіберіп тұра жөнеледі.

– Алда ғана көк шешек-ай, ерте тұрып кеткенін қарашы. Ойбай көзім. Көзімді соқыр етіп кетті-ау! Ойбай көзім! – деп, кемпір көзін уқалап қала береді.

Құстай ұшып, құйындай ұйытқып келе жатса, алдынан арнасы кең үлкен өзен кездеседі. Желаяқ жүгірген бойы тоқтамастан суға қарай жүгіреді. Оның жылдамдық екпінінің зорлығынан табаны суға батып үлгермей заулап өте шықты. Біраздан кейін үлкен ор кездесті. Одан қарғып өтіп кетті. Алыстан қиқулаған адамдардың дауыстары естіле бастады. Сөйтсе жүйріктер де қазықшыға жүз құлаштай ғана жақындап қалған екен, Желаяқ қастарынан ұшқан құстай болып ағып өте шығып, бірінші болып жетті. Сөйтіп, жаяу бәйгесінде де Ер Төстік жеңеді.

Ер Төстік барлық жарыста жеңіске жете бергесін Темір хан лажсыздан қайтадан той жасап, қызын енді Жылан Бапы ханға ұзатпақ Темірхан. Өткен тойдың абыр-сабырымен жүргенде, сарбаздары қырылып сасып-пысып . жарыстың бәрінен жеңіліп ұнжырға түсіп әрі-сәрі болып жүргенде ет пісіретін ернеуі қырық құлаш үлкен қазаны да терең көлге түсіп кетіп, жан жабылып ала алмай жатқан екен. Амалы таусылған Темір хан:

– Қызымды Бапы ханға ұзатамын. Той жасаймын. Бірақ той қазаным көлге түсіп кетті. Ала-алмай жатырмын. Нағыз ер болса, соны алып берсін, – деп, ол Ер Төстікке кісі салады.

– Жарайды. Айтқаны болсын. Көлтаусар, көлдің суын құрт, – дейді Төстік.

– Міне кәзір, бәрін реттейміз, – деп Көлтаусар жұмысына кірісті.

Бірақ көл өте терең екен, қанша ұрттаса да суы Көлтаусардың ұртына сыймайды. Судың үштен бірі қалғанда Көлтаусардың ұрты суға толып бітеді. Сонда Шалқұйрыққа тіл бітіп:

– Қазанды мен сүңгіп алып шығайын, – деп рұқсат сұрайды.

– Сен қалай алып шығасың? Мына су өте терең, – деді Ер Төстік.

– Маған анау өсіп тұрған жыңғылдардың жуан шыбықтарын біріктіріп, бетіне түсіп қалмайтындай етіп түйежапырақтарды өріп, артқы екі тілерсегіме тұяғыма жапсыра байлап беріндер, – дейді Шалқұйрық.

– Ол не, ескек бола ма?

– Иә, Мен суға сүңгігенсін әлден уақытта, ақ көбік шықса жақсы болғаны, қуана бер, аман-есен қазанды алып шыққаным. Қызыл көбік көрінсе жаман болғаны, алып шыға алмай, су астында қалып қойғаным, – дейді Шалқұйрық.

Осылай дейді де Шалқұйрық суға сүңгіп кетеді. Көпке дейін еш нәрсе білінбейді. Бір мезгілде ақ көбік көрінеді. Ер Төстік қуанады. Оның артынан ұзамай, қызыл көбік көрінеді. Ер Төстік шошып, зарлана бастайды:

Сорқұдықтың басына
Сорға бола қонды әкем.
Жанынан қорқып кемпірге,
Егеуімді берді әкем.
Жүретұғын жолымда
Құлан өтпес жол болды.
Асқар-асқар тауменен
Шексіз дария көл болды.
Кулық бие құлыны –

Алты аяқты аланы, –
«Жарамайды, жабы», деп,
Міндірмеген Кенжекей.
Кәрі бие құлыны –
Жеті аяқты жиренді, –
«Жарамайтын жабы», деп,
Міндірмеген Кенжекей.
Сан жорғаны алмаған,
Ер аты деп тандаған,
Айыл-тұрман әбзелін
Ертеден қамдап сайлаған,
Кенжекей сынды арудың
Қалмасын деп көңілі,
Міндім сені, Шалқұйрық.
Жалғыз өзім қос артып,
Жапан түзге жол артып,
Жалмауызға шыққанда,
Тіл бітті саған, Шалқұйрық!
Жалмауызға келгенде,
Егеуді ала бергенде,
Бетегеден биіктеп,
Аласарып жусаннан,
Ептейлендің, Шалқұйрық!
Егеуді ала қашқанда,
Жалмауыздан сасқанда,
Таулар ұшып қаңбақтай,
Тасы борап бұршақтай,
Үңгірге біз кіргенде,
Жогадай үлкен қара тас,
Үңгірді бітеп тастады.
Жерге де кірдің, Шалқұйрық!
Жылан Бапы жеріне,
Жер астының еліне
Шыға келген мезгілде
Тіл бітті саған, Шалқұйрық!
Жөн білдірдің еріңе,
Қысылтаяң кезімде,
Қанат та болған Шалқұйрық!
Жолдас та болған Шалқұйрық!

Сасқанымда ақыл болған Шалқұйрық!
 Үш жаның бар еді, екеуі шықса бірі бар,
 Су астынан шық Шалқұйрық! – дейді.

Ер Төстік зарланып тұрғанда, Шалқұйрық дәу қара қазанды құйрығына байлап, су үстіне шыға келеді.

– Су өте терең екен, түбіне зорға жеттім, қазанды зорға таптым. Сонда ақ көбік шықты. Қазанды көтеріп шығу қиын болды, тістеп едім, шығара алмадым. Сонда қызыл көбік шықты. Құйрығымды ұзартып, қазанды байлап алып, зорға шықтым, – дейді.

– Қазаныңды ал, Темір хан, – дейді Төстік.

– Рахмет саған. Енді жақсылап тойлаймыз, қызды қалай беруді ойлаймыз, – дейді Темір хан.

– Қызыңды қалай шығарып салуды менімен ақылдасайын деп пе едің? – дейді Төстік.

– Жоқ, жоқ. Олай емес. Қазанды шығарып бергеніңе қуанып, не айтқанымды да білмей қалғаным ғой. Көңіл аударма, – деді сасқалақтап.

Темір хан мен Кеңе хан екеуі, қазанды алынғанына қуанудан гөрі, қызы Бапыға кететініне, Шалқұйрықтың аман-есен шыққанына қатты күйіністе еді. Амалының жоғынан ұзату рәсімдерін жасап жүр. Бір мүмкіндік болса Ер Төстікті аяйын деп жүрген жоқ. Оны Төстік те мінез-құлқынан, мына сасқалақтағанынан, басқа тірліктерінен де біліп, сезіп жүр. Бірақ ол туралы сөз қозғамайды. Жігіттеріне «сақ жүріңдер» деп ескертіп қойған.

Темір хан қыз ұзату тойын жасап, әрі осы шара кезінде Ер Төстіктерге арнап әдейі салдырдым деп, таза темірден үлкен сарай салдырады.

– Қыздың жасауын жасап болғанша мына арнайы салынған кең сарайға кіріңіздер. Біраз демалып алыңыздар, – деп Темір хан құдаларды сонда кіргізеді. Құдалардың кіруі-ақ мұң екен, есік сарт етіп жабылып қалды. Аузын мықтап құлыптап тастап, сыртынан тау-тау қылып, отын үйеді де, от жағып өртей бастайды. Сарай қызуға айналды. Сарай ішіндегі Төстік жолдастарымен күйетін халге жетті. Таусоғар орнынан тұрады да, сарайдың есігін теуіп жібереді. Есік шалқасынан түседі. Барлығы сыртқа шығады. Сарайдың сыртындағы от лапылдап, жалыны аспанға көтеріліп жатыр. Темір хан мен Кеңе хан екеуі қызықтап, мәз болып тұр. Көлтаусар бір ұртында терең көлдің суын сақтап қалған екен, өртке қарай аямай бүркіп жібергенде судың екпінінен екі хан да сумен бірге ұшып кетіп, айналасындағы өрт сөніп қалады. Темір ханның басы жарылып, Кеңе ханның қолы сынады. Ер

Төстіктің алдында қарабет болып, әрі қолдарынан түк келмеген екі хан ұялғанынан Ер Төстікке көрінуге беттері шыдамай қаша жөнеледі.

Темір мен Кеңе хандардың бар айлалары таусылып, амалдары құрығасын, Ер Төстікке қызын қосып беріп, жылан Бапы ханның еліне қарай шығарып салады. Сөйтіп, Ер Төстік жылан Бапы ханға бұл елден аман-есен олжалы қайтады.

Қайтар жол қиындық туғызбай Қырағының тұрағына аман-есен келіп жетеді. Қырағы келе жатқан жолдастарын тоқтатып:

– Ал, достар. Қоштасатын сәт туды. Мен өз отаныма келдім, – деді.

– Иә, Қырағы. Біз осы жерде кездесіп, танысып, табысып едік қой, – деді Төстік.

– Сол жолы сені күтетін ыңғайлы жерді көп іздеп, осы жерді таңдап едім. Таңдауым дұрыс болып достасып кеттік, – деді Қырағы.

– Ал, достым. Біздердің достығымыз өмір бойы жалғассын. Біздің елге жүр. Бастаған ісімізді аяғына дейін жеткізіп, күліп ойнап, жақсылап тойлап, өзім шығарып саламын, – деді Төстік.

– Жоқ, достым. Рахмет ниетіңе. Мен бұдан әрі бара алмаймын. Аз да болса дос болдық. Аспандағы Тәңірдің сүйген жаны екенсің. Алғаш маған түсімде аян бергенде аса мән бере қоймап едім. Бірге жүрген күндер мені өзіңе дос етті. Мен соған бақыттымын, – деді ол.

– Саған рахмет! Нағыз достықтың үлгісін көрсеттің. Талай қауіптерден сенің арқаңда аман құтылды. Дос көңіл деп осыны айтуға болар, – деді Төстік.

– Ал, достар, қоштасалық. Мына Төстік болмаса қалғанымыз осы таудың ішіндеміз. Кездесіп қалармыз. Хош болындар, – деп Қырағының құшағы бәріне айқара ашылып, төстер қағысып, қолдар алысып, қимастықтың мөлдір тамшылары тамшылап ажырасып қала берді.

Ұзақ жүріп, Көлтаусардың да еліне келіп жетеді. Көлтаусардың елінде көл көп. Көптен бері Көлтаусар елде болмай көлдерге ие болатын ешкім жоқ болғасын көбісі жайылып, кейбіреулерінің жағасы шайылып кетіпті. Бұның жоқтыңынан кейбіреулері біріне бірі қосылып та кеткен.

– Ал, достар. менің жеріме де аман-есен жеттік. Енді мен осында қаламын. Сендермен қоштасайын, – деді Көлтаусар.

– Бәріміз бірге жүріп, қызығымыз бен қиындықтарымызды бөліскен сәттер қандай тамаша еді, – деді Төстік.

– Біздің ел де алыс емес, жүр бізбен. Мен сені өзім қонақ етіп, кейін қарай шығарып саламын, – деді Таусоғар.

– Жоқ, Таусоғар рахмет! Міне, мен жоқта мына жерлер мен көлдердің не болып жатқанын көріп тұрсың ғой. Осыларды жылдам

реттеп, орнына келтіруім керек. Біраз жұмыс пайда болып қалыпты, – деді Көлтаусар.

– Осының бәрі менің кесірімнен болар. Енді бұлар түзеле қояр ма екен, – деп, Төстік уайымдады.

– Ол не дегенің, Төстігім. Сенің жолыңды тосқан мен емес пе едім. Жақсы жанға көмектеспесек, не үшін өмір сүреміз. Сенімен өткізген күндер естен кетпес сәттер болып, өмір бойы естен шықпай көңілге демеу беріп жүреді енді. Тәңіріме рахмет, саған жолықтырған! – деді Көлтаусар.

– Саған рахмет! Енді көріспеспіз. Бірақ көңілімнің төрінде күнде көріп жүрермін. Естен кетпес сәттер өмірімнің өзегі болар. Хош бол, Көлтаусар досым. Игілігің елге болсын, – деп Төстіктен бастап барлығы қоштасып ары қарай жүріп кетті.

Біраз күндер жүріп, Таусоғардың еліне де келеді. Бұлар келсе ел адамдары сабылып Таусоғарды іздеп жүр. Келген кісілердің арасынан Таусоғарларын көріп қуанып кеткен олар:

– Айналайын, Таусоғар! Қайда кетіп қалып едің? Сені таппай қор болдық. Жауын жаумай егін құрғап, шөптер шықпай қалды. Ана ауылда жауыннан көз ашылмай бар өсімдіктер шіріп бітті. Тауды қозғап реттеп отыратын ешкім жоқ. Жағдайымыз мез емес. Өзің реттемесең болмас, – деп шуылдайды бәрі.

– Жарайды, шуылдамаңыздар. Ортамызда қонақ бар. Жер үстінің батыры Ер Төстік атты азамат. Қонақты құрметтейік. Мен енді ешқайда кетпеймін. Орталарыңыздамын. Азаматтарымды шығарып салайын, сосын бәрін реттеймін. Ал, Төстік-батырым, Аз да болса бір болдық. Достыққа берік болдық. Силай білдік, силаса білдік. Енді, міне, қимастық сезім оянды. Дегенмен әркімнің өз тірлігі бар. Қоштасуға тура келеді. Жолың болсын, – деп гүж ете қалған Таусоғар Төстікті бауырына басып ұзақ тұрды.

– Хош бол, досым. Мен бақытты жанмын, сендердей дос тапқаныма. «Жалғыз ағаш орман емес, жалғыз кірпіш қорған емес» демекші, сендерсіз мен жалғыз өзім не істер едім. Жаныма жолдас, жолыма серік, достыққа берік болдыңдар. Еркін өмір сүрген еркерлерім, Тәңірдің сыйы келсін сендерге, – деп, Төстік Таусоғарды құшағынан босата берді.

Осындай қимас қоштасулар Саққұлақ, Желаяқ, Көзілеспестермен де болып, оларда өз елдерінде қала берді.

Ер Төстік астындағы ажырамас серігі Шалқұйрығымен Темір ханның қызын алып, үшеуі жылан Бапы ханның еліне жақындап қалады. Төстік Темір ханның елінде жүргенде садақтың жәй же-

белерінен үш есе ұзындау әрі жуандау ұшы өте үшкір жебе жасап алған еді.

Жылан Бапы хан өзінің жер асты індерімен сыртқа шығып барлау жүргізіп, жер бетінің хабарларын жеткізіп отыратын барлаушы жыландары арқылы Ер Төстіктің Темір ханның қызын алып келе жатқанын естіп, Айдаһардан қорғамақшы болып алдынан шығуға бекініп, сарбаздарын дайындайды. Барлаушылар Ер Төстіктің таңға жуық үңгір ауызына келетінін жеткізеді. Бапы хан барлық сарбаздарын түн ортасында Айдаһар ұйықтап жатқанда сыртқа шығарып, соғысқа даярланады. Таңға жуық оянған Айдаһар үңгірге жақындап қалған Ер Төстікті көріп, ашулана орнынан қозғалып барып, ұшып ұмтыла түседі. Осылай боларын сезген келе жатқан Төстік те Шалқұйрығымен жылдамдата келіп қызды қауіпсіз жерге тығып үлгереді. Бұл кезде Айдаһар да алғашқы от жалынын төгіп үлгерген еді. От Шалқұйрықтың жалын шарпып өтіп, жағып жібереді. Төстік жалма-жан торсығындағы суын бүркіп сөндіріп тастайды да, қорамсаққа қол салады. Айдаһар қайта оралам дегенше, Бапы сарбаздары да көтеріліп, ол соларға қарай беттеп біраз жалындатып, әжептөуір жерді өртеп тастайды. Жақындап қалған Айдаһарға Төстік алғашқы жебені жібереді. Жебе көздеген жерге тигенімен қалың талшық жүнінен өтпей майысып қалады. Аман кеткен Айдаһар тағы біразын жалмап қайта оралады. Денесіне атқан оқтың дарымайтынын көрген Төстік енді оның басы мен мойнының ашық жеріне көңіл аударады. Садақты кере созып, мойынның ашық жерін көздеп тартып жібергенде, жебенің ұшы терісінен зорға өтіп қадалып, салбырайды да қалады. Сарбаздардың атқан жебелерінің бірі ауа қармап қалса, енді бірі денесіне дарымай жерге құлап жатыр. Есесіне Айдаһардың жалыны жер бетіндегілерді жайпап барады. Төстік келесі жебені садаққа салып Айдаһардың оттай жанып қып-қызыл болып қызарып кеткен көзін көздеп тартып жіберді. Аса күшпен заулаған жебе Айдаһардың жалт бермек болған амалын үлгертпей дәл қарашығына дөп тиіп ағызып жіберді. Бір көзінен айрылған оның ауырсынғаны соншалық, қалбалақтай ұшып жерге бар зәрін төгіп-төгіп жібереді. Ол, бір сәт болса да жүрек тұсындағы жалаңаш жерін есінен шығарып алғандай. Төстіктің көзі де сол жалаңаш жерді байқап қалып, ертеректегі Бапының сөзі еске түсті. Жәй жебенің қалың теріден өтпейтінін көрген ол, жылдам үлкен жебені алып, бар күшімен жалаң жерге қадап үлгерді. Үшкір жебе заулаған бойы қалың теріні қақырата сөгіп жүрекке бойлай қадалған еді. Алып Айдаһар, дүлей қаһарынан айрылап қауырсындай қалбалақтап барып, тура үңгір ауызына жалп

ете қалды да, тынышталды. Сарбаздарың есі шыға қуанып, Бапының басындағы тәжісіне дейін ұшып кетіп қуанғаны соншалық, есінен адасып қала жаздап барып басылды.

Бір емес бірнеше рет өлімнен тек өзі емес, бар ел-жұртын құтқарып әрі арманын орындап берген Ер Төстікке Бапының ризашылығы ерекше еді. Ол Ер Төстікке арнап дүркіретіп той жасайды. Жақсылап жасаулап, өзінің қызын береді де:

– Ер Төстік, сен үлкен ерлік жасап менің шексіз құрметіме ие болдың. Менен не қаласаң да орынды. Бәрін орындаймын. Қысылмай айт. Не қалайсың? – деп, Төстіктен сұрайды.

Төстік:

– Мен мына жерасты елінің үңгірінен шығып, еліме қайтқым келеді, – дейді.

– Жарайды. Орындалады тілегің. Мына адамдар сені үңгірдің аузына дейін шығарып салады. Баяғы өзің кірген жер. Аузы үлкен таспен бекітіліп қалған екен, екі ай алысып жүріп зорға аштық, – деп кеңкілдеп, күліп алды Бапы хан.

– Е, ол есікті жапқан мені қуған перілердің жалмауыз кемпірі. Ашқандарыңыз дұрыс болған екен, – деді Төстік.

– А, солай ма еді? – деді Бапы, күлкісін тыйып таңдана. Сөйтсе, ол бұл шайқастан хабарсыз екен. Тек жабылып қалған үңгір аузын ашқызған.

Жылан Бапы хан Төстіктің тілегін орындап, қызын беріп және жанына қаншама жолдас қосып беріп, жер үстіне шығатын есікке қарай шығарып салып, қош айтысып қала береді.

Үңгір аузына дейін алты айлық жол екен. Жол қиындаған сайын Бапы адамдарынан маза кете бастады. Дегенмен жылан адамдар біре-се жылан кейпіне кіріп бауырлап жылжыса, енді бірде адам бейнесіне еніп аяқтарымен жүріп келеді. Бір кейіптен екіншісіне көшу өте қиын ба, әйтеуір қиналып, алқынып, әлсіреп қалады. Өне бір адам жығылды да жылан болып жорғалаңқырап барып бір тастың қуысына кіріп, оратылып жатты да жылжымай жан тапсырды. Күн өткен сайын біре-екі адамнан айырылып келеді. Міне жол ортаға келген кезде Бапы қызының да мазасы кетіп, басы айналып құлап қала беретін болды. Төстік олардың ішіндегі ең шыдамдысы Күңке екеуі жабылып жатып жағдайын жасағанмен, оңалар түрі көрінбейді.

– Мына жолдың ауырлығын көтере алмай келесің. Жер үстіне шыққасын не болады. Ол жақтың жолы бұдан да ауыр. Мүмкін осында қаларсың. Мен ризамын саған да, Бапы ханға да. Қазір ең бастысы аман қалу. Маған ілеспей-ақ қой. Рұқсатымды бердім, – деді Төстік.

– Жоқ, Төстік. Мен әкемнің разылығын алып шыққанмын. Мен енді сенікімін. Маған қайтарға жол жоқ. Біздің елдің салты солай, қыз кетсе қайтпауы шарт. Не сенімен бірге жер бетіне шығармын, болмаса жолда өлермін. Егер өліп бара жатсам, қалайда маған жер бетін көрсет, армансыз сенің құшағыңда өлейін. Бер уәденді, – деді қыз.

– Дегенің болсын. Онда біраз тынығып ал. Біраз уақыттан соң қозғаламыз.

Осылайша Төстіктер адамдарынан біртіндеп айрылып үңгір ауызына да келіп жетті. Күңке, Шалқұйрық үшеуі үш жақтап жүріп қызды жер бетіне шығарды. Жер бетіне шығып күннің шуағына шомылып, айнала көкорай шалғындар мен мың құлпыра жайқалған балауса гүлдерге қызыға да құмарлана қарап, кәусар таза ауаны қомағайлана жұтып, көк күмбез аспанның көкжиегіне көз жіберіп, құмары бір қанғандай болған ару Төстікке бұрылып:

– Мені көтерші, – деді. Төстік жәйлап алақанына жатқызды да, көтеріп алды. – Мен бақыттымын. Төстігім менің рахмет саған, осыншама бақыт сыйлағаныңа. Өзіңе жар еттің, жер бетін көрсеттің. Мен армансызбын, – деп кеудесін кере таза ауаны емірене жұтып, жүре берді.

Үңгірден шыққандардан Күңке, Шалқұйрық пен Ер Төстік үшеуі ғана аман қалады. Қызды арулап жерлеп, ары жүріп кетеді.

Үшеуі жер бетінің таза ауасын жұтып, көкорай шалғынға жатып тұрып, Шалқұйрық өзінің сүйікті шөптерін опыра жеп, бәрі аунап, қунап түске дейін саят құрып, шаршап-шалдығып бір кәусар бұлақтың басына келіп демалуға жатады. Бұлақтың басында үлкен бәйтерек өсіп тұр. Көлеңкесі кең, жапырағы мол бәйтеректі тамашалап қарап отыра бергің келеді. Кенет, сол бәйтеректің басынан шуылдаған ащы дауыс естіледі. Қараса, бәйтеректің бас жағында құстың үлкен ұясы орналасқан. Ішіндегі әлі буындары да қатып үлгермеген балапандар мазасыздана шырылдап, шикылдайды. Әлгілерге бейжайлап мұхият қараған Төстік бір шұбарала айдаһардың айыр тілдерін жалаңдата жоғары өрмелеп, балапандарға бара жатқанын көзі шалып қалады. Ер Төстік жалма-жан садағын алады да, өрмелеп бара жатқан айдаһардың екі көзінің арасынан дәлдеп тартып қалады. Айдаһар жерге сылқ ете түседі. Айдаһардың жерге құлап қалғанын көрген соң, балапандар шуылын тоқтатады. Ер Төстік жайланып ұйқыға кіріседі.

Ер Төстік шатырлап-шақырлаған дауыстан шошып оянады. Айнала аласапыран, дауыл тұрып тұр. Сәлден кейін ол дауыл бұршақ аралас жаңбырға ұласады да бір мезет тына қалып, суылдаған зор

дауыс естіледі. Дауыспен бірге ұзамай-ақ бір дәу қара құс көрінеді, Дәу қара құс суылдаған бетімен бәйтерекке келіп қонғанда, бәйтерек майысып, сынып қала жаздайды.

Бұл дәу қара құс – самұрық еді. Самұрық әлемдегі ең үлкен құс. Самұрықтың екі басы бар екен: бір басы адамдікіндей, бір басы құстыкіндей екен. Қонысымен балапандарына бір қарап алып жан-жағына жіті көз жіберді. Анадай жерде жатқан адам баласын көре салып, ашуына мініп саңқылдай түсіп, алып қанатын қағып, қағып жіберіп онсыз да иіліп бұрған бәйтеректі сындырардай қомданып, тырнақтарын жаза түсіп ұмтыла бергенде, балапандары шыр-шыр етіп құландағы дауыстары құраққа шықты. Қанаттарын жинастырып балапандарына жалт қараған құс олардың бастарын көтеріп, тұмсықтарын соза түсіп, ауыздарын аша түсіп, көздерін жұмып, бастарын шайқап «тиіспе» дегендей белгілеріне таңданғандай болып, зор тырнақтарымен бәйтеректің бұтағын қыса түсті. Бұтақ бейшара «менің жазығым не» дегендей шытыр-шытыр ете қалып, жылап жібергендей тұла бойынан сөлдерін тамшылатып жіберді. Балапандарының шырылдаған үндерінен ләззат алған құс біраз толқығандай болып қонжиып отырды да, оның адам басы Төстікке тіл қатады.

– Ей, адам, сен кімсің? Бұл жерге қайдан, неге келдің? Саған басқа жер мен аңдар жетпей менің балапандарымды аулай келдің бе? Бұл жерді адам балалары басқан емес, қайдан пайда болдың.

Оған Ер Төстік:

– Мен адам баласымын. Атым Төстік. Ұзақ уақыт алыс сапарда, одан кейін үңгір ішінде болып, шыққаным осы. Қай жерде екенімді әзірге ажырата алмай тұрмын. Жер бетіне аман шыққанымға қуанып та үлгерген жоқпын, – дейді.

– Бұл менің мекенім, – дейді Самұрық.

– Мен сенің мекеніңе қарсылығым жоқ. Адасып келдім. Шаршап келіп, таза ауаға елітіп кетіп ұйқтап кетіпмін. Сенің дауылыңнан ояндым, – деді, саспастан бойын тіктей ұстап. Сенің балапандарыңа ешқандай қастығым жоқ, жаулық ойлаған жоқпын, – деді Төстік.

– Әке, төмен қара, төменге қарашы, – деп, шыр ете қалды бір балапан.

Балапан үніне құлақ асқан ол жалма жан жерде сұлап, ұзынынан түсіп өліп жатқан айдаһарды көріп:

– Мұны кім өлтірді, – деп күрсіне дем алды, жон арқасы мен қанаттарынан бір ауыр жүк аунап түскендей.

– Мен, – деді Төстік.

– Иә, иә, сол адам. Ол бізге ұмтылып келе жатыр еді, – деді балапан-дары.

– Сен оны қалай өлтірдің? Ол алып, дәу ғой, – деді Самұрық. Төстік қолындағы салағын көтеріп «міне мынамен», дегендей сілкілеп қойды.

– Ей, адам баласы. Сен қандай жаужүрек батыр әрі қайырымды едің. Қалайша мынадай құбыжықтан қорықпай қарсы тұрдың?

– Мына балапандар шырылдап кеткесін қарасам, бұл жоғары өрмелеп ұяға жетіп қалыпты. Мына балғындардың жан айқайы менің жанашырлық сезімімді оятып, қасқөйлікке қарсы қояр намысымды жігерлендіргені сондай, ана жатқан айдаһарды атып түсіріп, балапандарды айырып алдым, – дейді.

Самұрыққұс рахаттана екі қанатын жая қағып, қағып жібергенде дауыл қайта тұрғандай болып Төстіктерді ұшырып жібере жаздап барып басылып, жерге адамдардың қасына қонады. Алып құс жерге қонды дегені болмаса өте биік еді. Төстікпен жақын сөйлеспек болып басын еңкейтіп аяқтарын бүгіп ұмсына түскені, алып қаракұстың ЕрТөстіктің аяғына жығылғанындай әсер етті.

– Ей, адам баласы, сен маған үлкен бақыт сыйладың. Балапандарымды жыртқыштың аузынан айырып, аман алып қалдың. Саған деген алғысым шексіз. Әттең, адам емеспін, сен құс емессің, әйтпесе өмірлік дос болып қалуға лайық едің, – дейді Самұрық.

– Мен соншалықты ерлік істеген жоқпын, – деп, Төстік кішіпейілдік танытты.

– Жоқ сен маған өмірлік жақсылық жасадың. Немен өтерімді білмей тұрмын, – деді ол.

Сөйтсе, алып қара құс жылына бір-ақ рет балапандайды екен де, балапандарына жем іздеп алысқа кетіп, бір айда бір-ақ қайтады. Алып қара құстың сол кеткенін аңдып жүріп, сол маңдағы осы айдаһар жыл сайын балапандарын жеп кете беретін болыпты. Алып қара құс содан запы болып, ұясына қайтарда осылай жылап қайтады екен. Бағанағы дауыл – асығып ұшқанда алып құстың қанатынан тұрған жел екен де, жаңбыр – соның жылаған көзінің жасы екен. Талай жылдардан бері жем іздеген сапарынан қайтқанда балапандарын аман көргені осы жолы-ақ екен. Сол зарын түгел айтып берген Самұрық Төстікке ризашылығын жеткізіп тауыса алмай:

– Рахмет, саған, рахмет!- дей берді. – Бірақ мұнда қайдан пайда болдың, бұл жер адам баласының аяғы тимеген жер. Балапандарым болмағанда сені өлтіріп алар едім. Енді міне дос болып отырмын. Енді әңгіменді айт, мен тыңдайын, – деді Самұрық.

– Айт десең айтайын. Бірақ бұл ұзақ әңгіме. Жалықтырып жібермеймін бе? – деді Төстік.

– Жоқ айта бер. Неге жалығайын. Балапандарымды аман көріп, қуанышымда шек жоқ. Оларды өлімнен құтқарған жаннан жалығу мүмкін емес. Айта бер, құлақ сенде, – деді Самұрық.

Ер Төстік басынан кешкен әңгімесінің бәрін айта келіп, қазір ғана үңгірден шыққанын, енді адасып қайда жүргенін білмейтіндігін айтады.

– Олай болса мен сені айтқан жеріңе жеткізіп салайын. Мініңдер арқама, – деп, үшеуін де мінгізіп алып, талай асулар мен теңіз, көлдерден өтіп, Ерназардың еліне таман алып келіп, жерге түсіреді. Қоштасарында Төстікке бір тал қауырсынын үзіп береді де – Денемдегі ерекше қасиеті бар жалғыз тал қауырсыным. Осыны саған сыйлаймын. Жоғалтып алма. Қысылған кезінде, осы қауырсынды тұтатсаң мен сені тауып келіп, көмектесуге даяр боламын, қандай қысымшылықта болсаң да құтқарып аламын. Егерде оны жоғалтып алсаң, менен жәрдем күтпе, – дейді.

Басқа жақта көп жүріп өз жеріне сағына жеткен Ер Төстік жердің топырағын сүйіп, рахаттана аунап, көгалға жата кетіп, сәлден соң қалың ұйқыға кетеді де, еш нәрседен қауіпсіз жата береді.

Ер Төстікті жалмауыз кемпір ұстай алмай қалған соң, перінің қызы Бекторы ашуланып, кемпірді буындырып өлтірген екен. Кемпірден Шойынқұлақ деген жалғыз бала қалады. Шойынқұлақ – аса алапат дәу, маймыл тәрізді денесі бар, желкесі күдірейген, оның үстіне қалың жалы бар, иығы еңкіштеніп иіле түскен, қолдары алып еменнің дінгегіндей жуан әрі салалы ұзын, аяқтары бейне бір қойтастарды бір-біріне өре жапсырып қойғандай, бұлшық еттері бөлек-бөлек, кесек-кесек бір алапат. Сұрапыл қара күш иесі. Бекторы оған Ер Төстіктің жүрер жолын күзеттіріп қояды.

– Ер Төстік үңгір ішінде, жер астында қалмайды, жердің бетіне қашан да болса, әйтеуір, бір шығады да еліне осы жолмен келеді. Басқа жол жоқ. Оның келер жолын аңдып келген кезде ұстап ал. Егер ұстай алмай қалсаң, менен жақсылық күтпейсің, – дейді.

Шойынқұлақ содан бері Ер Төстіктің жолын аңдып, күзетумен болған екен. Самұрықтың қонар кезде және ұшқанда шаңдата көтерген дауылының қалың шаңын көрген Шойынқұлақ «бұл неткен дауыл. Көре қояйын» деп келіп, шаң басылғасын көгалда ұйықтап

жатқан Төстікті көріп, ұстап, қол-аяғын байлап алып, Бекторыға әкеліп береді.

Қаншама соңына түсіп жүріп, Төстікті қолына түсірген Бекторы оны өзіне жар етпекші болып, күтіп баптап, сылап сипағанымен, қаншама жақсы құлаққа жағымды сөздер айтып жағынғанымен Төстіктің мойыны бұрыла қоймайды. Арада айлар өтеді, жылдар өтеді, Төстікті көндіре алмайды. Әбден ызаға булыққан Бекторы Ер Төстікті терең зынданға салып тастайды да, Күңкені Шойынқұлаққа қосады. Шалқұйрықты бекітіп ұстайды.

Күңкенің күні күн емес. Шойынқұлақ не болса соны сылтауратып сабап отырады. Шалқұйрықтың үстінен түспейді. Бейшараның арқасы жауыр болуға аз-ақ қалып жүр. Егер Төстік болмаса баяғыда қашып кетер еді. «Зынданнан бір шығар» деп, күтіп жүр.

Ер Төстік ұзақ уақыт зынданда қалып қояды, Шойынқұлақтан жүкті болып, Күңке бір бала тауып алады. Шойынқұлақ Шалқұйрықты мініп аң аулайды. Шалқұйрықты бекітуге тұсау шақ келмейді. Оны қанша тұсаса да, арқандаса да бәрін үзіп Төстік жатқан зынданның басына келіп «Мен осындамын. Шық тезірек» дегендей кісінеп, жерді қарпи тепкілеп-тепкілеп таңға жуық қайтып кетеді. Бір күні Шойынқұлақ аңнан қайтып, Шалқұйрыққа тұсау таба алмаған соң, оны өзінің қырық құлаш қайыс белбеуімен тұсайды. Қайыс белбеудің де Шалқұйрықтың ышқынысына шыдамы жетпей бір ұшы шешіліп кетеді. Аяғы босаған соң, Шалқұйрық шауып отырып, Төстік жатқан құдықтың басына келіп, тұяғымен жер тарпып тұрады. Секіріп, ойқастап тұрған тұлпардың екінші аяғына оратылған қайыс белбеудің екінші ұшы да шешіліп, Ер Төстіктің жатқан құдығына түсіп кетеді. Белбеуінде Шойынқұлақтың шақпағы бар екен. Көптен бері Самұрықты шақырудың есебін таппай жүрген Төстік қуанып кетеді. Төстік сол шақпақпен алып қара құс берген қауырсынды тұтатады. Қауырсын тұтанысымен-ақ алып қара құс жетіп келеді де, қанатының ұшын құдыққа салып Төстікті мінгізіп құдықтан шығарып, қол-аяғын шешіп береді де:

– Қолымнан келген жақсылығым осы, досым, Шойынқұлаққа әлім келмейді. Себебі, оның жаны өзінде болмайды, жанын ол ешкімге білдірмей, өзінен бөлек бір жерде сақтайды. Қайтсең де соның жанын тауып ал, жанын таппасаң құтыла алмайсың» – дейді де, қоштасып кетіп қалады.

– Бас ием, зынданнан шыққаның жақсы болды. Енді тездетіп кетелік. Мен сені, құстай алып ұшып, Кенжекейге жеткіземін. Мін маған, – дейді Шалқұйрық.

– Шалқұйрығым, тұлпарым менің, бізге кетуге болмайды. Әзірге Шойынқұлақ тірі болса бізге тыныштық бермей тауып алады. Сондықтан одан құтылу керек. Сосын елге барамыз. Асықпа, тұлпарым, – деп, Шалқұйрықты көндіреді.

Төстік Шалқұйрыққа мініп, Шойынқұлақтың үйіне келеді. Келсе, Шойынқұлақ Шалқұйрықты іздеп кеткен екен. Күнке Төстікпен жылап көріседі, көрген қорлықтарының бәрін шағып: «Шойынқұлақтан құтқар», – деп жалынады.

Ер Төстік Күнкеден Шойынқұлақтың сырын түгел сұрап біледі.

Шойынқұлақ баласын өте жақсы көреді екен, баласынан ештеңе жасырмай, ешнәрсені де аямайтынын айтады. Соны білгеннен кейін Төстік Күнкеге мынаны айтады:

– Кешке Шойынқұлақ келеді, келгеннен кейін тамаққа әбден тойғызып жатқыз, көзі ұйқыға бара берген кезде, баланы қайта-қайта шымшып, жылата бер. Шойынқұлақ: «Бала неге жылайды», – десе, балаң «Мен Шойынқұлақтың баласы емес, Ер Төстіктің баласы болсам керек. Егер Шойынқұлақ менің нағыз әкем болатын болса, жанымды жанына қосқызып қояр еді, жанының қайда екенін маған әлі күнге дейін айтпай, жасырып жүр. Ер Төстік болса, әлдеқашан жанының қайда екенін айтып берер еді» деп жатыр де. Жылата бер, жылаған сайын «Неге жылайды?» деп сұраса, осы сөзді айта бер, басқа еш нәрсе айтпа, – дейді.

Өзі, баланың бесігінің астын қазып алып, жан жағын білінбестей етіп қымтап жауып, шұңқыр ішіне жасырынып, жатады. Кешке Шойынқұлақ келеді. Ер Төстік айтқандай, Күнке оны тамаққа тойғызып, жатқызады. Жатқан соң баланы жылата бастайды. Баланы әлдилеп уатқан болып отырып, шымшып жылата береді:

Шойынқұлақ:

– Күнке, баланы жұбат! – деп ақырады.

– Жұбатып жатырмын, қожайын, – деп қойып, Күнке баланы онан сайын жылатады.

Бала жылай берген соң, Шойынқұлақ:

– Балам неге жылай береді. Сұрағанын берсейші. Білші, не сұрайды, – дейді.

Күнке баланың жылағанын сұраған болып, Шойынқұлаққа жауап қайырады:

– Балаң: «Мен Шойынқұлақтың баласы емес, Ер Төстіктің баласы болсам керек. Егер Шойынқұлақ менің әкем болса, жанымды өз жанына қосқызып қояр еді. Қосу былай тұрсын, жанының қайда екенін

де маған әлі күнге дейін айтпай жүр. ЕрТөстік болса, жанының қайда екенін әлдеқашан айтып берер еді, соған жылаймын», – дейді деп, Шойынқұлақтың құлағын бұрай бастайды.

– Балам былшылдамасын, оның әкесі Төстік емес. Мен, мен, мен, – деп ақырады.

– Қожайын. Сен оған ақырып, айқайлай берме. Сенің даусыңнан шошынып, керең болып қалады. Ақырын сөйле, – дейді Күнке.

– Оған айт, кейін өскесін айтып берермін. Қазір айта алмаймын, – дегенде Күнке баланы тағы шымшып жылатады да, тыңдаған болып:

– Жоқ, қазір айтсын. «Әкемнің көп дұшпанының бірі менің жанымды алып қойса өліп қаламын ғой», – деп жатыр, – дейді.

– Жарайды айтып берейін. Құлағына жай айтып берейін, есте сақтар. Сен сыртқа шық, – деп гүрс ете қалады Шойынқұлақ.

Шойынқұлақ, Күнкені үйден шығарып жіберіп, есікті жауып алып, баласының бесігіне келіп, құлағына сыбырлап, жанының қайда екенін айтады:

– Жаным алыста, оны өзіммен бірге сақтамаймын. Борықты бұлақтың басында қырық елік жүреді, соның ішінде қайқы қаракер елік бар. Қайқы қаракер еліктің ішінде тоғыз қара сандық бар. Сол сандықтың ең кішісінің ішінде тоғыз балапан бар. Сол тоғыз – менің жаным болады. Осыны біліп қой. Жаның кеудеңе сыймай бара жатса, соған апарып қоса сал. Бірақ өзіңнен басқа жан сезуші болмасын, егер сезуші болса, сен де, мен де тірі болмаймыз, – дейді де, орнына барып жатып қалады.

Шойынқұлақтың жанының қайда екенін біліп алғаннан кейін, Төстік ол ұйықтап қалғанда, сытылып шығып, садағын алып Борықты бұлақтың басына келіп, еліктердің суға келеді-ау деген жағын зерделеп анықтап, жақсылап жасырына орналасып алады. Күн шаңқай түс болған мезгілде Борықты бұлаққа қарай келе жатқан қырық елік көрінеді. Қанша дегенмен өте сақ жануарлар суатқа жақындаған сайын, оскырына түсіп тоқтап, жан-жағына жіті көз жіберіп барып алға жылжиды. Тағы біраз жүріп барып, тағы тоқтайды. Сәл сыбдырдың, болмаса бөтен дыбыстың белгісі білінсе оскырынып, тұра қалып, жалт беріп, кейін қаша жөнеледі. Ұзап кетеді де, шөлге шыдамай суға қайта ойысады, бірақ суатқа жақындамайды, үркіп оскырынып тұра қалады. Әлден уақытта еліктер бір-бірімен сөйлесе бастайды. Біреуі:

– Су басында бөтен бір иіс бар, – дейді. Екіншісі:

– Адам иісі секілді, – дейді.

– Шойынқұлақ қожамызға қастық ойлаған біреу болып жүрмесін, – дейді.

– Әй, сен артта жүр, біз тексеріп алайық, сосын келесің, – деп, қайқы қаракер елікті оқшаулап арттарына тастап қорғаштап жүр. Еліктердің бұл сөздерін ол да мақұл көріп артқа ойысып қойып жүр.

– Әй, дегенмен адам иісі сезіледі. Суға асықпандар. Қарай түсейік – дегенде, Ер Төстік мейлінше Шойынқұлақтың үнін салып дауыстанқырап былай дейді:

Жан серігім қырық елік,
 Жаным сенде, қырық елік.
 Жан сақтаған қайқы қара,
 Шошытқан сені кім келіп?
 Суың тұнық былғанбаған,
 Қашасыңдар неден жеріп?
 Төстік ерді олжаладым,
 Қатынын құшып, атын мініп.
 Шошытып алдым сендерді,
 Адам иісі содан сіңді.
 Қайтуға көріп жанымды.
 Жаңа келдім қолым тиіп.
 Жалғыз ұлым жаны да,
 Кеудесіне тұрмай сыйып.
 Қосуға жанын жіберді.
 Жан сақтаған қайқы елік,
 Жасымнан болдың жан серік.
 Судын ішіп тұнығын,
 Шөптен таңдап соны же.
 Адам иісі шығады деп,
 Менен үркіп, жеріме.
 Өзім аман тұрғанда,
 Кім келмекші жеріме, – дейді.

Еліктер сонда да сенбей, оскырып, одырайып тұрысады. Сонда Төстік:

Осы айтқаным сенбестен,
 Қашасыңдар бермей жанымды.
 Айыра алмай дауысты,
 Сындырасыңдар сағымды.
 Жолдас болған сендермен,
 Шойын атым құрысын.
 Қара ала тұйғын келген соң,
 Жырттырмасам таңыңды,
 Судай шашып қаныңды! – дейді.

Сонда ғана еліктер қашпай, суды жағалай бастайды. Шойынқұлақтың бойын көрмеген соң, бұрынғыларындай етене болып, жақындамайды. Төстік те оларға бойын көрсете қоймайды. Еліктер сенерін де білмей, сенбесін де білмей, байқай-байқай келіп, суаттан жапырласып су ішуге бас қояды. Бұлар бойындағы қорқынышты жеңіп суды еркін іше бастағанда арт жағынан келіп, қайқы қара елік те суға бас қояды. Еліктер өте шөлдеп қалған екен, суға тойып, қарындарын қампитып, қайқайып шыға береді. Әсіресе, қайқы қараның қарны жер сызып, суаттан бұрыла берген кезде, Төстік қарнынан дәл көздеп садақты тартып қалады, қарны ақтарылып, тоғыз қара сандық жерге сау ете түседі. Сандықтардың ең кішісін тауып алып, ашып жіберсе, іші толған балапан, шүпір-шүпір етеді. Санап жіберсе, тоғыз балапан екен. Сегізінің мойнын жұлып алып «Шойынқұлақты шалажансарында бір көрейін» деп соның үйіне тартады. Шойынқұлақтың үйіне жақындағанда Күңке алдынан шығады.

– Шойынқұлақ қалай? – деп сұрайды Ер Төстік.

– Шойынқұлақ әлсіреп жатыр, – дейді Күңке.

Ер Төстік үйге кіріп қараса, Шойынқұлақтың кірпігі зорға қимылдап, болар-болмас қана демін алып жатыр екен.

– Е, батыр, қалайсың? – деп, Ер Төстік мазақтап жақындай бергенде, Шойынқұлақтың қолы Ер Төстіктің жағасына сап ете қалады. Екеуі алыса кетеді. Төстік «оп-оңай-ақ жерге жаншып тастаймын ғой» деп ойлап еді, Шойынқұлақ әл беретін емес. Екеуі едәуір алысқан соң Шойынқұлақтың күшейіп бара жатқандығы байқалады. Төстікті тұқыртып алып барады. Ұзын қолымен орай құшақтап, тамағына қарай қыса түсуде. Бірақ әзірге әлі келер емес. Дегенмен уақыт өткен сайын қолдарының тамырлары едірейе түсіп, саусақтары қатты бүріліп, Төстікті қара терге түсіріп әкетіп барады. Төбесінен тау басқандай, денесін темір тор шырмағандай болып көрінеді. Әлсіреп бара жатқан Төстік Күңкеге жалынады:

Жылан Бапы жерінен,

Жер астының елінен.

Жалғыз-ақ ерген, Күңкешім!

Төстігіңнен айрылып,

Шойынқұлақ қолында,

Тұтқын болған Күңкешім!

Киюге киім, жеуге тамақ таппай,

Қорлықта жүрген Күңкешім!

Төстігің жаман қысылып,

Жан шығуға ұсынды.

Жетсеңші, жылдам, жетсеңші!

Қорқақтап қашып кетпеші.

Қойныма қолың салсаңшы,

Сандық бар, жылдам алсаңшы!

Балапан басын жұлсаңшы,

Сөйтіп бір ерлік қылсаңшы! – деп зарланады.

Күңке жүгіріп келіп Тестіктің қойнындағы сандықты жұлып алып ашып жібереді. Қараса балапандар жыбырлап көбейіп қалған екен, мойындарын жұлып-жұлып алғанда, Шойынкұлақ сылқ етіп құлай кетеді. Тестіктің сандықпен қойнына салып әкелген бір балапаны қайтадан сегіз балапан болып қалған екен. Енді біреуі тірілсе, Шойынкұлақ мүлдем әл бермей кетпек екен. Балапандардың мойыны түгел жұлынған соң жаны шығып Шойынкұлақ өліп қалыпты.

Шойынкұлақты өлтіріп, ух деп, демін алып отырған Тестіктің құлағы-на болар болмас сыбыр естілгендей болады. Ақырындап тыңдай түссе бесік жақтан шығып жатқандай. Құлағын қайта тігіп тыңдай түссе, Шойынкұлақтың баласы, бесігін шықыр-шықыр еткізіп, бірдеме сөйлеп жатыр екен. «Бұл не деп былдырлап жатыр екен» деп, тыңдай түссе:

– Қап, бәлем, Тестік. Әкемді өлтірдің. Ертең өсермін. Сенен өшімді алмасам, әкем Шойынкұлақтың құнын алмасам! сөйтіп сенің көзіңді жоймасам, – деп, керіле шіреніп жатыр екен.

– Күңке. Ай, Күңке. Мына баланың сөзін тыңдашы. Бесікте жатып мынандай сөз айтса, есейгенде не істемейді, – дейді Тестік.

– Қанішердің баласы қанішер болмай кім болар деп ойлайсың?... Әлден қолына қан шеңгелдеп жатыр ғой. Бұл жақсы үрдіс емес, – деді Күңке.

– Бұның тілінің енді шыққаны дұрыс болды. Ертерек, Шойынкұлақ құлағына сыбырлап жатқанда сөйлегенде, екеуіміз де тірі қалмас едік, – деді Тестік.

– Бұл мені шеше деп аямайтын, әкесіне тартып, қатыгез, қанқұйлы, безбүйрек болатын сияқты.

– Иә, әкесін екеуіміз жабылып жатып, алдап барып өлтіргенімізді көзі көрді. Өскенде бізді бұл да сау қоймас, – деді Тестік.

Мен де байқап тұрмын. Өне, көзқарасын қарашы, менің өңменімді тесіп барады. Ана көзінде қаншама жеккөрініш пен кек жатыр, – деп Күңке жылап жіберді.

– Күңке, бұл бала емес, бәле болып өседі. Ертерек құтылу керек. Балам, балам деп боздама. Әлі талай балаң болады. Мынау түбімізге

жетеді. Тек біздің ғана емес бүкіл адам баласына залалы тиеді, – деді Төстік.

– Мен не істеймін? Қанамды жарып шыққан балам ғой..., – дей бергенде бесіктегі бала гүр ете қалды:

– Сен менің шешем емессің. Сен, сен әкемді өлтірген жауызсың. Мен сенің енді сүтіңді ішпеймін, тамағыңды жемеймін, – деп шіренгенінде, бесіктің жалпақ бауларын быртылдата үзіп, бесікті шықырлата сындырып жіберіп, тұрмаққа ұмтылды бала.

– Ойбай, Төстік, ұста ананы. Мынаның беті жаман. Әлден маған ұмтылып жатыр, – деді Күңке.

Баланы Төстік ұмтылып барып қолынан шап беріп ұстап алып еді, ол қолын сілкіп жібергенде Төстіктің қарулы қолы ажырап кете жаздады. Бұның да әкесі сияқты дүлей күштің иесі болатын түрі бар. Төстік, жылдам Күңкені қуып жібереді де, оның қол-аяғын байлап суға әкеліп тастап, тұншықтырып, біраз отырды. Бала талпынып қарсылық көрсете түсіп тулағанда, байлаған арқандарды пытырлата үзіл, бірақ су астында демі жетпей тұншығып біртін-біртін тынышталып барып, жан тапсырды.

Ер Төстіктен айрылып, амалдары таусылып, соңғы үміт Шойынқұлақ пен оның баласы өлгесін Бекторы ішқұса болып, қайғыра жүріп қаза тауып, жер жастанады. Осылайша, Бекторы мен оның жауыз- жалмауыздарынан әбден құтылып алған Ер Төстік елін іздеуге кірісті.

Ер Төстік елден шығып Бекторымен алысқалы, үңгірге түсіп, арғы бетке шығып, қайта үңгірге кіріп, жер астына түскелі көп жыл өтті.

Ер Төстік Бекторының қолында қалып өлді деп Ерназар қайғы жұтып, сегіз ағасы да Кенжекейден сырт айналып араласуды тоқтатқан. Елдің есінде Төстіктің бала кезі мен жігіт шағындағы ерліктері мен елге жасаған жақсылық, қамқорлықтары аңыздай болып есте қалғаны болмаса, «ол тірі деп», ешбірі ойламай, мүлде күдер үзіп қойған.

Жалғыз ғана Кенжекей «ЕрТөстік бір келер» – деп дәмелі болып үмітін үзбей жүреді. Өйткені ырым етіп, аманаттай аялаған Құба інген әлі боталаған жоқ, торғын орамал белден босаған жоқ. «Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді» демекші, Төстікке кетерінде кебенек кигізіп жіберген еді. Сондықтан үміт үзілер емес. «Құба інген қашан боталар екен? Ер Төстіктің келді деген хабары қашан естілер екен?»- деп емексумен, күдерін үзбей күтумен жүр.

Міне бүгін де, Кенжекей күнделікті әдетімен ерте тұрып, Құба інгенді өріске шығармақ болып қораға кірсе, інген орнында жоқ.

Ингеннің қайда кеткені белгісіз. Кенжекей жылдам інгенді іздеуге шығады. Тау-тасты аралайды, даланы шарлайды, орман көлдерді жағалайды. Көзге түспейді. Көрінбейді. Кенжекейден маза кетеді. Жүрегі дүрсіл соғып маза кетеді. Көзі жасқа толып, «Боталап кетсе игі еді! Бірақ Төстіктің өліміне емес, амандығына көрінсе екен» деп, Кенжекей жүгіре іздейді. Жан-жаққа жүгіріп, діңкесі құрып шаршаса да үміт үзілмейді. Іздей түседі. Құба інген көрінбейді. Жан ұшырып іздей жүріп, Көзінің жасын бұлай жүріп, Тәңірден медет сұрай жүріп, бар дауысымен зарлап жылай жүріп:

Желі толған түйеден,
 Артайын деп ер қосын,
 Таңдап та алған Құба інген,
 Ерге серік болар деп,
 Арнап та алған, Құба інген.
 Алыс жолға Ер Төстік
 Шыққан күні, Құба інген
 Не келгенде, не өлгенде,
 Боталауға серт қылып!
 Сөз байлап ең менімен.
 Ерте тұрып желіден,
 Кетіп қапсың, Құба інген,
 Әлде бір хабар Төстіктен
 Біліп кеттің, Құба інген!
 Төстік ердің өлгенін,
 Өлмесе қайтып келгенін,
 Білдірші енді Құба інген!
 Дамыл көрмей қаншадан,
 Қайғы басып шаршаған,
 Қам көңлімді тындыршы,
 Енді менің Құба інген! – деп зарлайды.

Зарлап жылап, көз жасы көл болып, қалың шалғанның аяғына оратылғаны аз болғандай болып келе жатқан Кенжекейдің беліндегі орамалы да шешіліп, белден төмен түсіп, аяғына қоса оралып жүргізбей әуре қылады. Орамалдың ұштарын жинап алған Кенжекей:

Сертпен тартып ораған,
 Торғын, белден босайсың.
 Аяқты орап шаршаған,
 Жүрпзбейсің тұсайсың.
 Әлде бір хабар Төстіктен,
 Білгенге бүгін ұқсайсың, –

деп зарлай жылап, ары жүреді.

Іздеп жүріп, зарлап жүріп, інгенді тауып алады. Құба інген бір сайда, жотасы ғана көрініп, боталайын деп жатыр екен. Құба інген боталап жатқанда, Кенжекейдің беліндегі торғын орамалы да шыр айнала тарқатылып жазыла береді.

Кенжекей «Енді Ер Төстік өлген екен. Тірі болса әлдеқашан бір хабар болар еді» деп ойлап, шашын жайып жіберіп, көз жасын көл етіп, жоқтау айтқандай зарлана бастайды:

Ақшелек келгір, Құба інген,
 Серттескен едің менімен.
 Төстік ер қайтып келген күн,
 Немесе Төстік өлген күн.
 Белгі беріп бірінен,
 Боталармын дегенсің...
 Қаншама жыл өтседе,
 Өмірім өтіп кетсе де,
 Үміт үзбей Төстіктен,
 Бір келер деп жүр едім.
 Төрт аяқты көсіліп,
 Тұла бойың есіліп,
 Боталапсың, Құба інген,
 Нені біліп, есіріп?
 Келуінен хабар жоқ,
 Шамасы Төстік өлгені.
 Серттескен, торғын орамал,
 Орай будым белімді.
 Келмесе Төстік кешігіп,
 Шешілмеске бердің серт.
 Төстіктен әлі хабар жоқ,
 Сусисың белден шешіліп.
 Туралғандай бырт-бырт кесіліп,
 Шамасы, Төстік өлгені! – деп, жылап отырады.

Осылай жылап отырғанында беткейден түсіп, бұларға беттеген ақсақ боз атқа мінген бір ақсақалды шал көрінеді. Жақындай түскен сайын Кенжекейдің дауысы да зарлана түседі. Жылай отырып, әлденеден үміттеніп келе жатқан жолаушыға қарап қояды. Ақсақ боз жақындаған сайын шоқаңдап жүрісін үдете түсетін сияқты. Бір кезде Ақсақалдың астындағы ақсақ боз ат құландағы дауысы құраққа ұшып, өкпесін желге толтырып, кәрі кеудесін кере түсіп, екі танауы делдиіп кісінеп қоя береді. Кенжекей аттың кісінеген даусынан оның

80 Шалқұйрық екенін жазбай таниды. Атта отырған ақсақал, жас балаша секіріп түсіп құшақ жая ұмтылады.

– Төстік! Төстігім, келдің бе?- деп Кенжекей талықси береді.

– Келдім, Кенже. Кенжекейім менің. Жолым ұзақ болды. Кешір мені, – деп Төстік Кенжекейді құшағына алып, қыса түсті.

Шалқұйрық айқасқан құшақтың ортасына басын сұғып емірене иіскелеп, тұмсығын тыға түседі. Құба інген ботасын ертіп Шалқұйрықтың күйген жалына мойнын артып, ботасын бауырына тартып иіп жүре берді. Қос жүректің лүпілі, жануарлардың сағынышты тынысы, ажырамастардың арманы, болашақтың үміті, тәңірдің түпәйілімен бәрін де баяғы айрылған күндегі қалыптарына келтіріп, қайтадан жасартады. Ер Төстік жас жігіт, Кенжекей жаңа түскен келіншек, Шалқұйрық бесті ат қалпына Құба інген ертерек шағына келеді.

Қауышудың құшақтары жазылып, бастан кешкен қиындықтарды келмеске аттандырған, жүздері бал-бұл жанып жарқыраған топ жұптарын жазбай, үміттері үзілген елге келіп қауышып, дүркірете той жасап, ұзақ жылдар өмір сүріп, арман-мақсаттарына жетеді.

ЕР ТӘСТІК

(киносценарийі)

Кейіпкерлер:

Ерназар - Төстіктің әкесі
Төстік
Торғын - Төстіктің шешесі

Ерназардың ұлдары:

Бекназар
Алданыш
Жанболат
Тұрғанбай
Еркебай
Малтабар
Әділбай
Кебекбай

Кенжекей
Шалқұйрық
Бапы хан
Темірхан
Кеңе хан

Ертөстіктің жолдастары:

Көзлеспес
Желаяқ
Саққұлақ
Таусоғар
Қырағы
Шойынқұлақ
Көлтаусар

Күңке
Самұрық құс
Мыстан
Шайпау – ауылдың кемпірі
Бәйбіше - Кенжекейдің шешесі
Жерден - жерасты адамы
Кемпір - Бекторының жалмауызы
Уәзірлер

Эпизоттарда:

Алып, Тұлпар, табақшылар, ауыл ақсақалы, қарасақал, әйелдер, балалар, шалдар, жыландар, қорқау, бүйі, Арыстан, Аю, Кесіртке, Құмырсқа, жәндіктер, Елік қыз.

Алыстан манауратып көрінген биік таудың теріскей беті шөбі шалғын, бетегесі биік, суы мол әрі мөлдір ерке өзені шалқи ағып жатқан кең даланың төсінде мыңғыраған мал жатыр. Үйір-үйір жылқылар мен отар-отар қойлар тобыр-тобыр болып жайылуда. Әріректе қарашасынан гөрі ақшаңқаны көптеу ауыл орналасқан. Осы ауылдың иесі өте дәулетті, байлығы домаланған, жорғасы жорғалаған, абыройы асқақтап бір қауым елді ұйтқыдай ұйытып билігін жүргізген аса абыройлы Ерناзар бай.

Ерназардың үру-пәру аралары бір-біржарым жастан сегіз ұлы бар. Ұлдарының алды 26 жасар. Сегіз ұл әкесінің қора-қора қойларын, матау-матау түйелері мен өріс-өріс жылқыларын бағып, малшылар мен жылқышылардың іс-әрекеттерін бақылап жүр.

Ерназар ұлдарымен ауа райын бақылап төбе басында тұр.

Ерназар (*жерден сарғайып құрап қалған шөптен бір уыстайын жұлып алды да, Бекназарға қарап*): – Биыл қыс қатты болатын түрі бар. Жаз бойы бір тамшы жаңбыр тамбады. Күн алапат ыстық болды. Қысқа дайындықтарың қалай?

Бекназар (*жан-жаққа көз жіберіп, аяғының ұшымен жерді нұқып тұрып, әкесінің өзіне қарап тұрғанын байқайды*): – Ой, әке. Жылда көріп жүрген ауа райы ғой. Оншалықты өзгеріс көріп отырған жоқпын. Аздаған жем-шөбімізді жинап, қора-қопсықты жөндеп қойдық. Ірі малдар жылдағыдай өз аяқтарымен жүріп тамағын тауып жер.

Ерназар (*мазасыз күйде батыс жақты нұсқан*): – Әй, қайдам. Мына жылдың келбеті маған ұнамайды. Жем шөпті молдау етіп жинап, анау Арнасайдың қалың қамыстарын ешкімге шаптырмай, шаштырмай қорып жүріңдер. Қыйын қыстау жағдай болса, малды сонда жеткізерсіңдер.

Бекназар: – Қойыңызшы, әке. Бекер босқа уайымдай бермеңіз. Жылда көріп жүрген құқайымыз ғой.

Ерназар: – Сонда да. Сақтықта қорлық жоқ. Сендер жассыңдар. Көп нәрсеге жеңіл-желпі қарайсыңдар. Өмір көрген адамнан аз да болса ақыл-кеңес алған артық болмас. Жарайды, мен айтарымды айттым. Сендер іске кірісіңдер.

Арада бір екі ай өтіп, күз аяқталып қыс та жетті. Күн өткен сайын қар қалындап жел күшейе бастаған кез. Өне-міне дегенше үлкен борандар басталып, елдің малы қырылатын жағдайға жақындағанда, әркім мал жандарын әр жаққа жөнелтіп жан сауғалап жатыр. Ерناзардың сегіз ұлы тырп етер емес. Күн өткен сайын қыс қыспаққа алып, қаһарына міне түсіп, бет қаратпас суық пен үскірік жел, дауылды боранға айналып жер дүние аласапыран, алай-дүлей заман басталады. Бүгін де күн аязды, бұрқасын боранның алдыңғы лебі жеткендей. Ерназар, ұлдарын жинап алып, үлкен ту биені сойғызып жатыр.

Ерназар: – Ал, жігіттер, қақаған қыс та келіп жетті. Беті жаман. Жұт болатын түрі бар. Не айтасындар?

Бекназар: – Айтатын не бар. Ел барлық малдарын жан-жаққа алып кетті. Біз ғана қалдық.

Ерназар: – Мен жаз бойы қақсадым. Тындамадыңдар. Енді кешігуге болмайды. Мына малды ана Арнасайға жеткізіндер, қырылып қалмай тұрғанда. Қыс бойы сонда болып, көктем шыға ораларсындар.

Бекназар: – Жарайды. Онда таң шапағымен малды айдаймыз.

Ерназар: – Қандай таңды айтып отырсың. Қазір айдау керек. Ымырт жабыла жетіп қаларсындар.

Бекназар: – Әке, асығыстық не керек. Мына сойылып жатқан малдың қуырдағын жеп аттанайық.

Басқа ұлдары: – Иә, иә, сөйтеік. Мына тұрған жер ғой, жылдам-ақ жетеміз.

Ерназар: – Мейлі, дегендерің болсын. Бірақ жылдамдатындар. Жел күшейіп барады. Қуырдақ даяр болғанша заттарыңды жинап алындар.

Ұлдары: – Ой, жақсы болды ғой. Кеттік. Тезірек жиналайық.

* * *

Бәрі, керек заттарын жинастыра бастады. Аналары Торғын балаларының киімдерін жинап береді. Аттарын ерттеп, тартпаларын жақсылап тартып, арқан, балта, құрық, жол азықтары, жылы киімдерін сайлап алды. Қуырдақ даяр болып дастарханға әкелінді. Жанұя жандары түгелдей дастарқанға отырды.

Ерназар: – Ал, балалар қолдарыңды жайындар: Тәңір әр кез қолдасын, жаманшылық болмасын. Жолдарың оң болып Қыдыр баба қолдасын. Аман барып, есен қайтындар, Әумин. Ал, дәмнен ауыз тиіндер.

Барлығы тамақтарын жеп, орындарынан тұрып кетті. Сойылған жылқының жарым етін ұлдарының қоржындарына салып берді де, келесі жартысын алып қалды. Кемпірі мен екеуі үйінде калып, сегіз ұлға малдарын айдатып жібереді.

Ерназар: – Әй, Торғын. Жылқының мына төстігін шаңырақтың күлдіреуішіне тұздап іле сал, оттың түтінімен ысталып тұра берсін.

Торғын: – Жарайды, тұздап қойғам. Тұзы сіңгесін іліп қоярмын. Алаңдамай тірлігінді істей бер.

Жігіттердің жүрер жолы, көрер азаптары алда тұрғанын ешкім де білмеуші еді. Олар қалың малдың жан-жағын жинақтап, бетін бұрып батыс жақтағы өздеріне белгілі ойпаттағы қамысы қалың, оты мол әрі желден таса әрі пана болатын Арнасайға айдағанымен, оған бой беретін мал болмады. Қатты боранға шыдай алмаған жануарлар ықтап оңтүстік шығысты бетке ала берді. Малдың бетін кейін бұруға талпынғандардың тірліктері іске аспай қатты қалжырады. Жел аздау, ығы молдау бір қалтарыста.

Бекназар: – Жігіттер, тоқтандар! Мына малдар енді бізге бой бермейді. Малдың ығына көніп Алданыш пен Малтабар екеуің алдына, Әділбай мен Кебекбай оң жағына, Тұрғанбай мен Жанболат сол қапталына, ал менімен Еркебай екеуіміз артынан ілесіп қақпайлап отыралық.

Алданыш: – Ал, мал бізге бой бермей жан-жаққа шашырай берсе не істейміз?

Бекназар: – Мынандай боранда мал бір бірін ықтап шашырамай жүреді. Біз адасып қалмас үшін осылай етуіміз керек.

Жанболат: – Мына алай-дүлей дауылдан бір бірімізді көре алмай адасып қалуымыз мүмкін ғой.

Бекназар: – Адаспас үшін әрі қауіп-қатерден қорғануға екеуара арқанмен байласып алыңдар. Бер арқанды! Ал Еркебай байла беліңе, қалған бөлігін орап ердің басына іліп ал. Бәрің де осылай істедер. Болды ма? Ал, кеттік.

Олар ықтай жөңкіген малдың ыңғайына ілесе қақпайлай айдап келеді. Қой қалың жүніне, түйе едірейген өркешіне, жылқы сәуәрі мен сүбесіне біткен қазы майы мен жамбасын ораған қалың майлы

жаясына сенеді. Ал мына сегіз үстіндегі сеңсең тоны мен астындағы жараулы аттарына сенімді. Алдындағы малдары, күн қаншама суық болса да ықтасындау жерге келгенде, қар астынан қылтыйып көрінген шөптердің ірілі-майдасына қарамай жұлып жеп күртілдете шайнап, талғажау етіп келеді. Арада керілген арқан босаңси бастағанына қарағанда келе жатқан бағыт та тарылып, бұлар таудың сай-саласына түсіп келе жатқандай. Екі қапталдағы жігіттер артқы екеуге келіп қосылды. Бір кезде солжақ шетте келе жатқан Тұрғанбайдың аты оқырына аспанға шапшып үстіндегі қамсыз келе жатқан Тұрғанбайды лақтырып жіберді. Тұрғанбай лезде боранға сіңіп көрінбей кетті.

Тұрғанбай (*жан дауысы шығып*): – Құтқарындар!

Жанболат: – Тұрғанбай, Тұрғанбай. Арқанды ұста, мен тартамын. Әй келіндер көмекке, жылдам, – (*беліне байласып алған арқанына жабыса түсіп тарта бастады. Қалғандары да оған көмекке жетіп, абыр-сабыр болды да қалды*) – Тартындар, тарт!!! (*деген жан дауыстары шығады*)

Дегенмен, Тұрғанбайдың бір қолында өз атының ұзын шылбыры қалған екен, соған жабыса түсіп әрі қарулы жігіттердің беліндегі арқанды жібермей тартқанының арқасында, төрт тағандап мойнын соза шірене тартқан аттың ар жағынан, қалың боран арасынан сұлбасы көрінген оны тез арада шығарып алды. Есі кеткен Тұрғанбай өз-өзіне зорға келіп, бойын жинап:

Тұрғанбай: – Әй, бауырлар. Мына бораннан түк көрмей келеміз. Мен құлаған жақ терең құз екен. Аяғым жерге тірелмеді. Төменгі жақты анық көрдім, өте терең. Абайламасақ, бәріміз де кетеміз құзға құлап.

Бекназар: – Ал енді, сақ болайық. Арқанды босатпандар. Алдымызда не күтіп тұрғанын кім білсін. Жан-жақтарыңды абайлап дауыс беріп жүріңдер.

Бұлар өте терең құзды жағалап келеді. Жоғары көтерілген сайын жүретін жол тарылып келеді. Малдар да соны сезініп оңға қарай ығыса түсіп, бір бірімен соқтығыса сығылысып алдыға жүгіре ұмтыла бастады. Кейбір қойлардың маңыраған, жылқылардың кісінеген дауыстары еміс-еміс естілгені болмаса, ештеңе көрінер емес. Осылай келе жатқанда алдарындағы жартасқа тірелгендей болды.

Бекназар: – Еркебай қарашы, алдымызда не бер екен?

Еркебай (*бейжайлап қаран*): – Үлкен үңгір ме бір қуысқа кез болдық, барлық мал соның ішіне еніп барады.

Бекназар: – Қайдағы жоқты айтпа. Қандай үңгір. Не айтып тұрсың? Малтабар, сен қарашы. Біз қайда келдік? Қайда жүрміз?

Малтабар: – Иә, аға, біз шынында да үңгірге келген сияқтымыз. Жан жағымыздың бәрі тау. Біз терең сайда жүргендейміз.

Бекназар: – Қайдағы тау? Тау қайда, біреу қайда? Бізден елу-алпыс шақырымдай жердегі тауға жетіп қалғанымыз ба?

Әділбай: – Не болса да, бір қуысқа келдік. Қайта дұрыс болды. Біраз тыныстап алармыз.

Кебекбай: – Онда не тұрыс, кеттік. Малдааяғы баяғыда кіріп кетті.

Бәрі үңгірге кірді. Жан-жақтарын тамашалап келеді. Үңгір іші қарагеуім қараңғылау болса да, мына бораннан кейін жап-жарық сияқты әсер қалдыруда. Малдың ұзын-ырғасы аздау болып көрінгеніне қарағанда, бағанағы дауыстар біраз малдың құзға құлағанынан мәлімет беріп тұрғандай.

Үңгір ішінде боран жоқ. Бірақ сыртта соққан үскірік желдің ышқына соққан үні естілуде. Кіреберісте көтеріле түскен үрме қардың сәт сайын көтерілуі көңілге қорқыныш ұялатқанымен қайтарға жол жоқ. Мал сыртқа беттемейді. Амалсыз көнуге тура келеді. Сегіз жігіт үңгір ішін сүзе қарап тұр.

Бекназар: – Мына үңгір барған сайын кеңейе түсе ме деп ойлаймын.

Алданыш: – Иә, солай сияқты. Енді мұнда қанша болар екенбіз.

Жанболат: – Малдың алды тереңдеп барады, айырылып қалмай тұрғанда ертерек қайтаралық.

Үңгірдің ауызын қалың үрме қар басып қалды. Үңгір шын мәнінде өте терең еді, әрі кіре түскен сайын кеңейіп, төбесі биіктеп, неше түрлі қойтастар мен жартастар кездесе бастады. Артқа жол жоқ. Үңгір ауызын үрме қар бітеп тастады. Бірақ, қайдан екені белгісіз, ішке жарық түсіп тұр. Жігіттер малдарын айдап алға қарай жылжи түсті. Айнала толған жалаңаш жартастар. Жұлып алатын бір уыс шөп те жоқ. Талай уақыттан бері талғажаяу көрмей қарындары шұрқыраған, суықтан тоңып денелері қалтыраған малдар тамақ іздеп шуласады. Амал не түк жоқ. Осылай ұнжырға түсіп шуылдаған малдың соңынан ілескен топ бір кезде бас көтере өз көздеріне өздері сенбестей аңтарылды да қалды. Өйткені көз алдарында үңгір іші өзгеріп сала берген еді. Жігіттердің көңілін қуаныш билей бастады. Олар алға қарай әрбір қадам басқан сайын неше түрлі ландшафтар пайда болып, түрлері қанық жасыл тартпаса да солғын түсті шөптермен мәуелене түскен,

аздаған бұжыр-бұжыр солғын жемістері бар ағаштар, сылдырай аққан бұлақтар мен шалғынға ұқсас өсімдіктер пайда болды. Барлық аш жануарлар оларға бас қойып, жігіттер де аттарынан түсе салып бірін бірі құшақтап мәз-мейрам болуда.

Бекназар (*жан-жағына жалтақтай қаран*): – Ал, жігіттер, дастарқан жайыңдар. Сусындап, тамақтанып алайық. Бұндай үлкен үңгірді бірінші рет көріп тұрмын. Іші жап-жарық. Жарық қайдан түсіп тұр?

Алданыш: – Иә, өте кең екен. Тәңірдің, көрген азабымызға орай, бізге берген сыйы болар. Қандай жылы. Су да ағып жатыр.

Еркебай (*қобалжулы*): – Бәрі дұрыс қой. Дегенмен бағана Тұрғанбай ағамнан айрылып қала жаздағанымыз әлі ойымнан кетер емес. Әлі денем дірілдеп, қорқып отырмын. Алдымызда не күтіп тұр?

Кебекбай: – Біздің Жанболат кіші болса да, ісі мықты болып шықты. Ол қарулы болмағанда Түрекең мен Жанекенді мана боранда таппай қалатын ба едік. Жарайсың! Жігітсің, Жанболат!

Малтабар: – Жә, Еркеш, қорқа берме. Бір-екі күнде күн көзі де ашылып қалар. Оған дейін мал тойынып қалар. Сосын үңгірдің аузын ашып шығармыз. Бәрі дұрыс болады.

Әділбай: – Бәрің даурыға бермендерші. Мен де қорқып отырмын. Малдың жартысына жуығы жоқ. Шыңырауға кетті. Даланың түрі анау, үңгірде отырысымыз мынау. Астымыз да, төбеміз де, жан-жағымыз да тау- тас.

Бекназар: – Иә, қорқынышты. Бірақ әзірге аманбыз ғой. Сабырға келіп, тамағымызды ішіп, біраз көз шырымын алайық. Мен шаршап қалыппын. Бәрің де шаршаған боларсыңдар.

Әбден шаршап қалған сегіз ұл жылдам ұйықтап кетеді. Әр кезде де елгезек Әділбай бәрінен бұрын оянып, жан-жағына қараса, мал көрінбейді.

Әділбай (*бар дауысымен*): – Ойбай құрыдық. Малдар жоқ. Тұрындар жылдам.

Барлығы (*жамырай сөйлеп*): Не болып қалды? Не айқайлап тұрсың?..

Әділбай (*ашуланып жер тепкілей айқайлап*): – Малдар жоқ! Тұрындар! Атқа мініңдер! Оларды жер жұтып кетті ме?!!

Бекназар (*дауыс көтере*): – Жылдам болыңдар! Іздеу керек! Не жатыс?! Тұрындар жылдам!!!

Ұйқылары онша қанбаса да лажсыз орындарынан тұрған сегіз, заттарын жинастырып, аттарына мініп, ары жүріп кетті. Біраз жүріп малдарын тауып алады. Малдар онша ұзай қоймапты.

Үңгірдің жарық болғаны соншалықты жігіттер үңгірде жүргенін ұмытқандай. Малға жақындаған сайын неше түрлі дыбыстар мен сылқылдаған күлкі естігендей, кей жерлерден көлеңкелер жүріп өткендей, тасада біреулер тығыла қарап тұрғандай әсерлер пайда бола бастады. Сегіздің көңілдеріне қорқыныш ұялай бастады.

Еркебай: – Жанболат, қарашы, ана тастың артында біреу бар сияқты. Жаңа қараң қараң ете қалды. Қорқамын.

Жанболат (*жан-жағына жалтақтай қорқақтан*): Мен де бір дыбыс-тар естідім. Не болды екен. Мына үңгір қорқынышты болып барады. Бекназар, қайтайықшы. Шығайықшы мына үңгірден.

Бекназар (*өз қорқынышын баса түсіп*): – Қайда барасың. Үңгірдің ауызы қармен бітеліп қалды, шыға алмаймыз. Не болса да көреміз. Шыдаңдар.

Жігіттер бір-біріне жалтақтай сақтана қарайды. Малдар дүркірей үрке қашып, кенеттен алып қара құстар пайда болды да шүйліге түсіп, лезде біраз қойларды іліп алып кете барды. Аңтарылып қалған адамдар не болғанын түсінбей де қалады.

Тұрғанбай (*қорыққанынан қалай айқайлағанын білмей де қалды*): – Мынау не боп кетті? Бұл не құстар?! Тығылыңдар тезірек!!!

Алданыш (*қалшылдай түсіп*): – Неткен дәу құс, қойларды тышқан көтергендей іліп әкетті ғой.

Еркебай (*жылан*): – Бек-Бекназ-Бекназар аға, аға, не істейміз?! Мен қорқамын.

Сәл арырақтан жылқының шыңғыра кісінеген даусы естілді. Бұлар жалт қараса, бір жылқыны алып аюға ұқсас бірдеме жерден тіке көтеріп алып қайта ұрып жатыр екен. Бір-екі рет жерге ұрылғасын бейшара жануардың үні өшіп, әлгі алып оның денесінің борша-боршасын шығарып, жырта бөлшектеп, жей бастады. Мына көріністен зәре құты қалмаған бұлар жапырылысып бір бұрышқа тығылды.

Бұл басталған сұмдықтың алғашқылары ғана еді. Дегенмен әзірге тыныштық орнап адамдардың бір сәт болса да бойлары мен ойларын жинақтап алуларына мұрша берді. Бұл жерден ертерек құтылмақ болып малдарын айдай түсіп, үңгірді бойлай тереңдей берді, тереңдей берді. Үңгір кеңі әрі биіктей түсті. Міне, тағы бір алып бүрге сияқты өрмекші пайда болып, бір қойды бүре ұстап сорғаны соншалық, оның теріге оранған қу сүйек қаңқасы ғана қалды. Алып жартастарда неше түрлі алып есекқұрттар, кесірткелер, құмырсқалар, маймылдар сияқты басқа да құбыжықтар өріп жүр. Кейбіреулері бірін-бірі аңди жүріп ұстап жеп жатса, екіншілері төбелесіп жатыр, үшіншілері

тойған қозыдай момақан жайбарақат, кейбіреулері тіпті жантая жайғасып, маужырап жатыр. Ал сегізде маза жоқ. Мына жерден ерте-рек құтылмақ болып малдарын айдай түсуде. Малдар да әбден қорқып қалған, біріне-бірі жабыса түседі. Әрбір құбыжықтар мен алыптарды көрген сайын сегіздер қуыс қуысқа тығыла жан сақтап келеді. Қорқыныш сәл басылса, малдарын алдыға қарай айдай жөнеледі.

Кенет алдарынан тау басынан зор маймыл пайда болып, төмен түсе бастады. Бүкіл денесін қалың жүн басқан. Кеудесі аяқаптай, екі қолы екі бөренедей әрі ұзын, әр саусағы адамның білегіндей, артқы екі аяғы қысқалау болғанымен бұлқылдаған сан еттері қалың жүн астынан тулап, толқынданып көрініп тұр. Екі көзін қалың қас басып, келте мұрыны таңқиған екі апандай, ауызындағы тістері ақсиып тістеген жерін опырып жіберетіндей өте сұсты. Осы айуан екі қолымен апандай төсін тоқпаштай, зор даусымен ақыра адамдарға ұмтылды. Қас-қағымда, сымбатты келген денесі сымдай тартылған, кеудесі кең, қанаттары қуатты, жал-құйрығы жалтылдаған, ықшам ғана құлағы қайшыланған алып қанатты тұлпар пайда болып, адамдарды қорғаштай маймылмен айқаса кетті.

Үңгір іші асыр-тасыр, шаң-шұң дыбыстан құлақ жарады. Өне ол маймылды зор қанатымен қағып жіберіп жүз құлаштай жерге лақтырып жіберді. Маймыл да осал емес, айнала келіп тұлпардың артқы сауырынан ұстап лақтырды. Тұлпар қанатын дер кезінде жаймағанда не болатыны түсініксіз еді. Айқас жарты сағаттай уақытты алып, тұлпар маймылды артқы аяқпен теуіп құзға құлатқанға дейін созылған еді. Бұл құбылыстан сегізден ес кеткен. Аяқ, қолдары дірілдеп, тыныстары тарылып жүректері тоқтап қалардай әсерде. Соншама зор маймылды жеңген тұлпардың шаршап, әр жерінен қаны тамшылап, маймылдың тістері мен зор соққыларының іздері көрініп, өзін-өзі зорға көтеріп тұрғаны белгілі еді.

Кенет жануарға тіл бітеді.

Тұлпар (*танауынан шыққан жел бұрқырай буланып дауысы үңгір ішін жаңғырта*): – Жылдам кетіндер бұл жерден! Айдандар малдарыңды! Мына маймылдың сыңарлары жеткілікті бұл жерде. Олар сендерді жеп тынады. Бақыттарыңа орай мен кезігіп қалдым. Біраз демалмасам ендігі шайқасқа төтеп бере алмаймын. Сендер аялдайтын түк жоқ. Кетіндер, жылдам кетіндер. Тіке жүре берсеңдер аман-есен шығасыңдар.

Жандарынан қорыққан сегізді, мына сөз, малдарын жанұшыра жинап, алды-артына қарамай беже жөнелуіне мәжбүр етті.

Қорыққандар Тұлпарға рахмет айтуға да шамалары келмей, мал-

мен бірге үңгірге бойлап кіріп кете барды. Осыған ұқсас жағдайлар күнделікті қайталана отырғанынан да мал басы азайып бара жатыр. Бірақ сегіз дін аман. Тек жүректерін қорқыныш билеп алған. Алда не болары да белгісіз. Осылайша неше күн, неше түн жүргендері белгісіз, күндердің бір күнінде күн сәулесі пайда болып, кеңістік көріне бастады. Бұл үңгірдің екінші шетіндегі шығар ауыз еді. Сегіздің қуаныштарында шек жоқ. Алдарындағы мыңыраған қойлар мен мыңдаған жылқы түйелердің жартысынан астамы үңгір ішінде қалды. Қалғаны да олжа.

Бекназар: – Уһ, шықтық-ау мына үңгірден, аман-есен. Қалайсыңдар?

Кебекбай: – Ойпырмай, аман шықтық па әйтеуір. Енді мұндай үңгірді желкемнің шұқыры көрсін.

Жанболат: – Біз өзі қайдан шықтық. Қайда тұрмыз. Артымыз тау, алдымыз жазық дала. Таныс емес.

Әділбай: – Қайдан шықсақ та аман есен шыққанымызды айтсайшы. Мен өлердей қорықтым.

Беказар: – Таң жаңадан атқан-ау деймін, күн арқан бойы ғана көтеріліпті. Айнала аппақ қар. Жел жоқ.

Малтабар: – Жан-жақта бір адыр, немесе бұдыр жоқ. Бір тал өсімдік те көрінбейді.

Бекназар: – Не болса да көре жатармыз. Айдаңдар малды.

Ағайынды сегіз малдарын алға қарай айдай жөнелді. Жазық дала дегені ұзын ырғасы елу шақырымдай болатын қыс суығымен мұз болып қатып қалған шалқар көл болып шықты. Малдарын алдына сала айдап көлдің арғы жағасына аман есен жеткен сегіз, аман-есен қалғандарына тәңірге құлшылық айтып, мал сойып, сорпа-су ішіп, мәре-сәре болды да қалды.

Бекназар: – Болды енді осында қаламыз. Елге қайту қорқынышты.

Еркебай: – Иә, аға. Оныңыз рас. Енді қайтып ана үңгірге мен бармаймын.

Алданыш: – Ол үңгірге енді кірсек сау шықпаспыз. Сол үңгір түбімізге жетер.

Бекназар: – Болды. Осы жақта қаламыз. Енді малға жайлы жер тауып қоныстанып алуымыз керек. Айдаңдар малды анау жаққа.

Ерназардың ауылы. Баяғы керегесі кең, ақшаңқан үйі қарақоқшыл тартқан. Бұрынғыдай сән де, ән де жоқ. Көңілде мұң, жүректе түйткіл. Ауылдың да бұрынғыдай сән-салтанаты жоқ. Бірақ Ерназардың

бүгінгі дәулетіне біраз ел пара-пар келіп теңесіп қалған. Ұлдарым ерте көктемде қайта оралып қалар деген үміті үзілгендей. Қу сегіз арада қаншама айлар өтті – келмеді, жылдар өтеді – келмеді. Ерназардың кезінде бір қыстық деп алып қалған азық-түлік пен аздаған қорадағы малдан үнемдеп жүріп алып қалған екі-үшеуі ғана қалған. Оларды сойып жесе ертеңіне аш қалады. Солардың сүтін ішіп, іріткі, сүзбе, құрттарын жеп күнелтіп отыр. Азық таусылған, тоя жейтін тамақ табылмайды. Кемпірімен екеуінің солғын жүздерінен жылылық табы білінер емес. Ішкендері ірің, жегендері желім болуда. Алысқа кеткен сегізден де үміт үзіліп әйелі екеуі зар жылап отыр.

Жалпы көріністің аясында баяулата естілген мына үн шығады:

Күту менен азаптан,
Таң атпайды, күн батпай,
Зарын зарлап, мұң шағып,
Талықсиды нәр татпай.
Қара перде жамылып,
Тұншығады бұл заман,
Сегізінен хабар жоқ,
Өлі ме әлде жүр аман.
Түнектен түн жамылып,
Пенде тұрмақ жарық жоқ,
Не боп кетті бұл заман,
Көз жасында дамыл жоқ.
Үмітсіз шайтан дүние,
Қимастықтан жүр аман.

Бойына жинаған арманы мен үміттерінен басқа ештеңе қалмаған екі бейбақ, тәңірге табына жалбарынып жалынғанынан басқа амалдары таусылғандай.

Ерназар: – Ей, Тәңірім! Не жазығым бар еді сонша зарлататындай. Сегізімнің ең болмағанда біреуін қайтарсаң етті. Басыма бақты үйіп төктің де бір күнде бәрін жоқ қылдың. Балаларымды күте-күте үмітім үзілердей. Ең болмаса бір хабарын жеткізбедің. Не жаздым?!

Торғын: – Өзегімді өртеп шыққан балапандарым, қайдасындар. Қайғыдан белі майысқан әкелеріңді, уайымнан жаны ауырып көкірегі қайысқан, жылай-жылай көз жасын тауысқан мына мен бейбақ аналарыңды қайда тастап кеттіңдер. Кімге тастап кеттіңдер. Дидарларыңды бір көрсем армансыз өтуге дайынмын бұл өмірден.

Ерназар: – Ұлдарым келмей қу базар болды бұл отау, басымнан бағым тайып қайғы толы қу мазар болды бұл отау. Жазықты бол-

сам жанымды ал, болмаса ұлдарымның өлі-тірісінен бір хабар бер, Тәңірім.

Торғын: – Қайдасындар, қарақтарым? Мен сендерді сағындым, мойныма қыл шылбыр тағындым. Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді деуші еді. Кебенек кигізіп едім ғой, жарықтарым.

Күнделікті осындай зармен ұйқыға кетеді екеуі. Бүгін де солай.

Таңертең. Торғын орнынан аузы-басы жыбырлай, көмейі күбірлей тұрып, бір нәрсені сезгендей, таң шапағымен бір жақсылық ілесе келгендей, үйден күйбеңдей шығып, қайғыдан қан жұта жүріп сан жылдар бойы ашылмай қалған түндіктің арқан жібін құлаштай лақтыра қайырып, үйдің түндігін айқара ашты. Тұруға мұршасы келмей жатқан Ерназардың шаңырақтан түскен күн сәулесіне қарауға шамасы келмей, күн қарыған көзін уқалап біраз жатты. Бие сауым уақыттай жатқан ол көзі жарыққа бейімделгесін аспанға көз салмақ болып шаңыраққа қараса, шаңырақтың күлдіреуішінде керулі тұрған, сегізді жолға аттандырарда құрбандыққа шалған кер биенің төстігі көзіне түседі. Ерназардың қуаныштан есі шығады:

Ерназар: – О, тоба! Торғын, әй, кемпір, сүйінші! Сүйінші! Бір жақсылық болар. Бұл үйге де Тәңірдің шапағаты тиіп, біздің күнәларымызды кешірген болар, рахмет Жаратушыға!, Рахмет! Рахмет!

Торғын (*шошып кеткен кемпір, даладан сүріне қабына үйге кіреді*):

– Оу, Ереке! Шал-ау! Не болып қалды? Дауысың ерекше шықты ғой. Көптен көңілді дауыс естімеп едім. Жақсылық па?

Ерназар: – Жақсылық! Жақсылық! Мына күлдіреуішке қарашы. Не көріп тұрсың?

Торғын: – Құдайым-ау. Мынау баяғыда балалар кеткенде сойған жылқының төстігі емес пе?

Ерназар: – Иә, кемпір. Дәл өзі. Құдай қаласа, балаларымыз әлі аман-есен сияқты. Жақсылыққа жорылық. Амандықпен жолықтырсын. Құрбандыққа шалынған мал еді. Тәңір тілегімізді қабыл еткен болар. Бұл жақсылықтың белгісі, – деп кемпірін күшәқтай жөнелді. Бойына бір ерекше қуат кіргендей.

Торғын (*қутыңдаңқырап*): – Иә, иә. Айтқаның келсін.

Ерназар: – Ал, кемпір. Жылдамдатып асып жібер. Жеп көрелік.

Төстік қазанға салынады. Өзі сүрленген, өзі майлы төстікті асып жеген шал мен кемпірдің бойлары балқып, күйеңдік басылып,

94 әлденіп, күш-қуат пайда болып, жас кездегідей жеңілдеп қалады. Сол түні ерекше ықылас орнап кемпір мен шалдың бой қуаттары төсек ләззатымен жалғасады, көп ұзамай кемпір жүкті болады.

Дүниеге торсықтай әдемі бір ұл келеді. Ерناзар елпелектей жүріп ауылдастарын шақырып, қолында бар қойларының бірін сойып, асып, дастарқан жайып кішігірім той жасайды.

Келген жұрт (*кезек кезек жамырай сөйлеп*): – Оу, Ерназар, нәрестенің бауы берік болсын! Құтты болсын! Үлкен азамат болсын! Бойындағы қайғы мұныңды жояр тірегің болсын!

Ерназар: – Рахмет! Дастарқанға жайғасындар. Аз да болса көптей көріндер. Бүгінгі қуанышымды бөліскендеріңе мың алғыс. Өлгенім тіріліп, өшкенім жанғандай болып отырмын.

Қарасақал: – Ерназар. Бұл жігіттің атын кім деп қоясын?

Ерназар: – Балаларым алыс сапарға кеткенде бір ту бие сойып, соның төстігін ырымдып шаңырақтың күлдіреуішіне іліп қойып едім...

Ауыл кісісі (*күле түсіп*): – Ерназар-ау. Ол төстік қандай ырымға жарайды екен?

Ерназар: – Мазағың ба, әлде таңырқауың ба, білмеймін. Сонда да болса айтайын. Төстік деген малдың төсінде екенін жақсы білесіндер. Сенің де төсінде бар. Міне, сол төстің бойына майдың ең шұрайлы, ең қуатты бөлігін жинап, бойға күш-қуат беріп, тіпті жүректі де қорғап әрі жылытып, бұлшық еттерге нәр беріп, бауыр, бүйректерге әл беретін бөлігін төстік дейді. Төстік майлы болса денсаулық жайлы.

Тағы біреу: – Сөзінді жалғай түс.

Ерназар: – Сол төстікті талай уақыт бойы сары уайымға салынып жүріп, байқамаппыз. Жақында ғана байқап, асып жеп едік, бойымызға күш-қуат пайда болды. Осы бала Тәңірдің сұр төстік арқылы берген күш-қуатының жемісі-ау деймін. Сондықтан төстіктей пайдалы, төстіктей қуатты, төстіктей берекелі болсын ұлымның атын Төстік деп қоямын.

Ақсақал (*қол жайып, бәріне бір барлай қарап алып*): – Дүниеге келген мына ұл, сегізіннің орнын басып, бақ-дәулетінді қайта жаңғыртар, елін ойлап, қорғаныш бола алатын, жұртын ойлап жанын салатын, ақылына күші сай дана да дара жігіт боп өссін. Аты Төстік болсын. Төстік! Төстік! Төстік! Әумин.

Ауыл іші. Ерназардың үйіне біраз кісі жиналып қалған. Дастарқан жаюлы. Қазан бұрқылдай қайнап, самаурын иығынан селкілдей демалып тұр. Баланы бесікке салу рәсімі.

Торғын: – Бала бүгін бір айға толды. Бойы қатайып, бесікке жатуға жарап қалды. Бесікке салу рәсіміне бәріңізді шақырып отырмын.

Ауыл бәйбішесі: – Ал, Рахмет! Тойыңа ортақпыз. Алдымен баланы бесікке бөлеп алайық. Әкеліңдер баланы. Баланы алып бесікке салса аяғы сорайып сыртқа шығады. Ойбай, шырағым, келін, мына бала бесікке сыймайды. Бір жастағы баладай.

Торғын: – Сыймағаны қалай?

Ауыл бәйбішесі: – Өзің көріп тұрсың ғой. Бесік бұған тарлық етіп жатыр.

Әйелдер (шуласын): – Ой-хой! Онда бір алып болады десеңші. Дәу болады. Батыр ғой, батыр. Иә, бір жасар баладай, өркені өссін.

Төстік жылдам өсті: бір айда бір жастағы баладай, үш айда үш жастағы баладай, бір жылда он бестегі жасөспірімдей болып, екі жасында алысқан кісілерін алып ұратын жігіт болады. Әкесінде қайғының ізі де қалмағандай, шалқып, балқып жүр. Төстік батыр әрі мейірбанды болып өсуде. Тірлігі ақылына сай, әрбір ісін ойлап істеп, ой санасынан өткізе алатын алғыр азамат болады. Садақ тартып үйренеді, тартқан садағын тоғыз қабат кетпеннен, жебелерін жеті сақинаның көзінен қатар өткізетін мерген әрі батыр. Аң аулап, құс атып, шал әкесі мен кемпір шешесін асырайды. Ерназардың дәулеті қайта көтеріліп, қондана бастайды. Аңшы деген ілуде біреу болғандықтан аң-құс дегендер адамдардан қорықпай ауыл шетінде жүре береді. Осындай күндердің бірінде, бір топ үлкен дуадақтар ауыл шетіне қонады. Қызықтаған балалар Төстікті қаумалай айландырып:

Балалар: – Төстік, анау дуадақтарды қарашы. Өне, анау біреуі тіпті үлкен екен. Атып берші.

Төстік: – Өздеріңде де садақ бар ғой. Неге атпайсындар?

Балалар: – Біз ата алмаймыз. Жоқ атамыз ғой, бірақ тигізе аламыз ба? Тигізсек те құлата аламыз ба, тіпті үлкен екен.

Төстік: – Менің атқым келмейді, өздерің ата беріндер.

Балалар (қолқалап): – Ей, Төстік! Атайықшы, атшы. Тек сен ғана құлата аласың. Біздің садақтың да өзіміздің күшіміз де жетпейді. Сен атшы, сен атшы.

Төстік: – Жарайды, қоймадыңдар ғой, атсам атайын.

Құстардың арасында отырған үлкен дуадақты көздеп садағымен тарта бергенде, бір бала «ананы ат», деп көрсетпек болып иығынан тартып қалады. Қолы қалт ете қалғанымен садақтың жебесі дуадақтың қанатын үзіп кетеді. Дуадақ жығылмай, бір қанатын сабалап қаша береді. Төстік ұстаймын деп қуа жүгіреді. Қашқан дуадақ ауылдағы ең шебер бірақ өте адуынды, сөзі өткір әрі мінезі адуынды шайпау кемпірдің өрмегінің үстінен қарғып өтеді. Қуып келе жатқан Төстік те өрмектен секіреді. Сөйткенде, Төстіктің бір бақайы өрмекті іліп кетіп, өрмектің бірсыпыра жібі үзіліп қалады.

Шайпау: – Алда ғана көк шешек-ай! Өрмегімді үзіп кеттің-ау! Ертеден қара кешке бүйтіп, жар қуалап, торғай атқанша, тентіреп жүрген сегіз ағанды тауып алсаң болмай ма?!

Төстік (таңданып тұрып қалады да): Не дедіңіз, қайдағы аға? Не айтып отырсыз?

Шайпау: – Бар, жүгермек, бара бер! Әке-шешеннен сұра...

Төстік: – Не сұрауым керек? Не сұра деп отырсыз?

Шайпау: – Бар, бара бер. Өзім шаршап шалдығып өрген өрмегімді үзіп кеттің. Басқа жер табылмай қалды ма?! Бар жоғал, көзіме көрінбей!

Төстік жауап бере алмай, оның сөзіне қатты таңданып әрі қорланып қалады. Таңданғаны, ол өзінің алдында ағалары болғанын білмеуші еді. Әке-шешесі оны Төстікке айтпаған еді. Сонда да бойын жинап: – Тентіреп кеткен сегіз ағаң дегеніңіз қалай? Ағасы несі, сегізіңіз қалай?

Шайпау: – Бар, жоғал, кет!

«Сонда менің сегіз бірдей ағам болған ба? Мен қалай естімегем. Маған неге ешкім айтпаған. Бар болса қайда ол ағаларым» дегендей, қалың ойға кеткен ол, кемпірге сөз қайыра алмай, екі өкпесін қолына ала жүгірген бетімен үйіне келеді. Атып әкелген құсын лақтырып тастап, отыра кетеді. Төстіктің ашулы түрін көріп, шешесі:

Торғын: – Саған не болды? Кіммен жанжалдастың?

Төстік: – Апа, шыныңды айтшы. Менің ағаларым болды ма? Болса, олар қайда?

Торғын: – Көтек. Оны саған кім айтып жүр?

Төстік: – Анау ауылдағы жынды әже айтты. «Тентіреп жүрген сегіз ағанды тауып ал» деп.

Торғын: – Ой, ол қақпас не деп былжыраған? Үлкен басымен де жас балаға сондай өтірікті айта ма екен? Онысы не екен-ей, баланың құлағына қайдағы жоқты айтып. Алжыйын деген бе? Оның сөзіне құлақ аспа. Сенің ағаларың болған жоқ, оның сөзіне нанба.

Балалар, шайпау кемпірдің үйінің қасында асық ойнап жатыр. Бәрі мәз мейрам. Бірін-бірі кезек кезек ұтып, асыққа таласып, қайта татуласып, кім мықты деп жанталасып жатыр. Бұлармен бірге шайпау кемпірдің де баласы ойнап жүрген. Қасындағы баладан ұтылып қалды да, әлгі баланың әлжуаздығын пайдаланып, әрі шешесіне арқа сүйеп, тиісе бастады.

Шайпаудың ұлы: – Сен шеңберден асық шықпаса да шықты деп өтірік алдадың.

Бала: – Жоқ. Асық шықты ғой.

Шайпаудың ұлы: – Жоқ, шыққан жоқ. Әкел бері асықты.

Бала: – Бермеймін. Мен ұтып алдым.

Шайпаудың ұлы: – Онда, мә саған! *(Баланы ұрып жібереді. Бала құлап қалады. Мұрнынан қан ізі көрінеді. Төстік жандарына жетіп келеді).*

Төстік: – Неге оны ұрасың?

Шайпаудың ұлы: – Ұрамын. Онда сенің шаруаң болмасын.

Төстік: – Неге болмайды. Болады. Бәріміз бірге ойнап жүрміз. Ойнай алмасаң, ойнама. Ал, ойнасаң, төбелеспей ойна.

Шайпаудың ұлы: – Ей, сен кімсің ақыл айтатын? Таяқ жегің келіп тұр ма? Мә, ендеше. *(Төстікті шапалақпен тартып қалады. Шыдай алмаған Төстік жсай нұқып қалғанда, бала жалп етіп құлап, есінен танып қалады).*

Шайпау: – Ойбай. Қыршыныңнан қиылғыр, Төстік! Өлтірдің. Өлтірдің баламды. Ойбай-ай, ойбай. Менің жалғыз балама әлің жеткенше, айдалада тентіреп өлген сегіз ағанның құраған сүйегін тауып алсаң болмай ма?

Төстік, бәрін тастай салып, кеудесіне өксік тығылып, жүгіріп үйіне келіп, шешесіне:

Төстік: – Апа, сен неге маған шындықты айтпайсың? Ағаларым қайда? Неге елде жоқ? Не жасырып жүрсіңдер? Қайда олар? Қайда болса да тауып аламын. Айтыңдар маған шындықты?

Торғын: – Ойбай-ай, тағы кім айтты оны саған? Кім? Ел неге тыныш жүрмейді екен? (*Зар жылайды*).

Төстік: – Кім болушы еді, сол әже. Баласын итеріп жіберіп едім, талып қалды. Сонда айтты. Шешесі енді жасыра берудің еш қажеттігі жоқ екенін түсініп:

Торғын:

Сегіз ағаң бары рас еді.
 Бәрі өрімдей жас еді.
 Олар елде жүргенде,
 Үйім тола ас еді.
 Қора, қора мал еді,
 Әкең елге бас еді.
 Дәуірлеп дәурен тұрғанда,
 Жауың да бізге дос еді.
 Жұт деген келіп жайпады.
 Амалсыз менің сегізім,
 Бар малын қорғап айдады.
 Сол кеткеннен келмеді,
 Ата-анам кәрі демеді.
 Сау болса бір келер деп,
 Қарттарың жүрміз дәмелі, – деп зарлады.

Төстік ағаларын іздеу қамына кіріседі.

Төстік: – Әке, мен ағаларымды іздеймін. Рұқсат ет.

Ерназар: – Балам-ау. Олар кеткелі талай жылдар өтті. Тірі болса келер еді, болмаса бір деректері естілер еді ғой.

Төстік: – Олар мүмкін тірі болар. Тірі болса, алып келермін, өлі болса көз жеткізіп, қайтармын.

Ерназар: – Балам, бұл қиын сапар. Қартайған шағымда көзімнің қарашығындай болған сенен айрылсақ шешең екеуіміздің күніміз не болмақ? Қайт райыңнан!

Төстік: – Әке, жолымды бөгеме. Сегізі бірдей мерт болуы мүмкін емес. Ең болмағанда бір дерегін естіп қайтайын. Оның үстіне кәзір қыс емес, көктем шықты. Күн жылы.

Ерназар: – Енді сенен айрылсақ, біз шыдай алмаспыз. Жаңадан жазылып келе жатқан жараның ауызы ашылып кете ме деп қорқамын.

Тәстік: – Қорықпа, әке. Мен келгенше қысылып, аш қалмауларын үшін біраз қор жинап беріп кетемін.

Ерназар: – Қайдам, балам? Әлі де болса ойланып көр.

Тәстік садағын алып аңға шығып, аң мен құстарды мол етіп даярлап, еттерін қақтап үйіп береді де жолға шығуға даярланады. Беліне садақ байлап, қолына темір таяқ алады, аяғына темір етік киеді. Бәрін бақылап қарап, көз жастарын тыя алмай отырған әке-шешесін құшақтап тұрып:

Тәстік: – Ал, аман болыңдар. Мені уайымдай бермеңдер, әлі-ақ келемін, ағаларымды ертіп *(күледі)*.

Торғын: – Жан-жүрегім, жан балам, айтқанға көнбедің. Мына шешенді зарлатпай тез орал. Сенсіз өткен әр күнім тозақта жүргенмен бірдей. Тоқта дедік, тоқтамадың. Қайтем енді...

Ерназар: – Әй, болды енді зарламай. Болары болды. Баланың сағын сындырып, жолын байлама. Зарлама. Аман орал деп тіле.

Торғын: – Тілеймін ғой, тілеймін. Жыламаймын, зарламаймын. Жолың болсын, балам, жарығым, күнім...

Ерназар: – Жолың болсын, балам.

Тәстік: – Аман болыңдар. Мен жылдам оралам. Қорықпандар. *(Құшақтасып, қоштасады)*.

Тәстік талай елден, талай жерден өтеді. Жол жөнекей неше құбылыстар мен табиғаттың тосын мінездеріне де төтеп беріп, талай нәрселерді басынан өткереді. Ағаларын сұрай жүреді. Көрдім, білдім деген бір сыбыс жоқ. Қаншама күн тыным таппай жол жүріп шаршаған Тәстік демалу жағын ойластырып, ыңғайлы жер іздейді. Алдынан кездескен үлкен қойтастың үстінен жатар орын жасап, ық жағынан ошақ қазып, от жағуға кіріседі. Отын жинап, жақпақшы болса сіріңкесі таусылған екен, қатты қайғарады. Ұйықтайын десе аш қарыны шуылдап маза бермей ұйқтатпайды. Ашуланып орнынан қарғып тұрып анадай жерде жатқан кара тасты темір етігімен теуіп қалады. Аяғының асты жарқ ете қалады. Ол таң қалып тағы да тебеді. От тағы жарқ ете қалады. Мына құбылыстан от тұтатуға болатынын түсінген ол, жалма-жан майда әрі мақпал шөп-шаламдарды жинап алып, қолындағы темір таяғын тасқа ұрып қажап от шығарып тұтатып, атып алған аң-құстарынан тамақ істеп тояттап, жатып қалады.

Жолдан әбден шаршаған Тәстік күн кеңістіктен арқан бойы көтерілгенде ысылдаған зор дауыстан оянады. Қараса көз алдында

100 шұбар ала жолақты алып бөренедей бірдеме жайлап жылжығандай көрінеді. Өз көзіне өзі сенбей қайталап көздерін уқалап жіберіп қараса, өзі жатқан қойтасты орай алып айдаһар- жылан ширатылып келеді екен. Төстік жатқан жерінен атып тұрады. Бұл кезде жылан тасты түгелімен екі үш орап алған еді. Жылан тастың үстінде тұрған Төстікті көре салып ұзын денесінің қалған бөлігімен орай бастады. Екі көзі жарқ-жұрқ етіп, айыр тілі жалақтап Төстіктің бетін де жалай сипап өтеді. Мына айдаһардың ниетін жылдам түсінген ол жалма жан қанжарын суырып алып, жыланның оң көзіне қадап үлгіреді. Бұл кезде алып мақұлық тас пен Төстікті ораған денесін қыса түскен еді. Тастың да кей жерінен шықырлап шытынай бастаған дыбыстар шыға бастады. Оң көзі оңбай ойылған айдаһар ысылдай зәрін шашып қан жауған басын ары бері шұлғи ұмтылғанда Төстік оның екінші көзін де ойып алған еді. Екі көзден айрылғанмен күш қуатынан айрылмаған жылан қысымды күшейте түсіп, ауызын арандай ашып Төстікті жұтпаққа ұмтылады. Осы сәтті күткен Төстік жыланның екі езуін тілгілей тартып басы мен жақ сүйегін ажырата қақырата сөгіп жіберді. Жыланның қысымы босаңсығандай болғанымен, Төстіктің жанын да алқымына тіреген еді. Сәл кешіксе мәңгілікке кеш болатынын сезінген ол жыланның екі айрылған басы мен жағын шорт кесіп үлгірді. Арқыраған алып жерге сылқ ете қалды. Жыланның қысымынан тас екеш тастың өзі бес алты бөлікке бөлініп майдаланып қалыпты. Төстік өлген айдаһардың терісін сыпырып таспа тіліп, арқан жасап ары жүріп кетті.

Күн ыстық. Тас төбеде шақырайған күннің аптабы денесін шымырлатып, ернін кезертіп, жүрісін жүгендеп, шаршатады. Құлазыған кең дала жым-жылас. Осыдан бірер апта бұрын Төстік өлтірген айдаһар-жылан осы жерді жалап тастағандай. Жер бетін, күн ыстығына шыдай алмай, жаңбырлы көктемнің жұқалтаң күндерінде өсіп үлгірген, бірақ там-тұмдаған бойларын ыстық леп қыспағынан биіктете алмай, тырбыйып-тырбыйып тұла бойын тікенекпен өрнеген там-тұм шөпсымақ шөбенектерден басқа дым жоқ. Бұзылмастай өлі тыныштық. Бейне бір бетпақ емес, тынысын ішке тартқан бейкүнә көнбіс дүниедей бір құбылыс.

Осы жердің шаңын аспанға көтере бұрқылдатып Төстік келеді. Жүріп келеді. Кең даланы тіліп келеді. Ерні кезерген. Белі бекіген ежелден. Қайда келеді. Бір Тәңірі мен өзі біледі. Мақсат ағаларын табу. Қайда олар? Неге қайтпады? Тірі ме, әлде өлі ме? Тірі болса алып қайту, өлі болса көз жеткізіп арулау. Басқа мақсат жоқ, орындамай кері қайтуға жол жоқ. Дегенмен ыстық қысып барады. Дамылдайтын жер

де жоқ. Жүріп келеді, жүріп келеді. Кенет бір бұдыры жоқ кең дала қақ айырылғандай. Табанының астынан табиғаттың тосын сыйындай терең құзды үлкен сай пайда болды. Шыңырауы шыбыныңды шырылдатардай шатқалды да қатпарлы. Демалуға ең қолайлы жер деп түйген Төстік төмен түсуге дайындалды. Алып айдаһар-жыланның терісінен таспаланып өрілген арқанның ұзындығы мына құздың түбіне түсуге жеткілікті сияқты. Арқанның бір шетін тасқа орап төмен түсе бастады. Төстік төмен түсіп келеді. Құздың жартысы артта қалды. Кенет. Кенет. Қатпарланған жартастардың бірінен алып өрмекші шықса, екінші жерден үлкен қырықаяқ, үшінші жерден денесінен басы үш есе үлкен құмырсқа, төртінші жерден сарышаян сияқтылар өріп шыға бастады. Қаптап бара жатқан жәндіктерден қорғану керек. Ол үшін саймандарды дұрыс сайлау лабыз. Садақты алу мүмкін емес, арқан мұрша бермей кедергі жасайды. Бір қолда арқан, тек бір қол ғана бос. Сондықтан тек қана қылыштан қолайлы ештеме жоқ.

Міне, төбеден төмен жорғалап қырқаяқ түсіп келеді. Артынша кесіртке, одан ары өрмекші. Құдай-ау, неше түрлі хайуанаттар шабуылы басталды. Бірін ұрсаң екіншісі, одан үшіншісі. Не керек ұрып келеді, жайлап жерге түсіп келеді. Міне, табаны жерге тіреліп арқаннан босанып, соңғы жауын да жеңіп үлгірді. Бір қызығы жартасты жағалай жауласқан хайуанаттардың бірі де жерге түспеді. Бірақ неше түрлі дыбыстары терең сайды жаңғыртып тұр. Сайдың іші салқын. Бірақ су жоқ. Су табу керек. Ағзаға алғашқы керегі су. Тек қана су, басқа ешнәрсе емес. Сайдың табаны кеберік тартып, бозара сіресіп жатыр. Ерін кезеріп, көңіл өзгеріп, көңіл түсіп барады. Жылдам су керек. Су. Су. Жүріп келеді, іздеп келеді. Кенегесі тарылған құм жолақтан басқа түк жоқ. Көзі аларып діңкесі құри бастады. Міне, бір топ, бірақ топ қоралана қоғалай өскен аты бейтаныс өсімдіктің тобырланған бұталары. Түбі дымқыл. Төстік сол бұталардың көлеңкесіне жата кетті. Салқын мен ылғал терісіне сіңе түсіп шөлі біраз басылғандай. Сәл демалып алғасын, қолына қанжарын алып бұта түбін қазғыштап жатып сулы жердің сызатына жетті. Шымырлап шыққан суды көрген оның қуанышы мен осы уақытқа дейін көрген азабының жемісі есін жиғызбай талықсыта ұйықтатып жіберді. Көп пе, әлде аз ба, оянған кезде шұңқыр тола суға көзі түскен оның қуанышында шек жоқ еді. Судан қана ішіп, қалғанын алақанымен торсығына құйып, толтырып алып, ары қарай аттанып кетті.

Суаттан сусындап, сәл де болса көлеңкеде тынығып алған Төстік көңілді күйде келе жатады. Кенет, алдынан бар денесін жүн басқан жабайы деуге жатпайтын, адам-ау деп айтпайтын бір алып алдын кес-

102 кестей кетеді. Мына алыптың болмысы бөлек. Бет әлпеті жалпақтау болғанымен, басы сопайып, желке тұсы күдірейіп, екі құлағы қоянның құлағындай ұзын, екі көзі бадырайып бір-біріне жақын орналасқан. Үстіңгі ерні жұқалтаң келгенмен астыңғы ерін салбырап дәу иегінің жартысын жауып тұр. Екі иығы екі жартасты қондыра салғандай, ал одан шыққан қолдары дәу емен ағашының кескен кепелтек дінгегіндей шымыр.

Алып (*гүрілдей түсіп*): – Оу, сен кімсің? Қайда бет алдың, қайда барасың? Бұлай жүруге болмайды? Қайда бармақсың?

Төстік (*адамша сөйлегеніне таңырқай түсіп*): – Мен өз бауырларымды іздеп келемін. Ешкімге зияным жоқ, өз жолыммен жүріп келемін. Егер сен сегіз жігітті көрсең, білсең қайда екенін жол сілте, болмаса жолымды бөгеме.

Алып: – Жарайды, ренжіме бауырым, білгенімді айтайын, көргенім бойынша жол сілтейін. Мынадай құбыжықтан осындай ақылды кездесуді күтпеген Төстік табан астында абырады да қалды.

Төстік: – Рахмет саған. Алыстан келе жатқан жан едім.

Алып: – Сегіз жігіт көрмедім, бұл шатқал ішінде де жоқ. Мен осы шатқалдың иесімін. Сондықтан білемін. Ал енді мына соқпақ жолмен жарды жағалай жүрсең құздың жағасына шығасың. Ары қарай оңтүстікті бетіңе алып жүре бер. Бар, жолың болсын.

Төстік: – Рахмет! Айтқаның болсын. (*Төстік жүріп кетті*).

Күндіз түні жүріп келе жатқан Төстік заңғар биік таудың етегіне келді. Алыстан бағдарлап арнасы кендеу сай-салалы жерден тау ішіне бойлай кіріп келеді. Кенет алдынан таудың беткейіндегі үңгірге кез болды. Төстік «үңгірге кірсем бе, кірмесем бе екен», деп ұзақ ойланды. Ойлана келе «не болса да кіріп көрейін, мүмкін қысқа жол табылып қалар», деген үмітпен алдыға ұмтылып қадам баса бергені сол еді, үңгір ішінен алып қанатты тұлпар атып шығып, алдына көлденеңдей тұра қалды.

Тұлпар: – Ей, Төстік, – деді ол бейне бұл бұрынғы танысындай. – Қайда асығып бара жатырсың? Не жоғалттың бұл үңгірде?

Төстік: – Ей, жануар. Сен бе, адамша, сөйлеп тұрған?

Тұлпар: – Иә, менмін. Сөзге келе алсаң. Мына құбылысқа таң қалған Төстік абдырап біраз тұрып қалды.

Төстік: – Сен адамсың ба әлде жануарсың ба? Адамша сөйлеуіңе не себеп?

Тұлпар: – Ол ұзақ әңгіме. Уақыт жоқ. Одан да мені тыңда.

Төстік: – Сені тыңдайтын уақытым жоқ. Жолымды бөгемей былай тұр. Болмаса...

Тұлпар: – Сен бойына, күш қуатыңа сенбе. Олар бірде болмаса бірде орға жығар. Ақылға сал. Тек ақылың тура жолға алып шығар.

Төстік: – Мен адаммын. Сен кімсің? Не айтқың келіп тұр?

Тұлпар: – Иә, адамсың. Тәңір сендерді артық етіп жаратқан. Бірақ ол біз сияқтыларды да жаратқан. Біздің де орнымыз бар екенін ұмытпа. Мен дос көңілмен алдыңнан шықтым. Сөзімді тыңда. Тыңдамасаң жолың әне, жүре бер.

Мына жануардың не айтқысы келіп тұр. Дос көңіл сияқты. Не болса да тыңдап көрейін деп бекінді Төстік.

Төстік: – Ал, айта ғой. Не айтқың келіп еді. Тек жылдам. Уақытым жоқ.

Тұлпар: – Егер ақылымды алсаң бұл үңгірге кірме. Өткен жолы сенің сегіз ағаң осында болған. Алдарында мыңғырған малдары болды. Сол малдың жартысынан көптеуі осы үңгірде қалды. Олардың аман өтуіне мен едім көмектескен. Солардың қателігін қайталама. Бұл өте қауіпті.

Төстік (*қуанып кетіп*): – Сен менің ағаларымды көрдің бе? Олар аман ба, қайда?

Тұлпар: – Олар аман. Алыста. Егер сенсең мен жарты жолға дейін жеткізейін. Қорықпа. Мен доспын. Сенің жолыңды күтіп жүрмін. Отыр үстіме.

Төстік тұлпардың үстіне қарғыш мінуі сол ақ екен ол таудың үстімен ұша жөнелді. Талай биік шатқалдардан, талай терең құздардан аспанмен астасып бұлттардан биік жатқан шыңдардан асып, теңіздей тебіреніп жатқан терең әрі үлкен көлден өтіп барып тоқтады. Төстікті жерге түсіріп:

Тұлпар: – Ал, азамат. Ары қарай өзің барарсың. Енді ағаларың алыс емес.

Төстік жүріп келеді. Алыстан сағым көтерген бел көрінеді. Алдында кездескен жыра-жылғалардан өтіп, белге шықса, қарауытқан қалың жылқы көрінді. Табын жылқының ар жағында тігулі тұрған қара қос тұр. Қостың ішінде ешкім жоқ. Дастарқан жиналмай қалған әрі тамаққа тола. Әсіресе қазы-қарта мен жал-жаяның иісі, қарны аш адамның қолқасын жарып, тәбетін аша түседі. Төстік жайғаса отырып тамақты тойғанынша жеп алып, біраз ұйықтап, тынығып алып ары жүріп кетеді.

Ерназардың ауылы. Төстік кеткелі бір айдан аса уақыт өтті. Одан ешқандай хабар жоқ. Ерназар мен Торғында көңіл күй жоқ. Соңғы кезде ауылда өтіп жатқан той томалақтарға да бармайтын болған. Ерназар бүктетіле сұлқ түсіп төсекте жатыр. Торғын босағада ескі шұлықты жамап отыр. Екі көзге ерік берген. Жылай, жылай жас та жөнді шықпайды. Көз жанарлары қызарып бет жүзі ісіп кеткен. Бұл күнделікті қайталанатын оқиға. Ауыл адамдары екеуіне аяушылықпен қарап кейбіреуі күрсініп, енді біреулері «Е-е, қайтсін бишаралар, сегізі жоғалып бір кетті. Енді міне, Төстігінен де хабарсыз» деп мүсіркеуде. Көз алдарында бұлардың шөгіп бара жатқанын көріп отырған ауылдың үлкендері жиналып, Ерназардың үйіне келді.

Ауыл ақсақалы (*төрге жайғасып жатып*): – Амансындар ма, Ерназар. Е, халайық, төрлетіндер. Ереке, көп болды, көзге түспейсің? Ауылдың ұйтқысы едің, бойыңды көрмей, дауысыңды естімей сағынып та қалдық. Ерекеміз сырқаттанып қалды ма деп хал-жағдайыңды сұрағалы келдік.

Торғын: – Ойбу-у-у-уй, келіп қалыпсыздар, шәй қояйын (*сыртқа ұмтылды*).

Ауыл әйелдері: – Апа, оныңыз не? Біз бармыз ғой. Өзіміз-ақ қоямыз, отыра беріңіз.

Қарасақал: – Ереке, көтер басыңды, жаман ырым жасамай. Төстігің ертең-ақ жетіп келеді жайраңдап. Жігіт емес пе, ағаларын іздеп жүрген болар тау тасты аралап.

Ерназар (*басын көтерін*): – Амансындар ма, ағайындар. Иә, қош келдіңіздер. Мен сәл сырқаттанып қалғаным.

Ауыл ақсақалы: – Иә. Оны да көріп отырмыз. Сенің сол сырқатыңның себебі Төстік туралы көп уайымдау ма деп ойлаймыз.

Ерназар: – Иә, ақсақал. Қанамызды жарып шыққан баламыз болғасын... Сегізім кетіп сергелдеңге түсіп едім, енді міне Төстігім... кемсендеп қалады.

Ауыл ақсақалы: – Жә, езіле берме. Ол өзі де айтып кеткен жоқ па еді «ұзақ сапар» деп. «Мен келгенше» деп, азық-түлікті де мол етіп жинап бермеді ме? Ендеше алдын ала уайымға салына бермей сабыр сақта.

Ерназар: – Сақтаймын ғой. Неге, сақтамайын, сақтаймын. Тек, тезірек оралса екен.

Торғын (*Шайнау кемпірге қаран*): – Әй, апа-ай, сегізім туралы айтпағаныңызда алдымда ойнап, ауылда жүрер еді ғой...

Шайпау: – Несіне маған налысың. Ерте ме, кеш пе бәрібір естір еді ғой.

Торғын: – Бойы бекіп, қабырғасы қатқан соң естігенде болар еді ғой.

Шайпау: – Ештеме жоқ. Соқталдай жігіт болды. Баламды бір-ақ соғып өлтіре жаздады. Келеді балаң ертең-ақ аңқылдап. Сұрт көз жасыңды, қайдағыны шығармай. Онысы несі-ей.

Торғын: – Мейлі ауызыңа май. Балам аман-есен оралса болды.

Әйелдер (*шуылдасын*): Оралады, оралады. Жылай берме.

Ерназар: – Дастарқаннан ауыз тиіңіздер. Ниеттеріңізге рахмет! Көптің тілегі қабыл болады дейді ғой. Қабыл болсын. Балам аман-есен оралып қалар.

Ауыл ақсақалы: – Міне ақыл, Тәстік ертең-ақ шауып келеді.

Жазық далада қаз қатар тігілген ақ шаңқан киіз үйлерден құралған ауыл көзге түсіп, Тәстік солай беттеді. Тәстіктің келген елі ас беріп жатқан ел екен. «Ағаларымды осы астан іздеп көрейін» деп, асқа тігілген қалың үйді жағалай қыдыра бастайды. Жолдан арып-ашып, киімдері жыртық-жыртық Тәстікті ешкім ескермейді. Жаяу жүрген адамды кім білсін? Тәстік әрбір үйдің босағасы мен есіктерінен сығалай сүзе қарап келеді. Кейбір жерлерде еркектер көп отырса үңіле түседі. Ондағы ойы өзі де көрмеген, бетбейнелері бейтаныс ағалары осында отыр ма деген тілегі еді. Тәстіктің бұл қылығы табақ тартушыларға өте зор кедергі жасай бастады. Еңгезердей алып денелі үсті алба-жұлба бір дәу жолдарына келсе – көлденең тұрып алып, дәу денесімен бүкіл есікті жаба үңіліп тұрады. Не ішке кірмейді, болмаса ертерек бұрылып жөніне кетер емес. Маңғазданған біреу сияқты. Асықпай, саспай жайбарақат жүр. Бұған ызаланған табақшылар Тәстікті кейін қарай итеріп, сүйрелеп, қақпалай береді.

Табақшылар (*кезек-кезек*): Жолдан былай тұр! Мені өткізіп жіберші. Былай тұршы-ей!

Кейбіреулері тіптен: – Қайыршы неме, әлі етке тоймадың ба?

Тәстік оларға мән берер емес. Осылай келе жатқанда:

Табақшылар: – Ерназардың сегізіне тарт, Ерназардың сегізіне тарт.

Шуылдасқан дауыстарын естіп, бір табақшыдан табағын тартып алып, Тәстік «Ерназардың сегізіне мен тартамын табақты» деп, үйге кірмек болды.

Табақшылар жолын кескестеп, жібере қоймайды. Төстік оған шыдамай, алдында тұрған табақшының біреуін жұдырықпен қойып қалып, мұрттай ұшырып түсіреді де, үйге кіріп келеді. Бүкіл дала-ны шуылдатып, табақ көтеріп жетіп келген еңгезердей жігіттен отырғандар да секем алып бойларын жинап, таңқалыстарын жасыра алмады.

Бекназар: – Оу, табақшым. Саған кім керек? Неғып жүрген адамсың?

Төстік: – Маған Ерназардың сегізі керек.

Алданыш: – Қандай сегіз? Қайдағы сегізді айтасың? Сен кімсің оларды сұрайтындай?

Отырғандардың бойларын қорқыныш билей бастады.

Төстік: – Алдымен өздерің айтындар. Ерназардың сегізі бар ма іштеріңде. Мен жөнімді сосын айтамын.

Малтабар: – Жоқ. Айта алмаймыз, айтпаймыз да.

Төстік: – Айтпасаңдар, өз обалдарың өздеріңе. Шетіңнен бауыздап тастаймын, – деп Төстік кездігін қынабынан суырып алып жалаңдата түседі. Қорқып кеткен үйдегілер:

Сегіз (*жамырай шуылдасып*): – Иә, біз едік іздеген адамдарың. Бізден саған не керек? (*Сегіздің дауыстары бәсеңдей береді*).

Төстік: – Ендеше сендерді іздеп елден ұзақ жол жүріп, неше түрлі азаптарды басымнан кешіріп келген, сендердің кіші бауырларың, Ерназардың кенжесі Төстік деген мен боламын.

Сегіз (*бірінен-бірі өте шуылдасып*): – Ойбай, не дейді? Кім дейді? Ерназардың кенжесі? Мүмкін емес. Ерназардың кенжесі Еркебай, міне, ортамызда. Ерназар дейді, қайдағы Ерназар. Ол жақтан келу мүмкін емес...

Төстік (*дауысын көтере, айқайлаңқыран*): – Тоқтаңдар, шуылдай бермей. Мүмкін болмаса сендер қайдан жүрсіндер мұнда. Демек мүмкін. Міне, мен келдім. Әкем мен шешем сендерді ойлап қан жұтып отыр, ал сендер мұнда той тойлап жүрсіндер.

Сегіз (*шуылдасып*): – Біз қайтуға қорықтық. Көрмеген азабымыз жоқ. Елге жету мүмкін емес. Қайтқымыз келеді. Бірақ қалай? Ана таудан өту мүмкін емес. Қырылып қаламыз.

Төстік: – Ендеше сол таудан асып мен келдім. Сендерді алып кетемін. Қандай азап болса да көтереміз.

Бекназар (*есін ертерек жиып*): Ерназардың кенжесі болсаң ауыл адамдарынан кімдерді білесің?

Төстік ауыл адамдарын түгелдей айтып бергесін бұлар сеніп:

Сегіз: – Бәрі шуылдап Ойбай, бауырым. Айналайын. Біз сенің бауырыңбыз. Әке-шешеміз аман ба?....

Сол арада құшақтар айқасып, жүрек босап, көз жылап, мәре-сәре болысып, Ерназардың сегізі жөн сұрасып, Төстікпен жылап-сықтап танысады. Ерназардың сегізі елден адасқаннан кейін жұттан қалған малды бағып, мыңғырған бай болыпты. Бірақ елге қайтуға батылдық пен жігерлері жетпей, жолда көрген азаптарынан шошып осы жерде қалып қойған екен. Төстіктен елінің жөнін білген соң, олар да қайтпақ болады.

Ағаларын тауып көңілденген Төстік ұшарға қанаты жоқ, елге ерте-рек қайту амалын ойластырады.

Төстік: – Ағалар, қаншама жылдар бойы жат жұртта жүрсіздер. Менің ойымша елге қайтып, қартайған ата-анамызды қуантатын уақыт келген сияқты.

Бекназар: – Иә, дұрыс айтасың, Төстік. Бірақ, біздің көрген азабымыз жеткілікті. Қалай аман қалғанымызды өзіміз де әлі түсіне алмай жүрміз. Қайтар жолда ондай азаптарға төзе алар ма екенбіз.

Алданыш: – Қай жақтан келіп, қайда жүргенімізді де білмейміз. Ел қайда, жұрт қайда, беймәлім.

Еркебай: – Мен қайтуға қорқамын. Мына елге сіңіп кеттік. Байып алып, билігімізді жүргізіп отырмыз. Осында қала берейік.

Төстік: – Ей, ағалар. «Ер туған жеріне, ез тойған жеріне» деген бар емес пе. Атаң мен анаң аңырап, аңсары кеуіп, сегізім деп көз жастарын көлдетіп отыр. Ал сіздер «Айрылған азады, қосылған озады», дегенді білмеуші ме едіңіздер. Сіздерді іздеп мен келдім. Сіздер көрген азапты мен де көрдім. Бірақ қайтпадым. Ойымда тек ағаларым болды. Түсімде түрлеріңді тануға тырыстым. Сонда тапқандарым ерлер ме, әлде ездер ме? Айрылуға жаралғандар ма, әлде қосылуға жаралғандар ма? Келгенде сегіз болсаңдар, қайтарда тоғыз емеспіз бе? Мен қайтуға бекіндім. Шешімдеріңізді айтыңдар. Ел болам десеңіздер етектеріңді жинаңыздар. Елге қайтамыз. Шешім осы.

Бәрі шуылдасып: – Жарайды келістік. Елге қайтамыз. Қорқатын ешнәрсе жоқ. Қасымызда Төстігіміз бар.

Осылайша шешімге келіп, орындарынан тұра бергені мұң екен сырттан айқайлаған шу естіледі.

Сырттан: – Ойбай, ойбай, келіп қалды, келіп қалды!

Төстік (үйден атып шығып): – Оу, жарқыным. Не болып қалды, сонша шулайтындай. Кім келіп қалған.

Сырттағылар (ентігін баса алмай жүгіріп келген кісі): – Жы-

108 ландар көші. Қаптаған жыландар келеді. Анау теріскей беттегі қыраттардың арғы бетінде қаптаған жыландар көшін көрдік. Ауылға келіп қала ма деп қорқамыз. Әзірге беті шығысқа қарай кетіп барады.

Төстік: – Неткен жылан? Қайдағы жылан? Кете берсін өз жөнімен. Неге сонша даурықтың?

Келген кісі: – Ойбай айналайын. Олар көп. Ұшы-қиыры көрінбейді қаптап келеді. Бізге де келіп қалуы мүмкін. Бала-шаға...

Төстік: – Жарайды. Бара көрейік, баста. Ағалар. Мен барып біліп келейін.

Бекназар: – Жоқ. Бәріміз бірге барамыз. Енді не көрсек те бірге көреміз. Солай ма бауырлар.

Бәрі шуылдасып: – Иә, солай, солай. Атқа қонайық. Ал кеттік.

Дала қыратының арғы беті мен сай-салалардың іші теңіздей толқып шайқалады. Басы қайда екені белгісіз, келесі қыраттан асып құлап жатыр. Ал арты да көрінер емес. Алып-үлкен, ірілі-кішілі жыландар, бақа, шаян, құрт-құмырсқа, жан-жануарлар мен адам тәріздестер де жортып барады. Әншейінде бір-бірімен сыйыспай текетіресіп соғысып жататын жан-жануарлар мен жәндіктер момақан, бір-бірінде шаруасы жоқ, жортуылдап барады. Міне, бір топ адамдар да көштің бергі шетін ала кетіп барады.

Астарындағы жараулы аттармен шауып қыраттың үстіне шыққан тоғыз бен ауыл адамдары өз көздеріне өздері сенбей, ұзақ тұрып қалды. Тобырдың бергі бетін ала бір топ адамдар келеді. Бет-жүздері аппақ, солғын тартқан, жүрістері баяу, ұнжырғалары түсіп кеткендей.

Төстік: – Мен мына адамдардан жөн сұрап келейін. Бірнәрсе білетін шығар. Шауып кетеді. Қастарына жақындап барып, аттың тізгінін тарта түсіп: Оу, жарандар, тоқтаңдар! Сөзге келіндер! Қайда жортып бара жатырсыңдар?

Жерден (тоқтап): – Бізге айтып тұрсың ба?

Төстік: – Иә, сендерге айтамын. Бұл неткен жортуыл көш?

Жерден: – Сұрама, жарқыным. Біз жер асты еліненбіз. Менің атым Жерден. Алып үңгірдің тұрғындарымыз. Елімізді топан су басып жатыр. Жер астының басқа жағына көшетін жолымыздың бәрін

су басып қалды. Сондықтан жер бетіне шығуға мәжбүр болдық. Жол-жөнекей талайымыздан айрылып қалдық.

Төстік: – Мына жануарлар мен жәндіктер де жер астынан ба?

Жерден: – Иә, бәріміз де қашып келеміз.

Төстік: – Ол су қайдан пайда болды?

Жерден: – Соны білмейміз. Жер бетінің бір жерінен келіп жатыр ма деп те ойлаймыз. Біраз жерге барып тоқтап, барлық топтардың бәсиелері топтасып ақылдасып көрерміз.

Төстік (таңданып): – Топбасыларың қалай? Қандай топтар. Олар кімдер?

Жерден: – Олар. Мына жыландар бір топ. Жәндіктердің әрқайыссы жеке-жеке топтар. Солардың бәсиелерін айтамын.

Төстік: – Сендер сонда бір-біріңді түсінесіңдер ме?

Жерден: – Иә, мен олардың тілін, олардың біразы біздің тілді түсінеміз. Түсінбеген жерлерді ымдап түсіндіреміз.

Төстік: – Онда баста, Жерден. Менің атым – Төстік. Сендер біздің елге келдіңдер. Не мақсаттарың бар? Мен де барып қатысып көрейін.

Жерден: – Жүріңіз.

Төстік ағаларына сендер осында бола беріңдер дегендей ишарат білдірді де Жерденнің тобына ілесіп кете барды. Арада ет пісірім уақыт өткенде көш тоқтап, демалуға ойысты. Әрбір топтың бәсиелері бір-бірімен хабарласып, бір жерге топтасып жинала бастады. Жерден де Төстікті ілестіріп, сол жиынға келді.

Жерден (жиналғандардың алдына шығып): – Ал, жиналған қауым. Біз бәріміз үдере көшіп, жер бетіне шықтық. Жағдайымыз жақсы емес. Бұл жақ бізді қабыл алады ма, жоқ па? Ол бізге беймәлім. Бастарыңды құрып отырғаным, бұл жағдайдан қалай құтыламыз? Соны ойластыру. Жер астындағы елімізге аман-есен қайта оралудың жолын іздеу. Қандай ұсыныс айтасындар, ортаға салайық.

Жылан (басын көтеріп, айыр тілін жалаңдара ирелеңдей түсіп): – Әй, Жерден. Ақылдасудан бұрын анықтап алатын бір мәселе бар. Мына қасындағыны танымадық. Бұрын да көрген емеспіз. Кімді ертіп келдің?

Жерден (салмақты қалтын сақтап): Бұл кісі осы жер үсті елінің азаматы. Аты – Төстік. Біздің көшті көріп хал-жағдайымызды сұраған жөні бар. Жағдайымызды өз құлағымен естісін деп арнайы ертіп келдім.

Қорқау (*гүрілдей түсіп, айбат шегіңкіреп*): – Біздің жағдайды сұрайтындай не бар. Өзі де көрмей тұр ма?! Бірақ, өз бастарына түспегесін түсінер деймісің.

Суыр (*шаңқылдап*): – Адамдардан бізге не пайда? Жер бетін жайлап, жайбарақат жатқан ел. Жұмақта өмір сүргендер, тозақтың отын сезер ме?

Аю (*қорбаңдай түсіп, сес көрсете*): – Біз көппіз ғой, бәріміз жабылып, бұлардың жерін тартып алсақ қайтеді?

Бұлардың бәрі де өз тілдерінде сөйлегесін Төстік түсінбей жайбарақат тұра берді. Жерден бәрін түсініп тұр, бірақ Төстікке айтып түсінік беруден ұялуда.

Жерден (*дауысын көтере әрі қатқылдата түсіп*): – Оу, жарандар. Асыра сілтеп алмайық. Бұлардан не жамандық көрдік?! Жер бетіне шыққалы қанша уақыт өтті. Бірақ бізге ешкім зияндық жасап жолымызды бөгеген емес. Ендеше не сандырақ. Бұл адам сендердің тілдерінді түсінбей тұр. Ал, түсінсе не болмақ? Отты өз қолымызбен көсемейі. Келуіне қарағанда қызығушылық емес, түсінушілік көп сияқты. Қол ұшын созса, қол ұстасқан абзал болар.

Жылан: – Ой, қайдам? Бұлардан қандай қайран болар дерсің? Орайы келсе жерлерін жаулап алайық. Күш көрсетсек қорқақтап қалар (*жылан басы ысылдай түсіп, айыр тілін жсалақтатып Төстікке қарай ұмсына түсіп қойды*).

Арыстан (*сабырлы қалпын сақтап, бір рет гүр ете қалды*): – Қойыңдар бос сөзді. Бұл бекер келген жоқ. Тыңдайық сөзін. Адамдар жер бетінің айбыны. Олар шағып тастайтын жаңғақ емес. Қаны қарайса жыныңды жаныңмен бірге қағып тастайтын күш-қуат пен ақыл парасатқа ие жандар. Бір-екі тентектің сөзіне еріп, жер бетіне де сыймай қалып жүрмелік.

Кесіртке (*Төстікті маңғаздана бір айналып*): – Жерден, өзің сөйлес Төстікпен. Біз де білейік не үшін келгенін.

Төстік кейбір әрекеттерден татулық пен жаулықтың кезектесе түсіп жатқанын түсініп, іштей қынжылғанымен сезімін сыртқа шығармай жайбарақат тұра берді.

Жерден: – Төстік, мыналар сенің не үшін келгеніңді сұрап білгілері келеді.

Төстік: – Мен айтармын. Бірақ бұлар не дейді? Түсінбедім. Қимылдарына қарасам, дұшпандық көзқарас басымдау ма деп пайымдаймын. Не айтасың, Жерден?

Жерден: – Не айтушы едім. Оның рас. Кейбіреулері шаршап-шалдыққаннан болар, өшін кімнен аларын білмеуде. Бірақ, көбісі татулықты тілейді. Өз елдерінде жүрмегенін сезінеді.

Төстік: – Олай болса, менің сөзімді бірін қалдырмай жеткізіп тұр, Жерден. *(Жиналғандарға қарап қатқылдау үнмен)* Мен сендерге ақ көңіліммен келдім. Неге сонша қотарыла көшіп жер бетіне шықтындар. Қандай қиындыққа тап болдындар. Ол бізге беймәлім. Адамдардан, яғни бізден жер бетіндегілерден қандай көмек керек. Соны білуге келдім.

Жиналғандар *(барлығының да көңілдері көтеріліп қопаңдай бастады):* – О-о-о. Дұрыс. Рахмет!

Төстік: – Бірақ ескертейін. Біз жер бетін жайлап жатқан елміз. Жан-жағын татулықпен қорғап жатқан елміз. Дос көңілмен келсеңдер құшағымыз ашық, жаулықпен келсеңдер қылышымыз болмас жасық. *(қылышын қынабынан көтере тартып қайтадан сарт еткізіп орнына салып қойды).* Тыңдасаңдар, қасіреттеріне ортақтасып, бірге шешуге дайынбыз, қырсықсаңдар имандарыңды үйіруге де дайынбыз. Шешім өздерінде.

Арыстан: – Жерден. Жеткіз менің сөзімді, мына адамға. Төстікке қарап Рахмет саған адам баласы. Қиындықта жеген құйқаның дәмі кетпес аузыңнан, деп сендер айтқандай, қысылтаяң кезеңде қол ұшын берем дегенің жанымызды жайландырды. Ал айтар болсақ, жерімізді су басып қалды. Қайдан келіп жатқанын анықтай алмадық. Бізге қалған жалғыз жол – ол жер бетіне шығаратын үңгірдің ауызы ғана қалды. Басқа отандастарымызбен арамызды үлкен тау бөліп жатыр. Ол жаққа су жете қойған жоқ, бірақ өтер жолды жауып қалды. Амалсыз жер үстіне шығуымызға тура келді. *(Жерден айтылған сөзді түгелдей Төстікке жеткізеді).*

Төстік: – Ендеше, бүгін демалыңдар. Ертең ертемен анықтармыз. Таң шапақ бергенде жолығайық. Келістік па?

Жерден *(бәрімен ақылдасып алып):* – Келістік.

Төстік: – Сау болыңдар. Атының басын бұрып алып, өз адамдарына қарай шауып кетеді.

Ауыл. Адамдар шуласып, ары-бері жүгірісіп, азан-қазан болып жатыр. Кейбіреулерінің қолдарында кетпен, күрек, айыр, балта. Төстіктің жолына бір шал кездесіп қалады.

Төстік: – Оу, жарқындарым, не болып қалды? Неге сонша шуылдасып жатырсындар?

Шал (*қолын ауылдың арғы шетіндегі өзенге қарай сілтей түсіп, шырылдай*): – Ойбай, Төстікжан. Анау, өткел бермей, арқырап ағып жатқан өзен сарқылып, шылжыраған бұлақ суындай ғана болып қалды. Түсінбей жатырмыз. Су қайда кетті? Біз не істейміз? Көшеміз бе, білмеймін?

Төстік: – *шалдың екі иығынан сипалай ұстап* Сабыр, ақсақал. Мен түсіндім. Не де болса ол су жер астына жол тауып кетіп жатыр. Арт жағындағы қыратқа қарап Анау қыраттың асты тола жерасты жан-жануары. Сыртқа шығыпты. Жерімізді су басып қалды деп. Ертең бәрін анықтаймыз.

Шал (*мазасыздана түсіп*): – Олар бізге тиіспей ме? Іштерінде неше түрлі бақа-шаяндар бар дейді.

Төстік: – Қорықпаңыз. Тиіспейді. Барып хал-жағдайларын біліп қайттым. Сіз одан да мына даурыққан жұртқа айтыңыз, сабыр сақтасын. Барыңыз, айтыңыз.

Шал артына жалтақтай қарап кетеді.

Арайлана таң атты. Төстік ауыл шетіндегі қыраттың үстіне шықты. Ауылдан ауыл ақсақалы бастаған оншақты адам келді. Арғы жақтан жиналып жануарлар мен жәндіктердің топбасылары жиналып келді.

Төстік (*жиналғандарға қарап, тамағын керней түсіп*): – Мына судың әлегі тек сендер емес бізге де үлкен қиындық туғызуда. Ауыл шетіндегі өзеніміз сарқылып қалыпты. Аландап отырмыз. Не болғанын ешкім білмейді. Кім не айтады, кімде не ой бар? Айтындар.

Жерден: – Оу, Төстік, шырағым. Біз жақтағылар не біледі? Жер бетін мекендеген сендер білмесендер. Шешімін өзін айт. Біз бәріне де келісеміз. Тек сына судың ілегінен құтылсақ болды.

Ауыл ақсақалы: – Төстік, шырағым. Сені біздің елге Тәңір айдап келген болар. Еліңе қайтамын деп отырсаң да таң шапағымен елді жинап жағдайымызды ойлап, көмектесіп жатқаныңа рахмет, азаматсың! Ал енді, бұл өзеннің бойымен жоғары тауға қарай өрлей жүру керек сияқты. сол жақтан арнасы өзгеріп кеткен болар.

Шал: – Ақсақал, дұрыс айтасыз. Біз де солай ойлаймыз.

Жерден: – Біз де қосыламыз сөзіңізге, ақсақал. Солай болуы мүмкін. (*жанындағы жолдастарына қарай түсініксіз нәрселерді шүлдірлей айтып жатты. Бәрі қостағандай бас изесіп те басқалай да ишарат білдіріп жатыр*). Біз жағы бәріне де дайын, қолдап отыр.

Төстік: – Онда бірге барғысы келетіндер сол жаққа шығындар. Тауды өрлей, өзенді бойлай жоғары көтерілеміз. Көп адам керек емес, аздаған топ жеткілікті. Барып, анықтап келейік. Сосын жиналып шешім қабылдармыз.

Жиналған топтың біразы солға ойысты. Сол топты жиып алған Төстік өзен арнасын жоғары қарай бойлай жүріп кетті. Өзен арнасы қыраттардың арасынан жылыстай өтіп, таудың сайларын бойлай жоғары көтеріліп, шатқалдардармен жарысып шындарға қарай өрмелеп барады. Жағалаудың кей жері жайпақ тегіс болса, енді бірі тастармен көмкерілген өте тар, ал кейбір жерлерін айналып өтуге болмаса арқан байлап өрмелеп өтуге тура келуде. Төстіктер жүріп келеді. Жан-жануарлардың көбісі шаршап ілесе алмай ілбіп келеді. Тек қайтпас қайсар құмырсқалар басшысы ғана Төстікке ілесіп келеді. Міне тау басынан арқырап құлай ағып жатқан сарқыраманың сұлбасы көрінді. Барлығы бір-біріне сарқыраманы нұсқай көрсетіп көңілденіп қалды. Жүрістері ширақтап лезде жетіп келді. «О, тоба». Құлаған өзен суы арқыраған бойы сарқырамадан жүз қадамдай жерден жол тауып жер астына кетіп жатыр. Аз ғана шашыранды сулар ғана тесіктің бергі бетіне жетіп өзенмен ағуда. Мына көріністі көргендер, жер астында көп судың қайдан пайда болғанын түсінгендей үнсіздік. Әлден уақытта барып есін жинағандар:

Аю (*қорбаңдай гүрілдей түсін*): – Мына суды тоқтату керек. Қалай тоқтатамыз?

Жылан: – Иә, қалай тоқтатамыз?

Қырықаяқ: – Тастармен толтырып тастайық.

Арыстан: – Мына арқыраған суды тоқтатуға қанша тас керек? Оны кім көтере алады?

Құмырсқа: – Мен көрейін. (*Анадай жерде жатқан дәу тасты алып тістерімен көтеріп алған құмырсқа бар күшімен өзен арнасына лақтырып жіберіп еді, сумен бірге шұңқырға сіңіп жоқ болды*). Мынауымыз түк те болмады ғой.

Бүйі: – Мен көрейін, арқаныммен шырмалай орап тастайын, не болар екен. (*Өзінің құйрығынан шығаратын арқандай жуан шырмауық жібімен үлкен тасты шырмай орап алған алып бүйі алты аяғын өзеннің екі жағасына тіреп тасты тартып тесікке қарай туралап тастай беріп еді, таспен бірге суға құлап жоқ болып кетті*).

Жан-жануарлар мен жәндіктер не істерін білмей қапаланып тұрып қалды. Қолдан келер амал жоқ. Суды тапты, тосқауыл болатын шама жоқ. Қайғы үстіне қайғы қосылып, ұнжырға түсіп, үрейлене бастады.

Төстік: – Жерден, айт мыналарыңа. Бекерге, босқа қайғыра бермесін. Құмырсқа, сен, мен үшеуімізден басқасы қайта берсін. Біз жоғары шығып барлап қайталық. Сосын бір шешімін табармыз.

Жерден: – Төстік сендерге қайта берсін деп жатыр. Біз құмырсқа үшеуіміз амал ойластырып көрелік. Сосын шешімін айтамыз. Үйіріліп тұра бергеннен пайда жоқ. Сендер қайтыңдар. Біз жоғары кетеміз.

Үшеуі өзенді жағалай жоғары өрмеледі. Өрмелеген сайын жол қиындап барады. Алдарын жаба кездескен қойтастарды біртіндеп жолдан алып болмаса айнала өтіп көтеріле түсуде. Ауа райы да бұзыла бастағандай, суық жел сезіле бастады. Олар тау айрығына да келіп жетті. Мына жерде тау шатқалы екі айрылып, екінші терең сай пайда болды. Табанында шылжырап қана су ағып жатыр. Бұл арқыраған өзеннің ернеуінен асқан аздаған ғана су еді.

Төстік (ойланып тұрып): – Мына сайды көріп тұрсыңдар. Осы сайға өзеннің арнасын бұруға болатын сияқты. Сонда су осы арнамен кетіп, ескі арна судан босайды да, сендер топан судан арыласыңдар. Бірақ бұл су қайда кетеді, соны анықтап алайық.

Құмырсқа: – Оны қазір-ақ аудара салмаймыз ба?

Төстік (қатқыл үнмен): – Жоқ. Олай болмайды. Біріншіден, үшеуіміздің шамамыз келмейді. Жаңа ғана судың екпіні мен күшін көрдің. Екіншіден, менің елім сусыз қалады. Ол жағын да ойлайық.

Жерден: – Сонда не істеуіміз керек?

Төстік: – Үшеуіміз мына сайды бойлай төмен түсеміз. Қай жерге дейін баратынын көрейік. Қалғанын сосын айтамын.

Жерден: – Ендеше кеттік.

Үшеу шатқалдың арасымен ирелендей жөнелген сайдың бойымен түсіп келеді. Тау аласарып, қыраттарға ұласады. Төстік алысқа көз жіберіп, жіті бақылап тұр.

Төстік: – Мына сай бізге табылған сый болды. Біз қайтадан жоғары тау етегіне дейін шығып байқастайық.

Жерден (түкке түсінбей мазасыздана шапылдап): – Нені байқастаймыз? Не байқайтыны бар? Сай былай кетті, әлі де кете береді. Мен шаршадым.

Төстік: – Жерден, сен уайымдама. Мына сай ауылдан қиыс кетіп барады. Біздің өзен мен екеуінің арасы әудем жер сияқты. Сондықтан, біз жоғары көтеріліп қай жерден сайдың арнасын өзенге бұруға болатынын анықтасақ, сендерге де, бізге де жақсы. Сендер судан арыласыңдар, біздің өзеніміз сулы болады.

Жерден: – Қойшы, қайдағыны айтпай. Өзен сулы болады...
(*мысқылдай күліп*) арасы жер мен көктей, қалай аудармақсың?

Құмырсқа: – Жарайды, Жерден. Шырылдамай қоя тұр. Тәстіктің бір ойы бар шығар, тыңдайық. Ал, Тәстік. Біз келісерміз. Бірақ сен оны қалай анықтайсың?

Тәстік: – Сендер алаңдамандар. Ондай тәжірибе адамдарда бар. Біз өзеннің жоғарғы тұсынан үлкен оман-арық қазу арқылы көздеген жерімізге су жеткізе аламыз. Міне, соны пайдаланудың кезі келді.

Жерден: – Ой, ой, ой. Оны кім қазады екен? Арық деген не? Осыншама үлкен өзенді бұрамын дейді ғой.

Тәстік: – Бұруға болады. Тек сендер келісіңдер. Сендер болып, біздер болып біраз қимылдасак бәрін де жасауға болады.

Жерден (*наразылығын жасыра алмай*): – Ал баста, көрелік, не боларын.

Құмырсқа: – Басқа ой жоқ, енді келіспеуге болмас. Баста, онда.

Үшеуі сай мен қыратты жерлерді бойлай жоғары жүріп, өзен арнасын жобалай жасап қайтады.

Жер жерді жайлаған жан-жануардың тобырында айқай шу өршіп тұр. Бүлікті бүйілер бүлік шығарып жатыр. Суға кетіп өлген басшыларын жоқтай жүріп, таудан түскендердің біразын шырмап байлап таптапты. Бүлік жалғасып жатыр. Айқай-шудан құлақ тұнардай. Жақын жердегі қырат үстінен Тәстіктер көрінеді. Оларды көріп қалған Арыстан:

Арыстан (*қатты дауыстай*): – Әй, тоқтаңдар. Өне, аналар келе жатыр. Сұрандар солардан, не болғанын. Бізге сенбесеңдер, солар айтар. Тоқтаңдар.

Бүйі (*долы ашуын баса алмай, шиқылдай түсіп*): – Келіңдер. Келсін бәлелер. Келіңдер. Енді мен сендерді өлтіремін. Шыдамсызданып, ары бері ойқастай қойқандап жүр.

Тәстіктер тобырға келіп қосылды. Бұлар келісімен бүйі бұларға да бас салды.

Бүйі (*шыдамсызданып, тәстіктерге қарай ұмтыла түсіп*): – Сендер менің ағамды әдейі өлтірдіңдер. Сондай күш иесі жаман бір тасты көтере алмай өзенге құлап кетті дегенге сенбеймін. Мен сендердің көздерінді жоямын.

Жерден: – Ей, Бүйі. Едіреңдемей сөз тыңда. Бұл жерде ешкімнің де кінәсі жоқ. Ол өзі құлады. Иә, рас. Тасты оңай көтерді. Бірақ тас арқырай құлап жатқан суға тигенде күші жетпей құлап кетті. Керек

116 десен, мына Құмырсқа да дәу тасты лақтырып жіберіп еді су жұтып жоқ қылып жіберді.

Бүйі (долданып): – Жоқ. Мен сенбеймін. Сендер оны өлтірген. Мен сені де, сені де, бәріңді өлтірем.

Жерден: – Сен босқа ақыра берме. Сөз тыңда. Сабаңа түс. Төстікке бұрыла түсіп мынау Бүйіні бәріміз әдейі қастандықпен өлтірдіңдер деп тұр. Бәріңді өлтірем дейді.

Бүйі (қайта бұрылып, ұмтыла): – Сен не дедің? Ал ендеше сазайыңды... *(Теріс айнала беріп құйрығынан арқанын шығара Жерденді шырмап орап тастады. Төстікке)* Қазір сен де өлесің.

Бәрі не істерін білмей аңтарылып тұр. Төстік мына дүлейден бір қауіптің жақындап қалғанын сезіп, арқасындағы садағын жұлып алды. Бүйі Төстікке ұмтылып арқанын лақтырып, аяғына орай бергенде садақпен арқанды көздеп тартып жіберіп, үзіп тастады да екінші жебені бүйінің жыбырлап ақыра түскен аузына қарай тартып жіберді. Заулаған жебе бүйінің аузынан кіріп желкесінен миын шаша бірақ шықты. Құлап бара жатқан бүйінің дөңгеленген үлкен қарнына тағы бір жебе қадалып, ішіндегі бар дүниесі аспанға шаншыла атылып, гүрс етіп өлі денесі құлап түсті. Аңтарылып қалған топтардың есі кетіп жым-жылас бола қалды.

Төстік: – Оу, жарандар. Тау шатқалында осы жердегі барлық топтардың басыелері болды. Ешкім ешкімге дұшпандық жасамағанына бәріміз куәгерміз. Сондықтан өзара қырқысуды тоқтатып ақылға келіндер. Болмаса бірінді бірін қырып салындар. Маған бәрі бір. Мен сендердің мүшкіл халдеріңе қарап көмегімді көрсетуге келдім. Мені дұшпан көрсеңдер қайтып кетуге әзірмін. Онда өз қотырларыңды өздерің қасындар.

Топта тұрғандар, басшыларын бүйінің арқандарынан босатып жатыр.

Арыстан (сабырлы қалтын сақтап): – Ол, не дегенің Төстік мырза. Бір ақымақтың ісі үшін бәрімізді жазғырма. Бүйілер қауымы да бізді қолдайды. Солай ма?

Бүйілер (қорқыныштарын баса алмай, шуылдасып): – Иә, иә, қолдаймыз.

Құмырсқа: – Төстік, ренжіме. Адам баласы бізге қарағанда ардақты да ақылды туған ғой. Мына топтарға айтарың бар сияқты еді. Айта бер. Құлағымыз сенде.

Төстік: – Онда тыңдаңдар. Тығырықтан шығатын жол бар. Ол үшін барлығың бірін қалмай менің айтқанымды істейсіңдер.

Тыңдамағандарды көз алдарында жойып отырамын. Ал менің ойымдағы орындалмай дұрыс болмай шықса, сендердің алдарында жанымды беруге әзірмін. Келісесіңдер ме?

Барлығы (*шуылдасын*): – Келісеміз, бәріміз де келісеміз.

Төстік: – Олай болса, мына суды басқа арнаға бұруға болады. Біз Құмырсқа, Жерден үшеуіміз жерлерді барлап келдік. Сонау қыраттың бойын бойлай, ана сайдың жалғасы ретінде өзен арнасын жасап мына өзеннің арнасына қосуымыз қажет. Сосын барып суды сол арнаға бұрамыз да мына арнаны судан босатамыз. Үңгірге кетіп жатқан су тоқтайды. Адамдар да сусыз қалмайды. Түсінікті ме?

Барлығы: – Иә, түсіндік.

Төстік: – Түсінсеңдер бәріміз жабылып істейтін жұмыс. Адамдар да көмектеседі. Бәріміз жабылсақ алынбайтын қамал жоқ. Сендердің елдерінді де қорғап қаламыз.

Барлығы (*шуылдай түсін*): – Баста онда Төстік. Біз бәріміз сенімен біргеміз.

Төстік: – Ал онда, іске сәт.

Тау бөктерінде қызу жұмыс. Төстік жиналғандардың барлығын мүмкіндіктеріне орай топ-топқа бөліп, оларға басшы ретінде адамдарды ұйымдастырып жұмысқа кірісіп жатыр. Жұмыссыз жүрген ешкім жоқ. Көртшықанға дейін жерді қопарып жатса, алып кесірткелер топырақтарды аузымен сыртқа шығарып жатты. Құмырсқалар үлкен қойтастарды тістеп алып арнадан аластатса, бүйілер бес алтау болып дәу жартастарды арқандарымен орап сүйрелеп сыртқа шығарып жатыр. Адамдар кетпендерімен арна жағалауларындағы тасіктерді топырақпен толтырып әлек. Басқа жан-жануарлар да қолдан келген істерін атқаруда. Жұмыс басы көңілді. Көңілді жүріп тез арада-ақ жаңа өзен арнасын дайындап бітті. Төстік енді, әр топтың күштілерін жинап алып, шатқалдарды бойлай жоғары өрмеледі. Жолда шаршағандарын демалдырып, жоғары шықты. Өзен суы ағып жатқан арнаның саймен қосылар жеріндегі денгейі биік. Бірақ сай жағын үлкен тас бөгет қорғай ұстап тұр.

Төстік: – Ал енді осы бөгет алынса су өз бетімен жаңа арнаға түсіп жөнкіле ағып кете береді. Осы жерді аршуымыз керек. Кімде қандай ой бар?

Тышқандар: – Біз тастардың астын қазғылап, босатайық.

Төстік: – Бәрімізге де жұмыс жетеді. Жерден жігіттерің біздің адамдармен бірге темір істіктермен, балталармен тастардың астын жан жағын майдалап бүйілердің арқандарын байлайтын орын жасаса.

Аю: – Иә. Бәріміз жабылып жатып қозғайық бұл тастарды.

Бәрі жабылып жатып арқандарымен тастарды орап, қозғай тартып тастарды орнынан жұлып-жұлып алып өзен жаңа арнаға бұрыла берді де ескі арнада су қалмай құрғап қалды. Жер асты өкілдерінің қуаныштарында шек жоқ. Бәрі жабыла әрі Төстікті қоршай шабытта-на шулауда:

– Төстік. Жасасын Төстік. Ер Төстік! Сенің атың бұдан былай Ер Төстік болсын! Ер Төстік! Ер Төстік!

– Біздің құтқарушымыз Ер Төстік!

– Ер болсаң осындай бол. Ақылына ерлігі сай Ер Төстік!

– Ешқашандаұмытпаймыз. Бізгекелсеңқадірліқонағымызболасың, Ер Төстік.

– Рахмет саған, рахмет! – деген алғыстар ен даланы көп уақыт жаңғыртып жатыр.

Бұл ерлік Төстіктің даңқын тек жерастына емес кең далаға да асырып жіберді.

Таңғы шақ. Күн ұясынан күлімдей көтеріліп келеді. Жазық далада емін-еркін жайылып жатқан жылқылар көрінеді. Төстік ертемен тұрып алып ағаларын оятуда.

Төстік: – Тұрындар. Жолға жиналайық. Ертерек шыққанымыз дұрыс болар.

Бекназар (*ұйқысын қимай қинала түсіп не болды таң атпай*): – Астыңнан су шықты ма? Жата тұрайық та.

Төстік: – Жоқ аға. Жол алыс. Ерте шықсақ біраз жерді еңсеріп қаламыз. Тұрындар. Жиналындар.

Бекназар: – Жарайды, айтқаның болсын. Тұрындар. Жолға шығайық.

Бекназардың сөзінен кейін барлығы орындарынан тұрып жиналып, жылқылар жатқан жерге келді. Тоғызы тоғыз жағынан шығып, қалың жылқыны айдай бастайды. Бірақ жылқы ұйлығып, бір жақты бет алып жүре қоймайды. Қанша айдаса да серпіліп, алғашқы айдаған жеріне қайтып келеді де отырады.

Төстік: – Бекназар аға, әкем айтып отырушы еді ғой: «жылқы малы үйір басы айғырдың, немесе жылқы басы ту биенің соңынан ереді», деп, есіңізге салыңызшы.

Бекназар: – Иә, дұрыс айтасың. Қалайша менің есімнен шығып кеткен. Жанболат жүгір, жүген алып кел (*Жанболат жүгіріп кетеді*).

Кебекбай: – Анау жирен айғырды ұстаймыз ба? Ол тіпті бас білмеген ұстата қояр ма екен.

Әділбай: – Әй, ол ұстатса да жетекке жүре қоймас.

Алданыш: – Жирен айғырды барлық жылқы тыңдайды деп ойламаймын. Одан да анау Барлық жылқының басы саналатын үлкен күрең биені ұстайық (*бұл кезде Жанболат жүгенді алып келеді*).

Бекназар: – Ал, ендеше, ұстандар ана күрең биені.

Жылқылардың арасынан күреңді тауып ұстап, жүгендеп, әрі ұзын шылбар тағып Бекназарға береді. Ол күреңді жетекке алып, қалың жылқыны бір айландырады да елге қарай беттейді. Қалың жылқы бұрынғыдай жан-жаққа бытырай қашпай, күреңнің соңынан ілеседі де отырады. Енді ешқайсысы да жылқы айдап әлек болмайды, күрең биені жетектеп жүре береді. Қалың жылқы шұбырып ереді де отырады. Судың тұнығын іше-іше, шөптің сонысын жей-жей, талай асқардан асып, талай шөлді басып, Төстігі бастап, Ерназардың сегізі аман-есен елдеріне келеді.

Ауыл үсті той. Бүкіл ауыл көңілді. Ән айтылып, жыр төгіліп, палуандар күресіп, балалар жарысып мәре-сәре. Қазан-қазан ет асылып, қымыз сапырылып, самаурындар иығынан демала бұрқырай қайнауда. Ерназардың бақыттан басы айналып есі шығып кеткен. Түйеден бура, жылқыдан айғыр, ту бие, қойдан қошқар, құнан қой сойып, қымызын, шұбатын көлдей ағызып, дастарқанын бір дуан елге жетердей мол етіп жайып тастаған. Ауыл ақсақал, қарасақалын, құда-жекжат, ағайын-туыс бәрін түгел шақырған. болады. Бәйге, көкпар, аударыспақ, қыз қуу кыза түсуде.

Ерназар (*елдің алдына шығып*): – Уа, ағайын. Бүгін менің өлгенім тіріліп, өшкенім жанған күн. Тоғызым аман-есен оралып төбем көкке жеткен күн. Тәңірдің біздің көз жасымызды көріп, шапағатын шашып, ұлдарымды өз ортасына қайтарған күн. Бүгін мен ерекше бақыттымын. Сол бақытыма ортақтасып жиналып, атсалыса тойлап жатқандарыңа рахмет! Жылап еңіреген күн артта қалды. Енді қуанышты бірге

120 бөлісіп жатырмыз. Бүгін той. Бірге тойлайық. Ешнәрсеге алаң болмай мерекелейік. Менің бар дүние-мүлкім алдарыңда. Қысылмандар. Алындар. Жеңдер. Ойнандар. Күліңдер. Бәрі сіздер үшін *(бетіндегі қуаныштың көз жасын сүртіп қойды)*.

Ауыл ақсақалы: Ерназар, бүгін тек сенің ғана емес, бәріміздің қуанышты күніміз. Қаншама уақыт сенің жүзіңнен күлкі табы білінбей, түндігің ашылмай қалған күндер, біздің белімізді қайыстырмады, жүзімізге мұң ұялатпады, жүрегімізді жаралап, көңілімізді суытпады дермісің? Міне, соның бәрі көрген түстей болып артта қалды. Бүгінгі шаттық күн бәрімізге ортақ. Балаларымыздың аман-есен елге оралғаны құтты болсын ағайын!

Шайпау *(кемсеңдей түсіп):* – Әй, Ерназар, кезінде Төстікке ұрсып, ағаларын іздеуге мәжбүрледің деп менімен араз болып едің, бәлем. Енді менің сол кездегі ашуымның уыты жоқ екенін көріп, Төстікжан бәрімізді қуантып, ағаларын елге алып келді. Қуаныштан кешеден бері менің де көз жасым тыйылмай отыр. Ұзағынан сүйіндірсін. Жастары ұзақ болсын шырақтарымының.

Ауыл адамдары *(шуылдасып):* – Құтты болсын! Ер Төстік жасасын! Бұл нағыз ерлік іс болды. Ерназар қуанышқа ортақпыз. Тоғызды Тәңір жарылқасын *(той туралы қуанышты тілектер жалғасып, ұзақ уақыт тойланып жатты)*.

Ерназар тоғыз ұлын аяқтандыру қамына кіріседі. Тоғызына тоғыз келіншек іздейді. Келінінің тоғызын бір үйден таппақ болып, ел қыдырады. Көп елді аралайды. Барған ауылдары жылы қабылдағанымен Ерназар ойлағандай тоғыз қыз бір үйден табылмайды. Әбден амалы таусылып әрі шаршаған Ерназар күдерін үзіп келе жатса, алдынан бір ауыл кезігеді. Ауылдың сырт жағында тезек теріп, ойнап-күліп жүрген бір топ бойжеткендерді кезіктіреді.

Ерназар *(жөн сұрамақ болып):* – Әй, қыздар, айналайындар. бері жақындандаршы.

Қыздар *(сықылықтай күліп, Ерназардан қаша түсіп):* – Қойыңызшы. Уақытымыз жоқ. Мына шалға не керек өзі?

Ерназар: – Әй, балалар. Жөн сұрайын деп едім. Қап мыналардың балалығын-ай. Қой ауылға барып сұрайын *(атының басын бұрып ауылға беттейді. Бұл ауылда қыз көп екен. Мүмкін бәрі бір үйден болар деп дәмеленген Ерназар, ауыл ортасындағы үлкен бір аппақ үйдің тұсына келіп)* Амансыздар ма? Құдайы қонақ едім. Кім бар екен?

Бәйбіше (үйден шығып екі қолын кеуде тұсына қоя иіле сәлем беріп): – Құдайы қонақ болсаңыз, аттан түсіңіз, ішке кіріңіз, төрге шығыңыз.

Ерназар атынан түсіп үйдің белдеуіне байлап, ішке кіреді.

Ерназар (төрге жайғасып жатып жан-жағына жіті көз жібереді): – Бәйбіше, үйлеріңіз кең екен, он екі қанатты ма, деймін?

Бәйбіше: – Иә, дөп бастыңыз. Отағасының арқасы ғой. Сіз демала беріңіз. Мен шайдың қамын жасайын. Қысылмай еркін отыра беріңіз.

Ерназар: – Рахмет, бәйбіше. Алыс жолдан шаршап келе жатыр едім. Шайыңыз дайын болғанша, қисайып, кішкене болса да көз шырымын алсам ба деп едім.

Бәйбіше: – О, не дегеніңіз. Дамала беріңіз. Мен де жылдамдатамын. Шәй қайнағанға дейін шөліңізді баса отырыңыз. Үлкен кесемен қымыз ұсынып Ерназар оны ішіп алады. Әйел үйден шығып кетеді.

Ерназар шөлін басып жан-жағына, үй жиһаздарына көңіл аудара бастайды. Барлық дүние-мүліктер өз орындарында жарасым тауып тұр. Бағамдап қараса, үй керегелерінің басында сегіз сырға ілулі тұр екен, Ерназар санай бастайды. Тура сегіз. Ары санап, бері санап сегізден асыра алмай, аласұрып мазасызданып, тіпті шыдамы таусылғасын еңкілдеп жылай бастайды. Сырттан самауырын көтеріп әйел кіреді. Ол жылап отырған қонағына қарап таңданысын жасыра алмай:

Бәйбіше: – Е, е, е мұныңыз қалай? Неге жылап отырсыз? Әлде бірнәрсе жақпай қалды ма?

Ерназар: – Жоқ бәйбіше. Бәрі дұрыс. Мен бір жоқ нәрсені іздеп, жоқты армандап жүрген жан едім. Сол арманым осы үйде орындалатындай көрініп еді басында. Артынша қуанышым су сепкендей басылып отырғаны. Содан көзімнен жас та шығып кетті білем. Сізге ешқандай өкпем жоқ (*күрсіне түсіп*), қу арман ғой бәріне кінәлі.

Бәйбіше: – Ендеше бөлісе отырыңыз. Біле отырайық. Болмаса, ыңғайсыздық сезіп отырмын.

Ерназар: – Сіз ыңғайсызданбаңыз. Айтайын. Айтсам, жылаған себебім: тоғыз ұлым бар, соған тоғыз қыз іздеп жүрген адаммын; тоғыз ұлымның бір әке-шешеден туғаны сияқты, тоғыз келінім де бір әке-шешеден туған болса деп жүрген бейбақпын. Бармаған жерім баспаған тауым жоқ. Еш жерден тоғыз қыз кездестірмей қиналған жайым бар еді. Мына керегелердің басындағы көп сырғаны көргенде,

122 тілегіме жеттім ғой деп қуанып қалып едім, санасам біреуі кем екен, соған налып отырмын.

Бәйбіше (*күле мүсін*): – А, сол ма еді? Арманыңыз зор екен. Кім екен сізге тоғыз қызын тоғытып бере салатын?

Ерназар: – Тоғызы да бір анадан болса, ара жіктері ажырамай, тату тәтті өмір сүрер дегенім ғой.

Бәйбіше: – Ендеше, жылама, тағы біреуі бар, әне тұр (*үйдің тұсбақанынан тағы бір сырғаны алып келеді*), Кенжекейімнің сырғасы еді, мұны сегіз қызымның сырғасына араластырмаймын, ана қыздарым бір төбе, Кенжекейім бір төбе. Сондықтан Кенжекейімнің (*сырғасы олардікінен бір бөлек тұрады сырғаны қайтадан орнына іліп қояды*).

Ерназар: – Сенің сегіз қызың бір төбе, Кенжекейің бір төбе болса, менің сегіз ұлым бір төбе, Төстігім бір төбе еді, Кенжекейің Төстігімдікі болсын.

Бәйбіше: – Сенің Төстігің қандай жігіт екенін мен қайдан білемін? Басқа сегіз қызымды берсем де Кенжекейімді көлденең көк аттыға ұстатып, өмірін қор ете алмаймын. Ол нағыз жігіттің сұлтанына лайық қыз.

Ерназар: – Ойбай, бәйбіше, Төстігім нағыз жігіттің сұлтаны. Оған тиген қыз қор болмайды, қайта зор болады.

Бәйбіше: – Немен дәлелдейсің?

Ерназар: – Немен деймісің? Күйеуіңнен сұра, мүмкін естуі бар болар.

Бәйбіше: – Күйеуім алыс сапарда жүр еді.

Ерназар: – Ендеше тыңда. Мен ол туралы көп нәрсе айта аламын. Сен тыңдай біл. Орта жолда сөзімді бөлме... (*Төстік жайлы ұзағынан сілтеп баяндап береді*).

Бәйбіше: – Ендеше былай болсын. Сіздің ұл Ер болса, менің қызым періште. Мен бас иемсіз шешім қабылдай алмаймын. Ал, енді Кенжекейімді өзің барып көрерсің. Менің көрсетуім ұят болар. Оның үстінде қызыл қамзол, басында үкілі тақия. Бірден танысыз.

Ерназар үйден шығып қыздардың дауысы шыққан жаққа беттейді. Ауыл үйлерінің арасымен жасырына қыздар жүрген жерге де жақындайды. Көп қыздың ішінде Кенжекей ерекшелене көрінеді. Ерназар өте риза. Қыз өте көрікті, хор қызындай. Аққұбаша келген, ұзынша бойлы, оймақ ауыз, күлім көз, қиғаш қас, пісте мұрын, тілерсегіне дейін төгілген мойылдай қара шаш, бейне бір салып қойған

суреттей. Күлімдеген көзінен жылылық нұрын шашып, жарқыраған жүзі айдай ашық, әрбір қимылы аққудың суда жүзген бейнесіндей әсер етті қарияға. Өз таңдауына риза болған Ерназар бәйбішеге асықты.

Ерназар (*дауысы көтеріңкі, өте көңілді*): – Әй, бәйбіше. Қызды көрдім. Менің Төстігіме лайық екен.

Бәйбіше: – Менің қызым өте тәрбиелі. Бір жан тұла бойынан да ақыл парасатынан да титімдей де мін тауып көрген емес. Сондықтан да Кенжекейім бір төбе болып, ерекше тұруға лайық.

Ерназар: – Ер Төстігім мен Кенжекей қосылса бүкіл елдің ырыс берекесі болар еді. Қалған сегіздер осыларға арқа сүйеп бақытты ғұмыр кешер деп ойлаймын.

Бәйбіше: Иә, Кенжекейім осы қыздардың ұйтқысы. Бәрі осының ауызына қарап айтқанын орындайды. Сондықтан да кейін тұрмысқа шыққанда да бірге болса деп армандаушы едім.

Ерназар: – Оу, бәйбіше. Ендеше арманым орындалды дей бер. Екеуіміздің тілегіміз де ойымыз да бір екен. Ендеше қарияңызбен ақылдасып, сұхбаттасыңыз. Жақсы хабар әкеліңіз. Мен сосын сөйлесейін ол кісімен. Алла қаласа құда түсіп құдандалы болайық.

Ерназар тоғыз қызға құда түсіп еліне қайтқалы да біраз уақыт өтті. Перінің қызы Бекторының тұрағы. Жер жаһанға Төстіктің аты жайылғалы Бекторыда ес жоқ. Бар арманы Ер Төстікті қолға түсіріп, бірге өмір сүру. Өзінің қарамағындағы бүкіл перілерін жинап алған. Бұл перілер қажет кезінде неше түрлі бейнелерге ене алатындар. Бекторы перінің жалғыз қызы болып ерке өсіп, айтқанын істетіп, айдағанын жүргізіп үйреніп қалған, адуынды әрі тәкаппар қыз. Қол астындағы жын- шайтандарының барлығын ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап үйреніп қалған қатыгез. Жанында жүргендердің барлығы өлердей қорқады. Бекторының билігіне жүгінгендердің барлығы жер бетінде де жер астында да оның билігін жүргізіп, айтқандарын істетіп үйреніп қалған. Бекторы не қаласа соны алып келеді, не тапсырса соны орындап тастайды, қырып кел десе қырып, жұтып кел десе жұтып жібереді.

Бекторы (*жиналған неше түрлі кейіпке енген перілеріне бір қарап алды да*): – Ал, перілерім, сыналатын кез келді. Адамдардың ішінде келбетті де сұлу келген, өте батыр, атағы жер жарған Ер Төстік де-

124 ген жігіт бар. Ол тек қана маған жар болуға лайық. Оны әкесі Ерназар Кенжекей деген бір қызға атастырып, құда түсіп алып бермекші. Біз бұған жол бермеуіміз керек. Мен тұрғанда адамның қызы қалайша күйеуге шықпақшы. Ол болмайды, болдырмаймыз да. Ерте-рек қамданып, бар мүмкіндігімізді пайдаланамыз, дайын болыңдар. Ертеңнен бастап іске кірісеміз. Менің барлық айтқаным орындалатын болсын.

Ерназар құдаларында қалған келіндерін алып қайтуға тоғыз ұлымен келеді. Қаншама түйелерге артқан қалың мал жүктері, үйірлі жылқылары, қоралы қойлары бар, артынып тартынып, құдалар аулына қарай беттеп келеді. Алдарынан кездескен биік белестен асты. Белестің етегі көкорай шалғынды, мәуелі бақты, қайнар бұлақты жанға жайлы жер екен. Алыстан келе жатқан қауымға нағыз демалып алатын жер.

Ерназар: – Бекназар. Мынау бір демалуға қолайлы жер екен. Жол жүру де шаршатты. Былайырақ барып тоқтауға ыңғайлы жер қарап кел, біраз тынығып алайық.

Бекназар: – Жарайды әке. Шынында да, бәріміз де шаршадық. Демалғанымыз дұрыс болар. Әй, Кебекбай, жүр менімен. Анау жерге барып көрелік. Мәуелі ағаштары мол бақ сияқты, тыныстауға орын табылып қалар. Кеттік (*Кебекбай екеуі аттарын шоқақтата жөнеледі. Жан жағына жіті көз салып алдында келе жатыр*).

Кебекбай: – Аға, алдыңызға қараңызшы. Қаз-қатар тігілген шатырлар ма қалай? Ауыл бар сияқты.

Бекназар: – Иә, солай сияқты. Қандай ауыл болды екен? Екеуі бір біріне қарасып болғанша тал арасынан торы байталға мінген сыландаған сұлу қыз алдарынан шығып, иіле сәлем беріп, ілтипатты көңілмен қарсы алады. Бұл перінің қызы Бекторы еді.

Бекторы: – Амансыздар ма? Жолдарыңыз болсын. Қайдан жүрген жансыздар?

Бекназар: – Амансыз ба? Біз алыстан келе жатқан жолаушылар едік. Мына саябақтан демалатын орын іздеп келеміз.

Бекторы: – Екеуден екеуіңіз-ақ, не бітіріп жүрген жансыздар?

Бекназар: – Жоқ біз екеуіміз-ақ емеспіз. Бір қауым елміз. Қалғандары бізді күтіп анау биіктің етегінде тұр. Біз қолайлы жер іздеудеміз.

Бекторы (*таңырқаған бейне көрсете түсін*): – А, солай ма еді? Біздің жақта жолаушылар өте сирек кездеседі. Байқаймын, суыт келесіздер, жүздеріңізден шаршағандық сезіліңкірейді.

Бекназар (*дұрыс айтасыз*): – Біраз болды жолға шыққалы.

Бекторы: – Онда құдайы қонақ болыңыздар. Міне алдарыңыздағы менің ауылым. Көңіл сыйса бәрі де сыяды. Ежелден қонақжай елміз. Келіңіздер. Төріміз сіздерге ашық.

Бекназар: – Ниетіңізге көп рахмет! Біз көппіз. Ыңғайсыздау болар.

Бекторы: – О, не дегеніңіз? Ауылдың іргесіне келген қонақтарға нан ауыз тигізе алмасақ, ата-баба дәстүрін сақтай алмай, құдайы қонақтарды күте алмай, далаға түнетсек, елдігімізге сын болар. Болмайды оларыңыз. Құдайы қонақ боласыздар.

Бекназар: – Жарайды. Біз барып үлкендерімізбен ақылдасып келейік. (*Атының басын бұра береді*).

Бекторы: – Ақылдасатын түк жоқ. Барлығын ертіп келіңіздер. Мен күтемін. (*Екі жақ та аттарын бұрып жүріп кетеді*).

Бекторы да Кенжекей сияқты өте сұлу. Бірақ пері болғасын кездескен жағдайға қарай өзгеріп, бірде айдай сұлу болса, енді бірде қатыгез долы қатын, енді бірде мыстан кемпір кейпіне де ене салуы оп-оңай шаруа. Бүгін қаншама сұлуланғанымен, жүзінен бір суықтықтың табы білініп, жүзінен ызғар шашқандай сезіледі. Ер Тәстік туралы көп естіп, көп білгені соншалықты, оның осы сапарға шыққанын да біліп, алдын ала қамданып, жолын тосып жатқан беті. Алдын ала бәрін ойластырып қойған. Арманы тек бір көру.

Ерназар бүкіл адамдарымен шатырларға келді.

Ерназар (*ауыл ішіндегі ең биік ақшаңқан шатырға келіп аттан түсіп ішке енеді*): – Амансыздар ма? Құдайы қонақ едік.

Бекторы (*алдынан жүгіре басып шығып, иіле сәлем беріп*): – Хош көрдік. Төрлетіңіздер. Құдайы қонақ болсаңыздар, төріміз дайын. Жоғары өрлеңіздер.

Ерназар: – Рахмет! (*Төрге шығып жайғасады Жанындағылар да жайғасады. Бұлардың ішінде Ер Тәстік те бар*).

Бекторы Ер Тәстікті көріп бойына ғашықтық сезім ұялайды. Перінің қызы мынандай көрікті де батыр, ақылды да алымды жігітті қарапайым бір қызға қыйғысы келмейді. Қалайда Ер Тәстікті өзіне жар етудің амалдарын ойластыра бастады. Орайлы сәтті күтеді. Ер Тәстік шатырдан шыққан мезетте оны кездейсоқ кездестірген кейіп танытады.

Бекторы: – Оу, жігіт! Сәл іркіліңізші. Қалай демалып жатырсыздар? Бәрі дұрыс па?

Ер Төстік (*табан астынан шыққандай дауысқа елең ете қалған ол жалт қараса аса келбетті бір қыз күлімсірей қарап, иіле ізет жасап тұр. Аңтарылып тұрып қалады да сасқалақтай*): – Жаксы. Бәрі жаксы.

Бекторы: – Менің атым – Бекторы. Үйіме қонақ етіп, аттарыңызды білмегенім ұят болар.

Ер Төстік: – Мен – Төстікпін.

Бекторы: – Есіміңіз қызық екен. Неге олай қойған?

Ер Төстік: – Оны ата-анамнан сұрау керек шығар.

Бекторы: – Жоқ маңызды емес. Бұрын естімеген екенмін, ондай есімді. Соншама көп кісі артынып-тартынып қайда барасыздар? Әлде көшіп келесіздер ме?

Ер Төстік: – Жоқ. Құдалыққа барамыз. Әке-шешеміз ағаларыма қыздар атастырып қойған екен, сонда барамыз.

Бекторы: – Сонда сізге де атастырған болды ғой?

Ер Төстік: – Иә, солай сияқты.

Бекторы: – Ол қызды көріп пе едіңіз? Сұлу болар?

Ер Төстік: – Ол жағын білмедім. Әкемнің айтуынша жаман емес сияқты.

Бекторы (*наздана, сызыла, керіле түсіп, күлімден*): – Менен де сұлу ма?

Ер Төстік: – Ол жағын білмедім. Бірақ сіз сұлусыз.

Бекторы (*сылқылдай күле түсіп*): – Байқаңыз. Көңіліңізден шықпаса, ораларсыз.

Ер Төстік: О, не дегеніңіз? Бара көрерміз.

Бекторы (*көңілді болуға тырысса да жүзінен суықтық лебі сезіліп қалады*): – Жә, көңілге алмаңыз. Қалжындап жатқаным ғой. Бара көрерсіз.

Ер Төстік: – Жарайды. Уақыт көрсетер. (*Бұрылып жүре береді*).

Ер Төстіктің көңілінде жылт ете қалғандай болған сезім қыздың бойындағы суықтық лебі байқалысымен, суынып, бойын жылдам жыйып ала қойды да, жәй құрбыларымен сөйлескендей сыйластықтан арыға бара қоймады.

Бекторы (*Ер Төстіктің артынан қарап тұрып, өзіне өзі*): – Әзірге бара бер. Қайтар жолда кездесерміз сен бәрі бір меніке боласың.

Кенжекейдің ауылы. Қыз ұзату тойының рәсімдері өтіп жатыр. Өзен бойын жағалай қоныстанған аппақ киіз үйлер қаз-қатар тігіліп көздің жауын алардай. Неше түрлі ойын-сауықтар өткізіліп жатыр. Ары бері сапырылысқан жұрт. Бәрі көңілді. Ер Төстіктің ойында Кенжекеймен орайын тауып кездесу. Бұлардың кездесуіне ешкім тыйым салып жатқан жоқ. Тек бойға біткен инабаттылық қана тежеңкіреді. Ер Төстік Кенжекейдің үй жағына ұзағырақ көз салып үзіле қарап қояды. Міне, сызыла басып үйден Кенжекей де шықты. Ер Төстікке Кенжекейдің әрбір басқан қадамына дейін, әрбір қимылына дейін ерекше болып көрінуде. Қыз өте сұлу. Ол бойындағы бар күш-жігерін жинақтап, бойын түзеп, Кенжекейге қарай жүрді. Міне, жақындап қалды. Қанша батыр, батылды болса да бойын бір қобалжу билеп алған. Кенжекейдің қасына да жетті.

Ер Төстік (*жүрек дүрсілін баса түсіп*): – Амансыз ба, сұлу қыз?

Кенжекей (*оның келе жатқанын алыстан-ақ байқаса да, сыр білдірмей, жалт қарағандай, тез мойын бұрып*): – А, сіз бе едіңіз? Саулығыңызды тілеймін.

Ер Төстік (*сөзді неден бастарын білмей сасқалақтай түсіп*): – Ауылдарыңыз өзен жағасына, көкорай шалғын жақсы жерге орналасқан екен. Біраз аралап көрейін деп едім.

Кенжекей: – Иә, біз жаз жайлауында осында көшіп келеміз. Маған ұнайды. Өзен, көлі бар, көкорай шалғын. Ауасы жұпар, керемет жер.

Ер Төстік: – Иә, көріп тұрмын. Өте көрнекті жер екен. (*Қобалжуы біраз басылып*) Құпия болмаса, есіміңіз кім болады?

Кенжекей (*танып тұрса да танымаған кейіп танытып*): – Мен бір үйдің кенжесі болғасын атымды Кенжекей деп қойған.

Ер Төстік (*бұл да білмегенсіп*): – Кенже... Кенжекей...

Кенжекей: – Неге сонша таңдандыңыз? Сіз кім боласыз.

Ер Төстік: – Менің атым – Төстік.

Кенжекей: – А, Ер Төстік деген сіз боласыз ба?

Ер Төстік: – Иә, елдер солай дейді, ал өз атым – Төстік.

Кенжекей: – Неге онда Ер Төстік дейді.

Ер Төстік (*ыңғайсыздана түсіп*): – Қайдан? Солай дейді ғой әйтеуірі.

Кенжекей: – Қандай ерлік жасап едіңіз? Ел бекер айтпайды ғой.

Ер Төстік: – Дәріптейтіндей ешнәрсе жоқ. Ел мақтағысы келсе айта береді ғой. Оның үстіне ең кенже болғасын Ер болсын деп, ерке-летіп, қойған болар.

Кенжекей: – Жарайды. Айтқыңыз келмей тұрған сияқты. Қинамай-ақ қояйын.

Ер Төстік: – Егер уақытыңыз болса бірге біраз серуендеп қайтсақ. Мына ауылдарыңызға шынымен қызығып тұрмын. Анау өзен жақтытамашалап көрелік.

Кенжекей: – Қонағымыздың месмеселі қайтпасын. Жүріңіз, біраз қыдыртып келейін.

Екеуі ауыл сыртына қарай аяндайды. Өзен жағасында сырласып ұзақ жүреді. Кенжекейді алғаш көргеннен ұнатқан Төстік онымен күнделікті кездесіп, ұзақ сырласа жүріп, қыздың бойындағы мейірбандық пен жылылық сезімді ұғынып, асқан ақыл иесі әрі кеңпейіл жан екенін сезініп, оған деген махаббаты ұлғая түсіп, құмарта түсті. Қыз да Төстіктің бойындағы қасиеттерін ұнатып, жақындай түсіп, «кет ары» еместігін білдіреді. Тіпті жеке кездесіп бір-біріне уәделерін берісіп те үлгерді.

Ер Төстік: – Мен өз әкеме ризамын. Ел қыдырып, қалыңдық іздеп өзіндей қызды тауып бергеніне.

Кенжекей: – Дұрыс айтасың. Менің де, сендей жігітті тауып бергені үшін ол кісіге алғысым мол.

Ер Төстік: – Енді бізді ешбір адам ажырата алмайды. Мен оған уәде беремін.

Кенжекей: – Сенімен бірге өмір бойы ғұмыр кешіп бір жүруге мен дайынмын.

Ер Төстік: – Біз бақытты боламыз.

Кенжекей: – Мен сол бақыттың бесігінде тербетілуге дайынмын.

(Екі жас қол ұстасып батып бара жатқан күн көзіне қарап ұзақ тұрады).

Жастардың бір-бірімен шүйіркелесіп, тіл табысып жүргенін көрген екі құда да өзара келісіп, құдалық рәсімдерін жасап, той тойланады.

Кенжекейдің әкесі қыздарына жеке-жеке еншілерін дайындап, жасауларын жасатып жатыр. Кенжекейге де бір қора жылқы, түйе, көп жасауы даярланған. Анасы соны айтып отыр.

Бәйбіше: – Қызым. Ақ босағадан аттап, болашақ бақ босағаңа аттанғалы отырсың. Барған жеріңде бағыңның ашылуын тілейміз. Ұзатыларда жасаусыз қыз болмайды. Әкең сенің жасауына бір үйір

жылқы, келе түйе, бір қора қой даярлап отыр. Менің де жасап қойған мүліктерім бар. Барған жерінде жарқырап жүр.

Кенжекей (*шешесін құшағына алып*): – Апа, әрине, рахмет! Ризамын. Бірақ маған осыншама мал, мол дүние керек емес. Әкемнің алақанында аяланып, ерке өскен сүйікті қызы едім. Менің еншімді өз таңдауыма рұқсат берсін.

Бәйбіше (*шоши түсіп жалт қарайды*): – Қой, балам. Ол не дегенің? Әкеңді ренжітіп алармыз.

Кенжекей (*шешесін қайта құшақтап еркелей түсіп*): Жоқ, апа. Ренжімеңіздер. Бір еркелігімді көтеріңіздерші. Мына мыңғыраған малды өздеріңе қалдырып, маған жылқыдан Шалқұйрықты, жасаудан Ақсырмалды сауытты, түйеден Құба інгенді берсеңіздер болғаны.

Бәйбіше (*таңданысты қалыпта сыбырлай сөйлеп*): – Жарайды. Мен әкеңмен сөйлесіп көрейін. (*Бұрылып үйден шығып кетеді*).

Шалқұйрық шын мәнінде ерекше жануар. Бойы биік, омырауы аяқпай аяқтары тартылған сымдай, аққу мойын кеудеден жуан болып басталып басқа жақындаған сайын иіле түскен, жалы жалтылдап кішкентай ғана басындағы кекілі самал желмен желкілдеп, тостаған қара көздері тұңғыықтана түскен. Шапқанда артынан шаң ілесе алмайтын әрі алдына жан салмас нағыз дүлдүлдің өзі. Қанша аш болса да жаман шөп пен лас су ішіп көрмеген, қаншама қиын болса да айларға төтеп беретін, айлық жолдарды бір күнде жүріп өтетін, екпіні дауылдай тұлпардың нағыз өзі.

Құба інген келе түйелердің басы. Аруананың өзі. Екі өркеші еш кезде де майыспай мұзтаулардың шыңындай қақайып тұрады. Денесін басқан қалың шудасы қандай суық болса да дес беретін, жүрісі маңғаз, басқа түйелерге бақырып, шақырмай-ақ жайлап мойын бұрып қарағаны жеткілікті болып олар алдына түсіп жорғалай беретін. Бір өзі пәленбай жүкті көтеріп, кез келген шөл-шөлейт далалардан, құмдар мен құмдауыттарды елемей еркін өтетін нағыз алпауыттың өзі.

Ақсырмал осы елдің бабаларынан қалған мұра. Шың болатты жіптей иіп, торкөздендіре тоқып жасалған, қас шеберлердің қолымен тоқымасының жігі білінбестей етіп жасалынған сауыт қаншама баатыр бабалар мен аталар киіп талай айқасқа түссе де бір торы тесілмей, бір тоқымасы сөгілмей төтеп беріп, талай ердің жанын сақтап, қорған бола білген ерекше жәдігер.

Кенжекей ойланып отыр. Сырттан әкесі мен шешесі кіреді.

Әкесі (*ренжулі кейіпте*): – Қызым. Ақ босағаннан аттағалы отырсың. Қыздарымның бәрі жақсы. Бірақ сен солардың ішінде бір

130 төбе, өзім ерекше жақсы көретін сүйікті де, сүйкімді қызым едің. Еркелеттім, өсірдім. Бетіңнен қақпадым. Балғын болдың, бал болдың. Жасауыңды да ерекше етсем деп едім. Соның барлығын байлығымның тасып бара жатқанынан емес, саған деген аталық мейірімнің артқанынан жасап отырмын. Ал, сен не дедің? Әлде Ерназардың байлығы жетеді дегенің бе? Бәрінен бас тартып, Шалқұйрық атты сұрапсың. Шалқұйрық жылқымның құты, құтқа қыз ие болған жер бар ма екен? Құба інген түйемнің басы, түйемнің басын сұрағаның не, ондай түйеге артарың бар ма екен? Ақсырмалды сауыт атадан ұлға қалатын мұра, мені ұлы жоқ қу бас дегенің бе? Отбасының құндылықтарына қолқа салғаның не?

Кенжекей: – Әкетайым! Босқа ренжімеңізші. Ренжітер ойым жоқ. Дүниеге келтірдіңдер, өсірдіңдер, бақтыңдар. Ержеткізіп еркелетіп, қиындық көрсетпей мәпеледіңдер. Рахмет! Менің Шалқұйрықты сұрағаным, ерге лайық тұлпар еді. Әке, Төстік енді сенің ұлың болды, сондықтан жас, жігерлі ер мінсін деп едім; Құба інгенді сұрағаным, сол ер қосын артсын деп едім; Ақсырмалды сауытты сұрағаным, Ер Төстік ел қорғайтын батыр еді, денесіне жара түспесін, сол ер кисін деп едім, Төстікті өзі баласындай сезініп, өзегінен теппес деп ойлайғаным.

Әкесі (*Кенжекейдің ақылына разы болып әрі сөзінен жеңіліп*): – Ризамын, қызым. Ақылдым менің. Ақылың асып, көңілімді орнына түсірдің. Қалауың сол болса бердім. Менің құттым да, барым да, байлығым да, артымдағы мұрам да өзің екенсің. Көзім жетті. Ризамын. Ал енді, қайын атаңа айта бар, Сорқұдықтың басына көшін қондырмасын, қондырса кесір болады, ол жер жын-шайтандар жайлаған, ырымы жаман жер, абайласын.

Төстіктің қайтар жолын аңдып күтіп, пері қызы Бекторы жатыр. Алғашқыдай кең сарай емес, кішкене ғана лашықты жар басына тігіп, кемпірдің кейпіне еніп алған. Келіндерін алып мерейі тасып келе жатқан Ерназар көші осы лашыққа тап келген еді. Көш тұсынан өтіп бара жатқан кезде кемпір кейпіндегі Бекторы лашығынан шығып, Кенжекейдің жанына жақындай келіп:

Бекторы:

Сүйген жарың Ер Төстік,
Құтты болсын, Кенжекей!
Мінген де атың Шалқұйрық,

Құтты болсын, Кенжекей!
 Артқан да түйең Құба інген,
 Құтты болсын, Кенжекей!
 Кигенің сауыт Ақсырмал,
 Құтты болсын, Кенжекей!
 Жар басында демесең,
 Жарты лашық демесең,
 Біздің үйге түсе кет,
 Көбікті саумал іше кет,—дейді.

Кенжекей (*Кемпірдің шымшылап, тиісе сөйлегенін жақтырмай әрі қайрылмай*):

Кездескен жолда апатай,
 Сөзіңе сенің кім сенді.
 Жолымды менің бөгемей
 Шайпау сөзді қой енді.
 Келін боп кетіп барамын
 Өз жарымды сүйгесін,
 Мінген атым Шалқұйрық,
 Өз атыма мінгенмін.
 Артқан түйем Құба інген,
 Өз түйеме артқанмын.
 Киген сауытым Ақсырмал,
 Өз еркіммен кигенмін,
 Жар басында демейін,
 Жарты лашық демеймін,
 Үйіңе, кешір, түспеймін,
 Бал берсең де ішеймін.
 Жолымды менің бөгемей,
 Шайпау сөзді қой деймін!

Бекторы (*тісін қайрай түсіп, өзімен-өзі сөйлесіп қала берді*):
 – Жарайды, бәлем Кенжекей, енді сенімен болар ісім, бәрібір өз ойлағаным жетермін.

Кенжекейдің мына қылығы мен сөздері ұнамай ызаға булыққан Бекторы жандайшаптары мен жалмауыздарын жинап алып, жеке-жеке тапсырмалар беріп, Төстікті қолға түсіру мен Кенжекейді қара сазға отырғызудың амалдарын жоспарлап ақылдасады. Жалмауыздарын іріктеп, ең айлалы, ең айбарлы, ең күшті дегендерін іріктеп, кез келген уақыт пен жағдайларға дайын болып, тапсырмаларды дер кезінде орындауға міндеттейді.

Ерназардың көңілді күмбірлеген көші Сорқұдықтың басына келіп жетіп, қонуға бейімделеді. Кенжекей мен көмекші қызы оңаша ат үстінде.

Кенжекей: – Сен барып ,атама айтып кел. Атам менің сөзімді тыңдаса, бұл құдыққа қонбасын. Әкем айтып еді, «жын-шайтандар жайлаған, ырымы жаман жер, қонбандар» деп. (*Қыз атасына барып айтады*).

Қыз: – Ата, Кенжекей Сізге бұл құдыққа қонбасын, Әкем айтып еді, «жын-шайтандар жайлаған, ырымы жаман жер, қонбандар» деп.

Ерназар (*ашуланып*): – Келінім келмей жатып, менің қонысымды билейін дегені ме?! Өз жөнін білсін!

Ерназар сол жерге қонады. Көш қонысымен, Кенжекей басқа келіндерінен үйді бұрын тігіп жібереді де, қазанын отқа қойып, дастарқанын жасап атасын қонаққа шақырады. Кенжекейдің аяулы да мейірбанды жан екенін Ерназар сол арада түсініп: «Келінім ақылды екен, тілін бекер алмаған екем», – деп өкінеді.

Әкесінің сөзі есінен кетпеген Кенжекей, алаңдап кірпігін ілмей жатады. Түн тыныш өткенімен, жүрегін бір мазасыздық билеп, алаңдап, таңғы шапақпен ерте тұрып сыртқа шығып жан-жағына көз жіберіп қараса, Құба інген орнында жоқ. Жүгіріп атасына барады.

Кенжекей: – Ата, Ата. Құба інген орнында жоқ. Ары бері іздеп таппадым.

Ерназар (*немқұрайды қарап*): – Қайда кетер дейсің, жүрген шығар жайылып?

Кенжекей: – Жоқ, ата, жақын маңайдан таппадым. Таппағасын сізге келдім.

Ерназар: – Жарайды. Өзім іздеп көремін.

Ерназар атын ерттеп мініп, Құба інгенді іздеуге шығады. Қорқыныштан жүрегінің лүпілі басыла қоймаған Кенжекей қауіпті бір нәрсе сезгендей, атасының көзіне түспестей жерден бұталарды сағалап аңдып артынан ілесіп келе жатыр. Атасы біраз жерді айнала қарап, шарлап жүріп, бір бұтаның түбінде тұрған Құба інгенді көреді. Қасына келсе, бұйдасы бір көкпекке оралып қалған екен. Жанындағы бұта түбінде бір жарбиған жаман кемпір отыр. (*Бұл Бекторының тапсырмасымен Ерназарды күтіп отырған, қауқарсыз кемпір кейініне кіріп алған алып дию еді*).

Ерназар (*жақын келіп, аттан түсуге ерініп, қаттырақ сөйлеп*): – Шеше, шеше! Ана түйенің бұйдасына қол жалғап жіберші.

Кемпір (*мүләйімсіп*): – Әй, шырағым. Тұрсам отыра алмаймын, отырсам тұра алмаймын. Әперуге әлім жоқ әрі ауру адаммын, одан да

түйенді ұстасаң мені қолымнан тартып тұрғызып жіберші. Көп отырып қалдым. Оның үстіне мына бір түйе келіп бақырып шақырып мазамды алып бітті. Сенің түйең екен ғой. Алып кет.

Кемпірдің сөзіне нанып, атынан түсіп кемпірге қолын соза бергенде, Ерназарды кемпір шап беріп жағадан ала кетеді. Өлімсіреп отырған кемпірдің дүлей күш иесі екені сонда білінеді. Ерназардың талпынуға мұршасын келтірмейді. Олай-бұлай жұлқынып байқап еді, болатын көрінбейді, кемпір қысып әкетіп барады. Ерназардың мойны қылқына буынып, шыбын жаны шығып барады. Өлетін жағдайға жеткен.

Ерназар (*қылқынып жатып жалына бастады*): – Ағарған сақал шашым бар! Қартайып келген жасым бар! Тоғыз келінімді жаңа ғана түсіріп, жаңа ғана қызығын көрейін деп отырмын. Сенің алдыңда не жазығым бар? Қоя бер мені, шешежан.

Кемпір: – Жоқ (*деп одан сайын қыса түседі*), менің сұрағанымды берсең ғана босатамын. Әйтпесе ажалың осы жерде болады Ерназардың «қоя бер» дегеніне кемпір қоя бермеді.

Ерназар (*жаны шығып барады. Амалының жоғынан, жан шіркін тәтті болғасын*):

Тоғыз келін түсіріп,
Елге көшіп келемін.
Толып жатқан жасаудан.
Керегі саған сол болса,
Тойғаныңша беремін.
Босат мені, шешетай!

Кемпір (*одан сайын қылқындыра түсіп*): – Жоқ, сенің мал-мүлкің керек емес, олар саған бұйырсын.

Ерназар (*жаны шығып барады*):

Оған разы болмасаң,
Тоғай толған қойым бар,
Қанша алатын ойың бар?
Босат мені, шешетай.

Кемпір: – Жоқ, мен саған мал-мүлкің керек емес дедім емес пе, әлде саңыраусың ба?

Ерназар:

Оған разы болмасаң,
Сауысқандай сақтығы,
Жұмыртқадай ақтығы,
Желбіреген желегі

Жаңа түсіп келеді
 Сегізінен бір дана,
 Ақылы асқан ол дана
 Кіші келін Кенжекей,
 О да болсын сенікі,
 Бір әділ жан менікі,
 Жіберші мені, шешеке!

Кемпір (*қыса түсіп қатты қылқындыра*): – Жоқ, маған ол әйел баласы да керек емес.

Ерназар (*жаны шығып барады*):

Оған разы болмасаң,
 Сойылдай сегіз ұлым бар,
 Менде қандай құның бар,
 О да болсын сенікі,
 Бір әділ жан менікі
 Жібере көр шешеке!

Кемпір: – Жоқ, сенің түкке тұрмайтын сегізің керек емес маған. Өзімде де ондайлар толып жатыр.

Ерназар (*жаны мұрнының ұшына келеді, өлуге аз-ақ қалады*):

Оған разы болмасаң,
 Атамасымды атайын,
 Сегізінен бір бөлек
 Жалғызымда қуат боп,
 Жаяуымда қанат боп,
 Пана болған әр кезде
 Ер Төстігім – ең кенжем,
 Сол балам болсын сенікі,
 Бір әділ жан менікі,
 Жіберші мені, шешеке!

Кемпір (*қолы босанып сала береді*): – Төстікті маған қалай бересің?

Ерназар: – Менің қалтамда Төстіктің садағының ұшын шығаратын егеуі бар. Төстік онсыз жүре алмайды. Мен соны осы араға тастап кетейін. Төстік іздеп келеді, сонда өзің ұстап ал.

Кемпір: – Алдасаң өз обалың өзінде. Менің құрығым ұзын, тауып алып жаныңды аламын. Оған ешкім кедергі бола алмайды.

Ерназар (*қалтырап, дірілден*): – Ойбай, болды шешеке, уәдемде тұрамын.

Кенжекей мұның бәрін көріп тұрады. Ерназар егеуді тастап, Құба інгенді алып қайтып келеді де, жылдам жиналып көше жөнеледі.

Бірнеше күн көшіп, Ерназардың қорқынышы басылған жерге тоқтайды. Біраз күн тынығып алу мақсатында үйлерді тігіп, малдарды жайғастырады. Төстік те елмен бірге үйлерін тігіп алады. Кеш батып, жатар уақыт болғанда Төстік пен Кенжекей төсектеріне жатады.

Кенжекей (*Болат кездікті алып сабын Төстіктің жүрегіне тіреп, үш жағын өз жүрегіне қояды да*): – Қозғалмай жат, қозғалсаң мына қанжар менің жүрегіме кіреді. Демек, мен өлемін.

Төстік (*таңғала әрі шоши түсіп*): – Неге олай дейсің? Не себепті арамызға қанжар салып жатырсың, әлде маған қатын болғаныңа разы болмай ренжіп жатырсың ба?

Кенжекей: – Жоқ, сен менің сөзіме сенер сенбесіңді білмеймін. Бірақ айтуым керек. Әкең сені Бекторының жалмауыз кемпіріне беріп кеткен. Сен менікі емессің. Бекторының көзі саған түсіп, өзіне жар етуді армандауда. Ол, бәрібір сені аңдып қолына түсіруге тырысады, әрі сол үшін бар мүмкіндігін пайдаланады. Өткен жолы әкемнің Сорқұдықтың басына қонбаңдар. Ол жаман жер, деген сөзін атама айтып едім тыңдамады. Міне, бүгін соның сазайын тартып отырмыз. Егер менімен бірігемін десең, сол жалмауыздан біржола құтылып кел.

Төстік: – Сен не деп отырсың? Қалжыңың ба, әлде шының ба? Сенің де басқа қатындардан айырмашылығың жоқ па деймін. Не деп сандырақтап жатырсың?

Кенжекей: – Сенің маған сенбейтініңді сезгем. Бірақ бұл рас. Сондықтан, егер маған сенбесең, қанжар менің жүрегіме тіреліп тұр. Сәл итерсең қадалады.

Төстік (*ойланып*): – Сен оны қайдан білесің? Әкем мені жалмауызға неге берем деді?

Кенжекей: – Мен сол күні атамның артынан аңдып Бекторының жалмауызы атамды ұстап алып өлімші етіп қинағанын көзіммен көріп, құлағыммен естідім. Жанынан айрылғысы келмей жанұшырған әкең бәрімізді де бермек болды. Бірақ жалмауыздың таңдағаны сен болдың. Бекторының арманы сені қолға түсіру. Сол үшін Сорқұдықта әкеңнен жалмауыз уәдесін алды.

Төстік (*күле түсіп*): – Мен онда бармасам, олар қалай ұстайды?

Кенжекей: – Сен бәрібір барасың.

Төстік: – Неге?

Кенжекей: – Өйткені Бекторы сені бәрібір іздеп келеді. Оның үстіне атам сенің егеуіңді сонда тастап кетті. «Төстік егеусіз жүре алмайды. Ол бәрібір іздеп келеді. Мен оны жіберемін», деп уәде беріп кетті. Нанбасаң қалтаңнан егеуіңді тауып көрші.

Төстік (орнынан атып тұрып жалма-жан қалталарын қарап егеуін таппады): – Шынында да егеу жоқ. Әлде сен өзің алып мені әкеме қарсы қойып отырсың ба?

Кенжекей: – Сен босқа ашуланба. Мен сені ешқашан өз ата-анаңа қарсы қоймаймын. Тек шындықты айтып отырмын. Сенбесең ертең атамнан егеуінді сұрап көр.

Төстіктің көңілінде сенімсіздік ұялап, әйеліне бақырая қарап, басын шайқайды. Екеуі теріс қарап жатып қалады.

Таң әлеті. Төстік тұрып алған. Ойынан Кенжекейдің сөзі кетер емес. Ақырын басып әкесінің үйіне келді. Ерназар ерте тұрып, өз ойымен өзі алысып отыр.

Төстік: – Егеуімді берші, әке! Мына жақта киік жүр екен, садағымның ұшын шығарайын деп едім.

Ерназар (сасқалақтап, қорбаңдап кісесін қараған болады): – Қап, әттеген-ай, қалып қойған екен. Түнеукүні Сорқұдықтың басында, Құба інгенді іздеп барғанда, бір талдың түбіне түсіп, ат шалдырып едім, егеуің сонда түсіп қалған екен ғой.

Төстік (Кенжекейдің сөзінің растығына көзі жетеді. Әкем өзінің амандығы үшін мені өлімге де қиған екен. Қйланып тұрады да түк түсінбеген қалып танытып сөйлейді): – Енді не істеймін?

Ерназар (басы салбырап кеткен. Төстіктің бетіне қарай алмай): – Балам, сен барып алып келе ғой. Біз күтіп жатамыз.

Төстік (бойына батылдығын жинай түсіп): – Әке, мен барамын. Егеуімді әкелемін, жолға шығайын.

Ерназар: – Балам, жер шалғай. Жол алыс. Жылқы ішіндегі ең мықтылары ала айғыр мен құба жирен. Сол екеуін мін. Жолға тастамас.

Төстік (ашуын жасырып, бірақ жігерлене): – Қалауың болсын, әке. Аман болсам, әкелермін. Өлсем, сүйегім сонда қалар. Мені іздеп, жылама. Өзің аман бол.

Төстік ала мен құбаны жетектеп, үйіне беттейді. Алдынан Кенжекей кездеседі.

Кенжекей:

Сорқұдықтың басына,
Сорға бола қонды атам.
Жалмауызға жалғызын,
Жанынан қорқып берді атам.
Жүретұғын жолыңда

Құлан өтпес шөлі бар,
 Оны да басып өтесің,
 Қыран өтпес қия бар,
 Оны да басып өтесің.
 Алдыңдағы ала атың
 Қулық бие құлыны,
 Табанына тас батса,
 Маңдайынан күн өтсе,
 Алты күнге жарамас.
 Жетектегі жиренің
 Табанына тас батса,
 Маңдайынан күн өтсе,
 Жеті күнге жарамас.
 Сан жорғаны алмадым,
 Ер аты деп таңдадым.
 Айыл-тұрман әбзелін
 Ертеден бастап сайладым.
 Төстік, саған арнадым,
 Жабы емес қазанат,
 Ер серігі қолғанат
 Шалқұйрықты мін, Төстік!
 Сан жасауын алмадым,
 Саған бола таңдадым,
 Ақсырмалдай сауытты
 Осы жолға ки, Төстік!

Төстік: – Жарайды, Кенжем. Айтқаның болсын. Шалқұйрықты маған әкелсін.

Шалқұйрыққа жігіттерді жібереді. Барған кісілерге Шалқұйрық ұстатпайды, Алдына келгенін тістеп, артына келгенін теуіп, маңайына жан жуытпайды.

Шалқұйрықты ұстауға Төстіктің өзі келеді. Шалқұйрық Төстікті көрісімен момынданып оқырына түсіп өзі келеді. Шалқұйрық Төстікке мойнын созып, иіскелеп, жүгенге басын өзі ұсынады. Шалқұйрықты ерттеп, әбзелдеп мініп алған Төстік үйіне келеді.

Кенжекей (*Төстік жүрерде Кенжекей Құба інгенді бураға шөгереді*): – Не Төстік өлді деген күні ботала, не Төстік келді деген күні ботала Өзі белін он екі құлаш торғын орамалмен тартады Не Төстік өлді деген күні, не Төстік келді деген күні шешіл. (*Бұл Кенжекейдің берген серті еді*).

Төстік аулынан ұзап шыққан соң, Шалқұйрық атқа тіл бітеді.

Шалқұйрық: – Төстік батыр, енді екеуміздің жанымыз бір, қандай пәле болса да бірдей көреміз. Менің мына айтқан сөздерім есінде болсын. Егеуіңнің қасында жалмауыз кемпір сені күтіп отыр, сен егеуінді ала бергенде ұстап алмақ. Егеуге жақындаған кезде кемпірді алдайтын бір ақыл тауып ал. Кемпір алдана бергенде, мен бетегеден биік, жусаннан аласа бола қалайын, сол кезде сен егеуді іліп үлгер, ары қарай менің жұмысым. Сен тек қана артыңа қараушы болма, артқа қарасаң екеуіміз де өлеміз.

Егеу жатқан жер. Егеудің қасында кемпір отыр. Ер Төстік ақырын жақындай түседі.

Ер Төстік (*кемпірді алдаусыратып, жүзін басқа жаққа бұрмақ болып*): – Шеше, шеше! Артыңдағы неткен көп қыздар, бәрі өзіндікі ме?

Кемпір (*күтпеген сөзге иланып қалған кемпір*): – А? (*Артына жалт қарайды*).

Шалқұйрық бетегеден биік, жусаннан аласа бола қалады. Төстік тез еңкейіп егеуді іліп алады. Шалқұйрық шаба жөнеледі.

Кемпір (*алданғанын біліп*): – Сен бе едің, Төстік, алдаған? Тоқта, Төстік, тоқта деймін. Қап, бәлем! (*Тамағы қырылдап, өкпесі сырылдап, шашы жалтылдап, көзі жарқылдап, тістері сартылдап, қатты сасып, етегін көтеріп Төстікті қуа жөнеледі*).

Төстік қашып келеді. Кемпір қуып келеді. Шалқұйрық желдей еседі. Кемпір де қалысатын емес. Кемпір үлкен диюға айналады. Жүгіргенде әр қадамы он адымдай. Қуып келе жатып жолында кездескен қой тастар мен жартастарды қаңбақша лақтырып ұрып келеді. Тастар Шалқұйрықтың алды мен жан-жағына тарсылдай құлап жатыр. Құлаған емес түскен жерін опырып, терең орлар пайда болуда. Шалқұйрық бірінен секірсе, екіншісін айнала өтіп шауып келеді. Диюдың қолы Шалқұйрықтың құйрығына жетер жетпес жерде. Бейшара жанұшыра жүйткіп келеді. Алдарынан тау бөктерінен үлкен үңгірдің кіреберіс ауызы көрінеді. Шалқұйрық жүйткіген бойы сол үңгірге қойып кетеді. Жол жөнекей бір алып жартасты іліп алған дию бар күшімен лақтырғаны сондай әлгі жартас үңгір ауызына бойлай кіріп кептеледі де қалады. Өзі лақтырған тасты өзі шығара алмай әлек болып дию қала береді. Сол екпінмен біраз шапқан Шалқұйрық талай жерге дейін шапқылап барып, зорға тоқтайды. Дию-кемпірден аман құтылған Төстік аттың жалын күшып, алқымын сипалай, ризашылығын білдіре, аттан түседі. Аттың шаршағаны мүлдем білінер емес, қайта әлі тың сияқты.

Ер Төстік (*атының жал құйрығын салалы саусақтарымен сипалай түседі*): – Шалқұйрығым, тұлпарым. Астымдағы пырағым. Сенімен жолдас еткен Кенжекейге, жолға тастамас серік болған саған рахмет!

Шалқұйрық: – Біз енді тау астына, үңгірге түстік, бізге бұдан былай үңгір-жер астының елі жолығады. Біраз жүрген соң, жылан Бапы ханның ордасына келеміз. Жылан Бапы ханның ордасына келгенімізде, мені алысқа қойып, өзің ордаға кірерсің. Ордаға кіргеніңде есінде болсын, есіктен кіргеніңде екі босағадан екі қара шұбар жылан ысылдап тұра келеді, олардан сескенуші болма, жылан Бапы ханның есігін күзеткен құлдары. Оларға көңіл де аудармай ары өте бер. Төр алдына бара бергеніңде, екі сұр жылан ысылдап келеді де, екеуі де екі жеңінен кіреді, қойныңа кіріп мойныңнан шығады. Қорықпа, қалт етпе. Бұлар жылан Бапы ханның ұлы мен қызы болады. Төрге отыра бергеніңде, дәу екі сары жылан ысылдап тұра келеді, одан да сескенбе. Бұлар – жылан Бапы ханның өзі мен әйелі. Егерде бұлардан сескенсең, саған сөйлеуге мұрша бермей шағып алуы мүмкін. Олардың уы зәрлі. Ем қонбайды. Сені шақса мені де шағады. Екеуіміз де осы үңгірде өлеміз. Ал сескенбесең қадірлі қонақ болып, беделіміз өсе түседі.

Ер Төстік: – Түсіндім, тұлпарым. Астымдағы пырағым, қиналғанда демеушім, қысылғанда жебеушім.

Біраз жер жүрген соң, Шалқұйрық айтқандай, үлкен дарбаза көрінеді. Бұл жылан Бапы ханның ордасының қақпасы еді. Төстік Шалқұйрықты анадай жерге қойып, сәлем беріп, қақпадан енеді. Екі босағадағы екі қара шұбар жылан ысылдап тұра келеді. Төстік одан сескенбейді. Қара шұбарлар Төстікті айнала ысылдап, айыр тілдерін жаладатып, зәрін шаша ұмтылады. Төстік түк сезбегендей төрге оза береді. Төр алдына бара бергенде екі сұр жылан ысылдап келіп, Төстіктің жеңінен кіріп, қойнынан шығады, қойнынан кіріп, қонышынан шығады. Төстік олардан да сескенбейді. Төрге барып отыра бергенде, төсектен екі дәу жылан ысылдап көтеріледі. Төстік олардан да сескенбейді, төрге шығып отыра береді. Бір мезгілде төсектегі екі сары жылан адам бейнесіне кіріп, бірі үлкен кісі(Бапы хан) болады да, екіншісі оның бәйбішесі болады.

Бапы хан (*сабырлы, салмақты қалпын сақтап, сұстана қарап, ысылдаңқырай сөйлейді*): – Иә, келдің, жас жігіт. Не мақсатпен келдің үңгір еліне? Кім боласың! Атың кім?

Ер Төстік: – Менің атым Ер Төстік..., – *дей бергенде,*

Бапы хан (*сұсты түрі өзгеріп сала береді. Жүзінен ерекше жылылық табы білініп, жалпақтай қалады*): – Ер Төстік! Ой, таны-

140 май қалдым ғой. Ғапу ет. Қадірлі қонағым бол. Сені көптен күткен едім, хош келдің, үңгір асты еліне. Мен осы елдің ханы Бапы боламын.

Ер Төстік: – Мені қайдан танысың? Бұрын көріскен жоқпыз.

Бапы хан: – Сені кім танымайды. Атағың жер жарып тұр. Жер асты еліне жасаған жақсылығың ешқашан ұмыт болмайды.

Ер Төстік: – А, солай ма еді. Мен ол туралы ұмытып та кеткенмін.

Бапы хан: – Сен ұмытсаң да ел ұмытпайды. Тажалдан құтқарған ерді қалай ұмытарсың.

Екі сұр жыланның бірі әдемі жігіт, бірі әдемі қыз болып кетеді.

Олар да (иіле түсіп, тағзым етіп): – Жер үстінің Ер Төстігі, үңгірге жақсы келдіңіз. Жер астының барлық сый-сияпаты саған арналады. Не қаласаң да орындауға дайынбыз.

Босағадағы екі қара жылан екі қара құлға айналады. Төстіктің алдына келіп, қол қусырып тұрады.

Ер Төстікті жылан Бапы хан ұзақ уақыт қонақ етіп ұлан-асыр той жасайды. Талай әңгімелер өрбиді. Талай сырлар айтылады. Қонақтық достыққа ұласа бастайды. Осындай күндердің бірінде, өзара сырласып отырғанда:

Бапы хан: – Ер Төстік, сенің елің осы үңгірдің оң қапталында. Ал мына сол қапталда тағы бір шығатын қақпа бар.

Ер Төстік: – Үңгірдің аузы бітеліп қалды ғой.

Бапы хан: – Иә, білемін. Оны ашамыз. Оған біраз уақытымыз кетеді. Менің айтпағым басқа.

Ер Төстік: – Е-е-е, солтүстік қаптал дедің ғой. Құлағым сенде.

Бапы хан: – Ендеше сол қапталда жер бетіне шығар қақпа бар.

Ер Төстік (таңдана түсіп): – Немене? Шығар ауызға қақпа салып қойдыңдар ма?

Бапы хан: – Иә, солай. Сен тында, бұл ұзақ әңгіме. Үңгірің арғы бетіндегі тау жоталарында Темір деген ханмен жақсы қатынаста дос болдық. Сол достықтың жалғасы ұзақ болсын деген ниетпен, Темір хан маған қызын бермек болды. Бірақ, соңғы кезде екеуіміздің араздығы пайда болып Темір хан қызын беруден қашақтай бастады. Мен неше рет өз жағымнан кісілер жіберсем де Темір хан қызын бермей қойды.

Ер Төстік: – Онда неге өзің бармайсың?

Бапы хан: – Өзім барайын десем, қақпа сыртында Айдаһар жолымды бөгеп жатыр.

Ер Төстік: – Айдаһар неге жолыңды бөгейді?

Бапы хан: – Біз кезінде Айдаһар екеуіміз дос болдық. Жорыққа бірге аттанып, бірге соғысып жүрдік. Бірде тыныштығымызды бұзып, маза бермейтін құзғын қарғалардың елін жаулап, көп алтындар мен әшекей бұйымдарды қолға түсірдік. Сол бұйымдар арамызда алауыздық туғызды. Ол маған он бөліктің тоғызын бересің деді. Мен көнбей тең жартысын алдым. Содан бері жауласып, үнгір аузын бақылауда. Есіл дерті алтындарды алу. Менің адамдарым сыртқа шықса өлтіріп тастайды. Өткен жолы да соғысып, өте алмай кері қайтуға тура келді. Соны сезген Темір хан да теріс айнала бастағандай.

Ер Төстік: – Айдаһар тек әскермен соғысатын шығар.

Бапы хан: – Жоқ. Жеке адамдарды да ұстайды.

Ер Төстік: – Қазір қандай күш-қуатың бар?

Бапы хан: – Екі түмен.

Ер Төстік: – Айдаһардың осал жері бар ма?

Бапы хан: – Осал жері деймісің? Ол өте қуатты. Аузының жалыны жүз қадамдай болып қалар. Тиген жерін өртеп жібереді. Өткенде қасқырлармен соғысқанда оң қанатының астындағы жүрек тұсының үлкен талшық жүндерін қасқыр тістеп жұлып алып жалаңаштап тастағаны болмаса басқа осал жері жоқ-ау. Сол жерін ауырсынып ұзақ жатып қалған еді.

Ер Төстік: – Онда мен саған көмектесейін. Айдаһарға бірге барайық.

Бапы хан: – Жоқ. Ол қазір өте қуатты. Сарбаздарымды қырып алуым мүмкін.

Ер Төстік: – Басқа жақпен айналып баруға болмайды ма?

Бапы хан: – Жоқ. Таудың ол беті ұзыннан ұзақ, жылдар бойы жүріп шетіне жете алмайтын, не асуы жоқ, не тесігі жоқ, биік тіп-тік жылтыр жартас. Шығар есік осы бір-ақ ауыз.

Ер Төстік: – Менің жолым әлі ашылған жоқ. Ол ашылғанға дейін мен өзім-ақ барып алып келейін.

Бапы хан: – Қой, қауіпке бас тікпей-ақ қой. Оның үстіне ол есікті күндіз-түні бақылап отыр ғой.

Ер Төстік: – Ол да ұйықтайтын шығар.

Бапы хан: – Иә, бірге жүрген кезде, түн ортасында ет пісірім уақыт қана көз ілетін.

Ер Төстік: – Ендеше сол мүмкіндікті неге пайдаланбасқа.

Бапы хан: – Ет пісірім уақытта қайда барып үлгерерсің? Алысқа кете алмайсың. Көрсен, жетіп алады.

Ер Төстік: – Жарайды. Мен байқап көрейін. Тек менің Шалқұйрығымның тұяқтарына киіз байлап беріндер, жүргенде дыбысы естілмесін. Қалғаны менің жұмысым.

Бапы хан: – Қой, достым, болмайды. Жер бетінен дос таппай жүргенде тағы біреуінен айрылар жағдайым жоқ.

Ер Төстік: – Неге олай дейсің?

Бапы Хан: – Ол өте қуатты. Содан қорғанып қақпа салдырдым. Сен одан өте алмайсың.

Ер Төстік: – Ол жағын көре жатармыз. Ал сен менің жолымды бөгеме. Одан да қалай бару керегін түсіндір.

Бапы хан: Айтқанымға құлақ салсайшы. Бұл жол өте ауыр.

Ер Төстік: Бұл менің саған достық көмегім болсын. Мен барып келем.

Бапы хан: – Рахмет, батырым! Сен тағы бір жақсылық жасап отырсың. Осыдан аман келсең саған достық тарту ретінде қызымды қосамын.

Шалқұйрықтың тұяғына киіз байланады. Түн ортасы болып Айдаһар ұйықтады-ау деген кезде Бапы оларды қақпадан шығарады. Шалқұйрық аяқтарын ақырын басып үңгірден ұзай береді. Айдаһар ұйқтап қалған екен. Дегенмен сақ жәндік сезіктеніп, ұйқылы көзін ашқанымен, құлағына дыбыс келмегесін қайта ұйқтап қалды. Ер Төстік Шалқұйрығымен бір көштік жолды жүріп өтіп барып көңілдері жайланды.

Ер Төстік: – Ал, Шалқұйрығым, ендігі сенім саған. Жүйткі тұлпарым. Он күндік жерді осы түнде шауып өтсең айдаһар бізден адасар.

Шалқұйрық (*заулап шаба жөнеледі*): – Айтқаның болсын. Тек мықты отыр.

Ер Төстік Шалқұйрығымен ең далада асықпай әндете келе жатыр. Ер Төстік алыстан бір адамның сұлабасын көріп қалады. Жақынырақ келіп абайлай қараса, әлгі адам ағаштың басында отырған екі сауысқанның құйрығын білдірмей жұлып алады да білдірмеген бойы бірінің құйрығын біріне қондыра қояды. Сауысқандар мұны түк сезер емес. Бұл Көзілеспес деген кісі еді.

Ер Төстік (*қасына жетіп келіп айбарлы үнмен сұрайды*): – О, неғып жүрген жансың?

Көзілеспес (*жайбарақат*): – Ер Төстік үңгір ішінен шығып бізге қарай келеді дегенді естіп, соған жолдас болайын деп жолын тосып жүрген адам едім.

Ер Төстік (*тайсалмай көзіне көзін қадай түсіп*): – Төстікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар еді?

Көзілеспес: – Менің бе? Алғанымды ешкімге, ешқайда сездірмейтін асқан ептімін. Жан-жануардың сағы сауысқан болса, жаңағыдай құйрықтарын ұрлап алып, бірінің құйрығын біріне кигізгенімді сезбей де қалады.

Ер Төстік: – Жарайды. Ендеше сол іздеген ЕрТөстігің мен боламын. Ендеше көрсетші, менің өзіме өнеріңді.

Көзілеспес: – Ей, Төстік, абайлап қарашы. Қанжарың мен қанжығаңдағы торсығың орнында ма? (*Төстік жалма-жан сипалана қараса екеуі де орнында жоқ*).

Ер Төстік (*таппағасын мұңая түсіп*): – Қайда түсіріп алдым екен. Неге сұрадың?

Көзілеспес: – Оу, Төстік. Еш жерде қалдырған жоқсың. Міне торсығың мен қанжарың.

Ер Төстік: – Мынандай ептілікке таң қалып Жарайды. Жолдас болуға жарайды екенсің. Бірақ маған адал боларсың деп ойлаймын. Атыңды айт, кім боласың?

Көзілеспес: Жаман ойым болса, жолыңды тоспас едім. Атым, Көзілеспес. Баста алға.

Екеуі жүріп келеді. Алдарында кең жайылған жазық дала. Күн жарқырап тұр. Ен далада еркін өскен селеу шөп самал желдің жел-пуімен толқындана түсіп, иен далаға көрік беріп тұр. Көз ұшында бір топ киіктерді қадамдарын аштырмай топырлата ұстап бір адам жүр. Киіктерді ұстап алады да қайта жібереді. Киіктер қашып әлек, бұл ұстап әлек. Екі аяғына байлап алған қазандай екі қаратасы бар. Бұлар жақындап келіп жөн сұрасады.

Ер Төстік: – Оу, жарқыным, неғып жүрген адамсың? Жапан түзде не бітіріп жүрген жансың? Аяғыңдағы тастарың не?

Желаяқ: – Мен, Желаяқ деген жан боламын. Мына тастарыммен жүріп, қашқан киіктерден ағып өтіп кетпей, дәл жетіп ұстаймын. Тас болмаса өзімді тоқтата алмай жүйткіп өтіп кетемін.

Ер Төстік: – Бұл бейшара киіктерді неменеге ұстайсың? Обал емес пе?

Желаяқ: – Жәй уақыт өткізіп жүргенім ғой. Ішім пыспасын деп. Әтпесе біраз отырсам қатты жүгіргім келіп кетеді. Қарқылдай күліп қояды сондықтан киіктерді ұстаймын да қайта қоябере саламын.

Ер Төстік: – Соншалықты жүйріктігіңді немен дәлелдейсің. Бізге көпірме сөздің қерегі жоқ.

Желаяқ (*бұларды мазақ еткендей қисаңдай түсіп*): – Немен жарысайын, сенімен бе, желмен бе, әлде ағын сумен бе? Желінді тұрғызып, суынды ағыз. Көрейік.

Ер Төстік: – Жоқ. Одан да мына Шалқұйрықтан озып көр. Сонда сенемін.

Желаяқ (*таңданып, сабырлы қалыпқа түсіп*): – Шалқұйрық... Сонда сен... сен... , мен көптен күткен Ер Төстік болдың ғой. Ер Төстік! Қуана түсіп құшақтай алады Кел бауырым құшақтаса көрісейік.

Ер Төстік (*сабырлы қалпымен Желаяқты кеудесінен итере түсіп*): – Жоқ, сен тоқтай тұр, бауырым. Ең алдымен жүйріктігіңді дәлелде, сосын көре жатармыз.

Желаяқ (*көңілді қалпымен*): – Тоқта, айтарым бар. (*Желаяқ аяғындағы тастарын шешіп тастайды*). Әзірге жібере бер Шалқұйрығыңды. Мен артынан жетіп аламын. Қай жерден қайтамыз, белгіле.

Ер Төстік: – Айтарыңды сосын айтасың. Анау көз ұшында көрінген төбеге дейін. Ал тұлпарым бас алға.

Шалқұйрық шаба жөнелді. Артынша Желаяқ кетті жүгіріп. Арттарында бұрқыраған шаң ғана емес шабыстан ор болып қазылған жер қалады. Әлден уақытта Желаяқ жетеді мәреге. Ол әудем жерді он айналып барып зорға тоқтағанда ғана Шалқұйрық жетеді.

Ер Төстік (*Желаяқты құшақтай түсіп көңілді даусымен*): – Енді міне, дәлелдедің. Ал айтарыңды айта бер.

Желаяқ: – Төстік үңгірден шығып Темір ханға барады дегенді есітіп, соған жолдас болайын деп жолын тосып жүрген адам едім. Келгенің дұрыс болды.

Ер Төстік: – Ендеше іздеген Төстігің мен боламын. Кел, дос болуға лайықты екенсің. Мен қарсы емеспін.

Ер Төстік, Көзілеспес; Желаяқ үшеуі жолдас болып жүріп кетеді. Біраз күн өткенде үлкен көлдің жағасына келеді. Қалың ну қамыспен, шетіне шыға бере жыңғыл, жиде, басқа да тал-шіліктермен көмкерілген қопаға кез болады. Оларды айнала өтіп, мүмкін жерлерін жара өтіп келе жатса алдарындағы бір алаңқайда арқырай өкіріп тұрған алып арыстанға кезігеді. Арыстанның түрі сұсты, екі көзі қанталап, тырнақтары едірейіп, ауыз тісі ақсиып ұмтылуға шақ тұр.

Ер Төстік: – Жігіттер, мына арыстанның тұрысы жаман. Ниті де жақсы болмас. Мен қамданайын. Ақсырмал сауытымды ки-

ейін. Қылышымды қолға алайын. (*Сауытын киіп, қылышын қолына ұстайды*).

Арыстан (*тіл бімін*): – Ей, Тәстік. Мен сені іздеп келемін. Сен өзіңе ғашық болған Бекторыға қарамай, жолыңды қанша уақыт тосқан кісіні алдап кете бардың. Енді міне, артыңнан мен келдім. Не менімен бірге жүресің, не осы жерде өлесің.

Ер Тәстік: – Оу, арыстаным. Сен мақұлық. Мен адаммын. Неге менің жолымды бөгейсің? Қашаннан бері мақұлық адамға қарсы тұрып еді. Өз жолыңмен кете бер. Мен бөгет болмаймын.

Арыстан: – Мені жіберген Бекторы. «Ғашығымды алып кел, қарсыласса өлтіріп сүйегін әкел» деген аманаты бар. Сондықтан, аманыңда, алдыма түс.

Ер Тәстік: – Мен сенің Бекторыңның алдында жорғалайтын сен сияқты жаман арыстанның бірі емеспін. Шамаң келсе аларсың, келмесе қан жоса болып, ит құсқа жем боларсың. Шамаң жетсе алып ұр, ақылың жетсе Бекторымен емес, менімен дос болып бірге жүр.

Арыстан: – Ей, адам. Әліңе қара. Ендеше шық бері.

Арыстан атылды. Жер-көктің бәрі астаң-кестең. Жидек қалды жапырылып, жыңғыл кетті желге ұшып, қамыс қалды қопасымен қопарылып. Көтерілген шаңнан күннің көзі қалды тұтылып. Арыстанның ақырғандауысымен Тәстіктің қылышының шаңқылдаған үні, аяқтарының дүрсілі мен өкпелерінің уһілі жер жарады. Бір кезде «Уһ», деген дауыспен гүрс ете құлаған дыбыс естілді де дүние тып-тыныш бола қалды. Қалың шаңнан ештеңе көрінер емес. Желаяқ пен Көзілеспес тұр дал болып, Шалқұйрық тұр ауыздығын күрт-күрт шайнап. Әлден уақытта барып шаң басылып Тәстіктің сұлабасы көрінді. Шалқасынан түскен арыстанның үстіне қонжия мініп алыпты. Қолындағы қылышының ұшынан қан сауылдап жерде домаланған арыстанның басына төне түсіп қатып қалған. Қуанып кеткен жолдастары тез арада Тәстікті арыстанның үстінен түсіріп алмақшы болған кезде аспаннан «Ай, Тәстік-ай!», деп күңірене айқайлаған зор дауыс естілді де, жерде жатқан арыстан біртін-біртін шөге берді де жоқ болып кетті. Барлығы таң-тамаша болып тұрып қалды да, әлден соң естерін жиып Тәстікпен қуаныштарын бөлісіп жатты.

Айқастан кейін біраз күн жол жүріп, неше түрлі қойтастарға тола ойпатты белесті жерге жетіп, аялдап тынығуға бет алып, үшеуі дөңкиіп жатқан қойтастар арасынан көлеңке іздеп келе жатқандарында алдарынан тағы бір адам көрінеді. Екі құлағы үлкен екі қалқандай адам, бірнәрсеге алаңдап отырғандай сезіледі. Үшеуі бірден қасына жетіп келеді.

Ер Төстік: – Оу, адамзат баласы. Жол бойында не бітіріп отырған адамсыз?

Саққұлақ: – Ер Төстік үңгір арқылы бері өтіп келеді дегенге, соның жолдасы болайын деп, жолын тосып жүрген адаммын.

Ер Төстік: – Ер Төстікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар еді?

Саққұлақ: – Жер астының атақты тыңшысымын, қандай жасырын әңгіме болса да тыңдап біліп аламын, менен жасырын сыр болмайды. Алыстағыны, жақындағыны түгел есітетін Саққұлақ деген ер мен боламын.

Ер Төстік: – Оны немен дәлелдейсің?

Саққұлақ: – Ей, Ер Төстік. Мен сені келе жатқаннан, айтқан сөздеріңнен танып қойғанмын. Сенің жол жөнекей Бекторының жіберген арыстан бейнесіндегі перісімен шайқасып оны жеңгенінді де білем. Ол жеңілгенін Бекторыға айтып барып, ол бар дауысымен «Ай, Төстік-ай!», деп шыңғырғанда менің құлағымды жарып жібере жаздады.

Ер Төстік: – Жарайды, ендеше. Рас, сенің іздеген Төстігің мен боламын. Жолдас болып, сатып кетпейтін болсаң ілес бізбен.

Төртеу болып жүріп кетеді. Кең жазық дала мен белес-белес жерлер тау бөктеріне ұласа бастайды.

(Кенет) **Саққұлақ:** – Тоқтандар. Мына тау жақ тарсылдап жатыр. Жер қопарып жатыр ма, әлде жер сілкініп жатыр ма. Әйтеуірі бір дауыс бар.

Ер Төстік: – Не болса да, бара көрелік.

Олар жақындаған сайын гүрсілдеген дауыстар бұларға да естіліп үдей түседі. Міне, бір таудың үстіне тағы бір тау шыққандай тарсыл-гүрсіл таулар қозғалып жатыр. Бұлар жақындай түседі. Өне бір алып денелі адам тауды олай да көтеріп қояды, бұлай да көтеріп қояды. Бәрі танданып, қарап қалады. Әлден уақыттан соң Төстік әлгі бір тауды көтеріп, бір таудың үстіне қойып, жатқан дәуге келіп:

Ер Төстік: – Оу, тоқтай қал. Мына тау тасты неменеге қопарыстырып жатырсың? Неғып жүрген адамсың?

Таусоғар *(келесі тасын көтеріп жатып бұған алая қарайды да):* – Жарқыным, жолыңмен жүре бер. Мен сені емес, Ер Төстік деген азамат, Темір хан еліне жол тартты дегенге, соның жолдасы болайын деп, жолын тосып жүрген адаммын. Ал сен жолыңнан қалма.

Ер Төстік: – Қалай дедің, ұқпай қалдым?

Таусоғар: – Жолыңнан қалма. Болмаса алдында бөгет боп тұрған тау тастар болса айт жолыңды ашып берейін.

Ер Төстік (*Таусоғардың иығынан ұстап өзіне қарай тарта түсіп*):

– Төстікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар еді?

Таусоғар (*сілкіне түсіп, Төстіктің қолын қағып тастап*): – Не, көрмей тұрмысың? Менімен жағаласатындай өзің кімсің?

Ер Төстік: – Көріп тұрмын. Дәу екенсің. Бірақ мына тауларды неменеге қопарыстырып жатырсың? Қандай адамсың? Атың бар ма?

Таусоғар: – Жұрттан асқан алыппын, жердің үстінде де, астында да маған шақ келетін адам жоқ, қайратым ішіме сыймаған соң, тауларды көтеріп ермек қыламын. Таусоғар деген ер боламын.

Ер Төстік: – Ал, ендеше жарайды. Издеген Төстігің мен боламын.

Таусоғар (*құшақтай алып, жоғары көтеріп, көтеріп қояды*): – А, солай ма? Мен сені көптен күтіп жүрмін. Келгенің дұрыс болды. Ендеше мен сенімен бірге жүремін.

Ер Төстік (*Таусоғардың арқасынан қаға түсіп*): – Ендеше кеттік.

Бесеу болып жүріп келеді. Кенет тып-тыныш табиғаттың мінезі өзгеріп алдымен самал жел артынан дауыл тұра бастайды. Дауыл құтырынып, сұрапылға айнала түсуде. Әжептеуір үлкендеу тастарды қаңбақтай ұшырып, көбісі Төстікке қарай ұшып, бір екеуі Төстікке соғылып, ол қалқанымен қағып тастап тұр.

Саққұлақ (*құлағын тоса түсіп, сұқ саусағымен ауызын баса түсіп*): – Тыныш, тыныш. Не деп жатыр? (*құлағын тағы тоса түсіп*) «Әй, Төстік. Бекторы сені ұшырып алдыма алып кел» деп, мына Дауылды жіберіп жатыр. Мынау – соның әлегі. Бұл дауыл әлі күшейе түседі. Бір амал ойластырмаса болмас.

Таусоғар: – Шын айтып тұрсың ба, Саққұлақ?

Саққұлақ: – Бұл ойнайтын нәрсе емес сияқты.

Көзілеспес: – Енді не істейміз?

Таусоғар: – Мен өзім бәрін жөндеймін.

Ер Төстік: – Қалай жөндейсің, Таусоғар?

Таусоғар: – Сен қобалжыма. Қара да тұр. (*Таусоғар жан жақтағы тауларды көтеріп әкеліп бірінің үстіне бірін жел өтпестей етіп орнатып тастайды. Тұрған жер ықтасын болып, таулардың төбесінен соққан дауыл бұларға тимей бұрқырай ұйтқып, өкси жылағандай дауыспен ұзап кете барады*).

Саққұлақ (*екі қолын шапаттап, ха, ха, халай күлетүсіп*): – Мынау – Бекторының жан айқайы. Саған қолы жетпей бұлқынып, буына айқайлап жатыр.

Бұлар жапан далада неше күн жүріп келе жатып, бір үлкен көлге кезігеді. Шалқұйрықты суғарып, өздері де су алып шай қоймақшы

148 болып көлге жақындаса көлдің суы лезде тартылып кетеді. Мына құбылысқа таңданып болғанынша қайта толып, орнына келеді. Көлдің суы лезде суалып жоқ болып кетеді де, айтқанша шарасынан асып, ернеуі толып кетеді. Ер Төстік жолдастарымен мұның мәнісіне түсіне алмайды.

Желаяқ (*таңдана түсін*): – Бұл су қайдан келіп?.. Қайда кетіп жатыр?..

Көзілеспес: – Келгенін қайдам, неге соншалықты жылдам кетіп жатыр?

Ер Төстік: – Тоқтай тұрындар. Бұнда бір сыр бар сияқты? Асықпай, байқап көрейік.

Саққұлақ: – Ер Төстік, мына жақтан, қамыс арасынан бір түсініксіз дыбыстар естіледі. Байқадың ба?

Ер Төстік: – Ой, қайдағы дыбыс? Сен де айта бересің.

Желаяқ: – Мен жылдам көріп келе қояйын.

Таусоғар (*дүңк дүңк күлін*): – Сен өте жылдамсың ғой, көріп келе ғой.

Желаяқ: – Сен олай күле берме жүгіріп қамыстың ішіне кіріп кетеді.

Сөйтсе, қамыстың арасында біреу отыр, көлдің суын ұрттап қалса жоқ болады, аузынан төгіп жіберсе, шарасынан асып су қайта толып кетеді. Мына құбылысқа таң алған ол:

Желаяқ: – Оу, сен кімсің? Мұнда қайдан жүрсің? Судың бәрін сіміріп неғып отырған адамсың? Шәй ішуге мұрша бермедің ғой.

Көлтаусар: – Саған шәй ішер басқа жер табылмай қалды ма? Менде шаруаң болмасын. Жөніңмен жүре бер.

Желаяқ (*қатты ашуланып*): – Сораптай бермей, елге су ішуге мүмкіндік бер. Әйтпесе...

Көлтаусар: – Әйтпесе не болады. Сен кімсің маған ақыл айта-тындай? Мазамды алмай өз жолыңмен жүре бер.

Желаяқ: – Ей, пенде. Мен жүре алмаймын. Менің қасымда Ер Төстік деген досым бар. Тек қана соның айтқаны болады...

Көлтаусар: – Не дедің. Ер Төстік дедің бе? Қайда ол? Мен көптен оның жолын күтіп жатырмын ғой, қайда өзі?

Желаяқ: – Оның саған керегі не? Ол сенімен сөйлеспейді де.

Көлтаусар: – Ол сенің жұмысың емес. Мен ол туралы көп естіп, көп білдім. Ер Төстік деген азамат Бапымен достасып сапарға шығыпты деген соң, жолдас болып ерейін деп, жолын тосып жүрген адаммын. Сен оны түсінбейсің. Сондықтан жолыңнан қалмай жүре

бер. Мен сенің жолыңды бөгемеймін. Сен менің жолыма тосқауыл болма. Келістік пе?

Желаяқ: – Әй, тоқта жарқыным. Біз де аяғымыз салбырап аспаннан түскен жоқпыз. Сен айтқан ЕрТөстіктің жолдасымыз.

Көлтаусар (таңдана түсін): – Не дедің? Түсінбедім.

Желаяқ: – Түсінбейтін несі бар. Ер Төстікпен бірге келеміз. Өне өзі де келіп қалды.

Көлтаусар: – О, Ер Төстік, бауырым, келіп қалдың ба? Мен саған жолдас болып, жол азабын бірге бөлісейін деп күтіп жүрген жан едім.

Ер Төстік: – Менің жолымды кім тоспай жүр дейсің. Бекторының перілері де тосып жүр. Сен кім боласың?

Көлтаусар: – Сабыр, батырым, сабыр. Арам пыйғылым болса басқаша қарсы алар едім. Жер жаһанға жайылған атыңды естіп, жанашыр болайын деген жайым бар.

Ер Төстік: – Маған жолдас боларлықтай қандай өнерің бар?

Көлтаусар: – Жер-жаһанда бар нәрсенің мешкейімін. Маған бұл жалғанда тойым жоқ. Бір көлдің суы қарныма түк болмайды, қанша үлкен дария болса да, бір-ақ ұрттаймын. Көлтаусар деген ер боламын.

Ер Төстік: Жарайды. Ендеше, сол іздеген Төстігің мен боламын. Адал болсаң дос болармыз. Арам болсаң жарым жолда қаларсың. Ер соңымнан.

Алтауы көп уақыт жол жүріп, діттеген жерімізге жақын қалдық-ау, деп ойлағанда алдарынан бес қаруын асынған гүрілдеген алып дию шығады:

Дию: – Әй, Төстік, тоқта. Жолыңда кездескеннің бәрін жайпап, менің падишам Бекторының жүзін жерге қараттың. Енді менің кезегім келді. Мен сенімен шайқасып бір жерінді мерт етпей-ақ қояйын. Ер соңымнан.

Ер Төстік (бес қаруын сайлай түсін): – Ей, күжірейген ебедейсіз дәу неме. Қайдан келдің, неге келдің? Онда менің ісім жоқ. Бізге тиіспей өз жолыңмен жүре бер.

Дию: – Менің барлық ісім де, жүрісім де сен. Сені алып кету. Басқа шаруам жоқ.

Ер Төстік: – Ісің менде болса, мына жолдастарым секілді шын көңіліңмен бізге қосыл. Дос болып, бір жүрейік. Барар жер алыс. Осындайда дос керек.

Дию (*ызғарлана күжілдей түсін*): – Мен сенімен емес, сен менімен жүреді деп келдім. Түс алдыма.

Ер Төстік (*дайындалын*): – Ендеше, қолыңнан келсе түсіріп ал.

Дию: – Онда, өз обалың өзіңе, қорған.

Таусоғар: – Төстік, мені жібер. Мен көрейін мұнымен алысып.

Ер Төстік: – Жоқ, Таусоғарым. Өзім шайқасам. Күшім жетпей бара жатса келерсің көмекке.

Көлтаусар: – Ер Төстік, тыңда сөзімді. Мені жібер, ұртымдағы суымды үстіне ақтара салайын. Кетсін сумен бірге ағып.

Ер Төстік: – Жоқ. Қолым қышып, арқам тырысып жүр еді. Өзім арқамды бір жазып көрейін.

Көзілеспес: – Көр, көр достым, біз Желаяқ, Саққұлақ үшеуімізге көңіл аударма. Біз де өз білгенімізді жасап көмектесерміз.

Шайқас басталады. Екі алып бір-бірін ала-алар емес. Қылыштың шақылдаған, қалқанның таңқылдаған дауысы құлақ тұндырардай. Қанжарлар қадалмай жапырылып, кездіктер майысып қалды, қалқандар қақ айрылды. Осы сәтте Төстік оң қолымен иек тұсын дәлдей бар күшімен соққанда дию кетті жүз кадамдай жерге ұшып. Дегенмен есін тез жиып алған дию қорамсаққа қол салуға ұмтылды. Төстік садағын ала қоймаған еді. Оны түсінген Желаяқ лезде садағы мен қорамсағын жеткізіп берді. Бұл кезде дию жебені алып Төстікті көздеп тартып жіберген еді. Әлі де болса есін толық жия алмаған диюдың жебесі сәл мүлт кетіп, Төстіктің сол иығына тиді. Бірақ Ақсырмал сауыттан өте алмай жерге құлап қалды. Дегенмен жебенің қарқыны қатты еді, Төстіктің иығы артқа қарай серпіліп барып қайтты. Бұл кезде Көзілеспес те диюдың қорамсағында қалған бар жебелерді алып, лақтырып үлгерген еді. Дию сипаланды да қалды.

Төстік иығын қаншама ауырсынып тұрса да:

Қорамсаққа қол салды,
 Қол салғанда мол салды.
 Қақ жүректің тұсы деп,
 Үшкір садақ жүзі деп,
 Тартты жебе шүкір деп.
 Қақырай қатпар жыртылып,
 Қансырай жүрек жарылды,
 Өкіре дию жылады,
 Дөңкііп барып құлады.

Таудай болып құлаған диюдың алып денесін Таусоғар қаңбақтай көтеріп алып терең құзға лақтырып жіберді. Құздан көтерілген қалың шаңмен араласып диюдың жаны бір топ құзғын қарғалар болып ұшып кетті.

Бекторының кезекті жалмауызын жеңіп көңілді келе жатқан топқа жартас басында жайғасып отырған кісі кездеседі.

Ер Төстік: – Оу, неғып отырған адамсың.

Қырағы: – Төстік сенің еліңнен қалай шығып, жер бетінде не істегенінді, үңгірге түсіп, жылан Бапы ханға келіп, онан қорықпастан төріне шыққаныңды, одан Темір ханның елін іздеп шыққаныңды, жолында неше шайқасқа түскенінді, бізде бар өнерпаздарды жинап келе жатқаныңды көрген соң, саған жолдас болайын деп, жолыңды тосып отырмын.

Ер Төстік: – Маған жолдас боларлықтай қандай өнерің бар еді?

Қырағы: – Өзің сезгендей, жер бетінің қырағысымын. Төстік, сенің не күйге ұшырағаныңның бәрін көріп отырмын. Бар өнерім қырағылық, жердің асты-үстінде менің көзімнен қағыс жер қалған емес, қандай нәрсе болса да, анықтап қарасам, бәрін де көремін.

Ер Төстік: – Жарайды, ендеше менің жолдасым бол, атың кім?

Қырағы: – Атым, затыма сай Қырағы.

Ер Төстік: Кеттік ендеше.

Жетеу болып жүріп кетеді. *(Бұлар бір айдай жол жүріп, Темір Хан еліне жақындап қалғанда).*

Саққұлақ: – Мына тау жақтан арқыраған көп судың дыбысы естіледі.

Қырағы: – Мен қарап жіберейін не болып жатқанын алысқа көз тігеді. Ойбай-ой, алдымызда үлкен ойпат бар екен, ені мен ұзындығы бірдей алып ойпат, әрі терең. Соған топан су толтырып жатыр.

Ер Төстік: Кімдер, оны істеп жатқан?

Желаяқ: – Мен жылдам біліп келе қояйын. *(Желаяқ жүгіріп барып қайта жүгіріп келіп)* Бекторының жалмауыздары тау басындағы көлдерді жарып ойпатқа құйып, біздің алдымызды бөгеп жатыр.

Көлтаусар: – Ешнәрсе етпес. Бара, көрерміз.

Ойпат басына келсе, су орталай толып қалған екен. Ойпаттың табаны тегіс емес неше түрлі аралдар мен жартылай мүйістер де пайда бола бастапты.

Ер Төстік: – Ал, Көлтаусарым. Мынаған қандай амал бар?

Көлтаусар: – Көріп тұрмын. Маған бұны ұрттап алу сөз емес. Бірақ оны төгетін жер жоқ. Су болса қосылып келіп жатыр. Сондықтан су әзірге толмай тұрғанда Таусоғар мына мүйістер мен аралдардың арасын таумен өріп бекітсе мен суды сол араға төгіп жол ашар едім, – дейді Көлтаусар.

Таусоғар: – Онда іске кірісейік.

Таусоғар тауларды бір орнынан көтеріп екіншісіне жалғайды. Көлтаусар көл суын ұрттап алып тау-тоғанның арғы бетіне төге салады. Сөйтіп Бекторы сұлудың тағы бір әрекеті іске аспай қалады.

Бастарынан талай қихаяттарды өткізген жетеу Темір ханның отырған жеріне де келіп жетті. Айнала таумен көмкеріліп, ортасында тап-таза тұнық өзен жайбарақат ағып, жағалай өскен мәуелі ағаштар жемісін төгіп, бақтарында құстар сайрап, неше түрлі түсті шөптер мен гүлдер көздің жауын алардай сән бере самал желмен толқындана шайқалып тұр. Бірақ елі жоқ, жұрты ғана жатыр.

Ер Төстік (*жан-жағына алаңдан*): – Оу, бұл ел қайда кеткен?

Саққұлақ: Мен тындап көрейін (*бір жартасқа барып құлағын төсеп*) Олар біздің келе жатқанымызды естіп, көшіп кетіп қалған екен. Төстік сенен қорқып қашқандары соншама, тіпті адам баласы баспас деген жерге қонып жатқан көрінеді.

Қырағы: – Мен де көз жіберіп көрейін. (*Биік тастың басына шығып маңдайын қолымен көлеңкелей алысқа ұзақ қаран*) Төстікжан, олар бастарын мәңгілік мұздар басқан алты таудың ар жағында, жағалауын қалың қоғалар мен қамыс, құрақтар басқан, жан-жағын адам тұрмақ аң өтпес тау шатқалдары қоршаған жеті көлдің желкесіндегі таудың шынар басындағы биік шыңның желкесіндегі үлкен жазық алаңқайға барып қоныстаныпты.

Ер Төстік: – Кеттік ендеше.

Жолаушылар жүріп келеді. Алдарынан алғашқы тау жоталары, одан шатқалдары кезіге бастады. Алып тауды екі бөлікке жарып үлкен сай жатыр. Сайды бойлай бұлар жүріп келеді. Сайдың табанында тұп-тұнық өзен ағып жатыр. Өзеннің екі бетінде өскен жеміс-жидектер өте көп. Аңдардың неше түрі, құстардың қатарлары көбейіп адамдардан қорықпай жайбарақат өмір сүруде. Олардың әрқайсысынан шыққан үндер бір-бірімен ұласып құлаққа жағымды керемет әуендер

пайда болып, бұлардың жүректерін жібітіп, көңілдерін көтеріп, ерекше сезімге бөлеп тастады. Бұлар бір сәт болса да қайда, не үшін келе жатқандарын ұмытып ләззат күйге бөлене түскендей. Әнебір алаңқайда бір топ еліктер өздерінің сымбатты денелерімен, салтанатты жүрістерімен, адамға емірене қарап, тұнық қара көздерін төңкере, омырауларын иіскелей түсіп, ойнақтай секіріп жүр. Төстік пен оның достарын мына құбылыс ерекше баурай түсіп, естерінен айыра бастағандай. Тек анадай жерде шалғын шөптерді опыра жеп жатқан Шалқұйрық қана, бір нәрсеге алаңдағандай басын көтере оқырынып қояды да ары қарай шөпшектердің қызығына бөленеді. Жігіттер жан-жақтан жеміс жидектерді теріп тез арада дастарқан жайып, кәусар бұлақтың суынан сусындап, алқа қотан отыра қалып, кішігірім той жасап жатыр. Сайдың хош иісі бойды баурап алып барады. Сакқұлақ тау бөктерінен біраз отын жинап от жағып жатыр. Көзілеспес ортада жанып жатқан отты қозғамақ болып жерде жатқан таяқшаға қол соза беріп еді, арырақта жатқан ұзынша таяқ секіріп келіп қолына түсе кетті. Әбден таң-тамашаға еліріп алған Көзілеспес оған мән де берген жоқ, отты көсеп, көсеп жіберді. Таяқшаны оттан шығара бергенде қасына ойнақтай түсіп бір елік жетіп келді. «Мынау отқа түсіп кетер ме екен», деп ойлаған ол қолындағы таяқшамен жасқай беріп еді, әлгі елік сұп-сұлу қыз болып шыға келді. Бәрі таң-тамаша, мәз болуда. Көзілеспес таяқшасын отқа салып, қайта алып еліктерге сілтеңкіресе олар қыз болып шыға келеді. Қыздардың әрқайсысы бір бір жігітті иеленетіндей. Мына қыз сызыла келіп Төстікті сипалай жанына келіп жайғасты.

Елік Қыз: – Төстікжан, қандай ер мінезді сұлу мүсінді жан едің. Ұзақ жолдан шаршап келе жатқан сені демалсын деп қыздармен жолыңды тосып едік. Құрметімізге лайықсың.

Ер Төстік: – Рахмет, шынында да көп болды арқа жазып, бел шешіп, ойнап күлмегелі. Мына жердің ауасы жұпар, суы кәусар, жанға жайлы екен.

Елік Қыз (*сызыла түсіп, сылқылдай күліп*): – Ешнәрсеге алаң болма. Демал. Біз біргеміз. Көз шырымын алсаң да болады.

Ер Төстік: – Елсіз далада, қайдан... (*дей берген Төстіктің ауызына қыз сұқ саусағын төсей қояды*).

Елік Қыз: – Демал, қалғанын ертең айтып беремін. Ешнәрсе ойлама. Ойнап-күліп отырайық. (*Өз денесін өзі сипалай керіле түсіп*) Мен қалай, сұлуымын ба? Елдің бәрі менің сұлулығымды айтады, ал мен сол сөзді сенің аузыңнан естісем деп едім.

Ер Төстік: – Сұлулық тек сырт келбетте емес қой, былай көрікті жан екенсің.

Шалқұйрық оқырана басын көтеріп, Төстіктерге бет алады.

Елік Қыз (*дастарқаннан бір түйір жүзім алып*): – Төстіктің аузына тоса Сені армандап жүрген сұлулар көп болар. Солардың бірі болып қалмайын. Мына жүзімнен ауыз тиіңізіші.

Ер Төстік аузын ашып жүзімді жемекке ұмтыла бергенде Шалқұйрық қыздың қолын қағып тастап, өзін желкесінен тістеп, лақтырып жіберіп, құйрығымен Төстіктің бетіне су шашып жібереді де тілге келеді.

Шалқұйрық: – Ей, Төстік, есінді жи. Бұл Бекторының жіберген перілері. Бәріне шыдағанда пері қыздарының алдауына түсіп қор болайын деп пе едің? Ей, Көзілеспес (*айқай салып*) өшір ана отты аманыңда. Жылдам, әйтпесе бәріміз өлеміз.

Тез арада естерін жиған жігіттер дереу отты сөндіреді. Кеш батып, түн түсуге айналғандай болған айнала қайта жарық болып күн жарқырап шыға келеді. Қыздарымыз шиебөріге айналып шуылдай түсіп қаша жөнеледі. Таусоғар анадай жердегі жартасты алып бастырам дегенше қыздар буға айналып жоқ болып кетеді.

Бес таудан өтіп алтыншы таудың бөктерімен көтеріліп келе жатады.

Саққұлақ: – Әй жігіттер. Мына таудың арғы бөктерінен гуілдеген зор дауыс естіледі. Не болды екен?

Қырағы: – Мен қарап көрейін (*Қырағы жартастың үстіне шығып көз салса, сұрапыл дауыл мен қалың қар төге жауып келеді екен. Жүріп өткен жолдарында өте қалың қар жауып, бүкіл дүние тоқтап өлі тыныштық орнағандай*). Әй, Төстік. Саққұлақтың айтатынындай бар екен. Мына жақтан сұрапыл келеді. Ертерек қамданбасақ болмас. Жауған қардың биіктігі екі-үш құлаштай, – дейді.

Ер Төстік: – Онда не істеуіміз керек? Бұл сұрапыл дауыл бізге қиын соғуы мүмкін. Алдын ала дайындалмасақ болмас. Таусоғар, сен жылдам қимылдап тау-тастардан үй құрастыр. Көзілеспес сен тастан салынған үйдің тесіктерін суық өтпестей етіп біте. Ал сен, Желаяқ Қырағымен бірге барып мол етіп аң-құс ұстап, отын жинап келіндер. Көлтаусар, сен сулар қатып қалмай тұрғанда ана көлшіктің суын алып келіп мына шұңқырға құйып қой, Саққұлақ, сен үйдің ортасынан от жағатын орын даярла.

Бәрі жабылып жатып тез арада үй тұрғызып, ішін жылылап, барлық заттарын кіргізіп алды. Міне, дауыл да жетті. Дала азан-қазан. Қайда не болып жатқаны белгісіз. Ышқынып келіп ұйтқи соғады. Тастан қаланған үйдің тас-талқанын шығарғысы келіп бұлқына соғады, ішегін ішіне тартып бар күшімен, екпінімен екілене соғады. Оған Таусоғардың қалың үйі былқ етер емес. Әбден ызаға булыққан дауыл бар зәрін бойына жиып, қарын төгіп, төгіп жіберіп, үйді толықтай жауып тастады. Іштегілер от жағып, тамақ пісіріп, жылы жерге жатып, мейлінше демалып та қалды. Сол дауыл ұзағынан соқты. Арада талай уақыт өтті. Дегенмен жігіттер мол етіп жинап алған отындары мен аң-құстарының арқасында жылы жерде жата берді. Дауыл қанша соққанымен, қар қанша жауғанымен бұларға түк әстей алмай бірнеше айдан кейін басылды. Достар сыртқа шығып, сапарларын жалғастырды.

Бірнеше көлдерден өтіп, жетіншісіне бет алғанда, алдарынан сахара құм дала кездесті. Ойларында түк жоқ, бір-бірімен әзілдесіп ойнап келе жатыр.

Қырағы (*кенет алдына көзін қалқалай көз тіге түсін*): – Жігіттер, тоқтай тұрындар. Мына алдымызда қалың шаң көшкіні келеді. Мүмкін мына сусыма құмды жел көтеріп айдап дауыл келе жатқандай.

Саққұлақ: – Иә, мен де естіп тұрмын. Дыбысы жаман, ысылдай түсіп, гүрілдей жөнеліп келеді.

Таусоғар: – Онда мен анау тұрған ортан белінен жоғарысында кішігірім үңгірі бар тауды әкеліп, шаңның алдына тосқауыл қояйын.

Көлтаусар: Мен ана көлдің суын ұртыма толтырып алайын.

Ер Төстік: – Тездетейік жігіттер.

Таусоғар барып тауды алып келіп желдің өтіне, үңгірін ықтасын бетіне қаратып қойды. Көлтаусар барып көлдің бар суын ұрттап, бір ұртын толтырып келді. Көзілеспес пен Желаякөте епті, жылдамдықпен тау үңгіріне шығып алды. Қалғандарын Тауасар асқан ептілікпен жоғары лақтырып шығарды да артынша өзі арқанмен көтерілді. Міне, жер дүниені аласапыран етіп құм дауыл да жетті. Айнала қара түнек. Күннің көзін толық жауып қалған. Қаншама ықтасын болса да құмдар ұйтқи соғып көз ашқызбай, тынысты тарылта бастады. Сол кезде Көлтаусар ұртындағы судың бір бөлігін жаңбырлатып шашып жіберді. Ықтасын бетке түсіп әжептеуір қалындап қалған құмдар мен шаң топан болып ұшып жүрген сусыма құмдар сумен шайылып

156 екі-үш шақырымдай жер ашылып, адамдардың тыныстары ашылып қалады. Мынаны көрген дауыл одан сайын құтырына соққанымен Көлтаусардың жаңбырына төтеп бере алмай құмдарының бойына су сіңіп көтеріле алмай шөге берді, шөге берді. Дүниедегі бар құм таудың бөктерінен арқыраған тау өзеніндей болып сумен шайылып кете барды. Тек құм дауылдың соңғы соғысы басыларда құмдар топталып Бекторының бет бейнесіне айнала түсіп, ол бір күрсінгендей ышқына соқты да, бар шаңды топтай жинап, ұша түсіп, жоқ болып кетті.

Барлық дауылдан, шайқастардан құтылып көлді жағалап келе жатқан жетеу, әзіл-сықақтар қоржынының аузын ашып, қалжындарын қақырата айтып, көтеріңкі көңілмен келе жатыр. Баратын жер де алыс емес. Арада алты-ақ көл қалды. Осындай көтеріңкі көңіл күйді бұза аспанда алып екі қара құс пайда болады.

Құс дейін десе құсқа ұқсамайды, бірақ алып қанаттары бар. Ұшып келеді. Құс тұмсықтың орнында сойылдай-сойылдай адырайған жыртқыш тістері мен тесіктері шелектей үңірейген қос танау, көздері шарасынан шығып кетердей бадырақ әрі қып-қызыл болып қанталап кеткен. Құлақтары есектің құлағына көбірек келетіндей тікірейіп қатып қалған. Аяқтары бұжыр-бұжыр, тастарды бір-біріне жапсырып тастағандай әрі сұсты. Саусақтары дәу сексауылдың томарындай тарамыстанып, тырнақтары қылыштай иіліп, ұш жағы садақтың жебесіндей үшкірлене түскен құбыжықтар. Алғашқысы Желаяққа қарай шүйліге түсті. Бір сәт Желаяқ мынандай құбыжықтан именіп сасып қалған секілді көрінді. Қалтырап дірілдеп тұрғандай. Құбыжық қанатын кеңге жайып, тырнақтарын жаза түсіп, Желаяқтың бас тұсынан бассалмақ болып бар күшімен ұмтылғанда, Желаяқ асқан жылдамдықпен бір шетіне секіріп кетеді. Құбыжық өз екпінімен барып тасқа ұрынып бір тырнағын сындырып алып, бар дауысымен шиқылдай шыңғырып жіберді де қайта аспанға көтерілді. Топсысынан қан заулай ағып жүр. Екіншісі Төстікті бетке алып ұшып келеді. Екі көзі қанталап, ауыз тістерін аңқита көмейінен жалын шашып ұмтыла түсуде. Төстіктен еш абыржу білінбейтін сияқты, тым-тырыс қимылсыз қарап тұр. Жақындап келген құбыжық Төстікті қанатымен қағып жібергенде Төстік біраз жерге ұшып кетіп шалқалай құлады. Қайта айналып келген құбыжық Төстіктің оң аяғын тырнақтарымен іліп алып көтере ұшып Таусоғардың жанында жатқан қойтастың

үстіне лақтырып жіберді. Таусоғар ұшып келе жатқан Төстікті жарым жолдан қағып алып, жерге қоя салды да, қайта оралған құбыжықтың қанатынан қос қолдап ұстаған бойы өзінің айналасына айландырып – айландырып барып жіберіп қалғанда әудем жердегі үлкен талдың дінгегіне соғылып құлап түсті. Ол кезде алғашқы құбыжық есін жиып, енді Көлтаусарға ұмтылған еді. Тура алдына келген құбыжыққа Көлтаусар аузындағы суын бүркіп жібереді. Судың екпініне шыдамай екінші рет оңбай құлап, қанатын қайырып алып тыпырлады да қалды. Екінші құбыжық та есін жияр жимастан қалталақтап Таусоғарға ұмтылды. Таусоғар жерде жатқан қойтасты ала салып ұрып жібергенде тас дәл тиіп қайта құлап түсті. Бұл кезде аяғы ақсандап ауырсынғанына қарамастан Төстік те садағын алып, жебесін салып үлгерген еді. Тал түбінде қорбаңдап тұра алмай жатқан құбыжықты көздеп тартып қалғанда жебе құбыжықтың жүрегіне бойлай кіріп жапырақтай жалп еткізді. Ол кезде алғашқысы да ұшпақ ниетпен қанатын қомдап, сынық қанатын салпаңдатып секіріп жатқан. Сынған қанат жердің топырағын сыпырып, айналасын аласапыран шаңдатып жіберді. Төстік сол қалың шаңның арасынан құбыжықтың сұлабасын көздей түсіп, жебесін жіберіп қалғанда заулаған жебе құбыжықтың аузынан кіріп, желкесінен бірақ шықты. Өзіне бойбермей жатқан қанаты кеңінен жазыла түсіп, керіле түскен құбыжық шалқасынан түсіп, тырп етпей қатты да қалды. Бұл кезде екіншісі де жан тапсырып үлгерген еді. Жігіттер жабылып жарақат алып қалған Ер Төстіктің аяғын емдей бастады.

Темір ханның тығылған тұрағына да жетеді. Бұл кезде күн батып кеш карақошқылдана ымырттан асып бара жатқан кез. Темір хан елі биік таудың басына бекінген екен. Өзара қарым-қатынастары бар елдердің келіп-кететін тау ішінің құпия жолдарынан басқа жол жоқ болғандықтан, жер бетіндегі ешбір жан шыға алмайды деп ойласа керек. Бұлардың алдында бұл ойлары іске аспай қалды. Таусоғар тауларды көтеріп әкеліп бір-біріне қиюластыра қойып әрі жол жасап, сол жолмен өрмелеп бәрі таудың үстіне шығып алды.

Таудың үстіне орналасқан халық Төстіктің келіп қалғанынан хабары жоқ, жайбарақат. Кең жазыққа қаз-қатар киіз үйлерді тігіп тастап думандата тойлап, Темір ханның қызының Кеше ханға ұзатылу тойын өткізу үстінде екен. Түн қараңғылығы ай жарығымен жарқырай жанған оттар әрі жер жердегі отшашулар жарығымен жарқырап тұр.

Темір ханның жайбарақат отырған күзетшілері табан астынан пайда болған бұларды көргенде есі шығып не істерін де білмей дал болады. Күзетшілердің басшысы Темір хан уәзіріне, ал ол Темір ханға келіп:

Уәзір (*сасқалақтап*): – Тақсыр. Жаман жаңалық. Төстік келіп қалды.

Темір хан (*ашуға булыға*): – Олар қайдан, қалай пайда болды? Сендер не бітіріп жүрсіңдер?

Уәзір (*көзі жыпылықтап, ауызы қисайып кеткен*): – Білмеймін. Ғайыптан түскендей болып келе қалды.

Темір хан: – Әй, иттің баласы! Қайда қарап жүрсің? Неге ертерек айтпайсың?!

Уәзір (*жыламсырап*): – Біз байқамай да қалдық.

Темір хан: – Қалайша байқамайсың соншама адамды? Қаншау екен? Әскерімен бе?

Уәзір: – Жоқ. Айландырған жеті-ақ адам.

Темір хан. Жетеу, жетеу-ақ па? (*Таңқалған хан, артыниша*) Аз болғаны дұрыс болды. (*Қуанышын жасыра алмай қарқылдай күліп*) Онда олар біздің шырқымызды бұза алмас. Тойды бұзбандар. Бірақ сарбаздарға айтып қой, дайын болсын.

Уәзір: – Құп болады. Басқа тапсырма бар ма?

Темір хан (*ойланып барып*): – Айтпақшы, оларды үлкен сарайдың біріне кіргізіп тамақ беріндер. Тамақты аямандар. Әбден тойғызыңдар. Тойып ұйықтасын. Сол кезде бастарын алармыз. Түсінікті ме?

Уәзір: – Түсіндім, тақсыр. Бәрі орындалады.

Ер Төстікті жолдастарымен бірге құрметтеген болып кең сарай үйге кіргізеді. Темір ханның уәзірімен болған әңгімесінің барлығын Саққұлақ естіп біліп алып жолдастарына айтып қойған. Бәрін біліп алған Төстік достарымен ешнәрсе білдірмей төрге жайғасады. Қырағы сыртқа шығып, бір дөңестің үстінен Темір ханның әскерлері мен Кеше ханның сарбаздары бұлардың көздерін жоюға дайындалып жатқанын көріп, Төстікке келіп хабарлап, тыныш отыра береді. Кеше ханның қалың малға әкелген қора-қора қойының, келе-келе түйесінің, үйір-үйір жылқысының бәрі де тойға сойылған. Бұларды тойғызбақ

болып тамақтарды әкеле береді. Қажетті тамақты жеп тояттап алған соң, Көлтаусардан басқасы дастарқаннан кейін ысырылып отырады.

Көлтаусар: – Ал, достар, сендер күліп ойнап отыра беріңдер. Мен көрейін бұлардың жомарттығын. Тамақтары қаншалықты жеткілікті болар екен.

Тойға арналған тамақтан қанша әкелсе де бұлар бәрін жеп қояды. Сарайдан бір табақ желінбей қайтпайды. Хан уәзірлері таңқалып, бастарын шайқасуда. Үйдің жабдығынан сығалап қараса бәрі күліп ойнап отыр. Ұйқтайтын ниеттері де жоқ. Уәзірлер сасқалақтай бастайды. Ханға жүгіріп барып:

Уәзір: – Хан ием, мынау деген сұмдық болды. Аналарды тойғыза алмай жатырмыз. Қанша тамақ берсек те жалмап-жұлмап жеп қояды. Тіпті ұйықтау ойларында да жоқ. Күліп ойнап отыр. Біздің тамағымыз да таусылып барады.

Темір хан: – Не дейді? Бар тамақты жеп қойғаны қалай?. Ол атаңа нәлеттер, тоймай ма, немене?

Уәзір: – Тоятын түрлері жоқ. Тіпті күліп ойнап, ұйқы кәперлеріне кіріп шығар емес.

Темір хан: Онда Кеше ханды шақырып келіндер, ақылдасатын әңгіме бар деңдер.

Олар жүгіріп барып Кеше ханды алып келеді. Екі хан ары бері ақылдаса отырып Тәстіктердің тамағына у салып бермек болады. Саққұлақ мұны естіп отырады да, Тәстікке айтады.

Тәстік: – Рахмет, тояттадық деп тамақтарын қайтарып жіберіңдер. Ал, Көзілеспесім, сенің де кезегің келген сияқты. Мыналар әскерімен біздің көзімізді жоюға бекініпті. Бәрі кәзір тамақтанып жатыр. Не ойың бар?

Көзілеспес: – Түсіндім. Осы ой өзімді де мазалап отыр еді. Мен сыртқа шығып келе қояйын. Жылдам келем (*сыртқа шығып кетеді*).

Көзілеспес Тәстіктердің у салынған табақтарын білдірместен Темір хан сарбаздары мен Кеше ханның нөкерлерінің табағымен ауыстырып жібереді де ішке қайта кіріп отыра береді.

Әлден уақытта сырттан ойбайлаған, айқайлаған дауыстар шығып, азан-қазан болды да кетті. Кімнің не істеп, неге жүгіріп, не айтып жатқаны түсініксіз. Ертерек есін жиған бір уәзір ордада бірге отырған Темір мен Кеше хандарға барып:

Уәзір: – Хан ием, хан ием, қырылдық. Сұмдық болып жатыр, сұмдық.

Темір хан (*ашуга булығып*): – Не болып қалды? Айт жылдам, малтаңды езе бермей.

Уәзір: – Сарбаздар қырылып қалды. Біздіке де Кеще хан тақсырдіке де.

Темір хан (*Кеще хан екеуі шошып орнынан атып тұрады*): – Не дейді, не дедің, сен иттің баласы?!

Уәзір (*қорқақтай күйбелектен*): – Тақсыр. Аналарды улаймыз деп жүргенде өз адамдарымызды улап алдық.

Кеще хан (*сұрланып алған*): – Қалайша? Сендер қайда қарап жүрсіндер?

Уәзір: – Біз мұхият қарап-ақ жүр едік. Білмеймін қалай болғанын. Табақтарды ма, әлде қазандарды ма, ауыстырып алды-ау деймін.

Темір хан: – Ей, есуас неме. Аналардан біреу далаға шығып па еді?

Уәзір: – Жоқ. Байқамадық. Олар әлі сарайда отыр.

Темір хан: – Кім жауапты? Маған басын кесіп әкел.

Кеще хан: – Мына уәзіріңді қоса жазалау керек қой.

Уәзір: – Ойбай, тақсырлар. Менің не жазығым бар. Мен мына жақта ...

Темір хан: Өшір үніңді. Өлгің келмесе, тап жауаптыны.

Уәзір (*дауысы естілер естілмес міңгірлеп*): – Аспаздар бес-алтау ғана. Оларды өлтірсек не істейміз.

Екі хан ойланып отыр. Сарбаздар қырылып қалды. Ер Төстікке доқ көрсететін күштері жоқ. Ендігі қалғаны тек қулық.

Темір хан: – Кеще хан, бұл қиын жағдай болды. Бірнәрсе ойластырмасақ болмайды. Мыналардан ертерек құтылуымыз керек. Егер сен құп алсаң, халықтың ішінде неше түрлі өнерпаздар, өнері асқан сиқыршылар, ерекше күшті жануарлар бар, соларды пайдалану керек, деп ойлаймын.

Кеще хан: – Не туралы айтып отырсың, түсінбедім?..

Темір хан: – Не түсінбейтіні бар. Төстік тегін келген жоқ. Сенің келініңді алып кетуге келді. Соған жол бермеудің амалын іздеп отырмын.

Кеңсе хан: – Айландырған жеті адамды бауыздап өлтіре салмаймыз ба?

Темір хан: – Ол да менің ойымда еді. Оған сарбаздар қырылып қалды. Енді оған күшіміз жетпейді. Ол оңай жау емес. Нағыз дүлейдің өзі. Жай адам болса бұлайша азғана адаммен келмес еді. Ойлан Кеңсе хан.

Кеңсе хан: – Онда былай болсын... *(Екеуі ұзақ сөйлесіп, бір шешімге келгендей болды).*

Темір ханның кең сарайы. Үшемдік болып салынған киіз үйдің сегіз қанатты екі үйі, жатын орын мен тамақ бөлмесі болса, ортадағы он екі қанаттық қонақ бөлме. Темір хан дастарқанды кеңінен жайып, неше түрді дәмдер мен сусындарға толтырып, Төстік пен Кеңсе ханды арнайы шақырып, қонақ етті.

Темір хан *(Ер Төстікке қаран):* – Иә, қонағым. Алыстан ат терлетіп, арнайы келді дегесін, әдейі шақырып отырмын. Қош келіпсіз біздің елге! Кім боласыз, қайдан келесіз, не бұйымтайыңыз бар? Айта отырыңыз.

Ер Төстік: – Рахмет сыйыңызға. Иә, алыстан келеміз. Есімім Ер Төстік болады. Естіген боларсыз. *(Темір ханның бетіне жәйлап сынай көз жібереді).*

Темір хан *(танымаған, естімеген адам болып):* – Жоқ, естімеген екенмін. Иә, жолдарыңыз болсын.

Ер Төстік: – Сіздерді арнайы іздеп келеміз. Мекен жайларыңызды өзгертіп жіберген екенсіздер. Іздеп көп жүріп қалдық.

Темір хан: – Малдың жайын ойлап, көшіп-қонып жүре береміз ғой.

Ер Төстік: – Менің келу себебім. Жер асты елінің ханы, менің досым Бапы хан сізбен құда болып қызыңызды бермек болып уағдаласқан екенсіздер. Бапы хан сол қалыңдығын алып кел деп, жіберіп еді. Бар шаруамыз осы.

Темір хан: – Олай болса неге Бапы хан өзі келмеді. Мен қызымды көлденең көк аттыға өңгертіп жібере алмаймын.

Ер Төстік: – Ханеке, қатты кетпеңіз. Көк аттың мен емеспін. Мен оның досымын. Сондықтан достық парызым оған көмектесу. Ол бұрында да өзі келіп, құдалар жіберген екен, сіз уәдені бұзыңқырап жүрген сияқтысыз. Енді міне, мен келіп отырмын.

Темір хан: – Ол уәделі кезден бері қанша уақыт өтті? Уақтылы келіп, алып кетпегесін, құдалықтан тайқыған болар деп басқа тірліктерімді жасап отырмын. Басқа да құдалар шығып жатыр.

Ер Төстік: – Әзірге ол құдалықтан айныған жоқ. Оның дәлелі мен келіп отырмын, қалыңдығымызды алып кетуге.

Темір хан: – Менімен құда болып қызымды алуға мына Кеңе хан да келіп отыр.

Кеңе хан: – Иә, мен құда түсіп келіп отырмын.

Ер Төстік: – Құда түсіп, атастырылып қойған қалыңдыққа басқалар көзін алартпас болар. Оны білетін шығарсыз Кеңе хан.

Кеңе хан: – Араға неше жылдар түсіп, ол құдалықтың мәні кеткендей болыпты ғой.

Ер Төстік: – Ешқандай мәні де, сәні де кеткен жоқ.

Темір хан: – Тоқтай тұрындар, ерегіспей. Бәрінен де маған ауыр тиіп отыр. Ойламаған жерден маған ауыртпашылық түсіп отыр. Мен бір шешімге келуім керек. Ойлануға мүмкіндік беріндер. Әзірге мына тамақ суып қалмасын. Дәм алыңыздар. Мәселені сосын шешерміз.

Қонақтар дастарқанға иіліп, тамақ желінеді.

(Ас желініп болғасын) **Темір хан:** Екеуің де менің қызыма құда түсіп келіп отырсындар. Екі жақ та маған дос, жанашыр азаматсындар. Үлкен құрметім мен қадірлеуіме лайықсындар. Сендерді бөліп жара алмаймын. Ешкімді де ренжіткім жоқ. Қызым біреу-ақ. Екеу болғанда екеуіңе беріп құда болып отыра, берер едім.

Ер Төстік: – Мен сенімен бұрыннан құда болып, құйрық-бауыр жесіп қойған құдаң Бапының атынан келіп отырмын. Құдаң келінімді алып кел, деп жіберді. Талай жерден ат терлетіп келіп енді құр қол қайта алмаспын.

Темір хан *(өтірік мүләйімсіп):* – Түсінемін, Ер Төстік. Бірақ мына Кеңе ежелден дос, көңліміз жақын жандар едік. Бала кезде бір-бірімізге берген уәдеміз бар еді, бірімізде ұл, екіншімізде қыз болса құда түсеміз деп. Сол уәдені бетке салық етіп келді. Уәде құдай сөзі дейді ғой. Бетін қайтара алмадым. Бапыға да берген уәдем бар еді. Оны да қимаймын. Екі оттың ортасында қалғандаймын.

Кеңе хан *(Темір екеуінің бұрыннан жоспарлап қойған ойларын ортаға салып):* – Сен олай қиналма, Темір. Бір мәмілеге келейік. Екі жақ та саған ыстық болса, онда біздің де ақылды тыңда. Жауласып пайда таппаспыз. Дос көңілді бұзбайық. Бапы ертең көрісіп, араласатын қадірлі хан. Ренжіткеніміз дұрыс болмас. Сондықтан, менің

сөзімді тыңдасаңдар, екі жақ өнер сайысына түсейік. Кімнің өнері асып жеңіп жатса қыз соныкі болсын.

Ер Төстік (*бәрін бұрыннан естіп біліп отырғандықтан*): – Мен келістім өнер сайысына. Жеңіп кетсем реніш болмасын. Жеңілсем мен де ренжімеймін.

Кеңе хан: – Мен де солай. Келістік, уәде осылай болсын.

Темір хан (*Ер Төстіктің келіскеніне қуанып, әрі Кеңе ханның жеңісіне күмәнсіздене*): – Уһ! Рахмет сендерге. Арқамнан бір ауыр жүк түскендей болды ғой. Ал онда таңертеңнен бастайық. Ұтылғандарың маған ренжімеңдер.

Темір ханның ауылына жан-жақтан ағылып келген ел көп.

Темір хан (*жиналған қарақұрым көпшіліктің алдына шығып*): – Қызыма екі хан құда түсіп отыр, қайсысының өнері асса, соған беремін. Сол қызыққа бәріңіз де ортақ болыңыздар. Аламан бәйгі, балуандар күресі, жаяу жарыс, тағы басқа да жарыстар болады. Көріңіздер, қызықтаңыздар.

Алғашқы өнер сайысы ат жарысы – бәйгеден басталады. Темір хан мен Кеңе хандар өздерінің бар жүйріктерін бәйгеге қосады. Ер Төстік Шалқұйрықты даярлайды. Онсыз да күнделікті шабыста жүрген Шалқұйрық кез келген жарысқа дайын еді. Бәйгеге аттарды жіберетін Қарақшының түбіне жете бергенде оңаша жерде, Шалқұйрыққа тіл бітеді.

Шалқұйрық: – Егер аттарды өте алысқа айдаса, менің шабысым да өте жылдам болады. Үш күннен аса шапсам бүйірім қызып, өзімді тоқтатуға шамам келмей, кетіп қалуым мүмкін. Мен келе жатқанда алдымнан арқан керіп қой. Арқан үш қабат болсын, бір қабаты кендірден болсын. Үш қабат арқанның үшеуі де үзілсе, мен саған жоқпын, ағынымды тоқтата алмай кеткенім, үшеуі де үзілмесе, мен жығылып өлемін. Егер арқан жартылай үзілсе, мен тоқтаймын, жығылып қалсам да жаным қайтадан кіреді, күдер үзбе.

Темір мен Кеңе хандар оңаша сөйлесіп тұр.

Темір хан: – Кеңе хан, мен сенің аттарына сенімдімін. Дегенмен, өз аттарымды да сенің атыңнан қосамын. Мен де өз аттарыма сенімдімін. Ер Төстіктің жалғыз шолағы шыдас бермес. Зорығып қалар. Сонда біз жеңеміз. Сондықтан аттарды бір жұмалық жерден жібертеміз.

Кеңе хан: – Аттар шыдай ма?

Темір хан: – Шыдайды. Шыдамаса жарым жолда білдіртпей бір екеуін ауыстырамыз. Бәрібір жеңеміз.

Балуандар күресі басталды. Ортаға Кеңе хан жағынан орасан зор сандары аюдың санындай, қолдары жуан теректей, мойын жоқ иығы мен басы бірге бітіп жабысып қалғандай, танауы таңқиған бір дәу шықты. Таусоғарды балаша лақтырмақ болып еңкейе түсіп аяғынан құшақтап көтере түсіп еді, онысынан түк шықпады. Таусоғар былқ етер емес. Түрегеп итеріп еді қыңқ етер емес. Енді жүгіріп келіп екпінмен кеудемен соқпақ болып жақындай бергенде Таусоғар иық тұсынан бүре ұстап көтеріп алып, лақтырып жібергенде қызықтап отырған екі ханның алдына барып гүрс етіп құлады да, орнынан тұра алмай қалды. Осылайша кезекпен шыққан балуандардың барлығы да алғашқы балуанның кейпін киіп, таулары шағыла берді. Кеңе мен Темір хандардың алыптарының бәрі жығылып бітеді. Күресуге кісі шықпаған соң Таусоғар бір тауды көтеріп алып жұртқа күшін көрсетеді.

Темір хан мен Кеңе хан қатты сасып: – Тауды орнына қойсыншы. *(Төстікке қаран)* Біз жаққа қоя көрмесінші... Айт балуаныңа.

Ер Төстік: – Таусоғар, жарайды тауды орнына қоя сал. Хандардың қабағы ашылсын.

Таусоғар: – Айтқаның болсын, Ер Төстік. *(Таусоғар тауды орнына қойды).*

Бәйге аттары қайтып оралуға әлі екі күн бар. Қарақшының түбінен аттарын күтіп жүргендер жайбарақат бір-бірімен әңгімелесіп, күліп ойнап жүр. Әлі алда екі күн бар. Бір мезгілде Қырағы алыстан бір қарайған ноқатты байқайды. Ноқат өте жылдам жақындай түседі. Ат дейін десе артында шаңы көрінбейді. Шалқұйрықтың екпінінің қаттылығы сондай соңынан шаң ілесе алмай қалып жатыр еді.

Қырағы: – Ер Төстік, Шалқұйрық келеді. Шалқұйрық! Бұл желмен жарысып келе жатқан Шалқұйрық қой.

Ер Төстік: – Көзілеспес, Желаяқ, жылдам аттың жолына үш қабат арқан керіндер.

Жігіттер арқандарын алдын ала дайындап қойған бағандарға кере тартып тосып тұрды. Ол құйынша заулаған бетімен арқанға келіп соқтықты да көрінбей кетті. Ол арқанды керіп барып жығылған екен, арқанның екі қабаты үзіліп, бір қабаты қалыпты. Шалқұйрық талып қалған.

Ер Төстік(*жығылып жатқан Шалқұйрықтың басын сипалап өлеңдете*):

Сорқудықтың басына
 Сорға бола қонды әкем
 Жанынан қорқып кемпірге,
 Егеуімді берді әкем.
 Жүретұғын жолымда
 Құлан өтпес жол болды,
 Асқар-асқар тауменен
 Шексіз дария көл болды.
 Құлық бие құлыны –
 Алты аяқты аланы
 «Жарамайды, жабы» деп,
 Міндірмеген Кенжекей
 Кәрі бие құлыны –
 Жеті аяқты жиренді,
 «Жарамайтын жабы» деп,
 Міндірмеген Кенжекей
 Сан жорғаны алмаған,
 Ер аты деп таңдаған,
 Айыл-тұрман әбзелін
 Ертеден қамдап сайлаған,
 Кенжекей сынды арудың
 Қалмасын деп көңілі,
 Міндім сені, Шалқұйрық
 Жалғыз өзім қос артып,
 Жапан түзге жол артып,
 Жалмауызға шыққанда,
 Тіл бітті саған, Шалқұйрық!
 Жалмауызға келгенде,
 Егеуді ала бергенде,
 Бетегеден биіктеп,
 Аласарып жусаннан,
 Ептейлендің, Шалқұйрық!

Егеуді ала қашқанда,
 Жалмауыздан сасқанда,
 Таулар ұшып қаңбақтай,
 Тасы борап бұршақтай,
 Үңгірге біз кіргенде,
 Жотадай үлкен қара тас,
 Үңгірді бітеп тастады.
 Жерге де кірдің, Шалқұйрық!
 Жылан Бапы жеріне,
 Жер астының еліне
 Шыға келген мезгілде
 Тіл бітті саған, Шалқұйрық!
 Жөн білдірдің еріңе.
 Қысылтаяң кезімде,
 Қанат та болған Шалқұйрық!
 Жолдас та болған Шалқұйрық!
 Сасқанымда ақыл болған Шалқұйрық!
 Үш жаның бар еді, екеуі шықса бірі бар,
 Тұра қой енді, Шалқұйрық.
 Тірілші енді, Шалқұйрық!

Шалқұйрыққа жан бітіп, оқыранып түрегеледі. Басқа аттар бірнеше күннен кейін келеді.

Темір хан мен Кеше хан (*балуан және ат бәйгесінен жеңіліп, не қыларын білмей сасады*): – Енді жаяу жарысқа салып көрейік.

Тау үстіндегі кең жазық. Жаяу жарыс мәресі бір күндік жер. Жарысқа Ер Төстік Желаяқты қосады. Неше түрлі жүйріктер бар. Бірі ұзын, бірі қысқа. Біреулерінің бұттары сидиған арық болса, екіншісі денесін түк басқан біреулер. Кейбіреулері жарыспай жатып, жеңіп қойғандай лепіріп жүр. Жүйріктерді бір күндік жерге апарып, барған жеріне қондырады. Төстіктің жолдастарынан секем алған Темір хан жүгіргіштердің ішіне «насихатшы батагөй әрі ардақты ана» деп арнайы бір мыстан кемпірді қоса жібереді. Мыстанның бар мақсаты Желаяқты жібермей ұстау. Барып қонған жерінде сол мыстан барлық желаяқтарды жинап алып, әңгімелесіп, әрбіреуіне баға беріп, артынан жеңіс тілеп, бата беріп, қамқоршы бола қалады. Кезек Желаяққа да келеді:

Мыстан: – Иә, балам. Аяқ-қолың сымдай тартылған, жараулы аттай жаратылған жан екенсің. Жастайыңнан жүгіремісің?

Желаяқ (*ойында түк жоқ аңқау аңқылдан*): – Иә, апа. Жас кезімнен жүгіріп келемін.

Мыстан (*қулана жанашырлық таныта*): – Жарыстарға қатысып, жеңіп жүрген шығарсың?

Желаяқ: – Жарысқа қатысып көрген емеспін. Бұл алғаш қатысуым.

Мыстан: – Мм... ойлана түсіп Негізі жарыс деген оңай нәрсе емес. Біреудің бағы жанса, біреудің сағы сынады.

Желаяқ: – Иә, ол жағы түсінікті ғой, апа.

Мыстан: – Неге сенің атыңды Желаяқ деп қойған?

Желаяқ (*ұялшақтық танытып*): – Шешемнің айтуы бойынша, туғанда аяғым сидіған ұзын болса керек. Осы жүйрік болар. Атын Желаяқ деп қоялық деп шешіпті.

Мыстан: – Шешеннің ойы орындалды ма?

Желаяқ: – Иә жүйрік болдым.

Мыстан: – Бір шақырымды жылдам жүгіресің бе?

Желаяқ: – Иә, апай. Ол деген сөз емес қой.

Мыстан: – Алыс жолға қалайсың?

Желаяқ: – Маған бәрі бір, шаршамаймын.

Мыстан: – Ертең жарыс. Жеңіс тілеймін. Ешнәрсеге алаң болмай жақсылап демал.

Желаяқ: – Мен демалмасам да болады.

Мыстан (*ішіне ұйқататын дәрі араластырған шұбатты беріп*): – Қой, балам, талай жерден, алыс сапардан келдің, демалмасаң болмайды. Мына шұбатты ішіп ал. Күш-қуат береді.

Ойында түк жоқ, аңқылдақ Желаяқ шұбатты түгел ішіп алады. Мыстан діттеген ойына жетіп, маз болып шығып кетеді. Желаяқ маужырап, ұйықтап қалады. Мыстан жабдықтан сығалап, Желаяқтың ұйықтағанын көріп, екі аяғына үлкен тастар байлап тастайды.

Таңертеңгі уақыт. Жарысқа қатысушылардың бәрі сапта тұр. Мыстан босағадан Желаяқты бақылап тұр. Желаяқ ұйықтап жатыр. Қатысушылар жүгіріп кетті. Желаяқтың оянбағанына разы болып, Мыстан кетті өз шаруасымен. Түс әлеуеті болып қалған кезде үйдің үздігіндегі кішкене тесіктен түскен күн сәулесі Желаяқтың шекесін қыздырып оятып жібереді. Жалма жан орнынан атып тұрған Желаяқ жан-жағына қараса ешкім жоқ, бәрі кетіп қалған. Кемпірдің алдағанын

168 біліп, Желаяқ санын бір-ақ соғып, тұра жөнелмек болып атып тұрып жүгіре берем дегенде байланған тастарға сүрініп-шалынып құлайды. Аяғының қатты байланғаны соншалық, екі балтыры ұйып қалған. Қиналып жатып байланған жіпті зорға шешіп аяқтарын уқалап біраз отырады. Орнынан тұрып жерден бір уыс топырақты ала сыртқа шығады. Есіктен шыға берісте мыстан кездесіп қалады.

Мыстан (*Желаяқты көріп шошып кетеді өтірік күйбеңдеген болып*): – Әй, балам, сен ұйықтап қалғанбысың? Ой құдай-ай, бәрі кетіп қалды. Енді жете алмассың, жүр шәй берейін.

Желаяқ, бажырая бір қарап, сөзге келместен мыстанның көзіне топырақты шашып жіберіп, тұра жөнеледі.

Мыстан (*көзін уқалап, ойбайлай түсіп*): – Алда ғана көк шешек-ай, ерте тұрып кеткенін қарашы. Ойбай, көзім! Көзімді соқыр етіп кетті-ау, ойбай көзім!

Желаяқ құстай ұшып, құйындай ұйытқып келе жатса, алдынан арнасы кең үлкен өзен кездеседі. Желаяқ жүгірген бойы тоқтамастан суға қарай жүгіреді. Оның жылдамдық екпінінің зорлығынан табаны суға батып үлгермей заулап өте шықты. Біраздан кейін үлкен ор кездесті. Одан қарғып өтіп кетті. Алыстан қиқулаған адамдардың дауыстары естіле бастады. Сөйтсе жүйріктер де қазықшыға жүз құлаштай ғана жақындап қалған екен, Желаяқ қастарынан ұшқан құстай болып ағып өте шығып бірінші болып жетіп, жаяу бәйгесінде де Ер Төстік жеңеді.

Ер Төстік барлық жарыста жеңіске жетіп Темір хан лажсыздан Жылан Бапы ханға қызын ұзату тойына дайындалып жатыр. Өткен тойдың берекесі кетіп, сарбаздары қырылып, жарыстың бәрінен жеңіліп ұнжырға түсіп әрі-сәрі болып жүрген Темір ханның ет пісіретін ернеуі қырық құлаш үлкен қазаны да терең көлге түсіп кетіп, жан жабылып ала алмай жатыр. Амалы таусылған Темір хан уәзірін шақырып алып:

Темір хан: – Қызымды Бапы ханға ұзатамын. Той жасаймын, бірақ той қазаным көлге түсіп кетті. Ала-алмай жатырмын. Ер Төстік нағыз ер болса, соны алып берсін. Айтып бар.

Уәзір: – Құп болады, тақсыр. (*Жүгіріп Ер Төстікке келеді*).

Уәзір: – Ер Төстік мырза, менің хан иемнің бір аманаты бар еді, айтсам орындар ма екенсіз?

Ер Төстік: – Айтып көр. Орындауға тұрарлық болса, орындармыз.

Уәзір (*айтсам, хан ием қызын Бапы ханға ұзатпақ ниетте*): – Бірақ қырық құлаш болатын той қазаны терең көлге түсіп кетіп ала алмай жатыр. Ер болса соны алып берсін.

Ер Төстік: – Жарайды, айтқаны болсын. Көрсетіндер қайда екенін.

Уәзір: – Жүріңіздер, көрсетейін.

Уәзір бұларды ертіп көл жағасына келеді. Улап-шулап жүрген халық. Кім, не істеп жүргені, белгісіз.

Ер Төстік: – Уәзір мырза, мына жұртты тынышталдырыңыз. Біз іске кірісейік.

Уәзір (*айқайлай қолын бұлған*): – Ей, ағайын, тынышталыңдар! Сабыр сақтаңдар! Міне, Ер Төстік келді. Осылар көрсін. Сендер кедергі болмай, былайырақ тұрыңдар.

Ер Төстік: – Көлтаусар, мына көлдің суын құрт.

Көлтаусар: – Міне, кәзір бәрін реттейміз.

Көлтаусар жұмысына кірісті.

Бірақ көл өте терең екен, қанша ұрттаса да суы Көлтаусардың ұртына сыймайды. Судың үштен бірі қалғанда Көлтаусардың ұрты суға толып бітеді. Ер Төстік не істерін білмей сасқалақтайды. Сонда Шалқұйрыққа тіл бітіп:

Шалқұйрық: – Рұқсат болса қазанды мен сүңгіп алып шығайын.

Ер Төстік: – Сен қалай алып шығасың? Мына су өте терең.

Шалқұйрық: – Маған анау өсіп тұрған жыңғылдардың жуан шыбықтарын біріктіріп, бетіне түсіп қалмайтындай етіп түйежапырақтарды өріп, артқы екі тілерсегіме тұяғыма жапсыра байлап беріңдер.

Ер Төстік: – Ол не, ескек бола ма?

Шалқұйрық: – Иә. Мен суға сүңгігенсін әлден уақытта, ақ көбік шықса жақсы болғаны, қуана бер, аман-есен қазанды алып шыққаным. Қызыл көбік көрінсе жаман болғаны, алып шыға алмай, су астында қалып қойғаным.

Шалқұйрықтың тілерсегіне жыңғыл мен түйежапырақтар байланып суға сүңгіп кетеді. Көпке дейін еш нәрсе білінбейді. Бір мезгілде ақ көбік көрінеді. Ер Төстік қуанады. Оның артынан ұзамай, қызыл көбік көрінеді. Ер Төстік шошып, зарлана бастайды:

Ер Төстік:

Сорқұдықтың басына,

Сорға бола қонды әкем.

Жанынан қорқып кемпірге,

Егеуімді берді әкем.

Жүретұғын жолымда
Құлан өтпес жол болды,
Асқар-асқар тауменен
Шексіз дария көл болды.
Қулық бие құлыны –
Алты аяқты аланы
«Жарамайды, жабы» деп,
Міндірмеген Кенжекей.
Кәрі бие құлыны –
Жеті аяқты жиренді,
«Жарамайтын жабы» деп,
Міндірмеген Кенжекей.
Сан жорғаны алмаған,
Ер аты деп таңдаған,
Айыл-тұрман әбзелін
Ертеден қамдап сайлаған,
Кенжекей сынды арудың
Қалмасын деп көңілі,
Міндім сені, Шалқұйрық,
Жалғыз өзім қос артып,
Жапан түзге жол артып,
Жалмауызға шыққанда,
Тіл бітті саған, Шалқұйрық!
Жалмауызға келгенде,
Егеуді ала бергенде,
Бетегеден биіктеп,
Аласарып жусаннан,
Ептейлендің, Шалқұйрық!
Егеуді ала қашқанда,
Жалмауыздан сасқанда,
Таулар ұшып қаңбақтай,
Тасы борап бұршақтай,
Үңгірге біз кіргенде,
Жотадай үлкен қара тас,
Үңгірді бітеп тастады.
Жерге де кірдің, Шалқұйрық!
Жылан Бапы жеріне,
Жер астының еліне
Шыға келген мезгілде

Тіл бітті саған, Шалқұйрық!
 Жөн білдірдің еріне
 Қысылтаяң кезімде,
 Қанат та болған Шалқұйрық!
 Жолдас та болған Шалқұйрық!
 Сасқанымда ақыл болған Шалқұйрық!
 Үш жаның бар еді, екеуі шықса бірі бар,
 Су астынан шық, Шалқұйрық!

Ер Төстік зарланып тұрғанда, Шалқұйрық дәу қара қазанды құйрығына байлап, су үстіне шыға келеді.

Шалқұйрық: – Су өте терең екен, түбіне зорға жеттім, қазанды зорға таптым. Сонда ақ көбік шықты. Қазанды көтеріп шығу қиын болды, тістеп едім, шығара алмадым. Сонда қызыл көбік шықты. Құйрығымды ұзартып, қазанды байлап алып, зорға шықтым.

Ер Төстік: – Темір ханға жалт қарап Қазаныңды ал, Темір хан.

Темір хан (*сыздана түсіп*): – Рахмет саған. Енді жақсылап тойлаймыз, қызды қалай беруді ойлаймыз.

Ер Төстік (*ашу шақыра*): – Қызыңды қалай шығарып салуды менімен ақылдасайын деп пе едің?

Темір хан (*сасқалақтап*): – Жоқ, жоқ. Олай емес. Қазанды шығарып бергеніңе қуанып, не айтқанымды да білмей қалғаным ғой. Көңіл аударма.

Темір хан мен Кеңе хан екеуі қазанның алынғанына қуанудан гөрі, қызы Бапыға кететініне, Шалқұйрықтың аман-есен шыққанына қатты күйіністе еді. Амалының жоғынан ұзату рәсімдерін жасап жүр. Бір мүмкіндік болса Ер Төстікті аяйын деп жүрген жоқ. Оны Төстік те мінез-құлқынан, мына сасқалақтағанынан, басқа тірліктерінен де біліп, сезіп жүр. Бірақ ол туралы сөз қозғамайды. Жігіттеріне «сақ жүріндер» деп ескертіп қойған.

Темір хан қыз ұзату тойын жасап, әрі осы шара кезінде Ер Төстікке арнап әдейі салдырдым деп, таза темірден үлкен сарай салдырып құдаларды сонда кіргізеді.

Темір хан: – Қыздың жасауын жасап болғанша мына арнайы салынған кең сарайға кіріңіздер. Біраз демалып алыңыздар.

Ер Төстік: – Жарайды, айтқандарың болсын.

Темір хан (*есіктен шығып бара жатып*): – Демалыңыздар. Кәзір тамақ келіп қалады.

Темір хан шығысымен есік сарт етіп жабылып қалды. Аузын мықтап құлыптап тастап, сыртынан тау-тау қылып, отын үйеді де, от жағып өртей бастайды. Сарай қызуға айналды. Сарай ішіндегі 171

172 Төстік жолдастарымен күйетін халге жетті. Таусоғар орнынан тұрады да, сарайдың есігін теуіп жібереді. Есік шалқасынан түседі. Барлығы сыртқа шығады. Сарайдың сыртындағы от лапылдап, жалыны аспанға көтеріліп жатыр. Темір хан мен Кеңе хан екеуі қызықтап, мәз болып тұр. Көлтаусар бір ұртында терең көлдің суын сақтап қалған екен, өртке қарай аямай бүркіп жібергенде судың екпінінен екі хан да сумен бірге ұшып кетіп, айналасындағы өрттің бәрі сөніп қалады. Темір ханның басы жарылып, Кеңе ханның қолы сынады. Ер Төстіктің алдында қарабет болып, әрі қолдарынан түк келмеген екі хан ұялғанынан Ер Төстікке көрінуге беттері шыдамай қаша жөнеледі.

Темір мен Кеңе хандардың бар айлалары таусылып, амалдары құрығасын, Ер Төстікке қызын қосып беріп, жылан Бапы ханның еліне қарай шығарып салады. Ер Төстік жылан Бапы ханға бұл елден аман-есен олжалы қайтады.

Ер Төстік Бекторының қолында қалып өлді, деп қайғырған Ер-назар бар кінәні өзінен көріп қайғы жұтып жүріп өледі. Сегіз ағасы да Ер Төстікті өлдіге санар Кенжекейден сырт айналып араласуды тоқтатқан. Елдің есінде Төстіктің бала кезі мен жігіт шағындағы ерліктері мен елге жасаған жақсылық, қамқорлықтары аңыздай болып есте қалғаны болмаса, «ол тірі деп», ешбірі ойламай, мүлде күдер үзіп қойған.

Жалғыз ғана Кенжекей «ЕрТөстік бір келер» – деп дәмелі болып үмітін үзбей жүреді. Өйткені ырым етіп, аманаттай аялаған Құба інген әлі боталаған жоқ, торғын орамал белден босаған жоқ. «Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді» демекші Төстікке кетерінде кебенек кигізіп жіберген еді. Сондықтан үміт үзілер емес. «Құба інген қашан боталар екен? Ер Төстіктің келді деген хабары қашан естілер екен?»- деп емексумен, күдерін үзбей күтумен жүр.

Ер Төстік достарымен бірге қайтар жолдың қиындығына кезікпей Қырағының тұрағына аман-есен келіп жетеді. Қырағы келе жатқан жолдастарын тоқтатып:

Қырағы: – Ал, достар. Қоштасатын сәт туды. Мен өз отаныма келдім.

Ер Төстік: – Иә, Қырағы. Біз осы жерде кездесіп, танысып, табысып едік қой.

Қырағы: – Сол жолы сені күтетін ыңғайлы жерді көп іздеп, осы жерді таңдап едім. Таңдауым дұрыс болып достасып кеттік.

Ер Төстік: – Ал, досым. Біздердің достығымыз өмір бойы жалғассын. Біздің елге жүр. Бастаған ісімізді аяғына дейін жеткізіп, күліп ойнап, жақсылап тойлап, өзім шығарып саламын.

Қырағы: – Жоқ, досым. Рахмет, ниетіңе! Мен бұдан әрі бара алмаймын. Аз да болса дос болдық. Аспандағы Тәңір сүйген жан екенсің. Алғаш маған түсімде аян бергенде аса мән бере қоймап едім. Бірге жүрген күндер мені өзіңе дос етті. Мен соған бақыттымын.

Ер Төстік: – Саған рахмет! Нағыз достықтың үлгісін көрсеттің. Талай қауіптерден сенің арқанда аман құтылдық. Дос көңіл деп осыны айтуға болар.

Қырағы: – Ал, достар қоштасалық. Мына Төстік болмаса қалғанымыз осы таудың ішіндеміз. Кездесіп қалармыз. Хош болыңдар.

Қырағының кұшағы бәріне айқара ашылып, төстер қағысып, қолдар алысып, қимастықтың мөлдір тамшылары тамшылап ажырасып қала берді.

Бұлар жүріп келеді. Көлтаусардың да еліне келіп жетеді. Көлтаусардың елінде көл көп. Көптен бері Көлтаусар елде болмай көлдерге ие болатын ешкім жоқ болғасын көбісі жайылып, кейбіреулерінің жағасы шайылып кетіпті. Бұның жоқтығынан кейбіреулері біріне-бірі қосылып та кеткен.

Көлтаусар: – Ал, достар. Менің жеріме де аман есен жеттік. Енді мен осында қаламын. Сендермен қоштасамын.

Ер Төстік: – Әй, Көлтаусарым. Бәріміз бірге жүріп қызығымыз бен қиындықтарымызды бөліскен сәттер қандай тамаша еді. Саған да қолқа саламын. Біздің елге жүр бізбен. Мен сені өзім қонақ етіп, кейін қарай шығарып саламын.

Таусоғар: – Ер Төстікке ермесең де, менің еліме дейін жүр. Соншалықты алыс емес. Қонағым бол, өзім әкеліп тастаймын.

Көлтаусар: – Жоқ, Таусоғар. Рахмет! Міне мен жоқта мына жерлер мен көлдердің не болып жатқанын көріп тұрсың ғой. Осыларды жылдам реттеп, орнына келтіруім керек. Біраз жұмыс пайда болып қалыпты. Реттеп болғасын хабарласармын.

Ер Төстік (уайымдап): – Осының бәрі менің кесірімнен болар. Енді бұлар түзеле қояр ма екен?..

Көлтаусар: – Ол не дегенің, Төстігім. Сенің жолыңды тосқан мен емес пе едім. Жақсы жанға көмектеспесек не үшін өмір сүреміз? Сенімен өткізген күндер естен кетпес сәттер болып, өмір бойы естен

174 шықпай, көңілге демеу беріп жүреді енді. Тәңіріме рахмет, саған жолықтырған!

Ер Төстік: – Саған рахмет! Енді көріспеспіз. Бірақ көңілімнің төрінде күнде көріп жүрермін. Естен кетпес сәттер өмірімнің өзегі болар. Хош бол, Көлтаусар досым. Игілігің елге болсын.

Ер Төстіктен бастап барлығы қоштасып ары қарай жүріп кетті.

Біраз күндер жүріп, Таусоғардың еліне де келеді. Бұлар келсе ел адамдары сабылып Таусоғарды іздеп жүр. Келген кісілердің арасынан Таусоғарды көріп қуанып кеткен олар:

Кісі: – Айналайын, Таусоғар. Қайда кетіп қалып едің? Сені таппай қор болдық. Жауын жаумай егін құрғап, шөптер шықпай қалды. Ана ауылда жауыннан көз ашылмай бар өсімдіктер шіріп бітті. Тауды қозғап реттеп отыратын ешкім жоқ. Жағдайымыз мез емес. Өзің реттемесең болмас. *(Басқалары шуылдап қоштай кетеді).*

Таусоғар: – Жарайды, шуылдамаңыздар. Ортамызда қонақ бар. Ер Төстік атты батыр азамат. Қонақты құрметтейік. Мен енді ешқайда кетпеймін. Орталарыңыздамын. Азаматтарымды шығарып салайын. Сосын бәрін реттеймін. Ал Төстік батырым. Аз да болса бір болдық. Достыққа берік болдық. Сыйлай білдік, сыйласа білдік. Енді міне, қимастық сезім оянды. Дегенмен, әркімнің өз тірлігі бар. Қоштасуға тура келеді. Жолың болсын *(гүж ете қалған Таусоғар, Төстікті бауырына басып, ұзақ тұрды).*

Ер Төстік: – Хош бол, досым. Мен бақытты жанмын, сендердей дос тапқаным. «Жалғыз ағаш орман емес, жалғыз кірпіш қорған емес» демекші, сендерсіз мен жалғыз өзім не істер едім? Жаным а жолдас, жолыма серік, достыққа берік болдыңдар. Еркін өмір сүрген еркелерім, Тәңірдің сыйы келсін сендерге. *(Төстік Таусоғарды құшағынан босата берді).*

Осындай қимас қоштасулар Саққұлақ, Желаяқ, Көзілеспестермен де болып, олар өз елдерінде қала берді.

Ер Төстік астындағы ажырамас серігі Шалқұйрығымен Темір ханның қызын алып, үшеуі жылан Бапы ханның еліне жақындап қалады. Төстік Темір ханның елінде жүргенде садақтың жәй жебелерінен үш есе ұзын әрі жуан ұшы өте үшкір жебе жасап алған.

Жылан Бапы хан өзінің жер асты індерімен сыртқа шығып барлау жүргізіп, жер бетінің хабарларын жеткізіп отыратын барлаушы жыландары арқылы Ер Төстіктің Темір ханның қызын алып келе жатқанын естіп, Айдаһардан қорғамақшы болып алдынан шығуға бекініп, сар-

баздарын дайындайды. Барлаушылар Ер Төстіктің таңға жуық үнгір ауызына келетінін жеткізеді. Бапы хан барлық сарбаздарын түн ортасында Айдаһар ұйықтап жатқанда сыртқа шығарып соғысқа даярланды. Таң атысымен Айдаһар оянып, жан-жағына көз жібереді. Үнгірге қарай жақындап келе жатқан салт аттыларды көріп, ауыр қанаттарын қағып-қағып, айналасына желден дауыл тұрғыза ұшып, Ер Төстіктерге қарай ұмтыла түседі. Ер Төстік Шалқұйрығымен жылдамдата келіп қызды қауіпсіз жерге тығып үлгереді. Бұл кезде Айдаһар да алғашқы от жалынын төгіп үлгерген еді. От Шалқұйрықтың жалын шарпып өтіп жағып жібереді. Төстік жалма-жан торсығындағы суын бүркіп сөндіріп тастайды да қорамсаққа қол салады. Айдаһар қайта оралам дегенше Бапы сарбаздары да көтеріліп, ол соларға қарай беттеп, біраз жалындатып, әжептеуір жерді өртеп тастайды. Жақындап қалған Айдаһарға Төстік алғашқы жебені жібереді. Жебе көздеген жерге тигенімен қалың талшық жүнінен өтпей майысып қалады. Аман кеткен Айдаһар Бапы сарбаздарының тағы біразын жалмап, қайта оралады. Денесіне атқан оқтың дарымайтынын көрген Ер Төстік енді оның басы мен мойнының ашық жеріне көңіл аударады. Садақты кере созып мойынның ашық жерін көздеп тартып жібергенде, жебенің ұшы терісінен зорға өтіп қадалып, салбырайды да қалады. Сарбаздардың атқан жебелерінің бірі ауа қармап қалса енді бірі денесіне дарымай жерге құлап жатыр. Есесіне Айдаһардың жалыны жер бетіндегілерді жайпап барады. Төстік келесі жебені садаққа салып Айдаһардың оттай жанып қып-қызыл болып қызарып кеткен көзін көздеп тартып жіберді. Аса күшпен заулаған жебе Айдаһардың жалт бермек болған амалын үлгертпей дәл қарашығына дөп тиіп ағызып жіберді. Бір көзінен айрылған оның ауырсынғаны соншалық қалбалақтай ұшып жерге бар зәрін төгіп-төгіп жібереді. Ол бір сәт болса да, жүрек тұсындағы жалаңаш жерін есінен шығарып алғандай. Төстіктің көзі де сол жалаңаш жерді байқап қалып, ертеректегі Бапының сөзі еске түсті. Жәй жебенің қалың теріден өтпейтінін көрген ол, жылдам үлкен жебені алып, бар күшімен жалаң жерге қадап үлгерді. Үшкір жебе заулаған бойы қалың теріні қақырата сөгіп жүрекке бойлай қадалған еді. Алып Айдаһар дүлей қаһарынан айрылып, қауырсындай қалбалақтап барып, тура үнгір ауызына жалп ете қалды да тынышталды. Сарбаздарың есі шыға қуанып, Бапының басындағы тәжісіне дейін ұшып кетіп қуанғаны соншалық, есінен адасып қала жаздап барып басылады.

Бапы ханның ордасы. Бір емес бірнеше рет өлімнен тек өзі емес бар ел-жұртын құтқарып әрі арманын орындап берген Ер Төстікке Бапының ризашылығы ерекше. Ол Ер Төстікке арнап дүркіретіп той жасап жатыр. Дастарқан басы жиналған қауым. Төрде Ер Төстік пен Бапы хан отыр. Барлығы оларды тыңдап отыр.

Бапы хан: – Ер Төстік батыр. Сен үлкен ерлік жасап, менің шексіз құрметіме ие болдың. Менен не қаласаң да орынды. Бәрін орындаймын. Қысылмай айт. Не қалайсың?

Ер Төстік: – Бапы хан, рахмет ниетіңе. Тағдырдың жазуымен екеуіміз дос болдық. Сол достықтың құрметіне мен сенің бір тілегінді орындадым. Енді...

Бапы хан (*Ер Төстіктің сөзін бөліп*): – Оу, батырым, сен менің ғана бір тілегімді орындаған жоқсың. Сен бүкіл елімнің тілегін орындап, бәрімізді аман алып қалған ерсің. Саған деген құрметіміз шексіз. Не тілесен де қысылмай айт. Саған менің тағымды беріп хан сайласақта лайықты.

Ер Төстік: – Жоқ, Бапы хан. Рахмет! Мен жер үсті халқының адамымын. мен де елімді жерімді сағындым. Сондықтан мына үңгірден шығып, еліме қайтқым келеді. Жол көрсетіп еліме шығарып салсаң, сол үлкен сый болар еді.

Бапы хан: – Жарайды. Орындалады тілегің. Бірақ мен сені құралақан жібере алмаймын. Екеуіміздің достығымыз мәңгілікке жалғассын деп айдай сұлу қызымды саған жар етіп бергім келеді. Ол сені бақытты етуге лайық қыз.

Ер Төстік: – Бапы, рахмет! Бірақ ол жер асты елінің сұлуы. Жер бетіне үйренісе алмас. Әуре болмай-ақ қойсаң. Мен онсыз да сенің достық ниетінді құрметтеймін.

Бапы хан: – Жоқ, Ер Төстік. Мен олай ойламаймын. Әй, әкеліндер қызды.

Бапы хан адамдары барып үлде мен бұлдеге оранған қызды алып келеді. Қыз – ай десе ауызы, күн десе көзі бар, сұлу да аса мейрімді еді. Ер Төстікке қыз ұнайды, дегенмен өзінің Кенжекейіне жетпейтін еді.

Бапы хан: – Егер мені шын дос санасаң, жерасты халқы мен жер үсті халқы бір-бірімен қимастық қатынаста болсын десең, қабыл ал. Адал көңіл, шын ниетімнен аттап кетпе. Ал, мына адамдар сені үңгірдің аузына дейін шығарып салады. Баяғы өзің кірген жер. кеңкілдеп күліп Аузы үлкен таспен бекітіліп қалған екен, екі ай алысып жүріп зорға аштық.

Ер Тәстік: – Е, ол есікті жапқан мені қуған перілердің жалмауыз кемпірі. Ашқандарыңыз дұрыс болған екен.

Бапы хан (*бұл шайқастан хабарсыз еді. сондықтан күлкісін тыйып таңдана*): – А, солай ма еді? Мен бұл қалайша жабылып қалды, дұшпандардың тірлігі ме деп ойланып жүрсем. Онда, жолың ашық.

Жылан Бапы хан қызын беріп және жанына қаншама жолдас қосып беріп, жер үстіне шығатын есікке қарай шығарып салып, қош айтысып қала береді.

Үңгір ауызына дейін ұзақ жол әрі қиын екен. Жол қиындаған сайын Бапы адамдарынан маза кете бастады. Дегенмен жылан адамдар біре-се жылан кейпіне кіріп бауырлап жылжыса, енді бірде адам бейнесіне еніп аяқтарымен жүріп келеді. Бір кейіптен екіншісіне көшу өте қиын ба әйтеуір қиналып, алқынып, әлсіреп қалады. Әне бір адам жығылды да, жылан болып жорғалаңқырап барып, бір тастың қуысына кіріп оратылып жатты да, жылжымай жан тапсырды. Күн өткен сайын біре-екі адамнан айырылып келеді. Міне, жол ортаға келген кезде Бапы қызының да мазасы кетіп, басы айналып құлап қала беретін болды. Тәстік олардың ішіндегі ең шыдамдысы, қыздың күтушісі Күңке екеуі жабылып жатып, жағдайын жасағанмен, оңалар түрі көрінбейді. Міне, тағы да тоқтады.

Ер Тәстік: – Мына жолдың ауырлығын көтере алмай келесің. Жер үстіне шыққасын не болады? Ол жақтың жолы бұдан да ауыр. Мүмкін осында қаларсың? Мен ризамын саған да, Бапы ханға да. Қазір ең бастысы аман қалу. Маған ілеспей-ақ қой. Рұқсатымды бердім, ризамын.

Қыз: – Жоқ, Тәстік. Мен әкемнің разылығын алып шыққанмын. Мен енді сенікімін. Маған қайтарға жол жоқ. Біздің елдің салты солай, қыз кетсе қайтпауы шарт. Не сенімен бірге жер бетіне шығармын, болмаса жолда өлермін. Егер өліп бара жатсам қалайда маған жер бетін көрсет, армансыз сенің құшағыңда өлейін. Бер уәдеңді.

Ер Тәстік: – Дегенің болсын. Онда біраз тынығып ал. Біраз уақыттан соң қозғаламыз.

Осылайша Тәстіктер адамдарынан біртіндеп айрылып үңгір ауызына да келіп жетті. Күңке, Шалқұйрық үшеуі үш жақтап жүріп қызды жер бетіне шығарды. Жер бетіне шығып, күннің шуағына шомылып, айнала көкорай шалғындар мен мың құлпыра жайқалған балауса гүлдерге қызыға да құмарлана карап, кәусар таза ауаны қомағайлана

178 жұтып, көк күмбез аспанның көкжиегіне көз жіберіп, құмары бір қанғандай болған ару Төстікке бұрылып:

Қыз: – Төстік, мені көтеріші (*Төстік жәйлап алақанына жатқызды да көтеріп алды*). Мен бақыттымын. Төстігім менің, рахмет саған, осыншама бақыт сыйлағаныңа. Өзіңе жар еттің, жер бетін көрсеттің. Мен армансызбын (*кеудесін кере таза ауаны емірене жұтып жүре берді*).

Үңгірден шыққандардан Күнке, Шалқұйрық пен Ер Төстік үшеуі ғана аман қалады. Қызды арулап жерлеп, ары жүріп кетеді.

Үшеуі жер бетінің таза ауасын жұтып, көкорай шалғынға жатып тұрып, Шалқұйрық өзінің сүйікті шөптерін опыра жеп, бәрі аунап-қунап, біраз жол жүріп, шаршап-шалдығып бір кәусар бұлақтың басына келіп, демалуға жатады. Бұлақтың басында үлкен бәйтерек өсіп тұр. Көлеңкесі кең, жапырағы мол бәйтеректі тамашалап отырады. Кенет, сол бәйтеректің басынан шуылдаған ащы дауыс естіледі. Ер Төстік жалт қарап бәйтеректің бас жағында орналасқан құстың үлкен ұясын көреді. Ішіндегі әлі буындары да қатып үлгермеген балапандар мазасыздана шырылдап шиқылдайды. Әлгілерге бейжайлап мұқият қараған Төстік, бір шұбарала айдаһардың айыр тілдерін жалаңдата жоғары өрмелеп балапандарға бара жатқанын көзі шалып қалады. Ер Төстік жалма-жан садағын алады да, өрмелеп бара жатқан айдаһардың екі көзінің арасынан дәлдеп тартып қалады. Айдаһар жерге сылқ ете түседі. Айдаһардың жерге құлап қалғанын көрген соң, балапандар шуылын тоқтатады. Ер Төстік жайланып ұйқыға кіріседі.

Ер Төстік шатырлап-шақырлаған дауыстан шошып оянады. Айнала аласапыран, дауыл тұрып тұр. Сәлден кейін ол дауыл жаңбырға ұласады да бір мезет тына қалып, суылдаған зор дауыс естіледі. Дауыспен бірге ұзамай-ақ бір алып қара құс көрінеді, алып құс суылдаған бетімен бәйтерекке келіп қонғанда, бәйтерек майысып, сынып қала жаздайды. Бұл – Самұрық еді.

Самұрық әлемдегі ең үлкен құс. Самұрық балапандарын көріп, мейірлене қанатымен аймалап, тамақтандыра бастайды. Тамақтандырып болып, басын көтеріп, жан-жағын барлай қарай бастайды. Анадай жерде жатқан адам баласын көре салып, ашуына мініп саңқылдай түсіп, алып қанатын қағып, қағып жіберіп онсыз да иіліп бұрған бәйтеректі сындырардай қомданып, тырнақтарын жаза түсіп ұмтыла бергенде балапандары шыр-шыр етіп құландағы дауыстары құраққа шықты. Қанаттарын жинастырып балапандарына жалт қараған құс олардың бастарын көтеріп, тұмсықтарын соза, ауыздарын аша түсіп, көздерін жұмып, бастарын шайқап «тиіспе» деген-

дей белгілеріне танданғандай болып, зор тырнақтарымен бәйтеректің бұтағын қыса түседі. Бұтақ бейшара «менің жазығым не» дегендей шытыр-шытыр ете қалып, жылап жібергендей тұла бойынан сөлдерін тамшылатып жіберді. Балапандарының шырылдаған үндерінен ләззат алған құс біраз толқығандай болып қонжиып отырды да, Төстікке тіл қатады.

Самұрық: – Ей, адам, сен кімсің? Бұл жерге қайдан, неге келдің? Саған басқа жер мен аңдар жетпей менің балапандарымды аулай келдің бе? Бұл жерді адам балалары басқан емес, қайдан пайда болдың?

Ер Төстік: – Мен – адам баласымын. Атым Төстік. Ұзақ уақыт алыс сапарда одан кейін үңгір ішінде болып, шыққаным осы. Қай жерде екенімді әзірге ажырата алмай тұрмын. Жер бетіне аман шыққанымға қуанып та үлгерген жоқпын.

Самұрық: – Бұл – менің мекенім.

Ер Төстік (*саспастан бойын тіктей ұстап*): – Мен сенің мекеніңе қарсылығым жоқ. Адасып келдім. Шаршап келіп, таза ауаға елітіп кетіп ұйқтап кетіппін. Сенің дауылыңнан ояндым. Сенің балапандарыңа ешқандай қастығым жоқ, жаулық ойлаған жоқпын.

Балапан (*шыр шыр етіп*): – Әке, төмен қара. Төменге қарашы.

Балапан үніне құлақ асқан ол жалма жан жерде сұлап ұзынынан түсіп өліп жатқан айдаһарды көріп:

Самұрық (*таңдана қарап, басын шайқай түсіп, қанаттарын жая қуанышын білдіре, күрсіне дем алып*): – Мұны кім өлтірді?

Ер Төстік: – Мен.

Балапан: – Иә, иә, сол адам. Ол бізге ұмтылып келе жатыр еді.

Самұрық: – Сен оны қалай өлтірдің? Ол алып, дәу ғой.

Ер Төстік (*қолындағы садағын көтеріп*): – Міне, мынамен.

Самұрық: – Ей, адам баласы, сен қандай жаужүрек батыр әрі қайырымды едің. Қалайша мынадай құбыжықтан қорықпай қарсы тұрдың.

Ер Төстік: – Мына балапандар шырылдап кеткесін қарасам, бұл жоғары өрмелеп, ұяға жетіп қалыпты. Мына балғындардың жан айқайы менің жанашырлық сезімімді оятып, каскөйлікке қарсы қояр намысымды жігерлендіргені сондай, ана жатқан айдаһарды атып түсіріп, балапандарды айырып алдым.

Самұрық құс рахаттана екі қанатын жая қағып, қағып жібергенде дауыл қайта тұрғандай болып, Төстіктерді ұшырып жібере жаздап барып басылып, жерге адамдардың қасына қонады. Алып құс жерге қонды дегені болмаса өте биік еді. Төстікпен жақын сөйлеспек болып

180 басын еңкейтіп, аяқтарын бүгіп ұмсына түскені, алып қарақұстың Ер Төстіктің аяғына жығылғанындай әсер етті.

Самұрық: Ей, адам баласы. Сен маған үлкен бақыт сыйладың. Балапандарымды жыртқыштың аузынан айырып аман алып қалдың. Саған деген алғысым шексіз. Әттең адам емеспін, сен құс емессің әйтпесе өмірлік дос болып қалуға лайық екенсің.

Ер Төстік (*кішіпейілдік танытып*): – Мен соншалықты ерлік істеген жоқпын.

Самұрық: – Жоқ, сен маған өмірлік жақсылық жасадың. Немен өтерімді білмей тұрмын.

Ер Төстік: – Менімен жауласпай, жөніме жіберсең болды.

Самұрық: – Неге жауласам? Қайта достасқым келіп тұр. Мен жылына бір-ақ рет балапандаймын. Балапандарына жем іздеп алысқа кетіп, бір айдай жүремін. Менің кеткенімді аңдып жүріп, осы айдаһар жыл сайын балапандарымды жеп кете беретін. Содан запы болып, ұямда балапандарымды аман көрем бе деп жылап қайтамын. (*Бағанағы дауыл – асығып ұшқанда алып құстың қанатынан тұрған жел екен де, жаңбыр – соның жылаған көзінің, жасы екен*). Талай жылдардан бері жем іздеген сапарымнан қайтқанда балапандарымды аман көргенім осы жолы. Рахмет, саған, рахмет! Бірақ мұнда қайдан пайда болдың, бұл жер адам баласының аяғы тимеген жер. Балапандарым болмағанда сені өлтіріп алар едім. Енді міне, дос болып отырмын. Әңгімеңді айт, мен тыңдайын.

Ер Төстік: – Айт десең, айтайын. Бірақ бұл ұзақ әңгіме. Жалықтырып жібермеймін бе?

Самұрық: – Жоқ, айта бер. Неге жалығайын? Балапандарымды аман көріп, қуанышымда шек жоқ. Оларды өлімнен құтқарған жаннан жалығу мүмкін емес. Айта бер, құлақ сенде.

Ер Төстік басынан кешкен әңгімесінің бәрін айта келіп, кәзір ғана үңгірден шыққанын, енді адасып қайда жүргенін білмейтіндігін айтады.

Самұрық: – Олай болса, мен сені айтқан жеріңе жеткізіп салайын. Мініндер арқама (*үшеуінде арқасына мінгізіп алып, талай асулар мен теңіз, көлдерден өтіп Ерназардың еліне таман алып келіп жерге түсіреді. Қоштасарында Төстікке бір тал қауырсынын үзіп береді де*) Денемдегі ерекше қасиет – жалғыз тал қауырсыным. Осыны саған сыйлаймын. Жоғалтып алма. Қысылған кезінде, осы қауырсынды тұтатсаң мен сені тауып келіп, көмектесуге даяр боламын, қандай қысымшылықта болсаң да құтқарып аламын. Егерде оны жоғалтып алсаң, менен жәрдем күтпе.

Ер Төстікті жалмауыз кемпір ұстай алмай қалған соң, перінің қызы Бекторы ашуланып, кемпірді буындырып өлтірген. Кемпірден Шойынқұлақ деген жалғыз бала қалады. Шойынқұлақ, аса алапат дәу, маймыл тәрізді денесі бар, желкесі күдірейген, оның үстіне қалың жалы бар, иығы еңкіштеніп иіле түскен, қолдары алып еменнің діңгегіндей жуан әрі салалы ұзын, аяқтары бейне бір қойтастарды бір-біріне өре жапсырып қойғандай, бұлшық еттері бөлек-бөлек, кесек-кесек бір алапат. Сұрапыл қара күш иесі. Бекторы оған Ер Төстіктің жүрер жолын күзеттіріп қояды.

Бекторы: – Ер Төстік үңгір ішінде, жер астында қалмайды, жердің бетіне қашан да болса, әйтеуір, бір шығады да еліне осы жолмен келеді. Басқа жол жоқ. Оның келер жолын аңдып, келген кезде ұстап ал. Егер ұстай алмай қалсаң, менен жақсылық күтпейсің.

Шойынқұлақ: – Құп болады. Менің уысымнан ешкім де құтылмайды.

Бекторы: – Сен өзіңе өзің қатты сенімді бола берме. Оның өтіп кеткенін байқамай қалуың да мүмкін.

Шойынқұлақ: Олай болмайды. Мен оны жібермеймін.

Басқа жақта көп жүріп өз жеріне сағына жеткен Ер Төстік жердің топырағын сүйіп, рахаттана аунап, көгалға жата кетіп, сәлден соң қалың ұйқыға кетеді де, еш нәрседен қауіпсіз жата береді. Самұрықтың қонар кезде және ұшқанда шандата көтерген дауылының қалың шаңын көрген Шойынқұлақ, «Бұл неткен дауыл? Көре қояйын» деп келіп, бұл дауылдың Самұрықтан екенін көреді де, тамашалап отырады. Самұрық ұшып кетеді. Құстың дауылдатқан шаңынан жасырынып отырған Шойынқұлақ біраз уақыт өтіп шаң басылғасын когалда ұйықтап жатқан Төстікті көреді. Жайлап келіп ұйықтап жатқан Төстікті ұстап, қол-аяғын байлап алып, Бекторыға әкеліп береді.

Қаншама соңына түсіп жүріп, Төстікті қолына түсірген Бекторы оны өзіне жар етпекші болып, күтіп, баптап, сылап сипайды.

Бекторы: – Әй, Төстігім, мен сенің жолыңды қанша күттім. Арада талай жылдар өтті. Бірақ саған деген жүрегім еш суымады. Жатсам, тұрсам ойымда сен жүрдің. Қаншама рет өзіңе жетуге әрекет еттім. Бірақ сен еркелеп жүріп алдың. Адам баласының біреуіне де тура саған ғашық болғандай ынтызар болып көрген емеспін. Ойымда тек сенсің. Сені жан-тәніммен сүйіп қалдым.

Ер Төстік: – Әй, пері қызы. Мен сені ешқашан сүйген емеспін әрі сүймеймін де. Сен өзіңе жарды өз перілеріңнен таңда. Менде қандай ақың бар. Осы уақытқа дейін түсінетін кез болды ғой. Біз бірге бола алмаймыз. Мені еркіме жібер.

Бекторы: – Жоқ, Ер Төстік. Мен сені жібере алмаймын. Қаншама жылдар армандаған арманыма қолым енді жеткенде сенен айырыла алмаспын.

Ер Төстік: – Сен мені күштеп көндіре алмассың. Мен сендік емеспін. Мен пері емес, адаммын.

Бекторы: – Ешнәрсе етпес. Мен күтемін. Осынша уақыт күткенде енді қолыма түскенде күте алмас деймісің. Түбінде бір жібірісің.

Ер Төстік: – Менің қол-аяғымды шеш. Ақылдасайық.

Бекторы: – Жоқ шеше алмаймын. Шешсем саған шамам келмей қалар. Сенің келісіміңді алғасын ғана шешемін.

Ер Төстік: – Онда күт, арқаның шірігенше. Шіріген күні мен сені өлтірермін.

Бекторы қаншама жақсы құлаққа жағымды сөздер айтып жағынғанымен Төстіктің мойыны бұрыла қоймайды. Арада талай айлар өтеді, Төстікті көндіре алмайды. Әбден ызаға булыққан Бекторы Шойынқұлақты шақырып алады.

Бекторы: – Әй, Шойынқұлақ. Апар мынаны зынданға. Сонда шіріп өлсін. Көндім, келістім деген күні алып келерсің.

Шойынқұлақ: – Құп болады, ханшайымым. Айтқаның болсын.

Бекторы: – Апар ендеше. Ал, анау Күңкені сен ал қатындыққа. Менің саған берген сыйым сол болсын.

Шойынқұлақ (*қуанғаннан орнынан гүрсілдей секіріп*): – Ой, рахмет! Ханшайымым. Бұл жақсылығыңды өлгенше ұмытпаспын. Денем қара жер қойнына енгенше саған ғана қызмет етемін.

Бекторы: – Бар, бар... Алып кет мыналарды.

Ер Төстікті терең зынданға салып тастайды, Күңкені Шойынқұлақ алады. Шалқұйрықты бекітіп ұстайды.

Күңкенің күні күн емес. Шойынқұлақ не болса соны сылтауратып сабап отырады. Шалқұйрықтың үстінен түспейді. Бейшараның арқасы жауыр болуға аз-ақ қалып жүр. Егер Төстік болмаса баяғыда қашып кетер еді. «Зынданнан бір шығар», деп күтіп жүр.

Ер Төстік ұзақ уақыт зынданда қалып қояды, Шойынқұлақтан жүкті болып, Күңке бір бала тауып алады. Шойынқұлақ Шалқұйрықты мініп аң аулайды. Шалқұйрықты бекітуге тұсау шақ келмейді. Оны қанша тұсаса да, арқандаса да бәрін үзіп Төстік жатқан зынданның басына келіп «Мен осындамын. Шық тезірек», деген-

дей кісінеп, жерді қарпи тепкілеп, текпілеп таңға жуық қайтып кетеді. Бір күні Шойынқұлақ аннан қайтып, Шалқұйрыққа тұсау таба алмаған соң, оны өзінің қырық құлаш қайыс белбеуімен тұсайды. Қайыс белбеудің де Шалқұйрықтың ышқынысына шыдамы жетпей бір ұшы шешіліп кетеді. Аяғы босаған соң, Шалқұйрық шауып отырып, Төстік жатқан құдықтың басына келіп, тұяғымен жер тарпып тұрады. Секіріп, ойқастап тұрған тұлпардың екінші аяғына оратылған қайыс белбеудің екінші ұшы да шешіліп, Ер Төстіктің жатқан құдығына түсіп кетеді. Белбеуінде Шойынқұлақтың шақпағы бар екен. Көптен бері Самұрықты шақырудың есебін таппай жүрген Төстік қуанып кетеді. Төстік сол шақпақпен алып қара құс берген қауырсынды тұтатады. Қауырсын тұтанасымен ақ алып қара құс жетіп келеді де қанатының ұшын құдыққа салып Төстікті қанатына мінгізіп құдықтан шығарып, қол-аяғын шешіп береді.

Самұрық: – Қолымнан келген жақсылығым осы, досым, Шойынқұлаққа әлім келмейді. Себебі, оның жаны өзінде болмайды, жанын ол ешкімге білдірмей, өзінен бөлек бір жерде сақтайды. Қайтсең де соның жанын тауып ал, жанын таппасаң құтыла алмайсың.

Ер Төстік: – Рахмет, досым! Сен болмасаң әлі қанша уақыт жатар едім. Жақсылығың өмір бойы ұмытылмастай. Қош бол!

Самұрық: – Қош бол!

Шалқұйрық: – Бас ием, зынданнан шыққаның жақсы болды. Енді тездетіп кетелік. Мен сені құстай алып ұшып Кенжекейге жеткіземін. Отыр арқама.

Ер Төстік: – Шалқұйрығым, тұлпарым менің. Бізге кетуге болмайды. Әзірге Шойынқұлақ тірі болса бізге тыныштық бермей тауып алады. Сондықтан одан құтылу керек. Сосын елге барамыз. Асықпа, тұлпарым.

Төстік Шалқұйрыққа мініп, Шойынқұлақтың үйіне келеді. Келсе, Шойынқұлақ Шалқұйрықты іздеп кеткен екен. Күңке Төстікпен жылап көріседі, көрген қорлықтарының бәрін шағады.

Күңке: – Ер Төстік. Мені Шойынқұлақтан құтқар. Мен саған ергенде мұндай өмірге тап боламын деген жоқ едім.

Ер Төстік: – Токта, Күңке. Аптықпай, маған түсіндір бәрін. Не болып жатыр? Не ойың бар?

Күңке: – Айтсам... *(Күңке басынан өткеннің бәрін айтып береді).*

Ер Төстік Күңкеден Шойынқұлақтың сырын түгел сұрап біледі. 183

184 Шойынқұлақ баласын өте жақсы көреді екен, баласынан ештеңе жасырмай, ешнәрсені де аямайтынын айтады.

(Білгеннен кейін) **Ер Төстік:** – Кешке Шойынқұлақ келеді, келгеннен кейін тамаққа әбден тойғызып жатқыз, көзі ұйқыға бара берген кезде, баланы қайта-қайта шымшып жылата бер. Шойынқұлақ: «Бала неге жылайды?» – десе, «Балаң мен Шойынқұлақтың баласы емес, Ер Төстіктің баласы болсам керек. Егер Шойынқұлақ менің нағыз әкем болатын болса, жанымды жанына қосқызып қояр еді, жанының қайда екенін маған әлі күнге дейін айтпай, жасырып жүр. Ер Төстік болса, әлдеқашан жанының қайда екенін айтып берер еді», – деп жатыр, де. Жылата бер, жылаған сайын: «Неге жылайды?» – деп сұраса, осы сөзді айта бер, басқа еш нәрсе айтпа.

Күнке: – Ал, сен не істейсің? Ол біліп қойса, екеуміз де сау қалмаспыз.

Ер Төстік: – Сен ол жағынан саспа. Мен мына баланың бесігінің астынан орын қазып жасырынам. Тек білдіріп қоймай, оны сұрақтың астына ала бер, ала бер.

Ер Төстік баланың бесігінің астын қазып алып, жан жағын білінбестей етіп қымтап, жауып, шұңқыр ішіне жасырынып жатады. Шойынқұлақ келеді. Ер Төстік айтқандай, Күнке оны тамаққа тойғызып жатқызады. Жатқан соң баланы жылата бастайды. Баланы әлдилеп уатқан болып отырып, шымшып жылата береді.

Шойынқұлақ (ақыра айғайлап): – Күнке, баланы жұбат!

Күнке: – Жұбатып жатырмын, қожайын *(деп қойып, Күнке баланы онан сайын жылатады)*.

(Бала жылай берген соң) **Шойынқұлақ:** Балам неге жылай береді? Сұрағанын берсейші? Білші, не сұрайды?

Күнке (баланың жылағанын сұраған болып, Шойынқұлаққа жауап қайырады): – Балаң: «Мен Шойынқұлақтың баласы емес, Ер Төстіктің баласы болсам керек. Егер Шойынқұлақ менің әкем болса, жанымды өз жанына қосқызып қояр еді. Қосу былай тұрсын, жанының қайда екенін де маған әлі күнге дейін айтпай жүр. Ер Төстік болса, жанының қайда екенін әлдеқашан айтып берер еді, соған жылаймын», – дейді.

Шойынқұлақ (бар дауысымен ақыра айғайлап): – Балам былшылдамасын, оның әкесі Төстік емес. Мен! Мен! Мен!

Күнке: – Қожайын, сен оған ақырып, айқайлай берме. Сенің даусыңнан шошынып, керең болып қалады. Ақырын сөйле.

Шойынқұлақ: – Оған айт, кейін өскесін айтып берермін. Кәзір айта алмаймын.

Күнке (*баланы тағы шымшып жылатады да, тыңдаған болып*): – Жоқ. Кәзір айтсын. «Әкемнің көп дұшпанының бірі менің жанымды алып қойса, өліп қаламын ғой», – деп жатыр.

Шойынқұлақ (*гүрсілдей түсіп*): – Жарайды, айтып берейін. Құлағына жай айтып берейін, есте сақтар. Күнке, сен сыртқа шық.

Күнке: – Айтқаның болсын (*үйден шығып кетеді*).

Шойынқұлақ (*Күңкені үйден шығарып жіберіп, есікті жауып алып, баласының бесігіне келіп, құлағына сыбырлап*): – Жаным алыста, оны өзіммен бірге сақтамаймын. Борықты бұлақтың басында қырық елік жүреді, соның ішінде қайқы қаракер елік бар. Қайқы қаракер еліктің ішінде тоғыз қара сандық бар. Сол сандықтың ең кішісінің ішінде тоғыз балапан бар. Сол тоғыз – менің жаным болады. Осыны біліп қой. Жаның кеудеңе сыймай бара жатса, соған апарып қоса сал. Бірақ өзіңнен басқа жан сезуші болмасын, егер сезуші болса, сен де, мен де тірі болмаймыз.

Шойынқұлақ аркасынан ауыр жүк түскендей жеңілденіп, ұйқыға кіріседі.

Шойынқұлақтың жанының қайда екенін біліп алғаннан кейін Төстік ол ұйықтап қалғанда ақырындап сытылып шығып, садағын алып, Борықты бұлақтың басына келіп, еліктердің суға келеді-ау деген жағын анықтап, жақсылап жасырына орналасып алады. Күн шаңқай түс болған мезгілде, Борықты бұлаққа қарай келе жатқан қырық елік көрінеді. Қанша дегенмен өте сақ жануарлар суатқа жақындаған сайын, оскырына түсіп тоқтап, жан-жағына жігі көз жіберіп барып алға жылжиды. Тағы біраз жүріп барып тағы тоқтайды. Сәл сыбдырдың болмаса бөтен дыбыстың белгісі білінсе оскырынып, тұра қалып, жалт беріп, кейін қаша жөнеледі. Ұзап кетеді де, шөлге шыдамай суға қайта ойысады, бірақ суатқа жақындамайды, үркіп оскырынып тұра қалады. Әлден уақытта еліктер бір-бірімен сөйлесе бастайды. Ең үлкені мүйізді.

Мүйізді: – Су басында бөтен бір иіс бар.

Екіншісі: – Адам иісі секілді.

Мүйізді: – Шойынқұлақ қоғамызға қастық ойлаған біреу болып жүрмесін.

Екіншісі: – Әй, сен артта жүр, біз тексеріп алайық. Сосын келесің, (*қайқы қаракер елікті оқшаулап арттарына тастап қорғаштап жүр. Еліктердің бұл сөздерін ол да мақұл көріп артқа ойысып қойып жүр*).

Мүйізді: – Әй, дегенмен адам иісі сезіледі. Суға асықпаңдар. Барлап, қарай түсейік.

Ер Төстік (*мейлінше Шойынқұлақтың үнін салып, дауыстаңқырап былай дейді*):

Жан серігім қырық елік,
 Жаным сенде, қырық елік,
 Жан сақтаған қайқы қара,
 Шошытқан сені кім келіп?
 Суың тұнық былғанбаған,
 Қашасыңдар неден жеріп?
 Төстік ерді олжаладым,
 Қатынын құшып, атын мініп.
 Шошытып алдым сендерді,
 Адам иісі содан сіңді.
 Қайтуға көріп жанымды.
 Жаңа келдім қолым тиіп.
 Жалғыз ұлым жаны да,
 Кеудесіне тұрмай сыйып.
 Қосуға жанын жіберді.
 Жан сақтаған қайқы елік,
 Жасымнан болдың жан серік.
 Судын ішіп тұнығын,
 Шөптен таңдап соны же,
 Адам иісі шығады деп,
 Менен үркіп жеріме.
 Өзім аман тұрғанда,
 Кім келмекші жеріме.

Еліктер сонда да сенбей, оскырып, одырайып тұрысады.

Ер Төстік:

Осы айтқаным сенбестен,
 Қашасыңдар бермей жанымды,
 Айыра алмай дауысты,
 Сындырасыңдар сағымды,
 Жолдас болған сендермен,
 Шойын атым құрысын,
 Қара ала тұйғын келген соң,
 Жырттырмасам таңынды,
 Судай шашып қаныңды!

Сонда ғана еліктер қашпай, суды жағалай бастайды. Шойынқұлақтың бойын көрмеген соң, бұрынғыларындай етене бо-

лып, жақындамайды. Төстік те оларға бойын көрсете қоймайды. Еліктер сенерін де білмей, сенбесін де білмей, байқай-байқай келіп, суаттан жапырласып су ішуге бас қояды. Бұлар бойындағы қорқынышты жеңіп суды еркін іше бастағанда, арт жағынан келіп, қайқы қара елік те суға бас қояды. Еліктер өте шөлдеп қалған екен, суға тойып, қарындарын қампитып, қайқайып шыға береді. Әсіресе, қайқы қараның қарны жер сызып, суаттан бұрыла берген кезде, Төстік қарнынан дәл көздеп садақты тартып қалады, қарны ақтарылып, тоғыз қара сандық жерге сау ете түседі. Сандықтардың ең кішісін тауып алып, ашып жіберсе, іші толған балапан, шүпір-шүпір етеді. Санап жіберсе, тоғыз балапан екен. Сегізінің мойнын жұлып алып біреуін қалдырып: «Шойынқұлақты шалажансарында бір көрейін»,—деп соның үйіне тартады. Шойынқұлақтың үйіне жақындағанда Күңке алдынан шығады.

Ер Төстік: – Шойынқұлақ қалай?

Күңке: – Шойынқұлақ әлсіреп жатыр.

Ер Төстік үйге кіріп қараса, Шойынқұлақтың кірпігі зорға кимылдап, болар-болмас қана демін алып жатыр екен.

Ер Төстік: – Е, батыр, қалайсың? – деп, Ер Төстік мазақтап жақындай бергенде, Шойынқұлақтың қолы Ер Төстіктің жағасына сап ете қалады. Екеуі алыса кетеді. Төстік «Оп-оңай-ақ жерге жаншып тастаймын ғой» деп ойлап еді, Шойынқұлақ әл беретін емес. Екеуі едәуір алысқан соң Шойынқұлақтың күшейіп бара жатқандығы байқалады. Төстікті тұқыртып алып барады. Ұзын қолымен орай құшақтап, тамағына қарай қыса түсуде. Бірақ әзірге әлі келер емес. Дегенмен, уақыт өткен сайын қолдарының тамырлары едірейе түсіп, саусақтары қатты бүріліп, Төстікті қара терге түсіріп әкетіп барады. Төбесінен тау басқандай, денесін темір тор шырмағандай болып көрінеді. Әлсіреп бара жатқан Төстік Күңкеге жалынады.

Ер Төстік (зарланып):

Жылан Бапы жерінен,
 Жер астының елінен.
 Жалғыз-ақ ерген, Күңкешім!
 Төстігіңнен айрылып,
 Шойынқұлақ қолында,
 Тұтқын болған, Күңкешім!
 Киюге киім, жеуге тамақ таппай,
 Қорлықта жүрген, Күңкешім!
 Төстігің жаман қысылып,
 Жан шығуға ұсынды.

Жетсеңші, жылдам, жетсеңші!
 Қорқақтап қашып кетпеші,
 Қойныма қолың салсаңшы,
 Сандық бар, жылдам алсаңшы!
 Балапан басын жұлсаңшы,
 Сөйтіп бір ерлік қылсаңшы!

Күнке жүгіріп келіп Төстіктің қойнындағы сандықты жұлып алып, ашып жібереді. Қараса, балапандар жыбырлап көбейіп қалған екен. Төстіктің сандықпен қойнына салып әкелген бір балапаны қайтадан сегіз балапан болып қалған екен. Енді біреуі тірілсе, Шойынқұлақ мүлдем әл бермей кетпек екен мойындарын жұлып-жұлып алғанда, Шойынқұлақ сылқ етіп құлай кетеді.. Балапандардың мойыны түгел жұлынған соң жаны шығып Шойынқұлақ өліп қалады.

Шойынқұлақты өлтіріп «uh!» деп, демін алып отырған Төстіктің құлағына болар болмас сыбыр естілгендей болады. Ақырындап тыңдай түссе, дауыс бесік жақтан шығып жатыр. Құлағын қайта тігіп тыңдай түссе, Шойынқұлақтың баласы, бесігін шықыр-шықыр еткізіп, бірдеме сөйлеп жатыр. Ер Төстік құлағын салып тыңдай түседі.

Бала (*керіле шіреніп*): – Қап, бәлем, Төстік! Әкемді өлтірдің. Ертең өсермін. Сенен өшімді алмасам, әкем Шойынқұлақтың құнын алмасам! Сөйтіп сенің көзіңді жоймасам.

Ер Төстік: – Күнке, ай, Күнке. Мына баланың сөзін тыңдашы. Бесікте жатып мынандай сөз айтса, есейгенде не істемейді?

Күнке: – Қанішердің баласы қанішер болмай, кім болар деп ойлайсың? Әлден қолына қан шеңгелдеп жатыр ғой. Бұл жақсы үрдіс емес.

Ер Төстік: – Бұның тілінің енді шыққаны дұрыс болды. Ертерек, Шойынқұлақ құлағына сыбырлап жатқанда сөйлегенде екеуіміз де тірі қалмас едік.

Күнке: – Бұл мені шеше деп аямайды. Әкесіне тартып, қатыгез, қанқұйлы, безбұйрек болатын сияқты.

Ер Төстік: – Иә, әкесін екеуіміз жабылып жатып, алдап барып өлтіргенімізді көзі көрді. Өскенде бізді бұл да сау қоймас.

Күнке (*жылап жібереді*): – Мен де байқап тұрмын. Өне, көзқарасын қарашы, менің өңменімді тесіп барады. Ана көзінде қаншама жеккөрініш пен кек жатыр.

Ер Төстік: – Күнке, бұл бала емес, бәле болып өседі. Ертерек құтылу керек. Балам, балам, деп боздама. Әлі талай балаң болады. Мынау түбімізге жетеді. Тек біздің ғана емес бүкіл адам баласына залалы тиеді.

Күңке: – Мен не істеймін? Қанамды жарып шыққан балам ғой...
(дей бергенде бесіктегі бала гүр ете қалады)

Бала: – Сен менің шешем емессің. Сен, сен әкемді өлтірген жауызсың. Мен сенің енді сүтіңді ішпеймін, тамағыңды жемеймін
(деп шіренгенінде бесіктің жалпақ бауларын быртылдата үзіп, бесікті шықырлата сындырып жіберіп, тұрмаққа ұмтылды бала).

Күңке: – Ойбай, Төстік! Ұста ананы! Мынаның беті жаман. Әлден маған ұмтылып жатыр.

Баланы Төстік ұмтылып барып қолынан шап беріп ұстап алып еді, ол қолын сілкіп жібергенде Төстіктің қарулы қолы ажырап кете жаздады. Бұның да әкесі сияқты дүлей күштің иесі болатын түрі бар. Төстік, жылдам Күңкені қуып жібереді де, оның қол-аяғын байлап суға әкеліп тастап, тұншықтырып, біраз отырды. Бала талпынып қарсылық көрсете түсіп тулағанда байлаған арқандарды бытырлата үзді, бірақ су астында демі жетпей тұншығып біртін-біртін тынышта-лып, барып жан тапсырды.

Бекторы Ер Төстікті көндірудегі соңғы үміті Шойынқұлақтан айырылып, оның баласы да өлгесін ішқұса болып, ұзақ уақыт қайғырып жүріп қаза тауып, жер жастанады. Бекторы мен оның жауыз-жалмауыздарынан әбден құтылып алған Ер Төстік елін іздеуге кіріседі.

Ер Төстік елден шығып Бекторымен алысқалы, үңгірге түсіп, арғы бетке шығып, қайта үңгірге кіріп, жер астына түскелі көп жыл өтті. Кенжекейдің күдер үзер уақыты болды. Бірақ ол күдер үзер емес. Міне, бүгін де Кенжекей күнделікті әдетімен ерте тұрып, Құба інгенді өріске шығармақ болып қораға кірсе інген орнында жоқ. Інгеннің қайда кеткені белгісіз. Кенжекей жылдам інгенді іздеуге шығады. Тау-тасты аралайды, даланы шарлайды, орман көлдерді жағалайды. Көзге түспейді. Көрінбейді. Кенжекейден маза кетеді. Жүрегі дүрсіл соғып, маза кетеді.

Кенжекей (көзі жасқа толып): – Боталап кетсе игі еді! Бірақ Төстіктің өліміне емес, амандығына көрінсе екен.

Кенжекей (Түйесін жүзіре іздейді. Жан-жаққа жүзіріп, діңкесі құрып шаршаса да үміт үзілмейді. Іздей түседі. Құба інген көрінбейді. Жан ұшырып іздей жүріп. Көзінің жасын бұлай жүріп, тәңірден медет сұрай жүріп, бар дауысымен зарлап жылай жүріп деп зарлайды):

Желі толған түйеден,
 Артайын деп ер қосын,
 Таңдап та алған Құба інген,
 Ерге серік болар деп,
 Арнап та алған, Құба інген.
 Алыс жолға Ер Төстік
 Шыққан күні, Құба інген
 Не келгенде, не өлгенде,
 Боталауға серт қылып!
 Сөз байлап ең менімен.
 Ерте тұрып желіден,
 Кетіп қапсың, Құба інген,
 Әлде бір хабар Төстіктен
 Біліп кеттің, Құба інген!
 Төстік ердің өлгенін,
 Өлмесе қайтып келгенін,
 Білдірші енді, Құба інген!
 Дамыл көрмей қаншадан,
 Қайғы басып шаршаған,
 Қам көңлімді тындыршы,
 Енді менің Құба інген!

Зарлап жылап, көз жасы көл болып, қалың шалғанның аяғына оратылғаны аз болғандай болып келе жатқан Кенжекейдің беліндегі орамалы да шешіліп, белден төмен түсіп, аяғына қоса оралып жүргізбей әуре қылады. Орамалдың ұштарын жинап алған

Кенжекей (*зарлай жылап*):

Сертпен тартып ораған,
 Торғын, белден босайсың,
 Аяқты орап шаршаған,
 Жүрпзбейсің тұсайсың.
 Әлде бір хабар Төстіктен
 Білгенге бүгін ұқсайсың.

Іздеп жүріп, зарлап жүріп, інгенді тауып алады. Құба інген бір сайда, жотасы ғана көрініп, боталайын деп жатыр екен. Құба інген боталап жатқанда, Кенжекейдің беліндегі торғын орамалы да шыр айнала тарқатылып жазыла береді.

Кенжекей (*енді Ер Төстік өлген екен. Тірі болса әлдеқашан бір хабар болар еді деп ойлап, шашын жайып жіберіп көз жасын көл етіп, жоқтау айтқандай зарлана бастайды*):

Ақшелек келгір, Құба інген,
 Серттескен едің менімен
 Төстік ер қайтып келген күн,
 Немесе Төстік өлген күн,
 Белгі беріп бірінен,
 Боталармын дегенсің...
 Қаншама жыл өтсе де,
 Өмірім өтіп кетсе де,
 Үміт үзбей Төстіктен,
 Бір келер деп жүр едім.
 Төрт аяқты көсіліп,
 Тұла бойың есіліп,
 Боталапсың, Құба інген,
 Нені біліп есіріп.
 Келуінен хабар жоқ,
 Шамасы Төстік өлгені.
 Серттескен, торғын орамал,
 Орай будым белімді,
 Келмесе Төстік кешігіп,
 Шешілмеске бердің серт.
 Төстіктен әлі хабар жоқ,
 Сусисың белден шешіліп,
 Туралғандай бырт-бырт кесіліп,
 Шамасы, Төстік өлгені!

Осылай жылап отырғанында беткейден түсіп, бұларға беттеген ақсақ боз атқа мінген бір ақсақалды шал көрінеді. Жақындай түскен сайын Кенжекейдің дауысы да зарлана түседі. Жылай отырып, әлденеден үміттеніп келе жатқан жолаушыға қарап қояды. Ақсақ боз жақындаған сайын шоқандап жүрісін үдете түсетін сияқты. Бір кезде Ақсақалдың астындағы ақсақ боз ат құландағы дауысы құраққа ұшып, өкпесін желге толтырып, кәрі кеудесін кере түсіп, екі танауы делдиіп кісінеп қоя береді. Кенжекей аттың кісінеген даусынан оның Шалқұйрық екенін жазбай таниды. Атта отырған ақсақал, жас балаша секіріп түсіп құшақ жая ұмтылады.

Кенжекей: – Төстік! Төстігім, келдің бе? *(Кенжекей талықси береді).*

Ер Төстік *(құшағына алып, аймалай түсіп):* – Келдім, Кенже, Кенжекейім, менің. Жолым ұзақ болды. Кешір мені.

Шалқұйрық айқасқан құшақтың ортасына басын сұғып емірене иіскелеп, тұмсығын тыға түседі. Құба інген ботасын ертіп 191

192 Шалқұйрықтың күйген жалына мойнын артып, ботасын бауырына тартып иіп жүре берді. Қос жүректің лүпілі, жануарлардың сағынышты тынысы, ажырамастардың арманы, болашақтың үміті, тәңірдің түпәйілімен бәрін де баяғы айрылған күндегі қалыптарына келтіріп, қайтадан жасартады. Ер Төстік жас жігіт, Кенжекей жаңа түскен келіншек, Шалқұйрық бесті ат қалпына, Құба інген ертерек шағына келеді.

Қауышудың құшақтары жазылып, бастан кешкен қиындықтарды келмеске аттандырған, жүздері бал-бұл жанып жарқыраған топ жұптарын жазбай, үміттері үзілген елге келіп қауышып, дүркірете той жасап, ұзақ жылдар өмір сүріп, арман-мақсаттарына жетеді.

МАЗМҰНЫ

ЕР ТӨСТІК

Қазақтың көне ертегісі (жаңартылған нұсқа)

4

ЕР ТӨСТІК (киносценарі)

81

Мырзақасым Байбеков
Олжас Байбеков

Ер Төстік

Қазақтың көне ертегісі
(жаңартылған нұсқа)

Шығарушы: «Сенім» Жамбыл баспа орталығы.

Техникалық редакторы Н.Андропова
Редактор-корректоры Г.Азимшарова
Компьютерде беттеген Р.Ниязова

Қалыбы 70x100 1/16.
Офсеттік басылым. 12,125 баспа табақ.
Таралымы 200 дана. Тапсырыс № 00683.



«Сенім» ЖБО» ЖШС-де басылды.
Тараз қаласы, Төле би көшесі, 22
тел. 43-32-84, e-mail: zakaz@senim.org

